

Ж. Махметов

Рухани Жаңғыру

Роман



Астана 2017

Ж. Махметов

Рухани Жаңғыру

Роман

ББК 95. Кав -10
Ж.90

Ж. Махметов
Ж 90. Рухани Жаңғыру. Астана 2017
ISBN 9850-25-975-8

Ж.5902570308
00(09)-07
1ISBN 9850-25-975-8

ББК 95.КАЗ 3-10
Ж. Махметов 2017

Ағып келем, Ызғып келем, Желіп келем, Сүрлеуді басып келем, Шөп алқабын жазып келем, Ойпаттан орғып өтіп, Қыраттан қарғып өтіп, Дөңеске салып келем, Сыбсыңның сырын айтып, Қыз сәлемін естіп келем, бір көрсемдеп келем, сол сұлудеп келем, ойым іске ассадеп келем, жолым болғанымадеп келем, ат тоқтатып, Төлеміс екеуміз, той ішіне кіребердік.

Көк айғырдың шабысы, алып аяқтарының адымы, сарт-сұрт еткен алысы, жол топырағын тұяғымен алып тастап, артты боратып ұйытқумен отырып, желмен жарысып, сағымды артқа тастап алға шыға бергені, ұшқан құстың қанатымен жалғанып, келіп қалғанымызды бірақ білдік.

Отау маңайы толған жұрт, елең етіп, қақ жарылып, келе жатқан қыз-келіншектерге жол беріп, дүрліге түсті. Бақсақ, алдында сол сұлу қыз, бастап камшат бөркі басында, қима қамзелі үстіне жарасқан,қызыл көйлегі етегіне түсіп,қолаң шашын алдына беріп, маңдайы күн сәулесімен жарқырап, сұлу жүзімен отауға кіре берді. Өзімізде бірден,сол мақтаған қыз осы екен деп, ойладық.

Қол соқан ауыл адамдары, Нұрсұлуды күтіп, құрметтеп отау ішіне кіргізіп, төңірекке жайғаса бастады. Нұрсұлу әнін тыңдауға келген жұрт, көзін отаудан алмай қараумен болды. Менде жұртқа жанасып, қолымды соғып қоямын, әнін тыңдауға асыға күтіп, құлақ түріп қоямын. Қыз беделі, ақылды қыз, онсыз той өтпейтіндей, қалып танытқан ауыл адамдары, мақтауын асырып жатты. Сырттай есіміне қанық болған мен бірінші көруім еді. Жүрегім соғып, менде ұнатып "ғашық" болып қалғанымды сезбедім. Бірақ мөлдір көзін маған бір тастап, сұлу келбетімен қарағанын, көңілім еріп қоя берді.

Жалынды сұлу жігіт, ақшыл тартқан бет пішіні, сұнғақ бойымен жарасқан, денесіде қыз көзіне бірден түсті. Нұрсұлу жүзі бір ағарып, бір қызарып, сыртқа көз салумен, бөтен жігіттің жүзін көруге, тыпырши берді. Ән бастап, қыз-келіншектерді той-жырымен алыс-жақынды орай берді. Шырқалған ән Нұрсұлудың әдемі дауысы, көпшіліктің құлағына жылы тиіп, бойлары балқып, қалың жұрт жағалай көгалға жиналып, қуанышқа оранғандай болды. Жақын ауылдан ағылған қыз бен жігіт легі толастамады.

Нұрсұлу бәрін қарсы алып, домбырамен күй өнерін жалғастырды. Қыз бен жігіт айтысы, екі ауылдың өнершіл жастардың қызуын туғызды, қалыс-қалмай бірін-бірі сөзбен түйреп, келеке-күлкімен, тартымды етіп жұрт көзіне көріне бастады. Көңілдері шайдай ашылып, асқар таудай көтеріп тастады. Нұрсұлу қыз бәрін басқарып, ұмытылмас кешті, тартымды ойын-сауықпен өткізіп, тамаша салған әндерімен силай түсті. Отырған жұрт қуанышында шек болмады. Кеш созыла түсті, ұлттық ойында шет қалмады.

Нұрсұлу көзінің қиғымен, сұлу бетін бұра түсіп, Махметті ойынға шақырды. Жібектей созылған денесін жігітке бұрып, "калшакөп" ойнымен жұрттың күлкілі ыстығына бөленді. Махметте қалай жақындарын білмей, көзіне-көзі түсіп, қызға жақындай беріп, ойынға белсенділік таныта бастады. Жүзік қыз қолында, кезек күткен қыз бен жігіт, жүзік кімге бұйырарын ешкім білмеді, білмей қалғаны өлең айтумен шектелетін болды.

Нұрсұлу ажары, бұрынғыданда сұлу тартып, қыз келбетінен Махметте көз алмады. Дөңгеленіп отырған жастардың қолынан, шеттен бастап, қолындағы жүзігімен, сүзіп өтіп, Махметтің қолына салып жіберді, ешкімде байқамады. Нұрсұлу: "калшакөп" деп дауыс етті. Қолында жүзігі бар Махмет: "мен" деп үн қатты.

Махмет күткен мезгіліде, ой-арманы да осы еді, қыз қасына барып, отырды. Аппақ жүзі, жұмсақ денесін, жігітке жақындатып, бірден ұнатқандай, қасынан шықпады. Махметте

ыстық денесін, албұрт жастығын, арнаумен қыздың бойына жақындай түсті. Қатар отырып, Нұрсұлумен танысып, келбетті жігітті ұнатқандай басын изеп, сұлу жүзімен кешкілік кездесуге "уәде" етті. "Сыбсың" жат ел-онда Төлеміске де бей таныс.

Төлемістіңде жас кезі-тепсе темір үзетін жалынды шақтары болатын. Екеуіде ел ішінде, белдесуге келтірмейтін балуан-жігіттер еді. Ойын-тойды жібермей, бірінші шығып, Махмет талайдың жаурын жерге қабыстырған-керемет. Ұзын бойлы, сымбатымен жарасқан, кең жаурынды, он сегізде болатын. Тамылжыған биік қарағай, "қалың орман" Сыбсыңға қарай ығысып жалғасқан. Ұшар басы, аспанмен таласып, көгілдір сәуле шашып, жұпар иісімен алысты орап, дариядай көк сағым толқыны, баю соққан жел бағытымен, мұхиттің мүсінін жасап, көз алмастай елең еткізеді.

Даланң сұлу табиғаты,кең жазық аймаққа,ұласып көк майсалы, құлпырып өскен дала гүлімен, ұштасып жатыр. Баю желде, көк толқынды өзіне тартып, әсем құбылысын, көк аспанның биік сәулесіне беріп, тамаша жаздың жадыраған бет пердесін ашқандай, жылы ауа толқынын шашып қояды. Сол ағаштың саясынан орын тепкен, ақотау-аппақ күмбезімен, аспан әлемін орап, маңайында топтасқан, қаз-қатар үйлердің легі жалғасқан, оларда шағын-ақотау.

Қазақ ауылы, іргесінде дөңелек көлшік, жағасы толған қалың құрақ, айдың көлдің өзі дерсің. Жаю толқынмен, құстарда легімен жүзіп, дыбыс шығарып, жарқыраған су сәулесі, көгілдір күмістей болып, назарынды өзіне тартып қояды. "Бейтаныс жерлің-ой шұқыры көп" деуші еді, Төлеміс екеуміз жағалай көз тігіп, біраз жеріне ой жүгірттік. домбыра үні, жүйіткен дауысы, Төлеміс екеуміздің ойымызды бөліп, қыз бен жігіт саясын бастап, Нұрсұлу қалың жұрт алдына шығып, екі ауылдың айтысы деп, хабарлады.

Сынаспақ сәт жаңа келді, оралымды сөз, ұтымды пікір айтылады деп, сендірді. Шынында да, домбырамен шырқалған ән,кең даланы алып, отау ішін мәз етті. Күлкілі-думан,асылды-

қулық сөздермен, жұрт көңілін көтеріп тастады. Нұрсұлу келбеті бұрымына жарасып, әрбір сөзі жұрт көңілінен, шығып жатты. Әдемі киінген сұлу қыздар, айтыстан тартылар емес, өршіп жігіт біткендерді, мысқыл сөзімен түйреп, "күлкі" қылды. Қарқылдаған жұртты күлдіріп, көңілдерін өсіріп, бұрын естімеген "айтыс" өнерін көріп, бойларын билеп, қайран қалды. Күлкі мен әзілге оранған қалың жұрт, қозғалмастан даладағы көгалда отырып, тізе бүкті, кеткісі келмеді, жанына жағып, қол соғуы басылмады. Ән-жырда кезек күтіп тұрды.

Әлден соң, Нұрсұлу домбыраны топтастырып, күй тартқызып, бойды билетіп алып жөнелді, әсем үні кең жазыққа тарап, жүрекке тиген сазды дауысы, нұр әлемін паш еткендей, есіңді ала берді, тыңдаған жұрт қызықтап, тамашалаумен болды. Той-думан үшкінге созылды. Халық қуанышы, жиналған ауыл адамдары, бір сәт толастамады. Шырқалған ән, естерін алып, жалпақ даланың, көк аспанымен ұласып, бүкіл аймақты орап алды, қыз бен жігіт өнері, самғаған аққу үнімен ілесіп, жастық шақтың, таңғажайып құбылысын көрсетіп, ән сазын махаббат жырымен, "ғашықтық" бейнесін көрсете білді, сүйіспеншілік орнады. Төлемісте кеште сұлу бикешпен танысып үлгірген. Жайдарлы жүзімен, Ақжарқын қызға жақын отырып: Қай жерден боласың!-деп сауал тастады.

Ақжарқын аппақ тісін көтсетіп, езу тартты да: жақын ауылданмын!-деп домбырасын қолына алып, ән айтып шырқай жөнелді. Төлеміс сұлу қыздың тамаша әнін тыңдап, қасынан шықпады. Ақ саусағымен домбыра перделерін басып, әдемі келбетін Төлеміске беріп, ән шумағын жалғай түсті, араларында махаббат оты жалындап, құшақтап алып сүйсем деп, Ақжарқынның жіңішке беліне жақындап, денесін беріп, ыстық сезімін оята бастады. -Алып ұшқан қос жүрек, біріне-бірі түйіскендей, әсер қалдырумен болды. Төлеміс қыздың жүзіне қарап: Әліде екі күн осында боламыз!-деді. Ақжарқын: Әрине!-деп иек қағып белгі берді. Нұрсұлудың алып ұшқан

жүрегі, Махметтің қасынан шықпай, жігіттің сұлу ажарына қараумен болды. Бойына ыстық сезімі орала берді, шыдымады.

Сөз арасында Махметке қолын жақындатып, "сүйген" сезімін білдіре бастады. Жіңішке белі жібектей созылып, қолаң шашы беліне түсіп, әлсін-әлі көпшілік алдына шығып, ән айтуды басқарып, келгендерге кезек берумен болды. Нұрсұлудың асыл дауысы, аққудай жайнаған ақшыл келбеті, көпшіліктің назарынан кетпеді. Оның әрбір айтылған сөзі, берілген тапсырмасы, қыз бен жігіттің ойынан шығып, тамаша кештің ұзаққа созылған ажарын әсемдей түсті. Әл-қызыл жайнаған, жүздеріне сай, киінген жастардың ән шырқауы бүкіл ел аймағына естіліп, ауа толқынымен алысқа шарлады, естіген жұрттың бойларын балқытып, көңілдеріне қуаныш ұялатты, бұлда ұмытылмас кеш, деп сыр бөлісті. Нұрсұлу ажары бұрынғыданда, "Қыз жібектің" бейнесіндей сұлу реңі, қою кара қасы мен мөлдір көзі, дөңгелек жүзін, ашып ақшыл тартқан, келбеті жігітті қызықтырып, ыстық лебін бергендей, нұрлы жүзін жақындатып, жігіт денесіне ығысқандай, қасына барып отыра берді.

Махметте : Қалай кездесіп, кеш соңынан өз ойымды білдірсем!-деп іштей қорытты. Нұрсұлуда Махметтен бір ауыз сыр бөлісуді, қалаған бойы, қасынан шықпай, асыл денесін жақындатып, жігіт бойына, түйістіріп отыруды қалады. Аппақ білектері, оймақтай аузы, түріне өң беріп, тамаша қылығымен, күмістей жарқырап, жастар алдына шығып, елеңдей берді. Құлағында алтын сырғасы, ақ мойыншағы денесімен жарасып, сұлулық қалпын, жігіт назарына беріп, ой бөлісуге шақырғандай, сағыныш сезімін, сөз арасында білдіріп қойды.

Махметте бірден түсініп, ұғысты. Мөлдір көзінің қарасы, жігіттің ажарында болды, көзін алмады. Жігіт сұлуы осы!-деп ұқты. Оның әсем жүзінде, ақшыл келбеті, сұлу түрімен, алғаш көргеннен бері, мөлдір көзінің ұясынан шықпады "ғашық" болып қалғанын, жігіттің өзіне білдірді. Махметтің ойыда қыз маңынан кеткісі келмеді, айтуға дәрмені жоқ, көпшіліктен ұят,

әлсін-әлсін жұмсақ қолынан ұстап, ыстығын басты, лаулаған сезім толастамай қоймады, бірақ әрбір қадамын сездіріп, шын сүйетіндігін, жеткізумен шектеле берді.

Көңілді күлкімен ұласқан, сұлуда жанынан шықпауға тырысты. Бірақ ешкімге сездірмей, ақ саусағын Махметтің қолынан айырмай, жабыса берді, қызу тартқан жібектей денесі, кейде жақындап, ығысқандай түйістіріп, қояды. Жылы тиген асылы, бірден ертіп, бойын ала берді. Әсем түрінің ықыласыда, Махметтің үстінде болды. Жігіт қозғалған болып, жібектей созылған жіңішке белінен қолы тиіп, құшақтап алуға дайын тұрды. Көпшілік, ұятты көздер қадалған болып, қымсынумен ықшамдала берді. Нұрсұлуда сездірмеуге тырысып, жастарды кезектеп, әнге шақырып, дамыл таппады.

Топтасқан жастар домбыра үнімен бірігіп, Құрманғазының "Саржайлауын" тартып, күмбірлеген сазды үні, жүрекке бірден тиіп, бойды ала берді. Нұрсұлу шаршамады, күйден соң, әнге жол берді, шырқалған ән, бірден жалғасып, қыздарда қалыс қалмай, асқақ дауысымен көп шырқады, той сәні өлеңмен, айтылған жырмен ұласты. Асқар таудай қуаныш бүгін, "Сыбсың" ауылында мәңгілік орнағандай есте қалып, дүбірлі той күйімен жалғасты.

Бүгін түнде жылы, леппен бүкіл ауыл кеңістігін орап, жарық ай сәулесі, ақотауға түсіп, дала өңіріне сәулесін шашып, жарық жұлдыздай болып Нұрсұлу, халық аузында болып, мақтауын асырғанда солар еді, оның талантты бейнесін көріп, ғажаптылығына таң қалды. Шіркін қандай сұлу қыз еді!-деп ауыздарынан суы құрыды, кімнің бағына баратынын білмеді. Ешкім сөз айталмай, елітіп қыз маңына бара алмады, сұлу жүзіне қараумен налыды, тек Махметтің батылдығы, басым етті, қызда оны "ғашық" етті. Жарасқан жас жүректер бірін-бірі тауып, танысып үлгірді. Жігіт сыры айтылмай, тежеле берді, қыз жүрісін бақылап, көзінен таса қылмады, айтпақ ойын, той соңына қалдырумен шектелді, қызда соңын күтті. Кеште жақындап, түн ауа бастады.

Отау ішіндегі әнде бәсеңдеп, сұйыла бастады, қалың жұрт көңілді тарасып, үйлеріне кете бастады. Нұрсұлу тағыда жалғасын табатынын айтып, көпшілікті шығарып салды, бұрын-соңды болмаған той!-деп рахметін жаудырып, өмірдің жаңа қызығына кенелгендей ыңғай білдіріп, кетіп жатты. Теңіздей созылған, көл беті, ауылдың аумағымен жарыса біткен. Жағасы толған қалың ағаш, биіктеп өсіп, су бетін жауып, көлеңкесін түсірген. Көл маңайы қалың шөп, дала гүлімен көмкеріле біткен. Қаңқылдаған сырға толы, жұмсақ үні, сыбызғыдай-қобыз үнін естіген, аққудың су бетінен көрінген бейнесі, бірден көз тартып, есімізді алды. Аппақ болып, айдың көлдің, бетінде жүзіп, әсем ойдың құбылысын көрсеткендей болып, таң қалумен көзімізді алмадық.

Қаз-үйректе ұшып келіп, су бетіне қонуда болды. Шағын құс базары осында екенін жаңа білдік. Көлдің арғы жағы, жағадан басталып, жазық даламен ұштаса біткен. Көк майсалы шөпте, ауыл іргесінен басталады. Кешкі кезде жарқыраған, көл беті, ай сәулесімен ұштасып, жылы өңірдің, баю соққан желімен, аспан әлемін өзіне түсіріп, сарқылмас тамаша табиғатымен, бойыңды өзіне тартып қояды. Қалың ағаш, көлеңке саясы, қайда барсаңда, иісі аңқыған жұпар гүлі, өзінді орап, жақсара түсесің, таза ауамен демінді алып, бойыңды серілтесің. Ақотау іші босап, адамдар тарап, аяқ жүрісі басылғандай болды. Төлеміс ақотаудан Ақжарқынмен бірге шығып, кең жарыққа қарай аяндап, көше боймен, қыдырысқа бет алды, ойы қызға өзінің сағынышын жеткізу еді.

Өте әдемі ажарымен жарасқан, қызды Нұрсұлу таныстырып: жақын құрбым, кішкентайымыздан бірге өстік!-деп айтқанын есіне алған Төлеміс бірден ұнатып, көңілдегі сөзін айтып, қалуға бекінді. Ақжарқын: Мен қайда болсамда, Нұрсұлудан ешқашан қол үзіп кеткен емеспін, осы тойдыда бірге атқаруға уәделесіп, дайындық жасап, ән айтуды бірге бастауды ұйғардық, жастарды көптеп тартудыңда себебі осы еді!-деді қыз, ажарлы жүзін Төлемістің бетіне бұра берді.

Қараңғы түн, бұлттар тарап, ай сәулесі жарқырап, айналаға тыныштық орнаған шақ. Отау ішінен Нұрсұлу сырт алаңға қарай, Махметті іздеп, тез жүрісімен жан-жақты барлап, сая жағына бет дүзей берді.

Соққан жүрегі басылар емес, сағынышы да мол, сырын айтып, сөз байласуға, әпден көнді, адал жүрегі жан-тәнімен сүйетіндігін, айтып білдіру болды. Махмет ол кезде, әдемі сая жайдың тұсында болатын, алыстан келе жатқан Нұрсұлуды бірден танып, қарсы жүгірді, алдынан құшақтап көтеріп алып, сая жай маңына аялдады. Қос қолымен құшақтап, оймақтай аузынан сүйіп, бар денесін баурына тартып, жібектей белінен қысып, қайта-қайта сүйумен болды, сағыныш сезімі басылмай, біразға дейін тұрумен бекінді, сұлу тартқан қыз келбеті, асыл денесімен жігіттің бауырынан шықпады.

Осы сәтті олар біраз күткен еді, арманы орындалғандай, жұптары жазылмай, бақыт орнаған, екі жас тағыдыры, нұрға бөленіп, қала берді. Әлден соң, Нұрсұлу: Той қалай өтіп жатыр, саған ұнадыма?-деді. Махмет: Ұнағанда қандай бұрын-сонды, мұндай тойды көрген емеспін, шырқалған ән, тамылжыған домбыра үні, әркімнің де көңілін көтеріп, қуанышқа бөленген шақтарын көріп, дамылсыз қол соғысы, соның айғағы емеспе!-деді. Естіген Нұрсұлу жүзі, күлімсіреген бейнесімен, денесін жігіт баурынан алғысы келмеді, тек сүйісумен шектеле берді. Махмет : Сені бір көргеннен, ұнатып тамаша жүзіді көріп, қалай танысудың жолын іздеумен қамықтым!-деді. Нұрсұлуда: Әдемі жүзі жарасқан, бөтен жігітті бірден көзім шалып, жақын танысып білу үшін, түрлі ойындарды ұйымдастырып, өткізуге тура келді, түбі менің жігітім боласың!-деп қорыттым. Сол айтқаным келді емеспе?-деді қыз. Әлден соң, жұмсақ жерге отырып, биік ағаштың көлеңкесі, таза- ауа жұпар иісімен, бір райда отырғандай сезініп отырысты.

Маңайда жан адам болмады, бәріде ұйқыда. Махмет үстіндегі костюмын шешіп, Нұрсұлудың үстіне жапты, ойы тоңазып суық тиіп қалмасына, ыңғай етті. Күлімсіреген жүзін

беріп, қыз асыл денесін жақындатып, басын жігіт алдына беріп, денесімен қисая берді. Алдына алып, бетінен сүйіп, құшақтап алып, бойын өзіне тартты, ыстық денесі, лаулаған оттай болып, құшағын алмай, белін қапсыра ұстап, жұмсаққа жата берді. Бойлары жабысып, алып күш билеген жігіт денесі, қыздың аппақ қос дөңесінен өте бергенде, балқыған дене оттай болып, ләзат сезіміне бөленіп, нұрлы аспанның кеңістігінде жүргендей болып, балқи түсті. Бойлары жазылмай, сағынышын басумен біраз жатты, айрылғысы келмеді.

Қайта сүйісіп, оймақтай ауызынан, айырлмаған жігіт, жұмсақ ернін өзіне тартып, ыстығын баса алмады. Екі қолымен мойнына оралған қыз, бар денесін жігіт баурына, жақындатып тағыда жылжи түсті. Жаным! Жаным!-деген қыз сөзі, жігіттің бойын бірден алып, күш-жігерін өсіре түсті, тағыда қарап қалмай, денесін билеген ыстық қызуы өрши берді, шыдамады асыл денесін өзіне тартып, қос қанаттың кернеуінен өтіп, тамаша райға бөленіп, сүйіскен қос жүрек, қайта тоғысып жалынды сезімдері жалғаса берді. Таңғажайып жастық сезім, асау тұлғалы шың басына шыққандай, керемет құбылысқа кезіге берді, алмас жүректе, қажырлы қайрат бойларын билеп, махаббат нұрына бөленіп, таң сәулесімен ашыла түсті.

Әрбір сәт, олар үшін сағыныш болып, қала берседе, Нұрсұлу қалтасынан жібек орамалын "мәңгілік" деп ұсына берді. Ойулы, кестелі орамалы, әсемдік түрлерін салып, шебер жасалған қыз қолының мәнерлеп тігілгенін, аңғарасың. Бұл өте керемет, сенен басқа, сендей сұлуды кездестірген емеспін "мәңгілік" менің сертім!-деп орамалды қолына алып, тағыда құшақтап, әдемі аузынан сүйе берді, қызда қолымен оралып, жан дүниесін жігіт баурына беріп, ләзат сезіммен балқығандай болды. Нұрсұлуға деген сағынышы, өзегін өртегендей, жалынды сөздері, сұлу денесі, мың бұралған жіңішке белі, есінен кетпестей, жүрегінен орын алған, жас жігіт, осы кешті асыға күткен еді. Аспан ашық, бұлтсыз көк күмбез, көкте

жымындаған, жұлдыздар легі көбейіп, ай сәулесімен жалғасын тапты.

Ақотау осы аспанның әсем түрімен, беттесіп, сұлу тартқан келбетін дала өңіріне беріп, өзінің әсемдік аппақ бейнесін, айқара ашып, жастар жолына сәттілік тілеумен, көрінгендей болды. Той-думан махаббат жолын тауып, келешек жастардың санасын оятқандай болды. Өткір қыз, сөзге шешен, сол думанды өзі басқарып, жастар өнерінің алғашқы толқынын, қалың жиналған жұртқа паш етіп, "ғаламат" құбылыстың алтын шымылдығын аша түсті. "Сая-жай" естерінде сақталып, тағыда осы жерде кездесуге келісті, таң бозарып ата бергенде, Нұрсұлуды үйіне шығарып салып, аймалап екі бетінен кезек-кезек сүйіп, кешкілік келетінін сездірді. Төлеміс аттарын сенімді адамға тапсырып, ақотау ішіне демалуға келіп, дайын төсекке жата кетті. Уақытты оздырмай, дем алып, күштерін жинап, кешкі әуеннің басталуын, халықпен бірге күтті. Топтасқан қыз-келіншектерде, Нұрсұлудың келуін күтіп, онсыз бастамауға ыңғай тартты.

Отау іші лық толған, адам кешегіден біршама көп, симағандары, даланың көк шөбіне отырысып, жайғасқан. Дала дүбіріне ұласқан, домбыра оркестірі, тамылжыған күй тартып, отырғандардың бойын алып, шалқытумен жүректеріне, ыстық сезім, орнағандай болды. Мөлдір көзі күлімдеп, сұлу ажарын жұрт келбетіне беріп, екі жастың Құрбан мен Жансұлуды, ортасына алып, Қыз жібектің "Гакку" әнін, Ақжарқын екеуі бастап ала жөнелді. Асқақ әні, тамаша үнімен, жиіншке салған назды дауысы, қыздардың қосылып айтуымен, ауа толқынына қалықтай берді, Қыз жібек пен Төлегеннің бейнесін аудармай, Құрбан мен Жансұлуды көргендер "айнымаған өзі" деп қорытты.

Ақжібекке оралған Жансұлу келбеті, ерекше болды, ұлттық жарасымды киімдерімен екі жас "керемет" болып, көріне түсті. Шіркін осылай етіп, көрсете білген, Нұрсұлуға қол соғып, отау ішінде толастамады. Қазақ қызының арасынан

жарқырап шыққан жұлдыздай болып, көріне түсті, ісіне бүкіл ел сүйінді. "Алтын дәстүр" деп бағалаған, жібек матаның ішінен шыққан, Жансұлудың бетін ашып, шашу шашылды, ел-жұртқа сәлем етіп, келін болып түсті.

Әрбір ән әуені домбыра оркестірінің тартылған күйімен жалғасын тапты. Нұрсұлудың туған нағашысы Бөкеннің жалғыз ұлы Құрбанға, өзімен бірге өскен құрбысы Жансұлуды, атастырып алып берген Нұрсұлудың өзі болатын, бірақ қызда сұлу жігітті бірден ұнатып, сөзін беріп үлгірген. Жарасымды екі жас өз бақытын тауып, қосылуыда "бірін-бірі" сүйгендіктің белгісі болып "мәңгілікке" бел буды, бүгінгі тойдың алғашқы бет ашылуы "ғашықтық оты" болып жана түсті, Нұрсұлу да осыны күткен еді, арманы орындалды. Жансұлу жүзі, күндей жарқырап әсем тұлғасымен, сұлу келбеті, сұңғақ бойлы, әдемі ажарымен көпшілікке бірден ұнады.

Құрбанда жігіттің төресі, ажарлы түсі, денесімен жарасып, қос иықты, денелі болатын, қарулы қолы күресте алып түсетін. Сұлу қызға кім қызықпайды, Жансұлуға құда түспек, сырт елден көбейіп "тоқалдыққа" сөз етіп, мал-мүлкін қыз жолына беруге асықты. Кезіккендер әкесін сөзге тартып араға "таныс-жарандарды" тартып, жол іздеді. Құлығын асырып, шалдығын жасырып, қомақты ойын іске жаратып, көкжалдың қалпын жасап, жұла қашатындай, кейіпке бармақ болды. Нұрсұлу олардың "опасыз" ойларын бірден түсініп тез арада, екі жасқа отау құрып, қосу еді.

Сол мақсаты орындалып, екі жас айрылмастай бірін-бірі сүйіп қосылуыда, баян етілді. Жансұлуды түсірген ақотау іші бүгін ерекше, жерге төселген текемет пен қызыл кілем, төрді алып, кең жазылған тұста араб кілемдері ұсталып, ілінген, оң жағында келін отырған жібек-атылас шымылдық, әсем бейнесімен жарқырап, отау ішіне сәуле шашқандай, нұрлана түскен, ауыл қыздары да сұлу тартқан жүздерімен, әсем киінген, Жансұлудың жанында отыр, ән айтып тамаша әуендерімен шырқата түскен. Бәріде Нұрсұлудың бастамасымен болған!-

деседі. Соңғы уақыт, үшкінге созылған той бұрын-соңды болған емес, Нұрсұлудың туған нағашысы, жалғыз ұлы Құрбаннан ештеңе аянып қалмауға тырысты- бар өмірін баласына арнады, тойда солай болды.

Түн ауа бастады, жұртта тарап алғыстарын жаудырып, Нұрсұлуды ортаға алып сүйіп, бақыт тілеумен тарасты. Нұрсұлу сөз арасында өзі келіп, Махметтің құлағына сыбыр етті: "Сая-жайда" күт!-деді. Жігіттің күткеніде осы еді, қонақтармен ілесіп сыртқа шыға берді. Бәріде кетіп, отау ішінде екеуі жеңгелерімен қалды. Оларда тездетіп жұмсақ мамық салып, құс жастықтар тастап, төсектерін дайын етті. Отаудың күмбезі жабылып, іште қараңғылық орнады, екі жастың сағыныш сағаты келгендей, бірін-бірі құшақтап аймалаумен сүйісіп, Құрбан жалма-жан Жансұлуды көтеріп алып, жұмасққа апарып жатқызды, асыл денесін Құрбанға беріп, құшағын айырмай жата берді, жата берді, бұл алғашқы кездесуі еді.

Күмбез отауы алыстан жарқырап, қос "ғашықтың" кездесу кешін жалғай түсіп, самал желмен баюлап шыққан, жел бағыты тына қалды. Жағалай тып-тыныш, құлазыған кең дала, самал-жылы желімен соғып қояды. Бұлтсыз аспанның, ай сәулесін жер бетіне шашқалы, біраз болды, Махметте көз алмастан қараумен, Нұрсұлуды сағынышпен күтті, алып ұшқан жүрегі бір сәт толастамай, үмітін үзбеді. Бір сәт, Нұрсұлу, қолаң шашын алдына беріп, көк көйлегімен, қымша желеткесі бойына жарасып, аяқ алысы шапшаңдық танытып, сағыныш үмітін жалғауға бекініп, жүріп келеді.

Ой арманыда осы жігітті қатты ұнатқанын, айтып жеткізу еді, күлімдеген көзі, әсем келбетімен, жігіт жүзін көтеріп тастады. Жігітте тік көтеріп, қос қолымен, асыл денесін өзіне тартып, оймақтай аузынан сүйе бастады. Жігіттің ыстық денесі, лаулаған оттай болып, жалын атып, баурына қарай ығыстыра берді, қыздың денесін, бойына басып, қызуымен бөлісіп, нұр сәулесімен, жабылғандай түрлерін, ләзат сезімі ала кетті,

бақытты жүздері тамаша райға батып, жұмсақ көгал үстінде, біраз жатты. Таң сәулесі ағара бастағанда, орындарынан тұрып, тез жол жүрмекке бағыт ұстады. Нұрсұлу шығырып салып, қимастық қалыппен, көзіне жас алып, сағыныш ойын жеткізіп, жігіттің мойнына оралып, қош айтысып қала берді.

Менде қайтып ораламын!-деген жігіт сөзі, жатында жатталып, қыз жүрегінде сақталып, ұмытылмады. Қос атты, жол бетімен, Аяқбұлақ-Жар өңіріне, бағыт ұстап, қатты желіспен, Көкайғырдың шылбырын жіберіп, тоқтаусыз салып келеді. Көгілдір аспан, ыстық ауа, соққан жел, сағым басқан кең аймақ, жалпақ дүз даланың, ойлы-қыратымен жалғасып, ұзара түскен. Ұзын созылған өзенде, биік қыраттың астынан көрініп, шалқыған су арнасының, келбетін көрсетіп қояды. Жағалай өскен биік ағаштармен көмкеріліп, аймақты басып өтіп, жайлым кеңістікке қарай ауысқан. Саябір жолдың бетіде, қалың шөпке толы, толқын басқан.

Жұмыр биік, асыл тұлғалы, дәу қырат мүйісінде, аспанмен таласқан ұшар басы, алыстан көрініп, көгал саясымен жұптала түскен, бұлда бір көрністің айнасы болып, есіңнен кетпестей, қадалды. Төлеміс екеуі, біраз жерге барып қалды. Шығарып саларда, қабағы түйілген, қыз уайымы бойынан кетпей, түріде өзгеріп бозарып, сала берді. Қашан келеді? Қай уақытта енді көремін?-деген ойға шомып, көңілі түсіп, еш нәрсеге құлқы болмай, сұрлана берді. Ақжарқан құрбысының мұңын бірден байқап: Сен көп ойлама, керегінде тойға шақырып, аламыз!-деп жұбатты. Жігіттің ой-арманыда Нұрсұлудың үстінде болды, ол ерекше жан, өткір ақылды қыз!-екенін, есінен шығармады, сезімі бойын алып, қайта-қайта кіре берді. Қоштасарда, солғын тарқан Нұрсұлу жүзі, көңілсіз қабағының астынан көз тамшысы, жігіттің қолына тамып, боюдай болған бетінің келбеті, ат үстінде бара жатқан жігіттің ойынан шықпай, есіне алумен болды. Нұрсұлу құшақтап тұрып: Менің бақыт құсым төбемнен ұшқандай болды!-дегені жігітті уайымға бірден батырды, амал барма кетуге тура келді.

Нұрсұлудың осы тойда атағы жайылып, ақылды-сұлу қыз екенін, бүкіл жұрт айтумен, ел құлағына жеткізіп, Сыбсыңға келушілер көбейіп кетті, бәріде Нұрсұлуды бір көру еді. Торғайдың Ботай ауылына дейін жетті. Естігендер есіріп, бар малын қыз соңына беруге дайын тұрғандар, сабылумен болды.

Патша үкіметі құласада, болыс болған Досмағанбеттің аты, ел ішінде беделі, кете қоймаған, әліде соны пайдаланып, Жапар туысы, құлағы кеміс болсада, еңкейген шал қалпымен, нөкерлер жинап, екінші әйелдікке "құда түсу" қалың малдың басына, екі айғырдың үйірін тігіп, қосшы жіберуге бекінді. Бәріде қостап, ақылшы әрі сөзге шешен, Жантықты бас етіп, бір үйірді алдына салып, жендеттерімен аттандырып, Жапар хабар күтіп, үйінде қалды. Топшылап жол жүріп, күннің шыжыған ыстығына қарамай, шөлді құм аймақты басып, итшілеп Сыбсыңға жетіп, құлады. Шеткерек үйге аялдап, бейтаныс адам, үй ішімен танысып, албарына малын кіргізіп, біршама айалдауға келгенін жеткізді.

Жантық өз-өзіне келгеннен соң, шешендік танытып, майдалап сөйлеп: Нұрсұлу қызға құда түсуге келгенін, үй иесіне жеткізді. Қыздың ағайындарын сұрап, олардың ең жақынын алғызуды өтінді. Үй иесінде амал қалмады, жақын туыс-ағасы Толысбекті алғызып, таныстырды. Толысбек көп жылқының, қалай келгеніне таң қалып, байлыққа қызығып, жүзі жайдарлы, көтеріңкі күлкімен, үйге кіре берді. Төрдегі ат жақты, жетпістің қырқасына шыққан, кем иекті, үлкен шалды көзі шалды. Ауыз үйге аяғын шешіп, төрдегі кісіге барып: "Ассалаумағалайкум!"-деп қолын алды. Толысбек денелі, енгезердей ақылын тоқтатқан, егде адам еді, өмірден бәрін көріп, ішіне тоқыған "залымның" өзі болатын.

Жайғасып қасына отырған соң, танысып Жантық шал, күйеуді әріден қозғап: беделді болыстың ағайыны, Жапар деген ел ішінде атағы бар, бойынан әлі қуаты кетпеген, қара-торы малды кісі, сырттағы жылқы, тек бет ашар, "құдалықтың малы" кейін тағыда, бір айғырдың үйірі болмақ, оған қоса 5-6

көлікпен жеткізетін "киім-ішіктермен" қытай кездемелері, араби кілемдер және бар!-деді. Бұл сөзді естіген соң Толысбек көзі жайнап шыға келді: Бұл шындық па? әлде қызды алып, алған соң, басқаша бет бұрасындар ма?-деп айтып салды. -Жоқ! Менің өтіргім жоқ, осы жасқа келгенде, қатын құсап өсек айту, жатымды жоқ, тек мен шындықты айтып, жеткізу маған жүктелген міндет, алладан тілегім осы !-деді. Толысбек орнынан атып тұрып: Менен үлкен ағайындарым бар, солармен ақылдасып, бір хабарын күт!-деді де үйден шығып кетті.

Толысбектің жылқыларға тағда көзі түсіп, жайнап қоя берді, торы атына мініп, көшеге бет бұрды. Бұлар қыздың жақын туыстары емес-алыс ағайындары, әкесі болмаған соң, бір рулы деп, араласын тоқтатқан емес. Толысбек жақындарын жинап, келген құданың шарттарын айтып ортаға салды, әңгіме көпке созылып, бұл байлықты құр жібермеуге келісіп, Толысбекке сенім артты. Аштық-жалаңаштықтан әптен өлетін болдық, сол кедейлікті сыпырып тастайтын уақыт келді, келген олжаны, алып қалуымыз керек!-десті. Толысбек олай болса: Бір-жан білмеуі керек, мен келісім жасап, бүкіл мал мен асыл киім-кешек, дүние-мүліктің бәрі қолға тигеннен соң, қызды бір күн түнде арбасына салып, жібергенімізді бірақ білсін!-деді. Ағайындары жапқан аузын ашпады.

Болыстың туысы дегенге, бәріде таңырқап, күшті байдың тұқымы-деп, жорамал жасады. Ол кезде болыстың өзі кеткенмен, ел ішінде беделі-бұрынғы "болыс-дәуірі" сақталып, қараңы халықтың есін алды. Екінші "тоқалы" болсада, ішіп-жемі көп нағыз байлыққа күп ете қалатынын, іштей болжаған, ағайындары, бірден бір-бір ат мінуге, келісіп тарасты. Ел іші, өсек-аяң жатсын ба? Нұрсұлудың құлағына жетіп, "тоқалдыққа" басын байлап, ағайындары сырттан "тон" пішіп, панасыз жетім қызды уайымға салды. Бас сүйер, туған нағашысы Бөкен науқастанып, төсек тартып жатып қалды.

Басы жастыққа тимей, боюдай болып жылаған Нұрсұлу дағыдыры, қыл үстінде тұрды. "Андысқан жау-алмай

қоймайды" дегендей, ағайындары ауыл кезіп бір-бір атты мініп алып, кезекпен Нұрсұлу үйін торумен болды. Сыртқа қашып кетпеуін бақылап, қолдарына қару асынып, күзете бастады. Ешкімді кіргізбей, жөнсіз адамдарды үй маңына жолатпады.

Бала-шағаларды құрықпен ұрып, маңайға келтірмеді. Ботадай боздаған Нұрсұлу нағашысымен хабарласып, Құрбанды түн мезгілінде шақырып алып, жазған хатын Махметке тез жеткізуін тапсырды. Көзі жылаумен, бет ажары ісініп кеткен, түрін көрген Құрбан "бір сұмдықтың" болғанын түсініп, жан ұшырып, Шилі бағытына түнделетіп, топай көк атымен жол тартты. Туған жиені Нұрсұлудың бұлай "бодауға" кететінін қаламады. Аңқытып, төте сүрлеу жолмен ағып келеді. Алыстан көріне бастаған, шам жарығы терезеге түсіп, қырат үстінен құлдилап, қалың ағаш ішімен, ауылға кіре берді. Кездескен кісіден сұрап: Жардағы ауылына, кеше ғана Омбыдан оралды!-деді. Аяқбұлақтан алыс емес, ат шаптырым, Жарғада топай көкпен жетіп келді. Құрбан деген соң, сыртқа жүгіре шығып, Махмет бірден құшақтап: Қал жағыдайын сұрастыра бергенде, Құрбан көзіне жас алып: Мынау Нұрсұлудың хаты "тоқалдыққа" әкетуге әрекет жасаған, ағайындары үйден шығармай, қысым жасап бар білгенін істеуде!-деді.

Махмет бірден: Қазір түн, сен тынығып ал, біз сенің соңыңнан, ат арбамен еретін боламыз!-деді. Таң бозарып ата бергенде, бәріде атқа қонды. Құрбан топай көгіне мініп алып, ызғумен Нұрсұлуға хабарды тез жеткізу еді. Көкайғыр қарындаш арбаны, жылжытып ала жөнелді, Төлеміс екеуі Сыбсыңға соғып, Нұрсұлуды қалаға жеткізу болды. Үлкен қара жол, қалың ағаш бауырайымен тартып келеді, жүрістеріде жылдам, сағым қуғандай, белестерден өтіп, ойпат-қыраттардан асып, қыз ауылының бағытына жақындапта қалды.

Бұларда қарусыз емес, екі мылтығын ала шыққан. Дөңестен түсе бергенде, өздері болған "сая-жай" да құшақ ашып, қалың ағашымен алдын орай берді, тасаға кіріп аялдауға

тура келді, кеш осы жерге Нұрсұлу келетінін тосып, қарсы алуға бел буды, ауылға кіруге жендеттердің көзіне түсу, өте қауыпты болды, қараңғы түнде қалаға шығып кету, қара жол алыс емес, маңайында еді. Махмет Төлеміске, Нұрсұлудың арнайы хатын оқып, ботадай жылаған қыздың мұңын естіген Төлемістіңде жаны түршігіп, аяумен болды.

Түн ұйқысын төрт бөліп, жылаумен бозарған түрін көргендер, Нұрсұлудың былай болғанын ешкім қаламады "ол өткір-өз жолын таба білетіндігіне" жұрт сенді. Ағайындары оңай олжаның жолына түсіп, панасыз қыздың бағытын кесіп "тоқалдыққа" беріп, бар байлығын өздері алып, баю еді, күндіз-түні шапқылаумен, ауылды торлады, бір жан шығармай-бір жан кіргізбеді. Қараңғы маңайды баса бастады, көзге көрінбейтін, қараңғылық орнады.

Әпсәтте, шөп сылдыры байқала бастады, бойын тез басып, ұзын бойлы біреудің келе жатқанын, бірден аңғарған Махмет атып тұрып, қарсы жүгірді, бақса өзінің Нұрсұлуы, жалма-жан құшақтап алып, баурына орап алып, бетінен сүйе бастады, қыз денесі діріл қағады "әптен қорқып" басылып қалғанға ұқсайды, дауысында өзгерген, бұрынғы Нұрсұлу емес сыяқты.

Махмет Нұрсұлуды көтеріп алдыда: Сен енді қорықпа, қасыңда біз бармыз!-деп жұмсақ көрпе төселген, арбаның үстіне отырғызып, көкайғырды Төлеміс, қара жолға бағыттап, қалаға бет түзеді. Өзі қасына отырып, құшағына алып, алдына жатқызып, көңілін көтере бастады. Ат жүрісі желумен, Сыбсыңды артқа тастап, ұзай берді, жолда көп ауылдарды басып, үрген иттер мен жарқыраған терезе алдындағы май шамдары, елес болып қала берді. Енді қауып жоқ, нақа біліп қалған қуғыншы болсада, мынау жатқан қос мылтық, қорғайтын болады!-деді Махмет, қос мылтықты Нұрсұлуға көрсетіп.

Махмет: Менің осында орыс жолдасым Сужиковқа келерде соққанымда, маған әдейі ескертіп, қазақ қыздарын,

әсіресе ауылдық жерден, тегін оқыту-экзаменсыз қабылдайтынын айтқан еді, сен мұғалімдік институтқа бірден қабылдануың сөзсіз, біз бірден сол институтқа бас тірейміз!- деді. Махмет: Сені әйдік сағындым, естігенде қоярға жер таппадым, бұл қалай болғаны деп, Төлеміс екеуміз алаңдаумен болдық!-деді. Нұрсұлу басын жігіт алдынан алып: Менде сағындым күндіз-түні ойлаумен, қаншама күндерді жылаумен өткіздім, біреуге "бодау" болып барғанымша, ғайып болу ойымда болды, міне алла көз жасымды иген шығар, сенің қасындамын, бағытым жаңа туғандай болды!-деді.

Менде кетерде Құрбанға айтып: Ақжарқын тез қалаға жетсін, сен өзің көлік тауып мінгізіп жібер, әйтпесе мен сыяқты "бодау"ға түсіп жүрер!-деп тапсырдым. Құрбан жендеттерден қорқайын деді, Нұрсұлудың анасы мен жалғыз інісін, өз үйіне апарып, паналатты. Нұрсұлу сәлемін жеткізіп, тез қалаға жетуін хабар етті.

Махмет пен Төлемісте: өте орынды шешім, бірге оқитын боласындар, бір-біріңе серік жақын құрбы, ешкімде сендердің бақытыңа орынсыз қол сұға алмайды!-деді. Қалаға келіп кірдік. Үлкен зәулім үйлер, қатар түзеген, жасыл ағаштар бой алып, көше біткен гүлге оранған. Нұрсұлу қаланы бірінші көруі, таң қалып көз айырмай қараумен аң-таң. Әлденсоң, көкайғыр жүйітқумен, өте биік, әдемі ғимрат алдына келіп тоқтады.

Нұрсұлу бұрынғыдай ширақталып, сұлу жүзіне қан кіріп, ажары әсемдене бастады. Сұлу келбетіне киімдері жарасып, ішке кіре берді. Махметпен еріп, қабылдау бөлмесіне кіріп, егіде ажарлы әйелдің алдына барып жайғасты. Қолында өзінің төл құжаттары, ауыл мектебін өте жақсы бітірген-қуәлігін, ұсына берді. Тамаша қыздың, түріне қарап, жақсы бітірген қалпын көріп: Нұрсұлу сен біздің институтқа қабылдандың, сендей қазақтың өткір қызы бізге өте қажет!-деді қабылдау бөлімінің бастығы, мынау қосымша жолдама, жатахананың рұқсат қағазын ұсынды. Махмет құттықтап, Төлеміс екеуі

бетінен сүйіп, ақ жол тіледі. Махмет Нұрсұлуды алып, Сужиков жолдасына жол тартты.

Ол партия қызыметкері, болған оқиғаны айтып, "тоқалдықты" аңсаған қуларды ұстатып, түрмеге тығу болды. Жұмыс орнынан табылды. Сужиков бәрімізді қарсы алып, қуанып қалды. Махмет бірден болған оқиғаны баян етті. Сужиков аудандық партия комитетіне хабарласып, тез арада ауылды дүрліктірген, Жантық бастаған құдасымақтарды, одақтасы Толысбек бастаған ағайындарының ісін айтып, милиция тобын жіберіп шара қолдануын, қатаң тапсырды.

Бұл хабар ауданды, дүрліктірді қарулы топ болып "Сыбсыңға" жол тартты. Махмет тағыда: Нұрсұлудың әдемі сұлу құрбысы, Ақжарқынның келуін күтіп жүрміз, әлгі сойдауыттардың құрбаны болып, кетпесе деп, ескертіп оныда оқуға алуын қалаймыз!-деді. Сужиков: Сендер саспаңдар, мен барлығында оқуға кіргіземін, бұл партия талабы!-деді. Құрбан арнаулы көлік тауып алып, Ақжарқынды қалаға таң біліне аттандырып, салды. Ақжарқын қатты қысылғанмен, ауылдан ұзай берген сайын, көңілі орнына түсіп, кешегі құрбысынан мәңгілік айрылып қалам ба? деген ой жетелеп, есіне ала берді. Бірақ Махметтің уақытында келіп, құтқарып қалаға әкетуіне қатты қуанып, үй ішіне айтып қунышпен бөлісті.

Жол үстінде, ауылдан алыстай бергенде, Ақжарқын ойы: Өзіңмен бірге оқуға түссем ба?-деп армандаумен болды, құрбысынан айырылғысы келмеді. Нұрсұлу күткен құрбысы да, аман-сау қалаға жетті, қуанышпен бөлісті.

Сен оқуға түстің, Махмет өзінің жолдасымен келісіп қойған, олар қазір келеді, күтейік!-деді Нұрсұлу. Айтқанша болған жоқ, олар келіп, Ақжарқынды кезек-кезек құшақтап сүйіп, қуанышпен бөлісті. Тездетіп, төртеуі қабылдау бөлмесіне барып, Ақжарқынның құжаттарын тапсырып, өттің деген бұйрық алып, бір бөлмеде тұруға ұлықсат етті. Кең аудитория. Оқуға келген бүкіл қыз -жігіттерді жинап, ректор арнаулы жиын өткізді. Мәселе қазақ қыздарының дағыдыры,

жайында айтып, сөйлеушілер көп болды. Нұрсұлуға баян еткен Ақжарқын көлікке мінер кезінде: Ауылдан шыққан өрт, жалыны биіктеп, жылаған баланың дауысы естіліп, естері кетті. Бұл не сұмдық, ауылды өртеуге бет алғанын аңғарды. Көпірден өте бергенде, қалың қол милиция тобы, Сыбсыңға сау етті. Елді қоршап, ешкімді шығармауға бұйрық етті!-деді. Ақжарқынның бойы жылынып, қорқынышы кете бастады. Жол тартып қаладан бірақ шықты.

Бәлем сол керек, тырысқан ағайындары "қыз саудасын" енді қай бетімен ақталмақ, Жантық қу бастаған жендеттер, еркіндеп ауыл адамдарына жұдырық ала жүгіріп, білгенін істеп, зорлықпен әкетеміз деуге салып, тырысып бақты, кара дүрсін, қол соқпақ алысқа бармады, қолға түсті.

Құрбан ат арба тауып, мінгізіп жіберісімен, анаң мен ініңді өз үйіне апарып, паналатты. Көзіне жас алған, құрбысына енді ештеңе ойлама, менде ауылдық жердегі қыз өмірін сөз етіп "өлім мен өмір" арасында тұрғанын, зорлықпен матап-байлап атқа өңгеріп, алып кетуі, не болмаса арбасына салып жіберіп, қалың мал үшін бәріне барып жатқанын сөз етті, жан ашыр ешкімнің болмағанын, айтып налыды. Нұрсұлу бірден мінбеге көтеріліп, сөз сөйлеп, баян етті:

Менде сол өмірді, басымнан өткізіп "бодауға" түсіп, тоқалдықтан құтылып, сүйген жігітімнің арқасында, қашып құтылғанымды жеткізгім келеді, бүгінде ескінің заңы етекпен тартып, қаншама әдемі жас өспірім қыздарды, шалдар қатын етіп, күң қылуда!-деді Нұрсұлу. Дүр сілкіндірген Нұрсұлу сөзі, шешендік танытып, бәрінің ой-санасын ойатқандай, таң қалумен батылдығын танытты. Біз!-деді Нұрсұлу: осыларды, елішіндегі бақытсыз қыздарды құтқарып, қаланың оқу орындарына тартып, бағын ашып, өз теңіне тиуге жол ашар едік, сонда ғана қазақ қыздарының басына теңдік орнар еді "олар-біздің болашақ аналарымыз, өмірге қазақ тұқымын

әкелетінде солар, олар ер жігіттің сүйген жұбайы, болашақ балалардың анасы, қазақ елінің тірегі-жастардың анасы!-деді. Нұрсұлудың әрбір айтқан сөзіне ду-қол соғып, қостап отырды.

Жиналысты қортындылай келіп ректор: Біз Жастар ұйымын құрып, Комсомол комитетінің хатшысын сайлауымыз керек!-деді. Жастар бір ауыздан комсомол хатшысы Нұрсұлуды ұсынып, орындарынан тұрып, қол соқты. Нұрсұлу хатшылыққа бір ауыздан сайланды, облыстық комсомол комитетінің бюрасына да мүше болып өтті. Нұрсұлу көп оқыды, іздену үстінде болды, сабақты жақсы оқып, құрбыларына бар көмегін аямады.

Кешкі кез, жастардың кең залға жиналып, жиын өткізіп, жастар кешін ұйымдастыру ісі қаралатын болып белгіленді. Сахна төріне, басында камшат бөркі бар, үстіне жарасымды көк көйлегін киіп, қымша беліне, оюлап тіккен қызыл желеткесі, жібектей созылған денесіне жарасып, сұлу жүзін көргенде, бәріде таң қалып "таңдай қақты" сөз бастап: Біз бірінші кезекте, өнершіл жастарды, іріктеп "Ұлттық ансамбль" құрамыз, құрамында бүкіл әр ұлттың- халықтың әні мен биі болады, олар өздерінің ұлттық киімдерімен шығатын етеміз, екінші бір өзекті мәселе Құрманғазы оркестірін құру, жақсы домбыра, қобыз-сырнай білетін жастарды тартып, дайын етуіміз керек!-деді. Олар қаланың бүкіл заводы, фабрикалары мен үлкен мекемелерде концерт беретін болады, оларға мен өзім бастап, Ақжарқын екеуіміз басқаратын боламыз!-деді. Концерттің бет ашарын, осында өткізіп, ән мен өзім ашамын, Ақжарқында қосылып ән айтатын болады!-деді.

Залдағы жастар қол соғып, Нұрсұлуға бір ән айтуды сұрады. Тыныштана қалды, сахнаға көтеріле түсті. Нұрсұлу асқақ дауысымен назды үнін естігендер, есі кетіп "қандай

тамаша-дауыс" -десті. Ән бар, енді музыка керек, оркестірдің сүйемелімен талай әнді айтатын боламыз!-деді Нұрсұлу. Нұрсұлудың "Анашым" әнін естіген жұрт, туған еліндегі анасының қайғы мен қасырет шегіп, отырғанын әнге қосып, шырқай түскенде, зорлық-зомбылықтың бетін ашып жеткізуі, жиналған халықтың көзіне жас алып "қайран өмір-ай" деген ана зарымен жалғасты. Сахна төріне, ақшыл тартқан сұлу қыз шыға келгенде, Ақжарқынның бейнесі "Сұлу Баяндай" көрініп, көз алмады.

Нұрсұлу шығарған "Заман-ай" әнімен бастап, естіген жұртты дүр сілкіндірді. Зарлы мұңы, қыздардың бақытсыздығы, өз бақытын таба алмай, қасырет шегіп, құздан құлап, өліп кеткенін, сүйгеніне қосыла алмай, арманда кеткенін жыр етіп, зарлы мұңын сөз етіп, әнмен жеткізіп, біразын жылатты.

Ұмытылмас кеш, Нұрсұлу бастаған жастар өнері, жақында жалғасын табады деп сендірді. Нұрсұлу ертелі-кеш ұйымдық мәселесін тез шешіп, ансамбль мен оркестірді сахна төріне шығару еді.

Жаңа заманның алғашқы шымылдығын ашып, өнерді көрсету еді, қандай тамаша жастардың бейнесін қалыптастрып, бақытты өмірдің алғашқы қадамын жасайтында-жастар екенін жеткізді. Ансамбль құрылды, Құрманғазы оркестіріде сахна төріне көтеріліп, келушілер алдынан күйлер тартылып, халықтың бойын алып, көңілін көтеріп тастады.

Тамаша концерт, тұңғыш рет, қаланың бүкіл оқу орындарының жастары шақырылып тамашалады, Нұрсұлу бәрін өзі басқарып, оркестірдің сүйемелдеуімен өзі бастап ән айтып, қалың жұртқа жеткізе білді. Мұндай концерт бұрын-соңды болған емес!-десті. Нұрсұлуды комитетке шақырды.

Обылыстық комсомол комитетінің отырысы. Жиналған делегаттар. Әр жерден шақырылған, алыс аудандар мен шет ауылдардан келгендер осында. Мәселе, жастар дағыдыры, әсіресе қазақ қыздарының өмірі өш болып "бодауға" кетіп, кей жерлерде, өзін-өзі өлімге басын тігіп, өмірден өтсе, екіншісін аюандықпен өлтіріп, сүйгеніне қосыла алмай, арманда кеткендер қаншама, дүрліккен ел іші тоқтамады. Әлден соң, мінбеге сұлу қыз Нұрсұлу шығып сөз алды: Біз ауылда өсіп, қарапайым қазақтың қызы атанып жүрсекте, әдемісін тандап, мал беріп, зорлықпен құда түсіп, барымталап үйден суырып алып, атына өңгеріп, шалға қосып "тоқалдыққа" кеткені қаншама!?

Олардың зарлы үні, ұйқысыз өткен күндері, уайым-қайғымен күн кешіп, өзін өлімге басын тігіп, жартастан құлап, өзенге кетіп, жоқ болуы, өмірден өткені, басар тауы-жүрер жері болмаған соң, тар заманның қыспағында қала берді. Менің сіздерге айтар ойым, алға қойған мақсатым тек біреу ғана, ол қазақтың қарапайым қыздарын қорғау, сол себепті ауылдық жерге барып, топтасқан қараңғы халықты бір жерге жинап, жаңа үкімет заңын түсіндіріп, момын халықты, зұлымдық істерден арашалап алу, әсіресе қазақ қыздарын оқуға тартып, бақытын ашу, олар біздің келешек жастардың анасы, біреудің сүйген жары, қазақ халқын көбейтетінде, міне солар.

Мен "Ән керуенін" құрдым, оның құрамында топтасқан әнші, биші, домбыра оркестірі бар, алыс-жақын ауылдардың бәріне хабар жіберіп, концертке шақырамыз, қазақ халқы "ән десе-ішкен асын жерге қояды" деген сөз қалыптасқан, ол шындық, бірге барған "органның адамдары" ән арасында жаңа заңмен таныстырып, "тоқалдықтың" бірден жолын кесіп, аюандық істеген қулады сол жерден бірден түрмеге алып,

қолдарына кісен салып, жиналған халыққа көзбе-көз жеткізсек, оған бізбен барған милиция тобы құрықтап, сот,прокаратура жеткізген болар еді. Сонда ғана, халық түсініп, алып күштің барлығына сеніп, жаңа үкіметтің іргесі қалана беруге бет бұрғаны дер едік.

Зұлымдықтың жолын кесіп, ел тыныштығын орнатып, қарапайым еңбек адамының мүдесін қорғап, Ұйымдасқан еңбек адамының ауылын көріп, сайрандаған жастардың көңілді күлкісін көріп, бізде шаттанған болар едік!-деді Нұрсұлу сөзін аяқтап. Бәріде қол соғып, Нұрсұлуды қостап, тамаша айтылған сөздері, қиыншылықтың жолын тауып, қазақтың құлағына әнмен жеткізіп, бүкіл істің тетігі шешілгендей, бәрімізге ой тастауы құптарлық, ғажап өмірмен күрестің, дәл шешімі!-десті. Жиынды қортындылаған хатшы: Нұрсұлу аулдың қызы, қазақтың өткір қызы, өз өмірін сақтап, өз бақытын тауып, шытырман ескіліктің қоршауын сыпырып тастап, әділ өмірге қол жеткізіп, ауылдағы құрбыларын ойлап "бодауға" кетпеуін сөз етіп, құтқару жолдарын айтып жеткізді, бұл заман талабы, партия талабы, біз қалтқысыз орындайтын боламыз!-деді сөзін аяқтап.

Жақын маңайдағы колхоздардан, ат-арбасымен алғызып, "керуен" легі жасақталды. Нұрсұлу бастаған ансамбль құрамы, ән-би, Құрманғазы оркестірімен ықшамдалып, ең таңдаулы өнерлі жастармен толықты, құрамында органның барлық өкілдері енді, НКВД-нің қарулы-милиция тобын басқарған майор Халықовта бар. Керуен легі, сайлы аттармен қарындаш жеңіл арба "ән керуені" деген жазулы атымен Батпақара жеріне жүріп кетті. Қара даңғыл жол.

Жазық дала, селеу басқан жер беткейін, желдің соққан күшімен, толқынға ұласқан сағымда кең аймақты алып, алысты

орай берді. Жаз самалының жылы лебі, бетіңе тиіп, бойыңды жылытып қояды. Ұзақ жол, шөлді аймақ, қуаңшылықтан жарылған жер, жауынның көптен болмағанын аңғарасың. Жол шетінде көтеріле түсіп шырылдаған торғайда, дыбыс беріп қояды. Дала төсінен бірде-бір ағашты көрмейсің, жол үстінде бей таныс жүргіншілерде жоқ.

Тек ат жүрісі, қарындаш арбаны дөңгелетіп, екпіндеп келеді, қыраттардың талайын басып, алыстан мұнартқан, шағын ауыл көріне бастады. Ойымыз тез жетіп, дем алып, тізе бұгу еді. Жол танабын басып, ауыл Тастыға ат тіредік. Жапа аласа қоңыр үйлер, көше бойымен созылған, маңайында бір бұта жоқ, қаңыраған дала көшкіні сыяқты, әр жерде бір-екі адамның жүрістері байқалады. Қуалай созылған өзеннің терең жары, тартылған судың аздығынан, төмендеп кеткен. Өңірде шалғын шөпте, мал өрісінде байқалмайды. Алыстан сағыммен қоса тербелген, қыратта мұнартып қояды. Біз келген қара жол шаңы, аспанға бірақ шығып, сұйылып барып басылғандай болды. Бағытымыз орталық алаңға барып, ауыл кеңсесін тауып алып, келген жұмысымызды баян етпек болдық. Кеңсе, шағын үйге орныққан.

Егіде тартқан "ауылнайды" тауып алып, бүкіл жақын маңайдағы, елді-қоныстарға хабар жеткізіп, халықтың жиналуын күттік. Көше бойымен дамылсыз шапқылаған аттылар тобы, әрбір үйдің албарын қарап, торулап, бірдеңені жоғалтқандай, кесе-көлденең тыпыршумен жүрісте болды. Келген кісілерде назары болмады. Майор Халықов бір сұмдықтың болғанын, білу үшін, қолында тобылғы сапты, шыбыртқысы бар, толық денелі, аттының алдынан шығып, пожыға жармасып, тоқтатқысы келді, ол атымен ентелеп,

соғып өтуге бағытталып, қамшысын көтере бергенде, аттан жұлып алып, жерге топ еткізді.

Басқалары байқап қалып, атымен шауып келіп, қамшының астына алып, сабауға ұмтыла бергенде, топ милиция, бірден бәрі жабылып, аттарынан өңгеріп, қолдарын артына қайырып, кісен салып үлгірді. Топырлатып ұстап, алаңға әкеліп, жиналған халық алдына тізесін бүктірді. Халықов оларды тергей бастады, өздерін советтің агентіміз, малды үкіметке тапсыруға бұйрық алып, орындауда жүрміз!- деді кісенделген біреуі. Халық ішінен: Жоқ олай емес, олар өздерін советтің жақынымыз деп, халықтың күн көріп отырған жалғаз сиырын айдап әкетіп, өздеріне жинап алып, бас пайдасымен жүрген қулар, тіптен үйден шыға алмай, ұрып-соғып барлы жоқты ұсақ малымызға дейін тартып әкетіп, күн сайын, осылай шапқылап, үйден шыға алмадық, малымызды да үйде ұстадық!-десті дүркіреген шуласқан халық.

Нұрсұлу көпшіліктің алдына шығып: Біз совет үкіметінің адамымыз, бүкіл елді жинап халықтың көңілін көтеріп концерт қойып, ән-күй сыйлап, ел ішінде тәртіп орнатып, мына сыяқты аюандардың жолын кесіп, момын қара халықтың жапа шекпеуін "Асыра сілтеу болмасын-аша тұяқ қалмасын" деген халық жауларының ұйытқысын тоқтатып, мұнда заң орындарының адамдары, милиция майоры Халықовта бар!- деді. Бір кезде, Нұрсұлудың қасына, басында қара орамалы, боюдай жылаған, көз-беті ісіп кеткен, егіде тартқан, мұңды әйел келіп: Қалқам қарағым, қазақтың жас қызы екенсің, жаңа сөзіңді естіп, өз-өзіңді тоқтата алмай, жалғыз ұлым Беріктен айрылып, аштықтан тамағымыз болмай, жалғыз сиырымызды мына жауыздар тартып әкетіп, өлерде: Апа! "бір үзім нан" берші, жүрегімді жалғайын!-деді.

Мен сорлы, қайдан табайын, дорбаның түбінде бір уыс бидайда қалмаған, жалғыз сиыр кеткелі біраз болды, сіздерді естіген соң, қайғымды айтып жеткізейін, деп әрең жеткенім!-деп жерге құлай берді. Ақжарқынға тамақ алғызып, аузына су тамызып, басын көтерген соң, тамақ бергізіп, әлденуге бет бұра бастады. Халықов ұсталғандарды қыспаққа алып: Кәне айтындар мына кісінің күн көріп отырған сиырын кім айдап әкетті? айтпағандарыңа қазір айтқызамыз!-деді. Көмекшілерін шақырып алып, әйелді тұрғызып, Нұрсұлу қасында: Білесіз ба? қайсысы жауыздық жасап, малыңызды тартып әкеткен!-деді.

Әйел бірден танып: Мына жауыз, мені итеріп құлатты да, сиырды бұзауымен жетектеп алып кетті!-деді. Халықов: Қайда сиыры? қандай жерге жасырдың? Соны тез айт, бәрбір айтқызатын боламыз!-деді. Халықов шыдамады: Тез айтқызындар!-деп бұйрық берді. Қолын қайырып,шыңғыртып ішіне теуіп, аузы-мұрнынан қан кетірді. Айтамын, енді тимеші!-деді.

Мал біткенді, мынау отырған барлығымыз бөліп алып, үйіміздің малына қосып, бағып отырмыз!-деді. Халықов: Ендеше сол малдың барлығын, бірін қалдырмай, мынау баратын милиция тобына тапсырып, өздерің айдап әкелетін боласындар, ал қашып қокан- лоқы көрсететін болсаңдар, олар аямайды, табанда атып тастауға бұйрық бердім!-деді. Малды айдап әкелуге жөнелтті. Алаңға жиналған халық, бүкіл ауылдардан келіп бас қосты, қыз-келіншектерде көп болды. Нұрсұлу бастап концерт беруге, жұрт алдына шыға келді.

Басына камшат бөрігі, қызыл көйлегі бойына жарасқан, қымша желеткесі, қолаң шашын етегіне түсіріп, сұлу жүзімен көрінгенде таң-тамаша қалғандар, көз алмай налумен болды. Ән шырқап, асқақ дауысы, ауа толқнымен тарап бүкіл аймаққа

естіліп, қалың жұртты орап алды. Оның мұнды өлеңін естігендер көзіне жас алып, біразы жылады, естіген қыздарда мұнайып, өз бақытын таба алмай, қайранда қалды. Ақжақында ән салып, көпшіліктің көңілін көтерді. Құрманғазы күйі бойларын билеп, назды үні жүрекке жылы тиіп, денелерін балқытты. Ән арасында, жаңа заңмен таныстырып, халықтың көзін ашты.

Әлден соң, шаң бұрқырап, мал дүбірі көше бойын алып кетті. Шуласқан халық қуанып, алдарынан шығып, әр кім өз малына ие болып, бақыт құсы оралғандай қуанып, алғыстарын жеткізді. Мал түгел өз иесін тапты. Жылаған апайдың күйеуі оралып, от басы болып қуанып, малына ие болды. Жақын маңайдан жиналған халық, оншақты елді мекенді құрады, барлығыда Нұрсұлу салған әнді ұмытпастай естеріне сақтап, қыздар қоршап алып, қалаға баруға ниеттерін білдіріп, өз бақытын табу жолында аянбайтынын жеткізді, кеш ұмытылас болып бекіді, әділ заңды түсінген халық, совет үкіметі үшін еңбек етуге бет бұратындығын айтып жатты.

Ертеңіне Тасты ауылы өріске малын өргізіп, қуаныштары қойнына симай, тамаша заманның өлең-жырынан сипат алып, көңілдерін алысқа сермеп, ұл-қыздарын оқуға жіберуге шешім қабылдап, ұйымасқан халық, көлікпен жеткізуге уәде етті. Бұл тамаша алғашқы бет бұрыс болып, жаңа заманның жастары екенін түсінді. Батпақара бойындағы аты шулы, ауылға бет түзеген "Ән керуені" Тастымен қоштасып, әрең айрылған соң, осы бағытты таңдаған еді. Жол алысты барлап, терең өзеннің жалғасқан кең арнасымен, жазық алаңға қарай шыға берді.

Жиегі толған қалың ағаштар, су бетін жапқандай, кең арнаның толқыны, жағаны шайып, терең құндыз құдыққа толы,

шеңгелмен топтасқан, адам түгіл малғада қорқыныш билеген, бойынды жасыра алмайсың.

Ауыл адамдарыда, назар салып жоламай қойды. Самал желі, бұлтсыз аспанның, жарқыраған күн сәулесімен ілесіп, дененді тері шалғандай, ысытып қояды. Жасыл ағаштың бауырайынан өтіп, су бетімен жарқыраған, күмістей сәуле көзіңді алып, мөлдір бетін бізге беріп, елітіп қояды.

Ұшқан құстарда, осы өзен үстінде, бірі кетіп, дамылсыз ұшып келіп жатқаны. Сол орталық көшенің, өзенге жақын алаңын таңдап, ат тіредік. Халықта хабарсыз емес, тез жиналып, қаптаған көлік, өгіз арба, түйе мен жылқы мінгендерде осында, жаюлаған халық легі, көлігі жоқтарда толастамады. Нұрсұлу өзіне бейтаныс қыздарды, әңгімеге тартып, ел ішінде не болғанын білуге тырысып, бақты. Олар жасырмай шындықты айтып, мұңды көңілдерін-шерін босатуға дайын еді.

Сұраған қыздардың, ойында, әлі тарқамаған қайғының белгісі барын аңғарған, Нұрсұлу Ақжібек деген құрбысынан, кеше ғана айырлып, қалғанын айтып, көзіне жас алып, анау "шүңгіреу құзға" құлағанын көрсетіп, жағаға қолдарын сілтеумен, жылай берді. Жан түршігерлік, оқиғаны естіген халық "дүр" сілкінді. Ақжібектің әкесі, Қанаш бұрыннан Қарасай ауылының, майтөбе баласы Бошайға бермек болып, қалың мал алысып, уәделі күнде әкетуге келгенін, байқап қалған, қыздың сүйгені Ғалыммен арадағы жендеттердің соғысы, ауыл адамдарын тік тұрғызды. Ғалым ауыр жараланды, есі кетіп, өзен бойын паналады.

Аз, уақыт қалды, кешке еріксіз Ақжібекті, атқа өңгеріп алып кетуге, жендеттері бел буды, әкесіде қарсы болмады, әйел үстіне барып, түсуге мән бермеді. Ақжібек көп ойланбастан,

қараңғы түсе бастағанда, сытылып егіде әйелдің көйлегін киіп, тал түбіне жасырынып, сырт киімін лақтырып тастап, Өзенің шұңғыл түбіне қарай, жасаураған көзінің жасын басып, қолында жібек орамалы бар, тік жардың шетіне келіп, орамалды жағаға тастады да, құзға секіріп, төменге құлай берді, сол кеткенінен жоқ болды. Ауыр қазаны естіген жұрт, Ақжібекті қимастай қатты қайғырып, кәзірде өмірден қалай жоқ болғаны!-десті.

Заман азып, ел тозды, жендеттер озып, ел биледі, естері кетіп, билікпен бөсті. Әйтуір, бұл заманда халыққа сын болғандай, "тоқалдық" өршіп, екі жақ бірдей айтыс-тартыстың куәсіна орала берді. Айтар билікте қалмады. Сөзге тоқтап ақылмен шешер, адамның жоқтығынан, байлыққа көзі сіңіп, әкедеумен тойаттық жасамағаны, "байлыққа" батқанын қалады. Айтар биліктің құбылысын, осыдан ұқ дер едім. Бұдан басқа баспалап, бағар өзге есебім жоқ.

Әуелгі түйін-Ақжібек қыз басы. Жақсы жол-елге жорға. Баяғының нені желеу, нені жамау табқанын білемін. Жаңа ұрпақ жаңа тілекпен келеді. Жас боп туып, жетпестен күңіреніп, өтемдеп келмейді. Жаңа заман-жаңа күн өзінің жаңа жорасын, жаңа тілегін, жас көңілмен айтады. Жас ұрпақтың талабымен айтады. Оған құлақ ілмеген, әкенің қаталдылығымен сұмдықтың болғанын айтады. Ақжібек тағыдыры қысқа болып, теңінен айырлып, ғұмыры мәңгілікке кесілген қыз. Қыз өлімге барып, бұл өмірден жоқ болды. Қайғырған анасыда, ел кезіп, бет ауған жағында қызын іздеп, жайаулап кетіп отырды. Ақжібек қандай қыз еді "Ақжібектің" өзі дерсің!-десті қалың жұрт, сағыныштық ылтипатын көрсетіп, көздеріне жас алды. Ғалым сүйгенінен айырлып, Қаражардағы жгіттерді жинап, қолдарына қару алып, Сар төбеден келетін,

Бошай бастаған жендеттерін, қамыстың арасындағы, Қопалы жерден жолын тосты.

"Ойы Ақжібектің кегін алу!"-еді. Бошай бармаса, қатын іздеп, қызды "тоқалдыққа" алмаса, іс бұлай болмас еді!-деп топшылады Ғалым ішінен. Жылқысын кері айдап, "Ақжібек дауы" біткен соң, Бошай көшкен ел құсап, қамысты Қопаның түбінен өте бергенде, жабылған қарулы жігіттердің тобы, тас-талқан етіп, өздерін қанға бойап, Бошайға тиген соққыдан есін жинай алмай, мертiгіп қалды. Ғалым жендеттерімен қоса, қойша айдап, жалаң-аяқ-жалаң бас, ат баурына алып, қамшымен пергілеп, өзіне сондай көрсеткендей, көк шыбықты көзіне ойнатып, қыр асырып, Қарасайдың жолына тастап, ат-мүлкін тартып алып, еліне оралды, өшімді алдым деп, көңілі орнына түскендей болып, бақты.

Нұрсұлу бұл оқиғаның, анық-қанығына жетіп, Ақжібектей сұлу қыздың қазасын көріп, бүкіл ел аумағындағы, үйлерінен шықпай отырған қыздарға дейін жинап, жиын өтізіп, заң орындары айыптылардың бәрін түгелдей ұстап, милиция бөліміне табыс етті, ішінде қатал әкесіде түрмеге алынды. Кең жиында бірінші сөз алған Нұрсұлу: Қашанғы бұлай біз өмір сүреміз? Әсіресе қазақ қыздарының, бүгінгі қалы тым мүшкіл, «өлім тағыдырының» алдында тұр, Ақжібек құсап, кетпеуіне кім кепіл, аяқтан тартқан ескінің қуларының ісі, қойылар емес, қалың малды сылтау етіп "барымта" қылуы, көбейіп барады, тек солардың құрбаны "тоқалы" қазақ қыздары, өзінің момындығынан жол таба алмай шырмалумен өмірін өш қылуда, сол себепті бізді арнайы қорған етіп, оларды оқуға тартып, өлмес жолын көрсету үшін, жіберген еді. Әліде боламыз, бізбен байланыстарыңды үзбеңдер!-деп қадап айтты.

Нұрсұлу сөзін тыңдаған қалың жұрттың өзегінен өтіп, өмірге деген талпынысын оятты. Қыздар қуанып, Нұрсұлуды қоршап алып, тізімге жазылып баратындығын, сездірді қалаға оқуға түсетіндігін айтып қуанысты. Жиналған халық Нұрсұлудың ән айтуын сұрап, қол соқты. Нұрсұлу: Сіздердің араңыздан Ақжібек, өлім құшып, бұл дүниеден өкінішпен өтті, қайғылы қаза жалғыз анасына қатты батты, сүйген жары Ғалымға қосыла алмай, өмірлері өш болып, күйінішпен өте барды, соған арнап "Жоқтау" әнімді арнайы айтып берейін!- деді.

Ақырын басып, алаңға қарай жылжи түсіп, шырқалған әні, ашық дауысымен, мұңды назы жылатпаған адам қалмады бәріде: «Шіркін-ай,» "Әттеген-ай" деген айаулы сөздерімен, көңілдерін басатты. Нұрсұлу әннен кейін, Ғалымды көріп: Сен кешегі Ақжібектің жүрген жолы, айтқан сөздері есіңнен кетпейтінін білемін, бірақ сенің бақытың әлі алда, бізбен бірге жүріп, қалаға оқуға түс!-деп кеңес етті. Ғалым әліде есін жинай алмай, ауыл шетіндегі, оңаша үйінде, армансыз құшақтап, сұлу жүзін өзіне тартып, оймақтай аузынан сүйгені, есінен шықпады. Қайтып оралуға сөз берген Ғалым келген "тобырдың" әлегінен, айырлып қалғанына өкінді. Ақырғы кездесу кеші екенін білмеді.

Сол кеште жібектей созылған денесін, Ғалымның баурына беріп, қызу тартқан асыл денесі бойын билеп, қос қолымен мойнына орала түсіп, көптен күткен сағынышын жасырмай, Ғалымның бойын ала түсті. Ғалым көтеріп алып, жұмсақ төсек үстінде "алтын бесікке" оралғандай, көп аялдаумен, құшағын жазбады. Бұл олардың ұмытылмас ақырғы кеші болатын. Өмірдің соңы-аяқсыз махаббат, жыландай жайлаған, қасырет дұшпан қолындағы, дағыдырдың әрекеті, сұлу қыз Ақжібекті, қазірде шыңырау, күз-тік жардан құлатып, өмірін кесті. Ол кезде қайта-қайта мал алып, мал салып, байлыққа бұққан әкесіне: Мен Бошайдың кеуіп қалған, шалдығына бара

алмаймын, үш қатынның бірі болып, өкінішпен өмірді өткізерім жоқ, менің өз сүйгенім бар, өміріме қол сұғып, бағытымды байлама!-деп ескерткен.

Ақжібек қайғымен қаналғаны сонша: Мен бүгінде, тірі жүрмін дегенім жоқ, осы аз күн ішінде, өлім мен тірліктің нақ ернеуінде тұрмын!-деп шынымды сұрасаң ағайын. Мынау өзеннің тұңғық-шыңырау арнасы, тік жардан құлап, менің көрім соның түбінен табылар!-деді. Бошайға кеткенше осы шыңырау маған бұйырсын! Барым осы-ақ!-деді жылаумен қатты қайғырып. Көрші ауылдан сүйгені келгенше, Ақжібек, өмірден өтіп, асыл денесі, шыңырау түбінде өлімге оралды. Естіген халық, көрші ауылдың адамдары, бүкіл аймақ дүр сілкінді.

Қара бұлт басып, қайғы орнаған жердің, күніренген ауылдастары, біразға дейін ұмытпай, өлеңге қосып, мұндасумен жыласты. Жол тартып тағыда, ең алыс Шүмекті ауылына келіп, кіре берді. Құмды аймақ, жазық дала, қалың өскен шалғын шөп, ауыл шетінен басталып, Қара-су өзенімен, жағалай біткен құраққа барып, тірелген. Асау толқынды су беті, дауыл желдің күшімен, жағаны ұрып, кең арнасымен суын шашып, күніреніп қояды, дамылсыз дауыл көшкен ел құсап, толқынымен дария бетін дүркіретіп домалатып тастайды, көрсең қасына баруға да қорқасың. Қамысты құрақта, желең тартқан жиегі, күн сәулесін еркін өзіне түсіріп, күмістей жылтыраған су бетіне көз қаратпай шағылысып, ауа толқынымен бірге соғып, тыныштықпен баюлап барып, өз бетімен басылады.

Құмды жер аймағы, буылдыр тартқан, дала сағымымен ұштасып, көгілдір жүзін көрсетіп қояды, тал-бұта ағаштары да жоқ сыяқты. Көше бойын өрлеген, қоңыр үйлер топтасып, ретсіз салынған, шағын үйлер өзен бойымен жалғасып, кең ауқымды құраған, бұлда көшпенділердің тұрақтаған жері!-десті. Өрісте малы бар, жадыраңқы жүздері келген сырт адамына, қошемет көрсетіп қуанысып қалатын. Бұлда осы

Шүмекті бойында сақталған. "Ән керуенін" байқаған, бүкіл ауыл адамы, бірі қалмай далаға шығып, қарсы алып, орталық алаңға жинала бастады, көршілеріне хабар жіберіп, үлкен көшкен ел құсап, ағылумен болды, қыз-келіншектер әсем киініп, ән тыңдауға бар ынтасымен, бірі қалмай жиналды, арбаға симағандар жайаулап еріп, көш соңында болды.

Ақбаянды естіген Нұрсұлу көруге асықты. Ақбаянның үйі осы Шүмектіде болатын. Жасынан өте ажарлы, сұлу бейнесімен жұрт көзіне түсе бастады. Ақылды, басына іс түскен, қыздардың мүдесін қорғап, талай жерде шешімін айтып, сөзге тоқтатқан кездерін естіген халық Ақбаянның сөзін күтуші еді. Әкесі Құсан, қызының орынды жерге баруын қалап, келгендермен сөзге араласты. Келушілер көп болды, айлап жатып, әкесінің келісімін күтіп, айналдырумен тырысып, құда болуды қалады. Шүмектіде үлкен той, Ақбаян өзінің құрбыларымен келіп, ақотауға бас сұқты. Жағалай жиналған халық, отау маңына жайғасқан, іште отырар жер жоқ, көгал шөп, таза ауаны қалады.

Отау ішінде, қолында домбырасы бар, көркем жігіт, асқақ дауысымен ән шырқап, келбетімен жарасымды сұлу жігітке бірден көзі түсті. Ол Нұрбек көрші ауылдан болатын, тойға келіп, қонақ кәдесінің алты ауызын айтуға, бет бұрып, жана ғана бастағаны сол еді. Бірге келген қыздарда, Нұрбектің өзі шығарған "Сұлуым" әні шырқала түсті, үстіне келген Ақбаян бірден көрісімен, есік алдында тұрып қалды. Ұнаған болуы керек, көзін алмай өлең тыңдаған болып, мөлдір көзін жігіт жүзіне қадаумен болды. Нұрбек қулықшыл жігіт, өлеңін айтып келіп іздеген "Сұлуым" әне тұр!-деп бәрін күлдірді.

Ақбаян қолындағы домбыраны жұлып алып: Сендердей көрген едім, қу жағыңды, Ғайыппен келіп едім сынағалы, Ауызы бір қарыс боп жабылмаған, Қошқары ауылыңның - бағыланы!-деп өлеңмен қайырды. Жұрт ду күліп, Нұрбектің жауабын күтті. Нұрбек: Мен жеңілдім, бірақ қыз менің қасыма келсін, отырып танысалық!-деді. Ақбаян: Жоқ! менің өзімнің

күрбыларым бар!-деп төрдегі отырған қыздардың ортасына барып, отырды. Ән жыр жалғасын тауып, кезекпен шырқала түсті. Аяқ жақтағы отырған егіде тартқан, ауыл әйелі Ақбала: Ақбаянды тыңдасақ, көптен әнін естімедік!-деді қозғала сөйлеп. Бәріде қарсы болмады, Нұрбек атып тұрып, домбырасын ұсынды.

Ақбаян әлден соң, жұрттың сұрауын қайтармай, Ақбала апайының құлақ түріп, қарап отырғанын көріп, әнін бастап ала жөнелді. Керемет дауысы, жұрттың бойын алып, көңілін көтеріп, арман тілегіне жетелеумен болды, алысқа естіліп, қалың жұртты орап алды. Көз алмастан қараған Нұрбек, әніне балқып, лаулаған жүрек тербелісі Ақбаянды ұнатып қалғандай, жақын отырып танысуға асықты, бірақ реті болмай көпшіліктен секемдене берді.

Қызда көз қиғымен дамылсыз қарап, сұлу жігіттің жүзіне ғашық болғандай, бетін бұрып, сұлу келбетін көрсетіп, аландаумен болды. Нұрбек бірден ұғып, өлеңге қосып, Ақбаянға жеткізуге тырысып, бақты. Созылған ән -жырын домбырамен қосып, сазды үнімен жеткізе білді. Ақбаянның асыл денесін, бір құшақтап, ақ тамағынан бір иіскеп, жіңішке белінен ұстап өзіме тартсам, арманым болмас еді!-деп толғанды. Ақбаян түсінгендігін білдіртпей, қыздар арасында отыра берді. Ақотау ішінде, бір сәтте тобыр жылқының, тұяқ гүрсілі естіліп, көшіріп бара жатқандай дүбірінен, бүкіл жұрт, далаға жүгіре шықты. Қаптаған жендеттер, айдаған жылқы, Ақбаянның шеткі көшедегі, үйіне барып, аялдады. Бір пәленің болғанын Ақбаян іштей сезді. Әкесі мен ағайындарының "күбір" сөздерін, бас қосқан жиындарын, бұрыннан біліп жүрді. Бірақ ешкімге сөз айтып, тіс шығармады. Ақбаянға құда түсуге келгендер!-деген хабар бірден жетті.

Ән сұйылып, үрпе-түрекелген қыз-келіншектер, бір сұмдықтың болғанын білді. Енді қайттық! Қыз дауы біразға созылатын түрі бар. Ұйшық ауылындағы, Ботай екі әйелдің үстіне алмақшы болып, Ақбаянға құда түсуге "болса жолынан-

болмаса жонынан" әкетуге келген!-десті. Отау ішінен шығып, бәріде үйлеріне тарасты. Нұрбек Ақбаянның үйіне қарай бет алып бара жатқанын көріп, жол кесіп қолынан ұстай алып, тоқтатты. Ақбаян қолын алмай, жігіттің жүзіне қарап, тұрып қалды. Жалма жан, менің атым Нұрбек Тасқұдықтан боламын!- деді. Ақбаян: Менде сізді бұрыннан білемін, естуім бар, бірақ алғаш көруім еді!-деді. Нұрбек: Мен қаншама ойын -тойларда болсамда, сізді бір көруге зар болып, уайымдап үйге қайтатынмын, енді міне қарсы алдымда, өзімнің іздеген сұлуым!-деді. Нұрбек: Ақбаян жүр, әңгімелесіп жүріп қайтайық!-деп қолтығынан ұстап, ауыл шетіне қарай ақырын басып жылжи берді.

Тасалау жерге барып, Нұрбек жібектей созылған қыз денесін өзіне тартып, ақырындап жылжыта түсті. Ақбаян бойын алмады, жігіттің құшағына еніп, ыстық денесін беріп, жұмсақ ернін жақындатып, Нұрбектің бетіне түйістіре берді. Жігіт шыдамады, жүрек жалыны күшейіп, Ақбаянның жұмсақ ернін өзіне тартып, сүйумен сұлу бетін түгелдей меңгеріп, жабыса берді. Ақбаян жігіттің белінен, қос қолымен қапсыра ұстап, айрылмады.

Ақбаянды қимастай болып шығарып салды. Аласапран заман қайта туды. Алыс-беріс көбейіп, албарға симады. Сұрамақ пен білмек бар. Әр барымта, шабуылда алынған мүлік, көп жылқы, талайды соққыға жығып, тартып алып, әкелген бе?- деп қаласың. Ақбаян қыз дауы, көпке созылатын түрі бар. Тергеу басталып, көбіне түн жарымда аяқталып, күндіз қайта бастауды, ыңғай етіп, айтыс-тартыстың жалғасын, шектемеді. Бұлардың арасындағы дау, ескідегі құдалық, киіт ілу, бағалы дүние, қалың мал, үйір жылқы, ауыз түйістірер, тағы бар. Қыздың аттастырғаны, Ботай деген атжақты, шокша сақалды, кара кісі, еңкейген бойы бар, енгезердей толық адам.

Ақбаян қыз дауы, ауыл жұртына ұнамады. Тосыннан келген, Сарторғай ауылының үлкен ақсақалы, сөзге шешен, қартаң Тасмағанбет жол бастап, аталық сөзімді айтып, бәрінде

жөнге келтіремін!-деп көкіді. Ақбаян әкесі Еспай қарт ыңғайсыздық танытып, сөзін кілт кесіп тастады. Сонда да Тасмағанбет, шешендік тілімен, өткір сөйлеп, Еспайды іліп тастап, сөзге жоқтығын айтып, менің өзіме бер дегендей, "сен тұратыр-мен сөйлейінге" басты. Даурыққан Тасмағанбет: Бұрын сонды "қызды кім алмады, қымызды кім ішпеді" атам қазақ өзінің тұқымын көбейту үшін, аталы жерден қыз ал, алмасаң бөкпе кедей боласың дегені бар!-деп мөңке сөйледі. Аласапранның кезі, кім не айтып сөзге тоқтар ақылды даналардың, ғайып болғаны, сөздің азғаны деп болжады. Ашу шақырған Еспай, сөзін тоқтатып, сығып алғандай, өрлеуін қойғызды. Бұл қай сөзін: болмаса жолыңнан, мен баламды, қатын үстіне беремін, деп айтқан емеспін, бірақ өз теңі деп айтып, екі жақты ескертіп, талап еткенім, орынсыз жерге балта шаппасын деп құлағына жеткізгенмін, сол сөзімді аяққа басып, арсыз ойыңмен, опасыз қылығың кімге керек Тасымағанбет-мырза!?-деді, қыз әкесі ашуға басып.

Тыңдаған құлақта жазық жоқ, шүмекейлер жиналып, бәрің бір жақ болып, ақылды сөзге тоқтарың барма? шулаған қасқырдың көжегі құсап, бойларыңа таяқ салғызбай, ақ адал малымыздың құнын алып, сытылып шығуға бет түзегендеріңе жол болсын!-деді Тасмағанбет. Айтпай іс бітіспес, құнан қашқан ауылдан ат терлетіп, келген бетіміз, жабылған дала шегірткесі құсап, сөзімізді бөгеп, сын айтпақысыңдар ма, маған оның дәуірін мен талай басымнан өткізгем, қазақтың тамаша қыздарын, қатын етіп, елімнің таңдаулы қарттарына қосып, батасын алғаным, мынау қасымдағылар айтсын, я-солай Тасмағанбеттің айтқанының бәрі шындық!-десті шуылдап. Ар-ұят намыста жөніне қалды, қыз жағы оның сөзін, даладағы үрген шәуілдір күшік құсап, тыңдамауға ыңғай танытты. Бітіспеген келісім, екі жақты алаңдатумен түн асырды.

Сопиған жалаң қайық құсап, су бетіне жүзген болып, ырыс қайта бастады. Тершіген ыстық үйдің ауасы ауырлап, Тасмағанбет сырт қабдалын шешіп тастап, жалаң отыруға

бекінді. Қатыгез сөйлеген, ақылсыз пана таппай, қу жанбастың сүйегін ұстап, қомақсыз құлқынның, керуі-шеру болып бітіп, әбіройсыз қалыпқа жалғаса берді. Батыл сөзді батырып айтамын деп, жемтік болып далада қалды. Ұшқан қыран құсқа, сыбаға болып, айрандай төгілген, беделіде түкке жарамай, тас-талқан етті. Әлден соң Еспай сөз алып: Уа, жұртым! Керей-найман елім, өтей жерім! Тетігімді тап, қызды қайтсеңде бересің, деп жағадан алып Тасмағанбет сөзі кеудемнен өтіп, сағымды сындырды, өмірмді өшіріп, қызыма қол салды, бақытын аяққа таптап, тоқалдыққа деп салды, сын айтар енді өздеріңе салдым, ақылын айтар ағайынға салдым, пана болар еліме салдым!-деді.

Қыз жағынан Дәурен шал: Бір айтарым, қазақтың бұрыннан келе жатқан қыз дауы, жеті қылдан келе жатқан дау. Қыз келешек ұрпақ емеспе? Қалай ғана өмірін қиып, қатын үстіне "тоқалдыққа" беру көздің жасын қиып, өмірі өшіп, бақыты сөніп, кетеріне кім кепіл. Жоқ олай емес, заман азып, заң тозғаны распа? Соданба? Болмаса дау біреу болғанымен, дауа көп болғандықтан ба? Әйтуір, осы тұста, осы заманда бұл дау халыққа сын болғандай. Келте сын, нәсілге сын болғандай деп, түсінемін. Ел ішінде Ақбаян дауы басылмады.

Ғашық болдың, қолың жетті, жақсы деп аталсын- соның бәрі рас болса, жастарды жылатпа!-деді Даукен. Адамға болысып, адал момынды аунатып жеме, береке деген боп, әрекеттің қылығын қылма!-деп, ескертіп, келген құдалардың бірден жолын кесті. Тасмағанбеттің қабағы түйюлі, айбынды сөйлеп: Біздің бергеніміз аз ба? әкесі келіп бір әкетті, ағасы келіп, екі әкетті, бәйбішесі-абысындармен келіп, үш әкетті, қымбат бағалы қытай кездемесімен, ағайын-туыстарына бір-бір қасқыр ішікпен, бәйбішеге құндыз шапан кейгізгеніміз есінде шығар!-деп сөзге шешендік танытып, тілмар екенін білдірді. Алғаныңды аз көріп, елді өзің саралап, көптің құтын қашырма, "Көпке мысалын артқан-көбеген болма"!-деп бір сөз айтып қалды.

Әбіройды-айрандай төкпе, алғашқы сөзің-сөз болып қалсын, деген өзің емес пе?-деді Тасмағанбет. Жоқ! қызым өте жас, екінші әйел болып, үстіне баруды қаламаймын!-деп әкесі кілт жауап берді. Сонда қызыңды бермеймін дегенің ба? -деді Тасмағанбет жұлып алғандай. Даукен: Сауатсыз елдің ісін істеме, жолың кесілер, саудаға түсер қыз емес!-деді. Тасмағанбет қызу тартып: Біз бәрін бердік, "алмақ барда-бермек бар" деген қазақ. Онда біз мұнда не үшін келдік,сөз айтысуға ма? Әлде,бергенді даулап,қайтып бермеске бекінгендерің ба?-деді. Шұбар көктей шұбырынды емеспіз, әділ сөзбен, істі бәтуаласуға келгеніміз, есімізді алып,пайдамызды асырамыз дегендерің ба?-Жоқ олай бола қоймас, сайлы жендеттер тартып әкетуге, мал мен дүниені, босқа жібермек пе?-деді Тасмағанбет. Ежіктеп ерең табылмас, күш көрсетіп, көлеңке түсірем дегенің ба, бола қоймас!-деді Еспай қатулы сөзімен іркіп тастап.

Рас айтады! Бізде,үлкен құралған елміз, елдің ерулі азаматтары, Ақбаянды жылатып, шал қойнына беруге қиатын қыз емес, ақыл-парасатты, сұлу көркемдігі-ел мақтанышы болып, қала бармек!-деді Даукен. Жылаған ана дауысы келіп, ішке кірді: Мен Ақбаянды, біз тірі тұрғанда жылатуға жол бермеспіз, қайырсыз дүниеге қызыққан, мына қақпастың ісі емес пе? Ол баста, ешкімді маңыңа жолатып, қызыңды саудаға салма, деп ескерткенмін!-деді анасы дауысын қылып. Сұрапыл соққан дауылдай болып, екі жақ айтысумен аптаға созылды.

Билік айтылды. Әкесі қолынан шығармай, үйір жылқының санын айтпай жасырды. Келген мүлікті бөліп алған ағайындары, дау басына жоламады. Берген келісімді қайта бұзу, екі арада тартыстың созылғаны, қайырсыз малдың-қайтаруын құптады. Дәл үш күн ішінде, малын түгендеп тұрып, тізіп тұрып беріндер! Соны беріп тұрған жерінде, істің басы-қасында өзім боламын, көзбе-көз беріп тұрып, билік басы енді ғана орындалғанын айтып, істің енді ғана біткенін жеткізіп,байламын сонда жасаймын!-деді Даукен.

Дау-жанжал қайта ұласты. Көңілі толмаған жендеттер, қарсылық көрсетіп, барымтаға қол сұғуға барды. Кешкі кез, қараңғы түсіп, қоюланған уақыт, Ақбаянды үйіне шығарып салуға келе жатқан, Нұрбекті байқап қалып, бүкіл жендеттер жабылып, қарулы жігітті ұстауға арқан тастап, қолға түсірді. Нұрбек қос қолмен ұрып біразын жатқызып үлгірді, олардың көптігі, жігіт мойнына қыл арқанды салып, құлатты денесін басып, матап байлап, терең өзеннің түбіне әкеліп, тік жардан құлатып жіберді. Өз ара күлісіп, енді қыз қайда барады, ол енді біздікі!-десті. Нұрбек қарулы жігіт, талай күресте, жұрттың жаурын жерге шөктірген, балуанның өзі. Суға да талай дүзіп, өзеннің арғы бетінен, қайтып оралатын. Суға батысымен, жұлқынып арқаннан қолын босатып үлгірді, қалтасынан бәкісін алып, аяқ пен денеге байланған арқанды кесіп тастап, тал түбіндегі саяға барып аялдады. Киімін сыпырып алып, суын құрғатып, дем алып біраз отырды.

Өзен бойындағы талды жағалап, шеттегі ауылына шығар жолдағы таныс үйге кіріп паналады. Нұрбек енді, жолдасының атын сұрап алып, ауылына жетіп бүкіл жігіттерді жинап, алып соққы беруді ойластырды. Бәріде Нұрбек пен Ақбаян үшін дайын тұрды. Жендеттер бұл хабарды, Тасмағанбетке жеткізіп, енді ғашығы ол дүниелік болды!-деп қуантып тастады. Тасмағанбет бұл хабарды естісімен: Малды түгендеп қайтесіндер, бергеніміз берген тағы да бас қосып, ақылдасатын маңызды іс бар!-деді. Даукенде қызды қорғаштап, бермеуге бекініп, өзінің сүйгені бар, деп болжам жасады. Олардың пиғылы, үйінен алып қашуға бекініп, кешкілік анду әрекетіне көшті. Бірақ Ақбаян жолын суытып, басқа жерге жасырынды.

Қыздар үй маңында жүргенін байқап, Ақбаянның үйден шығуын күтіп, есік пен терезе алдында торумен болды. Ақбаян алғашқы даудың басында өзі барып: Менің басымды қорғылып, екі қатынның үстіне барарым жоқ, мұндай қорлыққа көнгенше, терең өзеннің түбінен табылармын!-деді ботадай боздаған қалып танытып. Қыздың зары халыққа жетті. Өтейдің ер-

азаматы, жас желеңі: "Қыз қорлыққа түспесін"-деп қызынды. Ауыл әншісі "Ақбаянның туған еліне зары"-деген өлең-жырмен жеткізіп, бүкіл елді жылатты. Ақбаян шері бүкіл елді аймаққа тарап, ботадай боздаған әнін естігендердің есі кетіп, қайғырумен қыздың көз жасын көріп, айалаумен болды. Тасағанбет, қызды беруін қазбалап, қайта-қайта айтып: Мал-мүлік бәріде сендердікі, тек Ақбаянды берсеңдер болды, елде ақотауын жасап, үйін тіккізіп, келуін күтіп отырғандар қаншама!-деді.

Тек бір жақсылықтың нышанын көрсетіп, иек қақсандар болды, ар жағын өзіміз реттеуге дайынбыз!-деп салды. Қанаты қайырлып, Ақбаян қыл үстінде тұрды. Өз-уа айтып тоқтатар, Даукен сөз сарабын жеткізе алмай, Тасмағанбеттің қахарынан жеңіле берді. Аюлы тұмсығы, сөз орамы, сылдыр сөзі, кесек денесімен бірге біткен, шойын мойны, сөз айтып, тоқтар сөзге келіспей, иек қағып, сылық күліп, мазақ еткендей болды. Жөнсіз соғыс -дауының жыры, таусылмай,аяқ асты "жанжалмен" бітісе алмады. Бұл өмірдің құрбаны болған "қыз дауы" таусылмас "опасыз тұрмыстың жалғаны" болып, қала берді, сарқылмады.

Ақбаян салған ән, жүрек толғауын күшейтіп, сүйген жарымен кездесе алмай, арманда кеткенін айтып, қайғы мен мұң басқан түрін көрген жұрт, жылаумен қоштасып айырылысты. Аласұрған сұр жылан, Тасмағанбет айтқанынан қайтпай, қаталдық танытып, елді дүрліктіріп қотанға ойран салды. Талап етіп, берген малын сөз етіп, қарсыласқанның аузын жауып, кесек сөйлеп, айғайға басты. Еспай ашуға булығып: «Есің барда еліңді тап, өлім жасап, өлтіргенің мынау» У аруақ! Құр кетпессің!-деді. Сөзге құлақ аспады, өзінің беті болды, тұтас сөйлеп, жұрттың өзегін құртты. Қайтпас-қайсарлық жасап отырып алды. Іс нашырға шапты. Жендеттері желігіп ауыл адамдарын ұрып,қыз біткендерді қамап ұстап, Ақбаянды тауып беріндерге басты.

Ай мен күндей болған Нұрсұлу дау -жанжалдың үстінен түсті. Нұрсұлу алдына қолаң шашын жіберіп, көк көйлегімен әсемденіп жарасқан желеткесі, жүзін көпшілікке аша түсіп, Ақжарқынмен келіп кіргеніде сол еді. Сөз бастап Нұрсұлу: Теңінен айырлып, тілегінен кесілген қыз, Ақбаянның ботадай боздаған көз жасы, мына отырған сендердің тірескен, айтыс-тартыстарың, саудаға салған мал құсатып, жәбірлеулерің ұзаққа созылып, "болса жолынан-болмаса жонынан" алып кетемін деушілерің өте орынсыз. Әлде өздерінде, осындай ботадай боздаған, жалғыз қыздарыңның басына берсе недер едіңдер, айтындаршы!/? Қыз Ақбаянға азат беріңдер. Бұл менің бірінші байлауым!-деп Нұрсұлу сөзін қайталап, зілмен құлшына түйді. Екінші байлауым: Жас қызға қалың мал деп бір алдың, екінші әйел үстіне барады деп тағы алдың, қыз жасауы деп тағы алдың, сол мал мен дүние түгел үкімет карауына өтеді, соны естеріңе салуды жөн көрдім!-деді. Ал бұған қалай қарайсындар, дау созыла беретін болса, қасымдағы НКВД майоры Халықовтың бұйрығымен боласындар!-деді Нұрсұлу.

Абыржыған Тасмағанбет, қарулы қызыл жағалыларды көріп, есі шықты, күмілжіп төмен қарап, отыра кетті. Халықов келген бойда үйді қоршап, ешкім шықпауын қадағалап, жендеттерді атынан түсіріп, қолдарына кісен салып, Тасмағанбетті үйден алып шығып, тергеу жүргізе бастады. Айыптыларды Тасмағанбеттен бастап, түгелдей ат бауырына алып, жалаң аяқ-жалаң бас айдап, аудан түрмесіне тоғытты. Нұрбек ауылына барып, анасына айтып:Ақбаянды алып келемін, ол сенің сүйікті келінің болады!-деді. Анасы қуанып, дайындық үстінде болды. Нұрбек атына мініп алып, желумен Ақбаян ауылына бет алды. Сағымданған ой-шұқыр, жазық даланың төсімен жалғасып, ашық аспан күмбезі, күн сәулесінің жарығымен, тамылжыған жаз қалпын ұсына берді.

Сүре жол беті, қыр асып жетелеумен, бағыт алып, баю соққан желдің екпіні, жігіт бетін шымырлатып қояды, жылы ауа бойыңды серілтіп, денене қуат бергендей, қыз мұңын

ойлатып қояды. Тербелген дала өңірі бүгін ерекше, жолы болар жігіттің қойнауына кіргендей, алып ұшқан жүрегі, дамылдар емес. Сан құбылып, әсемдене түскендей, жігіт жүзін сұлу етіп, табиғат мүсініне ұласа берді. Әп сәтте, қыз ауылына, кіре берді. Көше бойында ешкім көрінбеді, бұрынғы ат жүрісі басылғандай, тыныш қалпын сақтаған ауыл сәні өзгере түскен.

Өріске малын айдаған жұртта, асығар қалпы сезілмейді, бұл жігіттің бақытына жол тартқан, алғашқы сәтті күні болып, асулап жатты. Нұрбек сол бетімен, қыз үйіне бет бұра берді. Астындағы атыда, құлпыра түсіп, құба жонның сағымындай жанталас үстінде болды. Өзі көрген, кең албарымен жарасқан үлкен үйге келіп ат тіреді. Соққан жүрек, дамыл таппады, Ақбаянның көруге ынтыға түсті. Есікке барып, аштыда: Ақбаян!- деп қайталай беріп, үйішіне кіре берді. Ақбаян бірден Нұрбектің өз дауысын естіп, қарсы жүгірді.

Нұрбек бірден құшақтап, бетінен сүйіп, тірі қалғанын баян етіп, Ақбаянның көңілін көтеріп, қуанышқа бөледі. Қаптаған жұрт, көрші-көлем тегіс жиналып, жігіттің ерлігіне "аң-таң" болып қалысты. Анасында қуаныш жүзі жайнап, сәнді киініп, қызының бақытына қуанып, бүкіл жұрт алдына көрініп, бәріне "рахметін" айтып, тойға шақыратынын, ескертіп өтті.

Ақбаян Нұрбектің қасынан шықпай сағыныш сезімін білдіріп, мойнына оралып, тәтті ернін Нұрбектің аузына жақындатып, сүйгенін қалаумен болды. Асыл денесін баурына тартып, құшақтаған бойы, басқа бөлмеге барып, оңаша еркін сүйіп, мауқын басты. Ақбаян Нұрбекті қасынан жібергісі келмеді. Өзі қасында болуға тырысты. Алып ұшқан жүрегінде, қайғы-мұңы сұйылып, кең маңдайы жарқырап, сұлу жүзін Нұрбекке беріп, сағынышы басылмады.

Күнде батып, ұясына қарай, қызыл-жасыл рең тартып, жалынды сәулесін, кең алқапты, аспан күмбезіне шашып үлгірді. Жадыраған жаз лебі, ауа толқынымен алмасып, баю соққан жел, бетке соғып қояды. Ауыл маңы, өзен бойымен жалғасқан талды-ағаштар, жиекті орап, алысқа шомыған.

Көгілдір тартқан, қою жапырақтары, жалт-жұлт етіп, күмістей жарқырап, сәуле шашып қояды. Қос иісі аңқыған дала гүлі, жағаға толы, ағаштарды көмкерген. Кешкі уақыт, жұпар иісі, әлсін-әлі келіп бойларын ала түсті. Толқыған жүрек қуанышы Ақбаянның есінен шықпады, "өңі ма?-әлде түсі ма?" деп қаласың.

Нұрбек Ақбаянның денесін өзіне тартып, жұмсақ ернінен дамылсыз сүйіп, есін алды. Бұралған жіңішке белін беріп, Нұрбектің қойнына кіріп, белін орап, сұлу бетін тосып, Нұрбектің ақшыл, әдемі келбетіне жабысып, ажарын алмады. Нұрбектің денесі қызу тартып, Ақбаянмен ауыл шетіндегі, қалың ағашқа бет түзеді. Маржандай балқыған Ақбаянның беті, бірде қызу тартып, маңдайыннан білінген тер құрғамады. Көз қиғы Нұрбектің үстінде болды.

Сағыныш сезімін айталмады. Ұялды. Бірақ, Нұрбек бірден сезіп, салмақты денесімен құшақтап, аспанға көтеріп қояды. Нұрбектің күшіде мол, қарулы жігіттің өзі еді. Кейде болған жендеттермен, қолма-қол шайқасын есіне алып, қояды ашу тартып "кегімді" алу керек еді!-деп топшылайды. Ыршып түскен Ақбаян: Жоқ! олар өз сыбағасын алды, ат бауырына алып, өздерінің халықты ұрған шыбыртқысымен, қызыл жағалылар, оларды қойша айдап, аудан асырды!-деді. Сол керек өздеріне "біреуге ор қазба-өзің түсерсің" дегені осы емес пе!-деді Нұрбек ызасы қозып. Жарқын жүзін, Нұрбекке бұрып: Мен Нұрсұлумен кездесіп, екеумізді қаладағы оқуға жазылдым, жастар үшін есік ашықтығын, бүкіл елге таратты, бізде бірге оқитын боламыз!-деді. Нұрбек қуана түсіп: Сен онда тез хабарлас, кетер кезінде бірге барғанымыз дұрыс!-деп қуанып, оқуға ынталы екенін байқатты.

Жаю жүріспен қалың талдың ішіне келіп, тамаша сая, бірден бойымызды алып, аңқыған қос иісті дала гүлімен көңілімізді көтеріп, бақыт құшағына, икемдей берді. Нұрбек сырт киімін шешіп, көйлекшең шыққан Ақбаянның үстіне жауып, тоңып қалмауын қалады. Аласұрған бой күйезі,

дамылсыз соққан ыстық денесі, Ақбаянды көтеріп алып, жұмсақ шөп үстіне құлай берді.

Ыстық денесін, қыздың бойына беріп, аузынан сүйіп, құшақтап денесін өзіне тартып, жабыса түсті. Нұрбек қызулы жігіт, бар арманының асуын, қыздың алып ұшқан жүрегiнiң сағынышына беріп, балқыған дене бірдей, алма бағында орнағандай болды.

Ақбаянның асыл денесі, жігіттің жігерін тасытып, тау шыңындай, аспан әлемімен жалғасып, аққан бұлақтай болып, кең дүниені шарлаған, екі жастың жүрегі, асыл арманға байлап, мақсатына жетелей берді.

Сол бетімен Нұрбек, атын дайындап, әкеп Ақбаянды сұлу кимін кигізіп, алдыға отырғыздыда, өзі артта отырып, мінгесумен күрең атының жорғасымен, ауыл шетіне шыға берді, жайлы жүрісі желумен отырып, жігіт ауылына кіре берді. Ақбаян атты тоқтатып, жақын жердегі үйге жаю баруды қалап, Нұрбек көтеріп алып жерге түсірді, екеуі қатар жүріп, үй маңына кіре берді. Қарсы алдынан жүгіре шыққан анасы, Ақбаянды құшақтап қос бетінен сүйіп, бақыт тіледі, қыз-келіншестер қоршап алып, басына шалы тартып, алдынан шымылдық ұстап, оң аяғымен табалдырықты, аттап басып, құрулы шымылдық ішіне кіргізе берді.

Әсемделген үй іші, ерекше бейнеленіп, тамаша кілемдермен, төсектер төселіп, атлас шымылдық ұсталып, кірсе шыққысыз етіп, жасалған. Тойлары басталып қыз бетін ашып, тамаша ән-жырға толы жастар кеші, ән шырқаумен, бір сәт толастамады, жиналған жұртта есеп болмады. Шыңырауға құлаған, Ақжібек батпаққа батып, таң атқанша есінен айырлып, мол жатты. Күн шығып, жарық сәуле бетіне түсіп, есін жинады. Ақжібектің денесі белшесінен батпақ, киімі бүлінген, әрендеп орнынан тұрып, тік жарға қолын соза бастады.

Жайбарлау жеріне, еңбектеп жетіп, тырысып шығуға, бар күшімен, қолын қабсыра ұстап, жиектен жылжып, жоғары

көтеріле бастады. Бір жағынан денесін суық басқан, кара-тас қолдары, әредеп икемделіп, тырысып бақты. Денесін сүйрете, жылжыған бойы, ағаштың бұтағына жармасып, мықтап ұстап, ауыр басқан балшық денесін, әрең көтеріп, "құндыз" құламадан, бауырлап жылжып, кең дүниеге шыға бастады. Аман қалғанын жана сезген, Ақжібек күш қайратын денесіне жинап, тік жардан шығып, көк алаңға біраз жатты. Әлі кетіп, "өлім мен өмірдің" арасынан шыққан батыл қыз, басын көтеріп, үйінің жағына көз салып, "кешегі жендеттердің" бәрі кетіп, маңайы тыныштық орнағандай сезінді.

Ендігі ойы, орнынан тұрып, өзі тығылып келген, талдың ішімен, үй жағына ақырын басып, аяндаумен жылжи түсті. Кешегі айғай, айтыс-тартыс сапырлыс жендеттердің ерсіл-қарсыл шабысты екпіндері, ешкімге аюшылық танытпады. Енді міне, мені үй ішінен көтеріп алып, атына өңгеріп, әкетуге дайын тұрғанын, Ақжібек бірден сезді. Сүйген жары Ғалымнан да, хабар болмады.

Күң болып, "тоқалдықпен" күнімді өткізгенше, "бір жола өз-өзімді құрбан ету"-деп шешкенін есіне алып, көз жасын төгумен, уайымы есінен кетпеді. Бірақ енді тірімін, құдайдың өзі жас жанымды аяған шығар, шыңырау түбінен аман қалғанына қуанып, көңілін жұбатты. Сол ойымен үйдің есігін ашып, кіре берді. Кешегі күңіренген қалпы, шашылған үй іші, қираған заттар, бүлінген дүние, қолаңсыз көрдей болып, қараңғылық басқан. Түкпір бөлмеде, Ақжібектің киімін көріп, жылаған ана дауысы, естіле бастады. Шашын жалбыратып, үстіндегі көйлегі етегіне дейін сөгіліп, жалаң аяқ-жалаң бас, жалғаз өзі жоқтау айтып, дауысқып отырғаны, біраздан бері болғанға ұқсайды.

Есікті ашып: Апа!-деп кіріп келгенде, орнынан атып тұрған анасы жалт қарап: Құлыным-ау! Сау екенсің ғой!-деп құшақтап Ақжібекті бауырына басып, жылаумен бетінен сүйіп, мауқын басты. Анасы: Құлыным! Алланың бергені! аман қалғаның, мен енді бақытты анамын, сүйгенің Ғалымда

жылаумен бірнеше рет келіп кеткен еді "күздан құлап Ақжібек өліпті" деген соң, жендеттер малын алып тез жиналып, қамысты Қопадан өте бергенде, Ғалым бүкіл ауыл жігіттерімен соққысын беріп быт-шытын шығарып, кегін алды!-деді анасы.

Анасы көршілерге хабар жіберіп, естігендер түгел жиналып, қалың жұрт далада Ақжібекті көруге, бәріде асықты. Алланың бергені, аяғаны Ақжібектің тірі қалғаны "ғажап" өткірлігі!-десті. Ақжібек киініп, аққұба қалпын беріп, шыға келгенде, қалың жұрт бірден құшақтап, бетінен сүйіп, көңілдерін басты. Бойынан қайғы мен қасыреттің кеткенін байқатты. Бұлда құдайдың бергені, Ақжібек енді өз сүйгеніне қосылып, көп жасайды, нағыз бақытты қыз!-десті. Қуаныш жатсын ба? Ғалым ауылына жетті. Кешегі соқтығыстан, қалжырап бойын жинай алмаған Ғалым -бір жағы Ақжібектің қайғысы батып, үйінде жатып қалды.

Анасы бұл қуанышты естісімен, Ғалымды оятып: Ақжібек тірі, үйіне келіпті!-дегенде орнынан атып тұрып, даладағы жайдақ атына міне салып, шабумен Ақжібек ауылына жетті. Үйдің есігін ашып: Ақжібек! Ақжібек!-деп дауыстап айта берген де, бөлмесінен жүгіріп шыққан Ақжібек құшақтап, Ғалымның денесін өзіне тартып, екі бетінен кезек сүйіп, сағынышын білдіріп, жігіт бауырына кіре берді. Ғалымда: Жаным! Ақжібегім! Қалай тірі қалғаның, менің бақытым бар екен, алланың өзі қуаттап, маған сені әкеліп бергені, өте қуанышты, "ғажап" оқиға, сенің батылдығың, әйтпесе ана күздан құлаған адамның сау келуі екі талай, бірақ сен сол тағыдырды жеңе білдің!-деді құшақтап, жұмсақ ернінен сүйе түсті. -Әрине бәрі сен үшін, біздің бақытымыз үшін аман қалдым!-деп көзіне жас алды. Ғалым: Сен енді жылама, тойымыз ертең болады, бүгін бір жола үйге алып кетемін, енді бір уақыт сені қасымнан тастай алмаймын!-деді.

Сол кезде Нұрсұлу тобымен кіріп келді, екі жастың қосылғанын құттықтап, "керемет" оқиғаны басынан өткізген Ақжібектің батылдығына сүйсініп, жүректілігін айтып, бетінен

сүйді. Нұрсұлу: Біз бәріне қанықпыз, сендер енді, бізбен бірге қалаға барып, оқуға түсіндер, жаңа заман талабы!- деп, оқып-білім алудың керектігін жеткізді. Ғалым қуанып салған жерден: Әрине барамыз, бірақ біздің "үйлену" тойымызда болыңыз!- деді. Ауыл Қарасай деп аталатын. Кең жазыққа бой ұрған, ауыл үйлері жиі орналасқан.

Ғалым үйінің маңында көк майса, гүлге толы, Ақотау орын тепкен. Жұпар иісі аңқыған дала төсі, бүгін ерекше көгілдір түске бойалып, ашық аспанның күмбезімен жарасқан, табиғат сұлу келбеті, жаздың самал желімен ілесіп, баюлап соғып, бет әлпетінді алып қояды. Ақотау маңына жиналған халық, толған қыздар, әсем киінген түрлерімен, сұлу жүздерін беріп, көңілді кештің ажарымен жалғасты. Бүгін үлкен той, қыз түседі, Ақжіек түседі!-десті көргендер.

Сол тойға, Нұрсұлу бастаған "Ән керуені" қаланың артистері келіпті!-деген хабар бүкіл ауыл аймақтарына тарап, ағылған жұрттың тайлы-тұяғы қалмай, қызықтауға жиналғандарда, есеп болмады, әсіресе қыз-келіншектер көп жиналып, Нұрсұлу қыздың атағын естігендер, жаңа үміттің болашағын "бір ауыз сөзін" естіп қалуға тырысты. Отауға симаған халық, үй маңындағы көгалға отырысып, жайғаса бастады, көше бойына лық толды. Нұрсұлу, Ақжарқын екеуі басқарып, Ғалым мен Ақжібек тойын, керемет етіп өткізуді дайын етті.

Әлден соң Құрманғазы оркестіріне жол беріп, тамаша күйлерімен, отырған халықты дүр сілкіндіріп, бойларын билетіп, көңілдерін көтеріп тастады. Бұл өте керемет, әлемге жайылған күйлердің басы!-десті. Әлден соң, отаудың есігі ашылып, қалың жұрт алдына шыға келген Нұрсұлуды тік тұрып қарсы алған халық, қол соғып, қошеметін аямады. Нұрлы жүзі, басында камшат бөркі, қызыл көйлегі, етегіне түсіп, қима қамзелі, бойымен жарасып, қолаң шашы, беліне түсіп, мөлдір көзінің қарасымен, сұлу жүзін беріп, жұрт алдына жылжи түсті.

Бірінші өзі сөз алып: Қымбатты ағайын! алыс-жақыннан келген бауырластар, әсем киінген қазақтың қыздары! Заманның тарлығына қарамастан, өлімге басын тігіп, қайтпас жүректі, батыл қыз, ерлігі естен кетпестей, шыңырау тұбінен тірі қалып, бақытты өмірге қадам басқан, асыл қыздарың Ақжібек алдарыңызда тұр, олар бүгін өздерінің арман еткен "үйлену тойы" Ақжібек пен Ғалымның ашық!-деп жариялаймын. Қошемет дауыстар, қол соққан, халықтың шапалағы, біразға дейін басылмады.

Бір кезде сазды домбыра үні, бастап ала жөнелді. "Гак-ку", "Гак-ку" әні салынып, шырқай түскен Нұрсұлу, даусын естіген жұрт "Қыз Жібек пен Төлегеннің" қойлымымен жалғасып, Ақжарқында қосылып шырқады. Көшкен ел құсатып, шымылдықпен, екі жастың бойына жарастырып, Ақжібекті сұлу "Қыз Жібектей" көрсетіп, жұрт алдына Ғалымды "Төлегенге" ұқсатып шығара білген қойлымды, көрген халық таң қалып, бұрын-соңды көрмегендерін айтып "ғажаптығын" мақтан ете бастады.

Қайырмасына топ қыздар қосылып, жыр толқынын, ауыл аймағына жеткізді. Естіген жұрт арманда кеткен "ғашықтар" әнін естігенде, қойылым бойына жылап отырды. Ән арасында Нұрсұлу: Біз қазақ қыздарының, үйінде отырып қалмауын, ата-анасының байлауынан шыға алмай, момындық танытып, өз бақытын кісіге билетіп, адасып қалмауын, қалаға барып, қалаған оқу орнына түсіп, білім алуға есік ашық, бұл үкімет талабы, Ленин бастаған большевиктер партиясының талабы, сондықтан бір жағы ән болса, екіншісі жастарды, әсіресе қазақ қыздарының бақытын ашу еді, сондықтан біз сіздермен бетпе-бет кездесіп жеткізу үшін, әдейі партия тапсырмасымен келіп тұрмыз!-деді.

Сөзінен кейін, милиция майоры Халықов: Нұрсұлудың айтқандарының бәрі орынды, ол обылыстық комсомол-жастар ұйымның мүшесі, сондықтан оның әрбір сөзі -партия сөзі, деп ұғыну керек, оқуға түскен жастар ертең бірі мұғалім, бірі ауыл

инженері, бірі мал маманы, бірі құрлыс-инженері болып оралады, оны өздерің көретін боласыңдар. Ескінің етегінен ұстап, сұлу қыздарға құда түсіп, бүкіл малын саудаға салған, жендеттердің жолы кесіліп, аудан-қала түрмесіне тоғыттық, "тоқалдық" іске тұсау салынды, ұсталғандар қалған өмірін айдауда өткізетін болады, олар ешқашан қайтып оралмайды!- деді қалың жұрт алдында, құлақтарына құйып, ескертті.

Нұрсұлу топ ауылдың қыздарымен кездесіп, қалаға кетер уақытын пысықтап, жария етті, келмегендерінің үйіне барып, қалың топқа ілесуін қадап айтты. Ол өзінің құрбысындай, бәріне айаушылық танытып, бақыт жолын нұсқады. Халық түсініп, жаңа заман тілегіне қарай, ағыла бастады, адал еңбектің шыңында тұрды. Нұрсұлу алдында үлкен асу тұрды. Ол Торғай бойы, үлкен аймақ, қоныс тепкен жергілікті халық, жайлым суы бар өзен бойына көп шоғырданған, мал өсіріп күн көріс, тіршілігімен мұңдасқан. Көптеген оңаша ауыл, жайлауға кигіз үйлерін тігіп, бой түзеген. Құс қанатымен ұшатын, алыс дала, қатынасы сұйылып, арнайы жүрмеген соң, келуде қиын, сарылып қаласың.

Бірақ жаңа бақырау өтіп, күзектегі ел күземінде алып болды. Жапанды жайлаған малшыларды, қыстауға қайтып көшетін, күндері мол. Бірақ күз суық болмай, күзек оты, әліде көп болғандықтан, жұрт жайдарлы отыр. Бұл күнде сарғайған, жым-жырт құлазыған далада, ұмыт қалған бір үзік-бір шоғыр ғана тірліктей. Өмір барлықтың азғантай белгісіндей. Айнала қыбыр етпес, мәңгі үн қатпас, иен дала, сар дала. Ол үнсіз даланың, ертегісіндей боп, шыны емес, бұлдыр мұнар ертегісіндей боп, ашық ыстық күнде, бұлаң-бұлаң етіп, буылдыр ойнап тұратын, көк сағымы бар. Сағым алдайды. Сағым қиялдай.

Жоқтан жұбаныш, алданыш тудырады. Алыста қоңыр бүк түсіп жатқан, алыс адыр Қызбел көрінеді. Осындай иен, елсіз сахараны отан, мекен еткен қазақ халқының көрнегі жүдеу ғой! Үлкен есіз дүние ішінде, анадай аз ауыл, шарасыз жалғыз ауыл

болып отырғаны мынау. Қазіргі қазақ жайлаған жердің бәрі осы. Бәрінде ел аз, иесіздік мол. Іргелі мекен, өнерлі шаһар жоқ.

Құмкешуде, Торғай бойындағы үлкен өзеннің сағасы құйып өтіп, алысқа құлаш жайып, шың бетіндегі қыраңға барып, тоқыраған. Ақотау алыстан мұнартқан, сағым тартқан көзді ала берді. Өзен бойына қуалай ұйысқан, кигіз үйлер. Бұл жаз жайлауының күз белгісі еді. Қоңыр күз, жанға жайлы, малға тойымды, кең жайлым, әліде оты мол, өрісі тозбаған. Сол көрінген, ақотау ішіне көз тігіп, ат тіредік. Ақотау, алты қанат, кең орналасқан. Іші толған қазына, текемет пен кілемдер жерге жайылып, төсек көрпелер мен жастықтар тасталып, төрдегі қалың жұрт отырған жердің шетінен орын алып, ауыл үлкедері келіп жайғасты.

Есіктің оң жағында ұсталған, шымылдық қытай кездемесінен тігіп, жалт-жұлт еткен, ойнамалы түрлері, әр түске боялып, ішке сәуле шашып, тұрғандай болды. Отау үйдің ортасында, қазан-ошақ, су құйылып, жаңа сойылған бағылан етін, қазандағы суға салып, астына қи жағып маздата түскен, жас қыздың қимылы, бәрін өзі біліп, меңгергендей, шаруаға ыңғайлылығын танытып, жұрт көзіне түсе бастады. Қымша белі, қызыл көйлегі, желеткесімен жарасып, қалың қара шашы әсемделіп өрілген. Сұлу бейнесіде, жымыып күлген ажарлы бетіде, мандайымен қоса терлеп, қонақтардан қымсынғандай, көлденендей берді.

Ажарын бүркеп, төмен қараумен, маздаған оттың алдынан шықпады. Жұрт мақтаған Ақзияның өзі еді. Қазан түсіргенде, бықсып қалған оттың ащы көк түтіні көзді жеп, түңілікті ашса, деп шаңыраққа қарады. Түңілікті Ақзия барып жартылай өзі ашты, далада жауын бүркіп тұрғанын білді. Ашпайын десе, бей мазасы кеткендер, шуласып қоя берді. Қонақтар ас ішуге бейімделіп, отыра бергенде, үйдің сыртында, дүбірлетіп келіп тоқтаған, атты-арбалар естілді.

Нұрсұлу бастап, қасында милиция майоры Халықов бар, ішке кіре берді. Алыс жолдан келгенін байқаған, Ақзияның әкесі Дабыл, атып тұрып, қонақтарды қарсы алып, кең отау ішіне шақырып, ас берді. Нұрсұлу көпшіліктің назарын, өзіне аударып: Біз қаладан келген жастар "Ән керуені" осы аймақтағы бүкіл халықты жинап, көңілін көтеріп "концерт" беруге келдік!-деді. -Жастар жағы: Өте дұрыс!-деп қуанысып қалды. Төрде сірескен, кәрі-құртандар, қапталы шапандарын шешпей, қомпиып ожырая қарап қояды.

Ақзия бұлар келгенде, екінші отауға барып жоқ болды. Әлден соң, мұңды өлең, жылаған қыз дауысы естіліп, дүр еткізді. Қимай қоштасып, жатқаны-ғой, мынау құдалармен, бірге бүгін кеште, алып кетуге келген, шал-күйеу!-деп ауыл адамы нұсқады. Нұрсұлу бірден түсініп "зорлықпен" кетпекке бет алғанын ұғынды. Атып тұрып, қыздың отауына кіріп, шымылдық ішінде басын алмай, боюдай болып жылаған Ақзия қызды көріп, қасына барды. Қасындағы қыздарды шығарып жіберіп, оңаша қалды. Нұрсұлу: Ақзия сен жылама, біз сені құтқарамыз, өз сүйгеніңді табасың, біз қаладан келген, советтің адамымыз "құдасымақтар" өз жазасын алады, қорықпа біз сені қорғай аламыз, қазақ қыздарына "теңдік" алып беру үшін "Ән керуенін" бастап, халықты өлең-жырға тартып ел ішіндегі әділетсіз "тоқалдықтың" жолын кесіп, қыздарға теңдік әперу үшін, ауылдарды аралап, жана совет заңымен таныстыру еді!-деді.

Ақзия жылағанын бірден басып, Нұрсұлуды құшақтай алды. Басындағы, шалысын жұлып тастап, сұлу жүзіне қан ойнап, шыға келді. Аласапран заманның, құлағанын сезді. Бірақ көңілінде, бір-ақау дамылсыз тишын алып, жігіті Сапаржанды ойлап, мазасы кетті, әйтпсе бір қабарын беруге тиіс еді-деп болжам жасады. Үйіне хабар жіберіп білсе, екі күннен бері, келмегенін білдірді.

Ақзия отырмады, тез сүйгенін тауып алып "бостандық" хабарын жеткізу еді, енді ешкімде сүйген махаббатына, қол

суға алмайтынын баян еткісі келді. Жолай, Сапаржанның үйіне бара жатқанда, алдынан егіде тартқан, ауыл әйелі басында кара орамалы бар, қарсы жүріп, Ақзияны бірден тоқтатып: Ақзия қарағым! Біз бәрін естідік, сенің қандай жылағаныңды да, уайым басып жүдегеніңдіде, көріп қиналдық!-деді. Ал,Сапаржан қайда? көрмедің ба?-деп Ақзия сауал тастады. Жаңа ғана құдық жанынан өте бергенде, біреудің жан айқайын естіп, көршілерді шақырып келуге беттегенім еді!-деді асығыс сөйлеп. Ақзия: Жүр онда, маған құдықты көрсетші!-деп тездетіп алып келді.

Ақзия: Сапаржан! Сапаржан!-деп айғайлап, жатқан адамды көріп шошып кетті. Я! Менмін! Менмін!-деген дауыс қайталаумен болды. Жүгіре басып, арқанымен жиналған жұрт, бірден арқанның ұшын жіберіп, белінен байлауын өтінді, Сапаржан пысық жігіт бірден: Ал тартыңдар!-деді. Қарулы көпшілік, арқанды тартып, белінен байлаған Сапаржанды аман-сау шығарып алды. Ақзия көлікпен үйіне әкеліп, бөлмесіне жұмсақ төсек салып, жатқызды, денесі қызу тартып, екі күн бойы қаратас суға батып, түнегенінен есін жинай алмады. Кейде талықсып, құса берді. Ақзия бақсы-балыгерді шақыртып, қасында болды. Өзі емдеп, аяқ-қолын суға салып, дене қызуын баса бастады. Әлден соң, басын көтеріп, тамақ ішуге жарап, Ақзияны сүйіп құшақтап, кетпеуін өтінді. -Жоқ! Мен ешқайда кетпеймін, сен әптен жазылғанша, осында боламын!-деді.

Естіген анасы: Қос құлыным! енді сендердің бақытты болуларыңды қалаймын, дұшпандар өз сыбағасын алып "мәңгілікке" айдауға кетті!-деді. Сапаржан қуана түсіп: Распа! Ақзия!-деп сұлу жүзіне қарап, сұрай түсті. Ақзия күлімсіреп: Апамның айтқанының бәрі рас!-деп иек қақты. Сапаржан күн сайын айығып, болған оқиғаны баян етті: Олар келген бетінде, отау жанында екеуміздің сөйлесіп, тұрғанымызды байқап қалып, менің соңымнан, ере түрегелді, атымен жетіп келіп, қамшыны көтере бергенде, атылып барып, аттан аударып, қамшысын қолынан жұлып алдым, сол кезде оншақтысы

жабылып, қолымды артыма байлап, шеген құдыққа салып жіберді.

Енді бітті! Өлді!-деп ойлап шабармандардың көңілі жайланып, тартып отырды. Жалма-жан, белшемнен суға батсамда, қолымды әреңдеп босатып алдым. Біраздан соң, есімді жинап, айғайға бастым, біреу-міреу естір!-деген ойда болдым. Ақзия бәрін естіп, ақсиган аппақ тістерін көрсетіп, күле түсті: Міне сенің ерлігің, біздің бақытымыз үшін барлығына бардың, Нұрсұлу жастарды бастап "Ән керуені" мен бүкіл елді жинап, концерт беріп жатыр, соның бәрін тастап, бір сен үшін жанымды қинап, осында болдым, айығып кеткенінді қалап, алаңдадым бізді Нұрсұлу қалаға шақырып "оқуға" бірге түсуге, кеңес берді!-деді.

Сапаржан басын көтеріп алып, қос қолымен Ақзияны құшақтап бауырына тартып, оймақтай аузынан сүйе бастады: Сен енді мендіксің, қасымнан ешқайда енді жібермеймін, жүруге жәрасам ата-ананың алдынан өтіп, үйленіп барып, қалаға барамыз!-деді. Ақзия қарсы болмады, меніңде сағынышым осы еді, сенің айыққаныңды күткенімде сол!-деді бауырына жылжып, бойын бере берді.

Нұрсұлу маңайдағы елді-қоныстарды түгел жинап, тамаша өлең-жырмен, шырқалған ән алысты болжап, бүкіл ауыл-жұртын орап алды, ұмытылмас із қалдырды. Жаңа заманның талабын жеткізіп, "тоқалдықтың" жолын кесіп, жастардың арман тілегін сөз етіп, құлағына жеткізді. Енді айаушылық болмайтынын ескертіп, Ақзия мен Сапаржанның қыл үстіндегі өмірін, сөз етіп, екі жастың қосылғанын баян етіп жеткізді. Қыздардың өз бақыты үшін, аянбай күресіп, ескі өмірдің сілікпесін, лақтырып тастап, жаңа өмірдің бақытына қол созуын, қалады. Алай-түлей құмды боранымен, аты шулы Қарақамыс ауылы, құмды аймақпен жалғасып, үлкен Торғай өзенінің жалпақ жағасына дейін орын тепкен. Шоғырланған ауылда көп деседі. Сол өңірді қалаған Нұрсұлу, керуен басын, бұруды мақсат тұтты.

Алыстан ат терлетіп, оншақты кісі салт мініп, сұлу қыз Күнсұлудың үйіне, тапатап түсте сау етті. Ауыл адамдары тосыннан жаратпай, жас қыздың тағыдырына аландаумен болды. Күнсұлу өте айырықша жан, құрбыларының басына бір іс түссе, соны аюшылықпен өзі барып, кеңес беріп, алып шығатын. Оның қолының өнері, тіккен көйлегі денелеріне қонып, қуанысатын. Әндіде өзі айтып, ойын-тойларда жұрт ұйып тыңдайтын.

Сұлу бейнесі, мөлдір көзімен жарасып, дөңгелек жүзін көргендер, таң қалып сөз етуді әдетке айналдырған. Бірақ ақылыда,сонымен пара-пар!-деседі. Қаракер атынан түсіп жатып, Қапар бастаған топ өзін күйеуміндеп, таныстырып үйдің төр бөлмесіне, жайулы көрпе үстіне барып, отырыса бастады. Қалың мұртты,ат жақты, сүйір тұмсық, бетінің алапес түрі, аузында бір тісі жоқ, сөз бастап танысуға келгенін жеткізді. Үй иесі Абзал ақсақал, ыңғайсыздық танытып: Бұл қай жүрістерің, мен қызымды құда түсіп, ешкімге беремін дегенім жоқ!-деді.

Қапар ыржиып күле сөйлеп: Қазақ қай уақытта болсада "Қыз он үште отау иесі, кім сөз айтпай, құда түспей, біреудің еншілі жары болып, атам-заманнан келе жатқан дәстірді, қай қазақ бұзды, деп естідіңіз," «қызға кім сөз айпайды,қымызды кім ішпейді» деген аталық сөзді, есіңе сақтаңыз!-деді Қапар сөзге пысықтығын танытып. Абзал: Сөз басын күркелеп, мақалға айналдырмай, дұрыстығын айт, не үшін келдің, кім жіберді, біздің үйді қайдан білдің "танымасты-силамас" деген бар, өз жөндеріңе кеткенің дұрыс!-деді. Жоқ! ақсақал, біз қызыңызды естіген соң, сізге әдейі келіп, құда түсіп, айдаған бір үйір жылқыны беруге келдік, алыс-беріс қатынасымызды бастауға келдік, құр бос келген, "құрғақ қасық -ауыз жыртар"-деп жылқының басын ала келдік!-деді Қапар отырған орнынан жылжи түсіп, Абзалға жақындап.

Абзал бұлай болмас: Мен үй іші, ауылдағы ағайындармен ақылдасып, көрейін!-деп үйден шығып кетті. Қапар қасындағы,

қосшыларын сыртқа жіберіп, бөтен адамның келуін қаламады, оңаша сөйлесіп, істің мәнін тез шешудің жолын іздеді. Елдің ағасы, ақылды кісі Дүтпайды алғызып, жақын ағайындарына хабар етті, естіген үй іші дүрлігіп бір пәленің орнағанын білді.

Қайғы-қасыретті ала келген адамдар!-деп топшылады, қалың жұрт. Абзал сасайын деді, қалың мал бір жағынан, қимастық танытып, от басының қарсылығы өзегін тіліп, уайымға батты. Әлден соң, көп ұзамай, қасында ауыл ақсақалдары бар Дүтпай, келіп амандасып танысқан соң, сөз бастап мұнда қандай шаруамен келгенін, анықтауға тырысты. Қапар сыңар жақ танытып: Бізде өздерің сыяқты, бір ауыл елміз, жолымыз түсіп, қызға құда түсуге Абзал ақсақалдың үйіне келіп кіргеніміз, көп бола қойған жоқ, құдалық болсын деп, айдаған жылқымыз бар "беташар" болсын деген ойымызбен, ата дәстірін бетке ұстап, қазақ болған соң, келіп қалған бетімізді қайтарып, шырмау етпес!-деп отырғанмыз еді. Дүтпай: Біз келді деп айыптамаймыз, бірақ қызымыз өте жас, әлі балғын, қалаға барып оқып білім алуы керек, Абзалда айтқан шығар "бұларың өте қате" біліп алмай сау етіп, талауға кететін мал емес, адам баласы, оның өз өмірі бар, байлықпен "барымта" етемін деулерің дұрыс емес, жөндерінді тауып, ақылға келгендерің дұрыс!-деді Дүтпай.

Қапар шыдамады: Қай уақыттан бері, ақылды бола қалдыңдар, кешегі Мырзахмет-қараның жалшысы емессіңдер ме? кімге ақыл айтып, қателігін жөндейтін, тоқалдан туған сендер емеспісің? ал біз "бәйбіше" баласымыз, жөнді сендер емес, біз айтуымыз керек!-деді жұлып алғандай. Айтыс көпке жалғасты, "қыз дауы" бұнымен бітпеуге ауысты. Қапар әрбір сөзді, дуалы етіп тойтарыс берумен қажымады. Дүтпайда аянып қалған жоқ, асыл сөздің майын ағызып, Қапарды бүкпелеп тастады. Сөз сайысы, қалың малмен тынбады, көксеген ойынан танбай, қыздың асыл денесін қойнына салуға, бекініп бақты.

Көксеген ойына тойтарыс беріп, Дүтпай бөгей берді. Қос жастықты иемденген Қапар, сырт киімін шешіп тастап, жалаң айқасқа көшті. Мен мұндай, кесапаттыққа жол бермейтін едім, білмей қалғаным, сау етіп кіріп келгенде ғана көрдім!-деді Абзал ашуға басып. Қайдан білесің мұндай қулар, елдің момындығын пайдаланып, бір емес, бірнеше қатын алып, малын көбейтіп, пайдасын асырғандар!-десті отырған ауыл адамдары кіжініп. Қайтадан басын көтеріп Қапар: Қанымыз бір, бәрімізде бір құдайға бағынамыз, ел-елдігімізді жасап, бір келісімге келсек, тағыда адам жіберіп, "қыздың ұзатуы" деп айғырдың үйірін алдырамын!-деді. Біз байлыққа қызығатын адам емеспіз, күн көрістік қуатмыз болса, соған тауба дейміз!-деді Дүтпай.

Сыбағалы сөз, орынды айтылған ақылмен тең, құба сөйлеп өзегін кетіргенше, адал ниетті адам болып отырғанға не жетсін. Келер жас, өз бақытымен келеді, ырыздық несібесін ала келеді, теңіме қосылсам деп келеді. Сол жастың бақытына, балта шабу кімге керек, осыны ойлайтын кім бар, қай қазақтың баласы, ерлік жасап, еліне қорған болар!-десті. Осы ойдың бәріне ой жүгіртіп, Дүтпай біраз отырып, налып кетті. Келер күн, алыс емес!-деп тұжырымдады. Қапарға қарап, әліде сені көреміз, сол уақытта не болғаныңды!-деді. Қапар: Маған саспа, жолын тауып, талай басымнан өткізгем, кілең жас қыздарды алып, қатынғып түсіріп, өмірімді паш еткізгеннің өзімін, сұра нанбасаң мына отырғандардан!-деді ұялмастан. Дүтпай салған жерден: Сен өзің, кәсіп қылған қу екенсің, аулақ жүр!-деді. Айтыс мұнымен бітпеді, екі жақ табан тірес, келісімге келе алмады. Әкелген жылқыны көруге Абзалды шақырып, қабылдатқысы келді. Қапардың ойы, тағыда малды беріп тастап, қызды қолға түсіру жолын іздеді. Сондықтан Абзалға қайта-қайта қолқа салып, малды қабылдауын өтінді.

Дүтпай ыңғай бермеді. Екі жақ бекініске көшті. Қара мұздақ жол тартқан, тасқа тірелді. Қапардың ашуы келіп, айтылған сөзін мысқылмен бұра тартып, тиісе бастады.

Сыпайшылықты қойып, өкіректеп өзінің елдегі бұйрығын жүргізе бастады. Мынау той малы!-деп екі жылқыны сойғызып, сырттағы қазан-ошаққа ет асқызып, бүкіл ауылын шақырып,көпшіліктің аузын ала бастады, ас бергізді. Қапардың беделі өсіп, Абзал айтқанын істеп, малды түгендеп санап алуға келісімін беріп, байлыққа қызықты. Қапар: Қызды көрсет, болмаса өзіміз шақырып алып, сөйлесуіміз керек!- деуге салды.

Сұлу келбеті,әсем жүзімен,жарасымды киінген,шашын алдына жіберіп,кіріп келгенде,бәріде таңғалысып"қандай сұлу-жас қыз екен"!!-десті. Күнсұлу көзімен тік қарап: Мен сендердің байлаған бұзауың емеспін, өзімнің қалаған бақытым бар, құр әурешілік жасап, бірнеше күнен бері айтыс-тартыстарыңды доғарыңдар, кәрі болып, жастарға айтар ақылды сөздерің қайда? ар-ұятты аяққа басып,ұлағатты сөз айтуды ұмытып, көздерінді шел басып,қатын іздегенше, азып-тозған қалпыңды байқасаңшы,"өресі жетпеген өкіріп өледі"деген емес пе!-деп Күнсұлу есікті тарс жауып шығып кетті. Қапар қапаланып,мұндай сөзді естігенше, өлгеніміз жақсы!-деп түйіндеді. Қыз үйінде қалуды қаламады, көршісіне барып паналап, Асқарбекті күтті. Түн, көзге түрітсе көрінер емес.

Күнсұлу әдейі белгі беріп, май шамды терезенің алдына қойып, сүйген жігітін күтумен болды. Жылтыраған шам жарығы алстан көрініп, Асқарбек тасаға екі атты байлап, ақырын басып,ешкімге сездірмей, терезе алдында отырған Күнсұлуға белгі беріп, тез шығуын күтті. Әп сәтте болған жоқ, шыға келген қызды, Асқарбек көтеріп алып, тасадағы қос аттың қасына апарып, аймалап бетінен қайа-қайта сүйіп, мауқын басқан соң, көтеріп атқа отырғызып, өзіде отырып, қатарласып шабумен Қарақамыстан ұзай берді. Көп жүрді, қызда жасынан атқа үйренген, шаршар емес, әзіл айтып күліп қояды. Таң білінгенше көптеген ауылдарды басып "Көк биеден" ұзай берді. Қапар өте залым адам, қыздың қашып кеткенін біліп, қасындағы Нұрымға айтып, бірнеше аттыларды

қосып беріп, ұстап әкелуді тапсырып, аюшылық танытпай, басын құртындар!-деп бұйырды.

Нұрымда қатыгездің өзі болатын, тездетіп атқа қонды. Сатыр-гүтір шабыс ауыл адамдарын, қорқытып көшкен ел құсатып шаба жөнелді. Бір сұмдықтың болатынын ойластырған Қапар тіс шығармай, ешкімге сездірмеді, тас бауыр- кара жүрек "ғашық" жандардың бақытын ойламады, тез құтылудың амалы, деп шешті. Нұрымның аттары, қонды жүйрік, ауыздықпен алысқан, сайдауыттар еді, екі жастың атынан басым болатын.

Түс ауа бергенде, қуып жетіп, арқан тастап, іліп алып, Асқарбекті аттан құлатып, қолына түсірді, Күнсұлу атын бірден тоқтатып, Асқарбектің жанына келіп: Жіберіңдер, бізде нелерің бар, біздің күнімізді бастарыңа берсін, ұл-қыздарыңның алдына келсін!-деп жылап бойаудай болып, көз жасын тыяа алмады. Оларды матап-байлап атқа өңгеріп, Торғай өзеніне қарай бет түзеді. Қаншама жерлерді басып, өзен жағасынан бірақ шықты.

Асау толқынды Торғай өзеніне тастап жіберді. Екі "ғашық" тереңге кетіп жоқ болды. Естіген жұртты "дүр" сілкіндірді. Бүкіл ауыл адамдары жиналып, қайғылы қазаны ата-аналарына жеткізді. Ашынған халық, тайлы-таяғымен, қашуға бет ала бергенде Қапарды ұстап алып, соққыға жығып, есін ауыстырды, қалғаны Нұрым бастаған топты, ауыл жігіттері аттан өңгеріп алып. қолдарын байлап, арқанмен сүйретіп, жонға апарып қан етті.

Нұрым сол арқанмен шабыста жан тапсырды, қалғанын ауданға әкетіп құртты. Қармақтыда байлаған тобыр тағыда көбейіп, бас көтерді бұл жолы табысқан ел болмай, шабысқан ел болып шықты.

Ботакөз тағыдыры қайталаумен, бүкіл елге тарады, құда түскендер бірінен соң бірі, қызды алмаққа бекініп бақты. Әлім қыз әкесі: Қызым кемеліне келіп, қалды енді отыруды қаламаймын!-деп ескертіп әйеліне айтып үлгірді. Қыз сөзін тыңдағысы келмеді, кедейге сөз байласқан сүйгені Олжасқа

бергiсi келмедi, менсiнбей үйiне жолатпады. Анасы Күмiс өзiнiң сүйгенiне барғанын қалады. Ботакөз жасынан, алғыр өте сұлу болып өстi, көргендер қасынан шықпай сөз тартып, сөйлесуге қызығатын.

Олжасты жанындай сүйiп, қасында болуын қалайтын. Әкесi "қыз аманатын ұмытты" әкелiк сезiмi, жырамен аққан судай болып, шайылып бiттi. Айтар-iс, қолдағы күш-бәрiде құда жолына берiлдi. Келген құданың бiрi Сұлтанның қалағаны осы едi, есiрген мал құсап, әр нәрсенi айтып, шатысумен болды. Iшiп алып, есiрiп, "қиқыл-қоңыр" сөзiмен құлаққа ұрған танадай, "кесек-кесек" тастаумен, құр мылжыңға ұласты. Тыңдаған ешкiм болмады. басын изеп, есiнен адасты, молшылыққа бұйығып, өтемiн деп, кеңiрдегiнен келгенiн бiрақ бiлдi. Құдайдың маған берген "ырыздығы" деп, қабылдаумен тынды.

Сұлтан үндемей ғана, салқын жүзiмен бiр рет бас изедiде, бұл кездесудi әзiрше баюлатты. Айтылған аз сөздi, көп сабырлы болған жөн. Сыр ұшығын-сөз шығарады. Жарым сөзден жай түйемдеп, жорамалға, көп түсетiн сөз қуарлар, пәлекорлар елде аз емес. Сұлтан соны ойлаған, сайын дәл өзiнiң сөзiн, байыппен айтып жеткiзбек. Өзгелердi сөйлетiп, өзi аз сөйлеудi ниет еткен, нөкерлерiне бердi. Сол оймен, жаңағы аз жарытпалы екi сөздiң екеуiде, "бiрiндiкiн алдым, екiншiсiн тағы алдым" дегендi Әлiмнiң құлағына жеткiзген едi. Әлiм өзiнiң байқауынша, шалымпаз ойымен, жаңағы сөздер туралы, ойын айтып қалды.

Бiрақ соны айтқанмен Сұлтаннан малды түгендеп, дұрыстап алуға, өзi қатынасып санаймын деп, айтып өттi. Ол өте дұрыс!-дегендер болды. Сұлтан бұл жайдың сырын ашқанмен, жарытсы қолды болғанын Әлiм бiрден аңғарды. Сұлтан қылмысын жасырып, мал түгелдей келдi, деумен жұрт назарын "ұзын арқан-кең тұсауға" салып, өзiне сөз келтiрмеуге тырысып бақты. Әлiм өзiне жетпеген малдың жарытсын тауып беруге салды. Әйтпесе, сөз бастап құдалықтың ырқына

көнбейтіндігін білдіріп, тиянақты етіп санап алуға тырысты. Болмаған ойының, алысқа бармайтынын сезген Сұлтан, қалған малдың, қыр астындағы, алыс Құмтөбеге, жасырған жеріне атшабары Серкешке тапсырып, тез табынға білдірмей қосуды талап етіп, түн қараңғысында орындауды тапсырып, қасына екеуін ертіп, жол асырды. Бірақ бұл жайды ешкім сезбеді, Сұлтан сөз алымын, бермей есіліп сөйлеп отырды. Оның жалғыз бұл емес, елдің сөзге шешендігін, барған жерде орындап келумен, беделі асып, жұрт құлағына іліге берді.

Жұрттың арқа сүйері Сұлтан болды. Сұрамақ малдың ізі толды, қараңғы түнде, табынды айдап әкеліп, Серкеш бұлжытпай орындап, келгенін сездіріп, Сұлтанның өзіне жеткізді. Әлім жылқышысыда, табында көбейіп, қосалқы айғырлардың табан астында пайда болғанын айтып, сәлем жіберді. Көңілі жаңа орныққан Әлім, өзі бірінші сөз бастап, Сұлтанды әңгіме жүйесіне тарта бастады. Әлім: Мынау отырған ағайын, мені қаласа тым құрыса осы тұста, азды-көпті көрген шындықпен, бітіскенімізді айтар едім!-деді. Сұрамақ малдың ізі кесілді, орны толды. Әзіл достықтың қанаты осы болмақ!-десті отырғандар.

Қыз дауының көп пәленің барлығын аңғарған, Сұлтан, Кәрім, Мүкен өздері тұйықтап шешуді, қалаған жұрт назары, осыларда болды. Даугерді, куәні де, осы жиыннан тауып, көп тексеруді, осында анықтауға болатынын айтты. Бірақ бұлардың тағы бір ақыл қосып, байласқаны: Екі жақ өз бетімен шалқайысып, тек бірін-бірі алалап, шынға ойыспайтын болса, онда Сұлтан суыт айтып, айтыспақ болды. Осымен Ботакөз дауы, созылғалы біраз болды. Бас қосып, дау-жанжалдың ұшынып тұрғанда "бас қосылмай-іс қосылмайды" - деген қазақтың мақалына орала берді, естіген жұрттың егесі, көбейіп, кіжініп қоятынын байқатты.

Әлімге ағайындары: "Қыз теңіне бармай, кемдікке баратын"-десті. Рас, алған малға орай, жалғыз қыз және жасы жетіп отырған, сұлу қызды әкесі, ырзалап жөнелтем деп,

басына көтерген, сегіз қанат ақ үйден басқа, жабдықты да, мол қамдапты. Қыз жасауы он бестен екен. Бар жақсысы, Шоқан керуенінен алған, елу қойлық жібек кілемнен бастап, қытай кездемесі, сан алуан ішік киімдермен "қыз жасауы" мәнерлі сандық пен ыдыс-аяқтары, толып жатқан мүліктерді алып, қызының көңілін аулауға бағыттады. Бірақ мүлік алғанымен, қыз көңілі айнумен "бұл-бәлекетіне" баспады, назарында бермей, әкенің сөзін керек қылмады. Бойын аулақ ұстап, ақырын күтті, Олжасын күтті.

Айлы түн. Жымындаған жұлдызда, Ботакөз бейнесін алысқа әкеткендей, сәулесін беріп, түн мезгілінде, күтумен көп жүрді. Ауыл маңын аралап, жалғыз аяқ сүре жолмен, дамылы болмады. Бұрынғы көңіліде шайылып, күрең басқан келбеті, ақшыл жүзі өзгеріп, мөлдір көзін қуалаған жас, қайта-қайта келіп, бетін жуғандай болып, уайымға бата берді.

Олжастан хабар болмады. Өжет қыз, бәрін серпіп тастап, бойына күшін жинап, атпен өзі баруға, кешкі қараңғы түнді күтті. Топай көк, аспанға атылған жүйрік атты мініп алып, төтеден белді басып, қыр асып Олжастың ауылы Жыландыға жетіп, аялдады. Жылтыраған терезе алдында, май шамның жарығы, әліде сөнбеген, ауыл ішіне кіре берді. Жасынан ат құлағында ойнаған, Ботакөзді, топай көк алып ұшып тұрды. Шәуілдеген иттер тобы, соңынан қалмай, Олжас үйіне дейін созылды. Атынан түсіп, терезе алдына жақындап келіп, жақын тұрған есігін қақты. Үй іші жатып қалсада, Олжас ұйықтамады.

Ботакөзді ойлап кеш жатып қалатын. Бүгінде сол қалпы, жүгіре басып, есікке келіп аша бергенде, Ботакөздің сұлу бейнесін көріп: Жаным! қалай келдің? Қорықпай!-деді Олжас. Ботакөз: Мен өзім келдім, қайда барып-қай жерге тығыламыз, пана болар жер барма?!-деді. Таң біліне, қос атпен дөңес бағытына қарай, шыға берді, бағыты құмды аймаққа барып, дөңес қыратына барып, бой тасалау еді. Ол жақты ешкім аңдып, бақыламауы тиіс, сол жерді пана етеміз!-деді Олжас.

Олар ұйықтамады, таң бозарғанын күтіп, жарық сәулесін бере түскен, аспан жұлдызын бағыдарлап, жолға шықты.

Топай көк Ботакөзді алып, ұшып отырды. Олжаста ілесіп қалмады, аты өте мықты болатын. Алыс жол биік дөңестер, бірінен - соң бірі жол бойына жарысып, артында қала берді. Зымыраған ат желісі "Құмөткелге" келіп кіре берді. Тау тәрізді, үйілген құм көшкініне келіп бас тіреді. Ат шалдырып, алуға тура келді, өзімізінде бойауымыз шығып, шаршағандық белгісі, бойымызды басты. Құмөткел бауыр басқан, өркеш құмдарымен алысқа созылған, анықтап білу өте қиын.

Алыстан мұнартқан, кең жазық аймақ сағым тартқан толқынды, көгідір тартып, баю соққан желдің бағытын, бізге беріп, жылылық лебін есе түседі. Қызығасың, жер аймағы көңіліңді көтеріп, сұлу табиғатымен, бір сәт "тыныштанғандай" бәрін ұмытасың. Бірақ, жолымыз өте қауыпты, Сұлтанның шабармандарының қолына түссек, "аямайды" қолымызда қаруымызда жоқ, қайсар қылар амалда жоқ. Тек жүйрік аттарымызға сеніп, "қашып" келе жатқанымыз, ойымыздан кетпеді. "Құдай салды, мен көндім" деген сезімнен шыға алмадық. Асқар таудай ойымыз, баққыты болғай жолымыз, "сәтті болса екен" деп тілеумен шектеліп, қоямыз. Іштей менің сағынышым, Олжасты бір көруге "зәру" болғанымды жеткіздім!-деді қыз мұнайып. -Олда тек сен үшін ғана өмір сүретін боламын!-деп жұбатқан болды.

Сол жерден бір баспанасы бар ауыл кездесе, пана етер едік!-деп іштей болжам жасаумен болды, ұшқан құста көрінбеді. Сұлтан түсін өзгертіп, қабағы түйіліп, қан жауғандай кейіп, танытып шабармандарына ақыра сөйлеп: Қыз кетті! Қайда кетті! Ешкімде білмеді! Бәріде би хабар! Әкесі жақын маңайға, ат шаптырып, іздестіре бастады. Ботакөз ақылды қыз, бір жолын тапқан шығар!-деп топшылады қалың жұрт. Өкіректенген, Сұлтан бай-баламға басып, Шабатарға аттыларды қосып беріп, тез жолын кесіп, қызды жеткізуін талап етті. Аласұрған саржұлан құсап, Сұлтан енді қызды

әкетуге, аз қалған да, тобымызбен отырып, айырлып қалдық!-деп байбалам салды.

Ортаға әкесін алып қыса бастады. Сен өздерің, шығарып беріп, қашырып жібердіңдер!-деп бас салды. Сұлтан қолындағы қамшысымен алдына шыққан жұртты ығыстырып жолын ашты. Біресе үйге, біресе далаға шығып, дамыл таппады. Сұлтан еліне хабар жіберіп, тағыда атшабар алғызып, дала өңірін кезуге бағыттап, тауып әкелуді тапсырып, қызсыз оралмауын қадап айтты. Сұлтан өте қатал адам, заманның кезінде, адам өліміне барып, талай жетімнің көз жасына қалғанын, халқы айтып, дастан қылатын. Сол Сұлтаның бүгінде өзінің қаһарына мініп, құйрығын басып бір отырмады, тынысы тарылып, өрескел мінезін көрсетіп, житін айдаһардай шабуылға басты. Қалың жұртты мазақ етіп: Қайдан жиылған, опасыз бишаралар!-деп салды. -Атаңалеттер! Бүкіл малымызды алып, бар байлығымызды және беріп, күткеіміз осы ма?!-деді Сұлтан ашуға булығып, езуінен түкірік шашырап. Ел-жұртқа маза бермей, қайғы-қасыретке орады.

Анталаған аттылары, көшедегі адамдарды ұрып, жапа шектірді. Қарулы қолдары, тыныш елдің шаңырағын құлатып, үйлерін өртеуге бағыт ұстады. Қыз дауы бұнымен бітпеді. Іші күйіп, малы мен дүниесін қайтарып алуға тырысып "зілді" сөздермен Әлімді ортаға алып, балағаттай бастады. Жендеттер тобы қызды таппайынша кетпеуге бекініп, мал-мүлікке иелене бастады. Айтатындары, қызды жасырып, қайда кеткенін айтпай әуреге салдындар!-десті. Қотанға ойран салып, желін тартқан құлындарды босатып жіберіп, топ биелерді айдап әкетуге бекінді.

Құмтөбеге жетіп, Ботакөз бен Олжас біраз аялдауға тура келді, бұл жақтан ешкім таба алмастай, көп жал тартқан құм көшкіні, биік дөңеске ұласқан тасасынан, адам көрінер емес сыяқты. Сол дөңестің бірінде, тығылып бой көрсетпеді. "Андысқан-жау, алмай қоймайды" деген бар, Шабатар бастаған топ, құмға түскен ізбен келіп, дәл үстінен түсуі, қаптаған

аттылар бірден қолға ұстап, әкетуге бекініп бақты. Аттарына мініп, Ботагөз екеуі, қолға түспей шаба жөнелгенде, қыл арқанды жете беріп, Олжастың беліне салып, атынан құлатып үлгірді. Аянып қалуға болама, Олжас шап беріп жүгенге жармасып, аттан аударып, қолындағы шыбыртқысын тартып алып, оңды-солды сермеумен қорғанып үлгірді. Ботагөзді екі-үшеуі жабылып, арқанды керіп ұстап, ат-матымен құлатып, ұшып түскен Ботакөз, құмды жұмсақ жеріне күмп етті.

Қыз бен жігітті қолға түсіріп, атқа өңгеріп, қыз еліне тартты. Ол кезде Сұлтан малды түгендеп, кетуге бағыт ұстап, сыпырып жинап, аюандық істерімен, шағын ауылдың берекесін кетіріп, момын халықтың басына қамшы үйіріп, намысын қашырды. Шабатар бастаған топ, қыз бен жігітті, әкеліп қыз үйінің маңына түсіріп, жиналған топ алдына тастады.

Топтасқан халық шыдамай, қолдарында қаруы бар, Сұлтанды ортаға алып, жеңдеттерімен қоса ұстап жабылып, кетті. Көп адам қойсын ба, тас-талқан етіп, жеңдеттерін сабап, аттан құлатып, топырлатып қолдарын артына байлап, бір жерге үйіп тастады. Ботагөз бен Олжастың қолын шешіп, амандығын көріп, бүкіл жұрт қуанысып, аман қалғанын сөз етіп, бүкіл ауыл жұртына таратты. Елден елге тарап, Нұрсұлуға да жетті. Халықов бастаған топ, қыз ауылына келіп, жиналған халықтың үстінен түсті. Ауыл адамдарын көріп, Олжас жеткізген хабарды естіп, Сұлтан бастаған топты түгелдей тергеп, аюандық істерін бетіне басты, қалың жұрт жеңдеттерді азаптап, істеген істерін бетіне басып, өшін алды "қылмыскердің" малы түгелдей үкіметке өтті, өздері тиісті жазасын алып, түрмеге айдалды. Ертеңіне Нұрсұлу бастаған "Ән керуені" қыз ауылына келіп бас тіреді.

Ботакөз бен Олжас қуанып, бүкіл ауыл жұртын көтеріп, алаңға жиналуын жеткізді. Жақын елдің, бәріде хабар алысымен, ағылып қаладан келген артистердің өлеңін тыңдауға асықты. Ботакөз Нұрсұлумен кездесіп, болған оқиғаны жеткізіп, өзі ән айтуды қалап, Нұрсұлудың жанында болды,

қалаға барып оқуға түсуге тілек білдіріп, Олжас екеуі бірге баратынын жеткізді. Кешкі уақыт. Күмбірлеген домбыра үні, Құрманғазының күйі, қалың жұрттың көңілін көтеріп, бойларын орап алды, бүкіл ауылға естіліп, ауа толқынымен тарап жатты.

Әнде шырқалып, Нұрсұлу жұрт алдына шыға келгенде, көпшілік назары, сұлу қыздың жүзінде болды. Ол концертті ашып, халықтың арасындағы келімсіз істердің бетін ашып "тоқалдықтың" тиылмай тұрғанын, сөз етті. Нұрсұлу: Сіздер көп жайды, біле бермейсіңдер, қаншама жастар өз сүйгеніне қосыла алмай, жендеттердің қолынан қаза тауып, жақында Торғай өзеніне, "екі ғашық" Асқарбек пен Күнсұлуды арқанмен байлап, тік жардан құлатып, терең суға тастап, өлтірді!-деді. Қайғырған халық, жылаған ана дауысы, сонау обылыс аумағына жетті.

Осыдай, оқиғаның бірі Ақбаянның өмірі, құздан құлап, өлімге дейін барып "алланың" қолдауымен, бірнеше күннен кейін, үйіне аман-сау оралып, сүйгеніне қосылды "үйлену" тойларын біздің "Ән керуені" өткізіп, қалаға бізбен бірге оқуға түсуге, баратындығын жеткізді.

Таң қалған халық "біз енді осылай, жастарға араша түсеміз!"-десті. Жан-

жақтан, жиналған, Тастөбе, Асылтас, Ұйшық, Сарыкопа-ауыл-адамдары,

Нұрсұлуға қол соғып, қайта-қайта шақырып, әнін тыңдауға "керемет" дауысы бойларын балқытты, ұмытылмастай жүректерінде із қалдырды.

Осылайша "тоқалдықтың" жолы кесілді!-деп жеткізді Халықов.

Нұрсұлу қарап отырмады, Халықовпен бірге Сарыкопа, Ұйшық ауылдарын аралап, келмеген қыздардың үйіне болып, жібермеген ата-аналарымен сөйлесіп, "қыз бақытына" қол сұқпауын ескертіп, оқуға шақырды "өз бақытыңды, өз сүйгеніңді" табасың!-деп жеткізді. "Адасқанның" жолын

көрсетіп, ой салып, бақытына жол ашты. Басқада аймақтарға бөлініп, жаңа өмірдің басталғанын, айтып жастарды қорғау керектігін жеткізіп, кәрі-құртандардың жетегінде кетпеуін, айтып өмірдің жаңа белесіне аяқ басқанын қалады "қорғаушы" үкімет барын ескертті.

Күнсұлудың өлімі, бүкіл елді қайыстырды, қалай ғана қиамыз, кеше ғана көз алдымызда, жастайынан ақылды болып өскені, әлі есімізде!-десті. Тар заман! Қайран заман! жас өмірге араша болар, ешкімнің болмағаны, қасыреттің ұмытылмас кепілі болып, қала берді. Өмірден кетіп, өмірі өшті, бағы сынып, бақытын кесті. Талайды тармап жеп "тоқалдыққа" аңсары ауғандарды, өзіне үгіттеп, қалың малын шашып, кәсіп еткен, Нұрым бұдан бұрында, екі ауылды қоса қондырмайтынның өзі болатын. Араға сөз жүгіртіп, тұтас елдің тыныштығын бұзып, аяғымен таптап, өзегін өртеді: Осыдан аянар, іркер күшімде, сұйылып көргенім жоқ!-деп қойды. Күшім жетпей қалса, бабымды таппай, қолынан келмегені болса, оны кешірім етер мен емес, егесіп бітімге барар мен емес!-деді Нұрым.

Бірақ аңғарып, түсіп байқасам, бұл сөз қыз дауынан басталып, ұлаңғайыр іс болып, қат-қабаттасып кетіпті. Екі елдің арасындағы көптен жүрген барымта, ұрыс-қағыс және бар. Шабуыл-шындарына жеткен үлкен түйіндер бар. Бұл күнде, талай қыздың құқына тақау ақы, мүлік сөзі бар. Осының бәріне билік айтатын адам болып, көп тергеп, қалың сөзге, қапысыз кіру керек. Бұған сол кісінің, шама-шарқыда жететін емес. Тоқырау сөйлеп тобықтан қағып, ашынып алғанда жөн. Тоқтағаны даулы, екі жақ бірі мен бірінің андысқаны.

Жақын сыр бермеседе, араны ашылған қорқау қасқыр құсап, қуша сезінді. Жөргектен кемістік желкесін бассада, бойын жасыра алмады, қамыққаны құрып, өкініші басылмады. Жан-жағын жалмап, үстемдігін жасады. Барымтағып мал біткенді, ұрлап ізін жасырды, айласын асырып, халықтың құтын қашырды. Ала-аяқ, алысқа бармады, қолға түсті. Нұрым

кетті!-деген хабар тез тарап, ауылға жетті. Аюанға бір тосу!-десті. Жыланды да шеткерек жалғыз үй атанып, анасы Күлпаш пен әкесі ертерек қайтыс болып, екі бірдей ақылды, сұлу қыз атанған, апалы-сіңілі Камила мен Жамиланы естіп, Есен шал, кәрілігін ысырып тастап, малының көптігіне есіріп, сөз салуға Күлпашқа қолқа салып, Камиланың ержетіп отырғанын айтып, екінші әйелдікке сұрап, мазасын алды. Айла-тәсәлін асырып, Камиланы ұрлап әкетуге бел буды.

Камила: Кеуіп қалған кәріге тимеймін!-деп айтысып бақты. Аңдысқан жау, Есен қасына ерткен, жендеттерімен үйді қоршап алып, түн мезгілін бетіне ұстап, бір үйірді айдап әкеліп, зорлықпен қызды атқа өңгеріп, алып қашты. Қараңғы түнде, қуғыншыда болмады, жұрт ұйқыда, ешбір сыбысты білмеді. Қыздың жылаған зарлы дауысы, ана құлағында қалып, уайыммен көп жылады. Жалғыздық жебе тоқып, кайырсыз малды жолатпады. Естіген ауыл адамдары, айаумен болды. Есен отау үйіне кіргізіп, есік-терезесін бекітіп, сыртқа күзет қойды. Ендігі ойы, қыз бөлмесіне жұмсақ төсек салғызып, қалыңдығымен жатуды ойлады. Бөлмедегі май шамды сөндіріп, шеңгелдей қос қолымен, Камиланың жібектей созылған денесін өзіне тартып, жұлқынған қолын қапсыра ұстап, бар күшімен қыз қойнына кіре берді.

Қыз көйлегін ысырып тастап, ақшыл тартқан балтырын жалаң етіп, өзіне тартып қапсыра берді, бүлік еткізбей "қыз абыройын" айрандай төкті, боюдай болып, дауысын шығарып жылаған қыздың көз жасына қарамады. Камиланың бақыты өшті, өз сүйгеніне тие алмады, арман тілегі аяққа басылып басына "күн" болып орнады. Бәйбішесі бүкіл шаруаны тапсырып, Камиланың басына таяқ үйіре бастады "айтқанын істетіп-орындалуын талап етті" үйден шығармай қамап ұстап, ұрысумен "бәйбіше" билікке көшті.

Амалы таусылып, қашуға жол таба алмай қамығып, жүдеумен болды, кейде әлі кетіп, ауырып жатып қалып, жүрді. Есенді түрмеге алып кетті деген хабарды естіп, Жамила қатты

қуанып, Нұрсұлу бастаған "Ән керуені" келгенін көріп, бүкіл аймаққа жайып, жеткізді. Жамила ат тауып алып, Камилаға тартты, өжет қыз бұрыннан атқа үйренген, желіп отырып, жол бетімен, қалың ауылға келіп, көше бойлап, сұрастрып Камиланың тұрған үйіне түсті. Көптен көрмеген екі қыз бірі мен бірі көрісіп жыласып, мауқын басты.

Камила өте жүдеген, бұрынғы сұлу ажары кетіп, үсті-басы ескі киімдер, шаруамен жүрген момын қыз, көз жасын төгумен болды. Жамила: Енді саған ешкім кедергі болмайды, тез кейін, атпан әдейі алып кетуге келдім, қаладан Нұрсұлу бастаған "Ән керуені" келіп, бәрімізді оқуға шақырып, жолықты. Бүкіл аймаққа хабар етіп, ән тыңдауға шақырды!-деді.

Бірден осы беттен, Қаражар ауылына барып, Жаңатас, Байтөбе, Шұбаркөл ел-жұрты жиналып, жатқан жерге барып, үш күнге созылған "концертін" көріп, Нұрсұлумен кездесуге үлгіреміз!-деді Жамила, Камиланың ботадай боздаған, көзінің жасын сүрті. Камила өте жүдеу, бұрынғы түрі жоқ. Ажарын қою-қара күрең басып, үстіндегі олпы-солпы киімдері, денесіне жараспай, танымастай өзгерген. Күндіз дамылы жоқ, жел тартқан ауыл маңындағы, қойды сауып, кешкілік сиыр сауып, көже ұйытып, құрт қайнатқан.

Даладан тезек теріп, даладағы жершакқа, орныққан кара қазанға, тамақ істеп үлгірген. Түксейген қабағы ашылмаған кара бәйбішенің, тікелей бұйрығы, Камилаға заң болып бекіді, амалы болмады, момын қыз "айтқанына көніп-айдағанына" төзді.

Камила сіңілсінің сөзін естісімен, отауына кіріп, бүкіл киімдерін ысырып тастап, өзінің бойына жарасқан, көк көйлегін киіп, қима белді желеткесін іліп, қою кара шашын алдына жіберіп, далаға шыға келгенде, Жамиланы құшақтап, қуанып атқа мінгесіп, төтемен Қаражарға тартты. Дала төсі құлпыра өскен, гүл әсемдеп жол бойына, жазық даламен ұштасқан, асыл қазыналы осы өңір, көгілдір аспанмен беттесіп тұрғандай, сұлу келбетін беріп, өңірге сүйрей берді, дала

көркіне көңілдері көтерілген екі қыз, бақытыты заманның жаңа туып, елес бергеніне қуанып, баю соққан жел лебінің ұшқынын елемеді, жұпар иісіне қаныққан өңірмен, желіп отырды. Түс ауа, ауыл маңына кіре берді. Асқақ ән, кеші бойын алып, қалың жұрт отырған, алаңға жақындай түсті.

Жамила бірден Нұрсұлудың ән айтып, тұрғанын байқады. Басында камшат бөркі, қызыл көйлегі бойына жарасқан, кестелі қамзелі, ою-өрнектеліп, жалт-жұлт етіп, көз тартады, сұлу жүзін көпшілікке беріп, шырқай түскен даусына таң қалған ауыл адамдары, қайта-қайта қол соғып, алаңнан жібермеді. Камила бірден жалт етіп, қарап үлгірді.

Тамаша келбетін көріп: Нұрсұлу қандай әдемі, келісімді жас қыз, осының бәрін ұйымдастырып, қалай үлгірген!-деп таңдайын қақты. Бүкіл жер-аймақтағы бақытсыз болған қазақ қыздарын құтқарып, жаңа өмірге жетуге қол үшін беріп, жол көрсетуі-асқан даналық!-деп Жамила айтып өтті. -Расында! солай, ол болмағанда "тоқалдық" өмірдің "күні"-десті. Қазақтың жас қызы "қара қылды-қақ жарып" ескінің салтымен, есірген кәрі-құртанның жолын кесіп "мәңгілікке" жол ашқанда, сол сұлу қыз Нұрсұлу болатын.

Домбыра "оркестірі" салған Нұрсұлу әндері: "Қоштасу" "Заман-ай" "Қыз мұңы" "Қайран анашым" әндерін естіген жұрт, көздеріне жас алып егілумен болды, Камила мен Жамилада қоса жылады. Камила өмірдің қиындығына мойыған, қалпын көрсетіп, бойын басты. Жамила алаң төріне жақындап, Нұрсұлуға жолығуды қалап, қасына жақындай берді.

Нұрсұлу бірден сезіп, қос қыздың алдынан шығып, қарсы алды. Жамила, Камиланы таныстырып, болған жайттарды жайып салып, қыз мұңын баян етті. Қатыгез шалдан зорлықпен "қыз абыройын" айрандай төккенін жеткізіп "күңғып" ұстап, өмір кешкенін айтып үлгірді. Ықылас қойып, тыңдаған Нұрсұлу: Қорықпандар, ондайлардың жолы бір жола кесілді, өз бақыттарың өз қолдарыңда, сүйгендеріңді табасыңдар, бізбен бірге жүріп қалаға оқуға түсіңдер!-деп кеңес берді. Жүздері

жайнаған қос қыз, қуанғаннан Нұрсұлуды құшақтап, жібермеді бірге ән айтуды жеткізді. Бұрыннан жұрт ойын-тойларда Камила мен Жамиланың салған әнін ұнатып, қайран қалатын.

Нұрсұлу бірден хабарлап, халыққа жеткізді. Камила өзінің көрген азабын келтіріп "Қайран елім-ай" әнімен бодаудан құтылып, "күндіктен" босап шыққанын жеткізіп, мұңды өлеңімен қалың жұртты жылатты, назды үні көңілдерін толқытып, бойларын балқытты "ұмытылмас" ән болып, естерінде қала берді. Хабар жеткен қос қыздың анасы, дауыс қылып Камиласын құшақтап, бауырына басты. Шыдамаған Нұрсұлу: Біз қазақтың, кең даласында адасып қалған, ботадай боздаған, қорғауы жоқ, жалғыз өскен адасқан жандармыз, осындайымызды пайдаланып, ел ішінде малы бар, ала-аяқ қулар құда түсіп, "тоқалдыққа" алып, қатын етіп, "күндікпен" өмірін өткізіп, бақытын кесті, сүйгеніне қосыла алмай, қазаға душар етіп, өлтіріп тынды.

Жаңа тыңдаған "мұңды әні" Камиланың басынан өтіп, жас өмірін "кәрі шал" тас-талқан етті, "қыз абыройын" айрандай төкті!-деді жиналған жұрттың құлағына жеткізіп, қайғысын басты. Жаңа ғана жылтырап көрінген "күн" шеті, қазақ даласына сәулесін шашып, нұрын тарата бастады өмір келгенін айтып, сол өмірден қалыс алмай "рухани жаңару" бағытына ілесіп, Абай айтқандай: "Сенде бір-кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан" осы сөзді естіген қазақ қыздарының, көшке ілесуін қалар едім!-деді Нұрсұлу.

Ауыл алаңын, көк шөп басқан, отырысқан халықта ұнатып, жұмаққа орана түсті. "Ән керуенінің" концертін тамашалаған жұрт көңілдері өсіп, қуанысып бір-бірімен қауысты, көп заңдардың беті ашылып, барлық жағыдайға қаныққан, халық тағыда келіп тұруын сұрады, елде енді әділдік-тыныштық орнайтынына, көпшілік бір ауыздан сендірді. Нұрсұлу соңында: Менің қазақ қыздарына айтатыным, үйінде отырып "ата-анасының: шықпа деген тілін алып" көштен қалып жүрмесін, жасы өтіп кетті деп, шалға атастырып, өмірін

өш етпесін, олар менің айтқанымды түсініп, қалаға оқуға түсіп, ертең осы ауылға бірі мұғалім, бірі инженер, бірі агроном, бірі дәрігер және мал мамандары болып оралады, заман талабыда осы болмақ!-деп қадап айтты. Аспан ашылып, күн көзі жылы сәулесін шашып, далаға өң бере бастады. Нұрсұлу айтқан сөздері, бүкіл естіген жұртты қуантып тастады.

Жазық дала, шалқыған кең өрісімен, жайнай түскен, келбетін беріп, әсемдене түскендей. Сағым басқан жер аяғы, өзен бағытына ығысқан, кең алқаптың, бидайығымен толыққан. Асау толқын нар арна, тынық күні, сая бір желдің сыбдырын сездіріп қояды. Жасыл жапырақ өскен ағаш, жиек бетіне жабыса бітіп, сағаны қоршап, алысқа созылған. Аты шулы осы бір өзен, жарқыраған күмістей болып, алыстан көрініп, көз тартады. Жалпақ даланың суы мол, өрісі кең, байлықпен ұштасқан, шабындық көк бидайықтың алқабын алып, ұшан-теңіз еткен. Бұлда бір жақсылықтың көрнісі деп, сұлу табиғаттың бейнесін қалаған. Ауыл маңы осылайша көріне берді. Жастарда жарасып, қалаға барып, оқуға кірді.

Нұрбек пен Ғалым инженерлік факультетке түсіп, оқи бастады. Қанша қиын болғанымен, ауыл мектебін жақсы бітірген, бұларға қиын болмады. Олар ізденісте болып көп оқыды. Нұрбек өте салмақты, мықты жігіт, талай күрестің атаманы, күшіде жетерлік, талайдың жаурын жерге тигізіп, халықты риза еткеннің өзі. Нұрбек "бокс" секциясын басқарып, институтта бірінші қалалық жарыста, "чемпион" аталды. Ғалымда бірге, жәрдемші "тринері" болып орналасты.

Нұрсұлу өзінің әкелген жігіттері мен қыздардың "тұңғыш" рет "үйлену тойын" өткізу жөнінде, ректорға ұсыныс жасап, өзінің бүкіл ансамбль мен, Құрманғазы оркестірін қосып, өткізуді қолға ала бастады. Облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы мен басқада апарат жетекшілері келуге асықты. Кең зал. Лық толған адам. Тамаша безендірілген зал іші, әдемі орындықтар мен столдар қойылған, терезе

перделері, күмістей жарқырап, асыл маталар мен ұсталып, сахна төріне кілемдер төселген.

Сұлу келбетін көрген, жұрт таңырқасып, лек-легімен келіп, отыра бастады. Құрманғазы оркестірі "Саржайлау" күйімен тойдың бетін ашып, тамылжыта салған қобыз үні, келгендердің бірден бойын алып, көңілдерін көтеріп, алып ұшты. Аздан соң сахна төріне, басына кигені камшат бөркі, көк көйлегі бойына түсіп, қима беліне жарасқан, өнерлеп тігілген желетке-камзелі, жарқыраған ақ мойыншағы, сұлу ажарын ашып, шыға келген Нұрсұлуды көріп, ду шапалақтап қарсы алды.

Бірден "Қыз Жібектің", "Гак-ку" әнімен шырқата түсіп, қыздар тобы тамаша сұлу киімдерімен жараса түсіп, қосылып ала жөнелді, жағалай ұсталған атлас маталар мен алдын орап, ішінде: Нұрбек пен Ақбаян, Сапаржан мен Ақзия, Ғалым мен Ақжібек, жүздері жарқырап, сұлу келбеттерімен, кәдімгі "Қыз Жібек пен Төлеген" кұсап, көпшілікке көріне бастады, шырқалған ән Ақжарқынның сазды дауысы, Нұрсұлу мен қосылып, кең залды билеп ала жөнелді, қыз-келіншектер қосылып шырқата түсті, бұрын-соңды көрмеген бұл көрніс, әркімдіде таң қалдырмай қоймады, бетін ашумен "жар-жар" айтылып жалғаса берді, аяғы бимен ұласты. Отырған көпшілік бұл той "ғашықтар" тойы!-десті. Бұл тойда апалы-сіңілі Камила мен Жамилада бар болатын.

Той бітіп, тарасқан соң Ақзия жүзі құлпырып, қою қара шашын алдына түсіріп, мөлдір көзін Сапаржаннан айырмай, келбетіне караумен болды. Сағыныш сезімі бойын билеп, жарының қасынан шықпады. Ашық аспан, ай сәулесі, жымыңдаған жұлдыздар, көш бойына ағылған жастар "ән шырқап" Нұрсұлу бастаған қыздар тобыда, бірге қосылып, табиғаттың нұрлы жүзімен, ұласқандай "бақытты" келбетін беріп, әсем күлкімен жараса түскен, баю соққан жел, жылы лебізімен нұрландырып, дархан даланың төсіне қарай, жүріп келеді. Жымындасқан жұлдыздарда, ай сәулесімен жерді орап,

жарық еткен, көк аспанның күмбезіде, жер қойнауын, жұпар иісті ауа толқынына толтырып, құшағына ала берді, жас жұбайларда Нұрсұлумен бірге жүріп ән шырқаудан жалығар емес. Сапаржанда бойын билеген, Ақзия келбеті, құшағынан шықпай, енді бірге болуды арман етті. Өзі тұрған, оңаша жатаханаға бет түзеді.

Ақзияның сұлу бейнесі, алып ұшып, жарының мойнына оралып, ыстық лебін беріп үлгірді. Ішке кірісімен, Ақзияны көтеріп алып, жұмсақ төсекке жатқызып, асыл денесін бойына тартып, жылжи түсті. Дамылсыз соққан жас жүрегі, Ақзияны бауырына қысып, жұмсақ ерніне, аузын жақындатып, сүйуден ынтығы басылмай, жабыса берді, қызу денесін қыздың бойымен беттестіріп, қабыса түсті, еріген ыстық лебізі бойларын балқытып, алмалы бақ ішінде жүргендей сезініп, сүйіскен қалпымен жата берді. Сағыныш сезімі басылмай, асау толқынды дария теңізі құсап, бойларын тартып, ала алмады, тәттілік нұрына бөленгендей сезінді. Сапаржанда: Ақзияшым!- деп жүрек толқынын сездіріп, қос қолымен қайта-қайта қысып, қызуын басқандай, қозғалыс жасамады. Ұзаққа нәр алған аққудай болып, айдын көл бетінен көріне берген Ақзия жұмсақ төсек үстінде біраз жатты. Аймалап сүйген Ақзия кескіні, жігіт өңімен беттесе түсті.

Нұр оты басып, ләзат құшағында болды, кетпеді. Сағыныш арманыда осы еді. Талай жылды күтседе, "ғашықтық" оты сөнбестей болып, ой-арманы "мәңгілікке" бекіді. Дала өңірі, ашық аспан, көкшіл тарқан жер беті, жаз күндерінің бірі болатын. Таза ауа, көгал алаңы, ұзақ кеш. Сол кеште Ақзия күтіп алаңдаумен ұйқысыз асыратын. Ауыл маңы қауыпты еді. Күнде ат жүрісі, оймақтай ауылға, кезектеп жендеттер бас сұғып, "барымта" жасауға, аңдықаны қыз болды. Алып кетіп, алып қашып, ұрлап әкетіп, жүрген сыбыстар, түні бойы шуласумен болған жайттарды, есіне алып қояды. Әлі есімде, опық жеген құрбысы Айнаш әменде келіп, үйге кеш оралатын. Жазғы кеш. Жылы ауа, баю соққан жел бағыты, бойымызды ала

берді. Үй маңындағы саяда, біраз отырып әңгіме құрып, өткен-кеткенді айтып, Сапаржанды күтіп жүргенімді, жасырмадым.

Сол кеште, қалай ғана үйіне кешігіп қалғанын аңғармадым. Қараңғы түсіп, аспан бұлтқа толы, жаңбыр сіркіреп, жауып тұрған еді. Үйге есікті ашып кіре бергенде: Айнаштың "Өлдім!" деген жан дауысы, құлағыма келді. Андысқан жау "алмаққа қоя ма?" қызды орап алып, атына өңгеріп, екі-үш атты, ауылдан шығып, қара жолға беттей берді. Айнаш құрбым қыздың ең ақылдысы, ажарлы болатын. Бір жеті жеке бөлмеде қамап ұстап, Қарпық шал, зорлықпен қыз қойнына барып, асыл денесін күшпен меңгеріп, баурына басып, жүлқынған қолын жібермей, бар күшімен денесін түйістіріп, үстінен кетпей, мауқын басты.

Сапаржан қасына жігіттерді ертіп алып, Айнаш түскен үйдің маңында болып, қараңғы түсе, терезеден белгі беріп, өзінің көк орамалын көрсетіп, "сыртқа" шығуын күтіп тұрды. Әлден соң, Айнаш ретін тауып шыға келіп, тосып тұрған Сапаржанды көріп, құшақтап жылап жіберді. Айалдауға болмайды, атқа тез отырып, белгісіз шет жақпен, қара жол бағытына бет түзеді, аман-сау қалағада жетті. Нұрсұлуға барып болған оқиғаны баян етіп, Ақзия Айнашты оқуға қабылдатып, жатаханаға орналасқанын, есіне алды. Құрбысы қасында Ақзия қуанышы, Сапаржанмен бөлісіп, енді баққытты өмірге қадам басқанын сезінді, сүйген жігітінің жанынан шықпай "мәңгілікке" бел буды.

Айнашта өзі сүйген Құманмен танысып, үлгірді. Созылған жалпақ дала өңірі, биік дөңестермен жалғанған, көкшіл тартқан қалың орман, еттекке түсіп, өзен жағасына ойысқан. Алыстан сағымда, толқынды бейнесін беріп қояды. Асау желдің алып күші, өзен бетін дамылсыз қозғап, бұрқасын дауыл етіп, аспанға лақтырып, саябір табар емес. Тосын желде басылмады.

Жағалай өскен қамыс сылдыры, жиектен естіліп, су сәулесін өзіне тартып, дыбыс шығарып, сыбызғы үніне

ілескендей. Кейде жарқырап, көзіңді алып, дария суына қаныққандай, бас иесің. Шалғын шөп аймақта, осы тұстан басталып, дөңес етегіне дейін тірелген. Бұл, Қамысты жердің аймағы, халықтың көп қоныстанған, ауылды мекеннен тұратынын ұғынасың. Аспан ашық, күн көзінің ыстық сәулесі, бүгін ерекше, жер бетін, жылы ауаға толтырып, бойыңды ыстық тер басқандай сезінесің, бұлда жаздың күндерінің бірі болатын. Жайма-шуақ жаздың, жадырағаны біз үшін өте керек, көңілді көтеріп, таңғажайып дала төсіндегі, көрністермен ұштасып қаласың.

Жас қыз Балжан Асылтас ауылында тұрып, бастауыш мектебін бітіріп, үйінде отырып қалды. Әдемі сұлулығымен Балжанға қызықпайтын жігіттерде аз болған жоқ. Бірақ ұнатып, бойына ешкімді жақындатқысы келмеді. Жақын ауыл Жартөбеден тойға келген, ажарлы жігітті бірден ұнатып, сыпайы сөзге тартуға, ыңғайын таба алмай, қапаланды. Жігіт аты Жеңіс болатын, қолында домбыра, бірден тойда ән салып, өзі бастап, жастардың көңілін бірден өзіне аударып, асқақ дауысымен, шалқыта салған әніне бәрі қызығып, қол соғып, айтқызумен болды.

Көзінің қарасы Балжанды бірден ұнатып, өлеңнің шумағын, сүйіп қалған қыздың жүзіне арнаумен болды. Одан соң, Балжанда әнін бастап, назды дауысымен, көпшілікті ұйытты. Шіркін қандай дауыс!-десті. Мөлдір көзін, қиықтап қарап, Балжан көзін алмай, жігіттің сұлу келбетіне қызықты. Осы менің, сүйікті жарым болса екен!-деп ішінен топшылады.

Жеңісте домбыраны қолына қайта алып "ғашықтық" мұңын жеткізіп, ән арнап, сұлу жүзіне қараумен болды. Балжан бірден түсініп, ішкі сезімін жасыра алмады, сырқа шығуға бет түзеді. Жеңісте қыздың күлімсіреген жүзін көріп, іле шықты. Жеңіс батыл, пысық жігіт қызға жақындай беріп: Танысайық қарындас-атым Жеңіс!-деп қолын ұсына берді. Кимелеп қайда барасың, мен сені бірінші көруім!-деді қыз салған жерден. Таныстық айып болмас, тойдың ішінде біргеміз ғой!-деді жігіт.

Балжан күлімсіреп: Жарайды онда, менің атым Балжан!-деді жігіттің ұсынған қолына қолын беріп. Жұмсақ қолынан ұстаған Жеңіс, қызды жібермей сөзге тартып, қасынан шығарғысы келмеді. Жеңіс! танысқанымыз жаңа ғана, ұят болады, олар күтіп қалуы мүмкін, не айтамыз, тез кірейік!-деді қыз қолын жалма-жан өзіне тартып алып. Қыз кете бере, жігіттің бетіне қарап, кездесуге белгі берді, басын изеп күлімсіреп, ішке кіріп кетті.

Сол уақыт, қараңғы түн орнаған. Топ ат жүрісі, гүрсілдетіп отауды көшіргендей ерсіл-қарсыл шабыс, айқай-шу ала жөнелді, естері шығып бәріде далаға тап берді. Бақсақ Балжанның үйіне келген, "кұдалар" екен, бір жола табын жылқыны айдап, шағын ауылға көрсеткен, нұқысы деп ұғындық. Қараңғы түн, кейде ай сәулесі, көрініп бұлтқа тығылғандай, бейнесін көрсетіп қояды. Содырлар шабысы бәсеңдемеді, көшкен ел құсап, дамылсыз ат тұяғынан "дүңкілдеген" жер қойнауы толастамады. Бұларды басындырып қайтеміз, барлығымыз жабылып, бетін қайтару керек!-деді Жеңіс. Бәріде келісе кетті, қолдарына қару алып, аттан аударып алып, соққысын беру!-десті. Балжан: Байқаңдар олар өте көп, қаруланған адамдар, сендерді жарақаттап, өлтіріп кетуге бекінгендер!-деді.

Жеңіс: Ауылдағы жігіттерді, үйлерінен жинап, басым еткеніміз дұрыс, байқаусызда өліп кетпейік, қаруымызды дайындап алып, кіріскеніміз дұрыс!-деп ұйымшылдықты өз міндетіне алды. Жеңіс бастап, Балжанның үйіне қарай бет түзеді. Топты көріп қалып, аттылар қарсы ұмтылды. Айқас басталып, аттан біразын аударып, құлата бергенде, қалың топ келіп, қосылып күш алып кетті. Жеңіс ауыр жараланып, атының жалына жабысып, шеткерек ағаштың ішіне кіріп, жерге түсіп жатып қалды, есінен айырлып ұзақ жатты.

Естігендер Жеңісті өлтіріп кетті!-деп таратты. Балжан жасырын іздеумен, дамыл таппады. Бойын қайғы басып, жана ғана сүйген жігітті ғайып болып, өмірден кеткені ма?-деп,

топшылап жылаумен болды. Енді мұндай тіршіліктің барынан-жоғы!-деп, Балжан өз ойын топшылап, Жеңісімен бір сәт,сөйлесіп құшақтасып сүйіспегенін, ойлаумен түн асырды. Балжанға көршісінен хабар жетті "Жеңіс тірі" малшы Жұмақанның үйінде, естіген бойы,егіде әйелдің сырт шапанын киіп,көше шетіндегі жер үйге келіп,есікті ашып кіре берді.

Қара көлеңке, терезе жабық,ескерусіз жатқан,ыңырсыған Жеңісті көріп, құшақтап жылап жіберді. Малшы әйелі: Қайта тірі қалған, денесінде тау-тамтығы жоқ "жара" әкелгеннен бері, денесіне қолдан істеп, дәрі жағып, жараның бетін қайтаруға тырысып, қызымыз екеуміз дамыл таппадық!-деді. Мен осында боламын, өзім қарап, айыққанша қасында болып, емін жасаймын!-деді Балжан. Менің өмірде сүйген жігітім, мен үшін осылай болды, жаңа ғана танысып, үлгіргенше содырлар келіп, құда түсіп, мені әкетіп шалға қатын етіп, бермекші болды!-деді көзіне жас алып, Балжан өксумен жылай берді. Бүгін үшінші күн, ес-түс жоқ!-деді күтуші әйел.

Әлден соң,ыңырсыған Жеңіс көзін ашып, жағалай қарай бастады "Су!" деген дауысын естіген, Балжан басын көтеріп, су ішкізіп әлдендіре бастады. Балжан тірі қалғанына қуанып, көзінің жасын көрсетпей, жарын күтумен болды. Жеңіс бірден байқап қалып: Маржан сенбісің? Қалай мұнда келдің? деп қолынан ұстап, кеудесіне басты. Жаным! Мен енді сенің қасындамын, сені тастап ешқайда кетпеймін, қашан жазылғанша, жаныңда боламын!-деді Балжан сұлу ажарын бетіне жақындатып, жұмсақ ернін жігіттің аузына түйістіре түсті.

Жеңіс Балжанды құшақтап алып, аузынан ұзақ сүйіп, мауқын басты. Балжан тамақ беріп, жарасы қайтып,қуаттана түскен жарын, түні бойы күтумен болды. Үй иесі малшы Жұмақан: Мен мал айдап, тал шетінен өте бергенде, ыңырсыған дауысты естіп, бара бегенімде, жатқан адамға көзім түсті, бет-аузы қан, талықсып есін жинай алмады, жалма-жан атымды арбаға жегіп, үйге әкеліп жатқыздым, есі болмады,

жолдасым емдеп ,бетін бері қаратты!-деді. Сізге сондай үлкен рахмет! Ажалдан алып қалдыңыз! Сіз болмағанда "тірі қалуы" екі талай, Жеңіс екеуміз осы жақсылығыңды қайтарармыз!-деді Балжан,Жеңісте басын изеді.

Балжанды ешкім білмеді, көрінуге қауыпты болды. Әкесі Саттар бұдан бұрын құдалықта болып, алдына жиырма жылқыны салып, қасқыр ішік киіп, басына құндыз құлақшын киіп, "келісім" жасап оралған еді. Артына бір апата салып, ойранды өріске келген, беті болатын. Құнан қойдың құйымшағын ұстап, ас беруге Саттар ыңғай беріп, жершак басына, көрші әйелдердің басын қосты, қонағасыны дұрыстап әкеліндер!-деп міндеттеді. Келгеннен бері, отау тігіп, ішіне "қыз жасауын" жасап, үлгірген Саттар қонағасыны осында!-деп, жайылған төрдегі төсек кілемнің үстіне, жұмсақ көрпелер салып, құс жастықтың бірнешеуін, тастап құдаларынан аямады.

Төрге жақын бұрышта, сары сандық үстіне жиылған, "қыз жасауы" құс мамықпен атылас көрпелер, мың сан жарқыратып, жинап дайын еткен. Қытай кездемесін сатып алып, қыз шымылдығымен, отау үйінің жабдықтарын, қамтыған. Бәрін көріп, қара күйеу, жаурыны еңкейе біткен, шоқша сақалды, бетін әжім басқан, бөдене руы Уажиттің көңілі бірден өсіп, "қыз жасауына" қараумен Саттардың әйелі Бикежанға құлынды бие атап, "көрімдігім"-деп, айтып тастады. Уажит төрге таман отырып, бас құда Иманбайға қарап, айтқан уажын тыңдауға құлақ түрді. Иманбай терісіне симай, керіле түсіп, арқасына қос жастық салып, аяғын көсіле, қалың шекпенін шешіп, басындағы құндыз тымағын алып, қасына қойды. Күтуші жігіт, қонақ киімдерін жинап алып, кетерлі жерге іліп, асты-үстіне түсіп, күтумен болды. "Айтқан сөз-атылған оқпен бірдей" деген сол ымыра "келісім" бұзылмаса болды!-деді Иманбай шүкіршілік сақтап.

"Қыз дауы" бітпестей қала берді. Саттар ауылының үлкендерін шақырып, басын қосты,көпті көрген, сөзге шешен,ешкім оған жөн айтып, алдына шықпаған, арғын баласы

Жараспай танысып-біліскен соң сөз бастап: Иманбай мырза! сенің ойыңды білем, "Алмақ барда-бермек бар" дегің келеді, бірақ жөн иесі Балжан қызымыздың пікірін білсек, қалай қарайсың!?-деді Жарасбай Саттардың жүзіне қарап, ойланып қалды.-Мұнда үлкен той болып, қызым соның басы-қасында!-деді Саттар күмілжіп. Қыздың қайда?, Қайда жүр!? екенін ешкім білмеді, тіс жарып айтпады. Балжан өте сұлу ақылдылығы, келбетімен пара-пар болатын, кім оны қиып, қатын үстіне бермек, соны бір сәт қыз әкесі ойладыма екен!-десті.

Құр даурғып, әкелген малға мәз болып, байлықтан енді беделі өсіп, кеудесін жоғары ұстап, жағалайына ақыл айтып, көріне бастады. Арсыздық ой-масаттық қиял бойын биледі. Құдасы Иманбайдың сөзіне елтіп, ырқына көне берді. Жарасбай: Тоқтат Саттар! бұл ісің, бізге ұнап отырған жоқ, қызды мал саудасына бергелі отырғанымыз жоқ, басы бос, өз теңіне бармағанына өкініп, күйеу сымақ Уажиттің кеуіп қалған шандырына барып, қатын үстіне беру, аюандық қылмысты бір жола кес, Балжан олай істей алмайды!-деді. Иманбай құда: Жарасбай мырза!

Біз Саттар мен келісіп, екі жақты құда болып, "құйрық-бауыр" жегістік, ант алып берістік, алдына малын салып, Саттар құданың өзі сөйлесіп, ұнатқан пікірін білдірген "алмақ барда-бермек бар", бізде қарсы құда болып, ат тіреп, қонғасы ішкеніміз жаңа ғана, қызды алуға келгенімізде сол еді!-деді қатулы сөзін Жарасбайға қадап. "Опасыз-орға жығады" деген осы!-десті ауыл адамдары. Айтарға сөз жоқ, Саттар екі жағы ішіне кетіп, басы салбырап, төмен қарап жер шұқумен отыра берді. Ауыр сөздер айтылып, имансыз адамның кейпін жасап, бетіне қараудан қалды.

Қабағы түксейген қалып танытып: Бізде бір елдің азаматымыз, әділ сөзімізді айыптап, масқаралаудан бас тартыңыз, Кім айыпты! Бұрынғы ата жолы "тоқал" алып, төсек жаңарту, қазаққа бабалардан қалған "өсиет", тарих -мұрасы

болып, ертеден келе жатқан-іс, сол істі бұзбай, сақтау бізге парыз, сондықтан сонау елден келіп "келінімізді" аман-сау алып кетуге келгеніміз, сіздерге аян!-деді Иманбай көпшілікке қарап. Жараспай жеңілденіп, сырт шапанын шешіп тастап, шып-шып шыққан терін қайта-қайта сүртіп, ыстық кернеген бойын жаза алмады, ызалы сөздің мағанасын, өзіне қайтарып, кесепаттық істің болдырмауын, бақылап тиісті жауабымен, бетін қайтарып "кесек-кесек" сөздер айтылып, тоқтатып отырды. Қайнаған кек, ыза бойына орала берді. Есіне алды.- Қалай ғана, саудаға салып, уайым еткені жас қыздың өміріне балта шауып,катын етпегі, әділетсіздіктің азабы!-деп жорыды.

Құмайт тазы құсап, жабысып сөз беретін Иманбай көрінбеді. Өзектеп, өз ойын, ортаға салып, айтқаным дұрыс деп, болжады. Жиналған имансыз-ишараттар, қанды балақ, қарауыл құсап, сырттан анталап тұрған топ тұрды. Шешімін күтіп ашынды. Жойқын төбелес-тартыспаққа бекінді. Саттар құдаларының асты-үстіне түсіп, қонағасы берумен жолын пішті.

Жарасбайдың шыдамы таусылып, Саттардың қанша мал алғанын, сөз етіп, тексере бастады, күдік туды. Саттар : Өзіммен жиырма жылқыны әкеліп, енді тағыда сондай құлын-биені айдап әкелгенін!-айтып сөз етті. Жарасбай бірден көңілі толмай: Бергені бір үйірдің жылқысы деп ойлаған едік, онда өздеріне қайтарып, табыстауға бол ма? Аз жылқы қыз құны түгіл, айттырған уәдесіне жетпейтінін білесің ба?!-деді Саттарға шүйлігіп. Ауыл адамдары қуаттап, Жарасбай сөзі дұрыс!-десті. Ойлы сөз, өткір тілмен ойып алғандай, ақылмен бітісуге шақырды. Мен тентек адаммын! айтқан сөзім,-айтқан "қызды" алып кетуге келгніміз "ойларыңнан" шықпасын, уәделі күн,бүгін кешке жол асуымыз керек!-деді Иманбай. Құлақ асып, ел бірлігін бұзуға келдің ба? Әлде ойран салып, қорған бұзуға, бет алғаның ба? Біз қалың елміз, қайрат қылар жігіттерде жетерлік,сабаңа түс "асыра сілтеу болып-опық жеп

жүрмендер!"-деді Жарасбай, байсалдылық танытып жеткізе білді.

Қыз баланың дауының сыртында, көп пәленің барлығын, Жарасбай, Таукен, Смағұл ішінен толық білуді, жат қылығын, жұртқа жеткізуді Өтепке тапсырды.

Даугерді, куәні де осы жиында, тартыспен өтетінін, айтысты. Екі жақ өз бетімен шалқая түсіп, бірін-бірі жаралап, шындыққа ауыспайтын болса, Саттардың өзі жүріп, барып малды түгендеуге, қайырыспақ болды. Осымен үш күнге созылған, күндіз-түні тергеуі ұзара түсті. Оқта-текте ғана түн жарымына, тоқтаумен аяқталғандай болды. Сұлық атқан жүздеріде, қанын ішіне тартып, Иманбай сөзін бастырмалатып, Саттарды айыптаумен болды. Бас жеп, қонағасы тартылған, кәдесіде орынды деп, топшылады. Бірақ бұл мүліктің дені Иманбайдың қолында.

Малы болса, жартылай беріп-тартып, бақылау үстінен кесіп, отырды тұтас беруге, әліде аузынан сөз шықпады, толғанды. Қай жағы болсада, есем кетпесін деген, егеспен дамыл таппады. Қарулы қол, жортушы білектер, тыным таппады, жұлып әкетуге дайын тұрды. Қара сойыл мықтысыда, қарапайым жігіттердің бұл іске, кіріскені аз болған жоқ. Даудың бір түйіні, осы құдалықтың айналасында болғандықтан, ызалы кеуде түйісуге бақылап басты.

Сөз билігі таралып, құлан атқан сағадан шықпай, құр бәшір, кеуденің сынығын айтып, топшылаумен болған, Иманбай сыры, ашылып қалды. Кемиектелген, еселі кеудесін икемдеп, солғын тартқан кара жүзі, Уажит күйеудің тымырық мінезі, көпшілікке ұнамады. Иманбай оған сөз айтқызбай, сыпайы күйеулігін сақтауға жанын салды. Оған берген Уажиттің малы да аз болған жоқ. Сөздің сипатын салып, жылы сөйлеп, Жарасбайға бір келісім түйінге тоқтауын келтіріп бақты.

Жарасбай көпті көрген, ақылды кісі, елге қалың жұрт алдында, талай болған істің шешімін айтып, халықтың

көңілінен шығып, отыруды әдет қылған. Таукен, Смағұл, Қасен, Қарпықтар Жарасбайдың айтқан сөзіне бас изесіп, дұрыстығын растап отырды.

Жарасбайдың көңілі қобалжу, қысылу болғандықтан, түсі өзгеріп, сұрлана түскен. Басындағы тақиясын шешіп алып, маңдайынан шыққан терді сүртіп, бойын билеген ыстық леп, сырт киімдерін шешіп, жеңілденіп алды. Бірақ үні зор, дауысы екпінді, батыл қатты сөйлегендіктен, әр сөзін жай айтсада, ойы мен тілі шешендік танытып, еркін ағылғандай. - Уай, жағалай жұртым! Арғын елім! ортаңа мені қойыпсың. "Тетігімді тап, тынымды бер" деп қойыпсың. Сынға салдым, әділдікті айтар деп, сеніпсің. Арылып өтер жөнім бар.

Бір айтарым: Жас қыздың үмітін үзбе, бақытын тауып, арманына қол сұқпа, жылатып көз жасына қалып, жолын кеспе дер едім, екінші айтарым: Қазақта қыз дауы, көптен келе жатқан дәуірдің, заманы азып, заңы тозған, ескіліктің тұтқасын ұстап "есіргендер" билікке таласып "дәстірді" құрбан еткендер молығып, малға сатып алуды, кәсіп қыла бастады, солардың тұқымын жою, жаңа заман талабы деп ұғыну керек. Келер сын-нәсілге сын болғандай. Міне ағайын, сендердің алдында осыны айту, аталы сөздің таңдауын жасап, заман құбылысын осыдан-ақ ұқ дер едім. Басқа айтар баспалап бағар, өзге есебім жоқ. Әуелгі түйін- қыз басы.

Жақсы қыз-ақылымен болады, өз жолын өзі тауып, сүйгеніне қосылып, бақытқа қолын созады. Жаңа ұрпақ-жана тілекпен келеді. Жаңа күн өзінің жаңа жорасын, жаңа тілегін, айтып келеді. Жас ұрпақтың талабымен айтады. Оған құлақ ілмеген, елдіктің дауын таппай, елдіктің бақытын іздеп жүріп, табады. Саналы қыз болса, тағыдыры өз сүйгенін табады. Теңіне айырып, ботадай боздатып, тілегін кесіп, үмітін үзген кімге керек?! Соны айтындаршы, менің айтар сөз түйінім осы!-деді Жарасбай көпшілікке бетін бұра түсіп. Бойындағы бар киімін шешіп тастап, шыға келіп сөйлеген Иманбай: Қалайық! Осы отырған елдің үлкеніде, ақылшысыда, сөз айтар

азаматы да осында! "Қыз бала-жат-жұртқа" жаратылған деген дана халқымыз, Саттар құданың шақыруы бойынша келіп, істің мәні шешілген ғой, деп ойымызда тек қуаныштың ізі ғана жол сілтеумен, келіп қалғанымызды ескертіп, қонағасы берумен қарсы алғанын көрдіңдер, байыппен сөйлеп, оқыс мінез танытқанымыз жоқ.

Енді міне аяқ астынан қобалжу, айтыс-керіс, оқыс мінез танытып "қыз дауын" туғызып, шешілген істің-бәрін жоққа шығарып, отырғандарың мынау, біз өз шешімімізді айтқанбыз, қыз Саттардың қызы, ол өсіріп жеткізді, адам етті, сондықтан әкесінің шешімі-сол болады!-деді Иманбай қызара сөйлеп, жендеттеріне иек қақты. Тобырлар отауды тастап, далаға жөнкіле шықты, асығыс шықты. Ат жүрісі тағы да, басталып ерсіл-қарсыл шабыс көбейді. Дүркіреген ат тұяғы, жердің қыртысын қозғап, көшкен елдің сипатын сездіріп, шағын ауылды ту талақан еткісі келіп, қарулы қолдары "ұрда-жық" қалпын көрсетіп, қояды.

Жарасбай Саттарға қанша мал, алғанын айттыруға тырысты. "Бірді -бір бердім, екіншіні көп бердім!-деп қопиып Иманбай Саттардың аузын ашырмады. Жарасбай: Сен құда сөз айтқызбай, аузына қақпақ болғаның жараспайды, мал иесі өзі айтсын, біз сөзді өз аузынан естігіміз келеді!-деді. Саттар: Мені шақырып алып, құдалықтың жолы деп, жиырма жылқыны алдыма салды, енді тағыда өздерімен он биені, айдап әкеліп, албарға тықты, бар болғаны осы!-деді.

Жарасбайға бұл қылығы бірден ұнамады, бұл қалай басынғаныңыз, бас аяғы түкке тұрмайтын ал беріп, "қызды даулап" әкетуге әрекет жасағаның дұрыс емес, алдап қармаққа түсіріп, Саттардың момындығын пайдаланып "барымта" жасау барып тұрған аюандық, бізде бұлай деп, ойламап едік, ұятымен екі табын жылқы бердік, дегенге нанып, аңғармаппыз "суайттығын" жаңа түсініп, опасыз қылықтың нұсқасын ұстаған, мына сендерді көрдік!-деді Жарасбай, катулы сөйлеп, ұятын бетіне басты. Иманбай жалтара сөйлеп: Біз беруін

бердік, бұл бір табын, қыз қолымызға түскенде ғана, берілетін "құдалық-жол аяқ" екінші табын болмақ!-деді. Жарасбай сөзін қағып алып: Жоқ! олай бола қоймас, алдап соғар біз емес, бізде аталы елміз, "асын ішіп-аяқ босатар" болсаң, еліңді тапқаның дұрыс, бұл пиғылыңмен бізді жеңіп, табаныма саламын дегенің бола қоймас!-деді.

Дау-жанжалдың шегі болмады. Иманбай орнынан қозғала қоймады, әрбір ісі ашумен бекіді. Сөзді дөрекі сөйлеп, Саттардың үстінен түспеді, тілін сұғып, бар пәлені Саттарға жапты. Келісім тас-талқан етілді, әркім өз басын, арашалаумен тынды. Саттар әкелген малды түгелдей алдына салып беруге, дайын тұрды. Иманбай тұғырыққа тіреліп, ешбір шешімге келе алмады. Бойын ашу-ыза биледі. Енді қайттым, елге барғанда немді айтамын!-деп, ойлаумен ішінен күйді, пәлені басқаға аударуға, қадам жасады. Бақа тірес бұнымен бітпеді. Иманбай өз адамдарын жинап алып, Уажиттің ісі-деп, айыптады. Бақса, осында келерде, жендеттерімен әкеле жатқан жылқының үстінен, бөліске түсіп, жартсынан көбін, Иманбай емденіп, қолды болғаны ашылып шыға келді.

Алаяқтығы ашылып, Уажиттің берген малы "екі табынды құрағаны", сөзінен белгілі болды. Жарасбай: Кім кінәлі, екенін өздерің түсінген боларсындар, "арсыздық қылық-оппығы жығар" деген осы болар!-деді. Дауға созылған қалың мал, Саттарға жетпей қолды болып, бар жылқымыз "қалың мал" деп өткізуге тырысқан Иманбай бар кінәсін түсініп, Жарасбайдан кешірім сұрады. Иманбай енді басқаша сөйлеп: Менің келген шаруамды, ыңғайлап орындауға ұлықсат етіндер!-деді. Қызды қалайда әкетуге, бекінгенін жеткізді.

Жарасбайға бұл қылығы ұнамады, халқын сақ болуға шақырды. Иманбай бастаған топ, тағыда оралды. Бұл жолы айдаған бір үйірдің жылқысымен, Саттар үйіне келіп, тағыда табан тіреді. Бәрін көрсетіп, биелердің санын айтып, Саттарға табыс қылып, албарына қамап, алдына салды. Саттар бұрынғыдай емес, Иманбайдың алдына түсіп, айтқанынан

шықпады. Төрге отырғызып, қонағасыны беріп, көңілді жүздерімен сыпайы сөйлесіп, алдын орады. Сыбағалы сөзді өзі бастаған Иманбай: Қалың малды түгелдей, екі айғырдың табынын беріп, Саттардың өзіне табыс еттік!-деп, көпшілікке жеткізіп, сөйлеп кетті. Жарасбай :Басынан солай істеу керек еді, өздеріңе-өздерің арамдық жасап, Уажитті тақырға отырғызып, малының жартсын қолды ету, барып тұрған "ұры" емессіндер ме?!-деп, басып айтты. Сөздің шындығы керек, бүркемелеп айтудың өзі, ар-ұяттың ісі емеспе!-десті жұрт. Жоқ! Бұл жендеттердің ісі, ұрлап алып қойған, енді түгендеп бәрін берді, басын түгендеп, орнына салды!-деді Иманбай даурығып.

Әңгіме бұрынғыша "қыз дауы" өріс ала бастады, айтылмаған сыр қалмады. Саттарда енді озық сөйлеп: Менің қызым жыламайтын, күйлі орынға барып, күп етеді!-деп топшылады. Иманбай : Уажит қатардағы бай, қорасынан малы кетпеген, төрінен қонағы кетпеген, ырысы мол, елдегі күйлісіде Уажит!-деді салған жерден мақтап, сөйлеп. Жарасбай сөздерін тыңдап: Саттар енді не айтасың, малыңа-мал қосылды, екі бірдей айғыр үйірі, қоранды толтырды, Уажит күйеу қайта оралды, шақырып уәде еткен мына өзің, біз сенің қасыңда болғанымыз жоқ, айтар сөзің болса, екі жақта тыңдауға әзір!-деді.

Саттар: Мен қыз әкесі "қыз-жат жұртқа" жаралған, қызым отырмасын деп, Уажит күйеуді қалаған өзім едім, сол уәдем бойынша, келген құдаларыма, қызымды беріп жөнелтуді жөн көрдім, сол себепті, бүгінгі ақырғы бас қосу "қонағасы" аяқталған соң, аттандырмақпын!-деді. Жарасбай ашуға булығып: Тоқтат сөзіңді! Кімге айтып отырғаның! Сенбедің, өзің пішіп, туған қызыңның өмірін жоқ қылу, анасымен ақылдаспай, Балжанның пікірін білмей, бұл қай сандырағың!-деді орнынан атып тұрып, қыз анасымен келуін бұйрық етті. Қыз анасымен, кісілер отырған бөлмеге кіре берді.

Сұлу келбеті бар, әсем қызыл көйлегі бойына жарасқан, қолаң шашын артына беріп, анасымен бірге, есік маңында

тұрып қалды. Бұрын көрмеген, Иманбай қызды көріп, көркіне таңғалып, көзін алмай қараумен болды. Анасы: Менің қызым екінші әйел болып "тоқалдыққа" бармайды, өз теңі емес, құраған шал Уажитті қайтеді, мен бұған қарсымын!-деді. Балжан өткір қыз, орынды сөйлеп ақылмен: Мен мал емеспін, саудаға түсер қызың мен емес, менің өз өмірім бар, келешегім бар, қазіргі заман басқаша, біз жаңа заманның адамдарымыз, сол заманның адамдары келмей тұрғанда, жөндерінді табындар, кеш болып қалмасын!-дегені сол, сау етіп есік ашылғанда, кіріп келген топ, майор Халықов бастаған НКВД адамдары, түгелдей ұстап жауаптай бастады, қашпақ болған Иманбай қолға түсіп кісенделді, ішінде қыз әкесі Саттарда ұсталып, қаланың түрмесіне алып кетті.

Балжан Жеңістің көтерілгенше, қасында болып, күн сайын емдеп, жарасы жазыла басады, тамақ беріп, бұрынғы қалпына келтіруге тырысып, бағып-қақты, төсағаш шетіне отырып, Жеңістің қасынан кетпей, түн мезгілінде бірге болды, сол жерде ұйықтады да. Күн сайын денесінің жарасы жазылып, өз аяғымен жүріп, қалыпқа келе бастады.

Жеңіс бір мезгіл қалт жібермей, жарының белінен құшақтап, өзіне тартты, сұлу жүзінен сүйіп, қос қолымен баурына тартып, бірге төсағашқа жатып, қызулы денесін Балжанға беріп, бойларымен беттесе түсті. Алып ұшқан жүрек соғысы Жеңісті шыдатпады, сүйген жарын құшақтаған бойы, асыл денесін өзіне беттестіріп, ақшыл дөңестің арасынан, өте бергенде балқыған дене, нұр сәулесін шашқандай, бойларын ала берді, көп күткен сағыныш сезімдері, басылмай дене ыстығымен жалғаса берді.

Балжан ерте ойанып: Енді бойың бұрынғы қалыпқа келдің, сіздің үйге барып, ата-ананды қуанту керек, олар уайыммен жалғзынан айрылғандай болып, отырған шығар, мен көлік дайындатып қойдым!-деді. Жеңіс қуанып: Мен сенің арқанда адам қатарына қосылғанымды жаңа білдім, әрине үйге барамыз, бірақ менің көптен армандаған бір ойым бар, сол

ойымды орындасаң, қазір кетеміз, ата-анамды, менде қатты сағындым, олар жалғыз мені емес, сеніде қуанып қарсы алады!-деп, бетінен сүйіп, дамылсыз құшақтай берді. Балжан айтар ойын сұрап: Ол арманың не нәрсе, ойынды жасырма айт, менің құлағым өзінде!-деді жұлып алғандай.

Жеңіс күлімсіреп: Балжан-сен менің өмірімсің, ауыр науқастан жаздың, сен болмасаң, мен өмірмен қоштасуға дейін бардым, енді міне өмірлік менің қасымдасың, сол себепті сені бір жола, өз үйіме апарып "келін" ғып түсірсем, ата-анам қуанып, екі қуаныштың куәсі болып, екі тойды бір жола өткізсек, тамаша болар еді!-деді. Балжан: Меніңде ойым осы еді, сендей сұлу жігітті өмір бойы іздедім, ақыры таптым, мынау менің өзім тіккен орамалым "мәңгілікке" саған адал жар болуға "ант" жазылған кестелі сөзі!-деді. Жүрер алдында, құшақтасып біраз сүйіскен соң, мауқы басылып, даладағы дайын қарындаш арбаға қатар отырып, ауылына бет түзеді.

Ауыл өте алыс емес, қыр асып түссе ғана болғаны. Қатты желісімен, кері байтал ауылға кіргізе берді, Жеңіс көрсетіп, үйіне жақындай түсті. Балжан енді жаю баруға тілек білдіріп, Жеңістің қасында, үлкен албары бар, қоржын үйге келіп, албарға кіре бергенде, алдынан дауыс қылған анасы шығып: Қос құлыным!-деп, беттерінен сүйіп құшақтап, сағынышын баса алмады. Ауыл адамдары екі жасты қоршап алып, қыз-келіншектер, бірден Балжанның басына шалы тартып, алдына шымылдық ұстап, үйге кіргізуге бет ала бастады. Үй іші кең бөлмелерімен, кілемдер ұсталған, әдемі төсектермен, жинастырып Жеңістің бөлмесіне, атылас шымылдығы ұсталып, тамаша оюлармен безендірілген, үй іші кірсе-шыққысыз етіп жасалған. Әкесі Әлжан қуанышында шек жоқ, екі баласының беттерінен сүйіп, тойға қос биесінің семізін сойып, бүкіл ел-жұртын шақырып, құдайы беріп, "үйлену тойына" дайын етті.

Жиналмаған адам қалмады, жан-жақтан өнерпаз жастарда, қыз-келіншекте, сұлу киімдерімен жарқырап, тігілген

екі отаудың ішін орап алды. Тамаша асқақтаған әндер айтылып, түрлі ұлттық ойындармен, жастар легі толастамады. Нұрсұлу бастаған "Ән керуеніде" келіп жетті. Ол бұл оқиғадан хабары бар, Балжан ат шаптырып, хабар еткен соң, НКВД майоры Халықовты әдейі жіберіп, "қыз дауының" үстінен түсірді, естіген халық түгелдей Нұрсұлу мен Халықовқа қол соғып, жылы шыраймен қарсы алып, қуанысып қалды. Әкесі Әлжан: Бұл кісілер болмағанда "екі құлынымның" өмірі, ғайып болып, бұл өмірден кеткені еді, олар ешкімді айайтын жандар емес, зұлымдықпен атағы шығып, қыздарды "бодау" етіп, қатын қылып, өмірін күң етуге, бет түзеген, аюандар өз жасасын алды!-деді жиналған көпшіліктің алдына шығып.

Таңғажайып оқиғаны, естіген жұрт, бүкіл елді аймақтың бәрі, жайаулап-жалпылап, жинала бастады, лек-легімен келген халық толастамады. Кең көше бойына жиналған жұрт, алдына шыға келген, сұлу қызға қол соғып, көзін алмады, әсем киінген келбетін көргендер "Баянба" деп, қалды-ол Нұрсұлудың өзі болатын. Екі жастың үйлену тойын өткізуге "Ән керуеннің" ансамбілі келгенін хабарлап үлгірді. Оркестірдің тобы, қобыз үнімен салған "Гак-ку"әні Нұрсұлу мен Ақжарқын екеуі қосылып, шырқай түскенде, таң қалмаған адам болмады "бұрын-сонды" бұл құбылысты "болыс" заманында, ешкім көрген емес, дала төсіне кең тарап, ауыл аймақты "ән толқыны" алып, кетті.

Қайран қалған халық көздеріне жас алып, өткен өмірден жеген таяғы мен мұңын есіне алып, зарлы қобыздың үнімен, біраз жыласты. Жеңіс пен Балжан бейнесі көпшілік алдына шыға келгенде "Қыз Жібек пен Төлеген" құсап, оралған шымылдық келбетіне жарасып, ақшыл жүздері жарқырап, сұлу бейнесімен көпшілік назарын, өздеріне тартып алды. Уралаған жастар, шырқалған "жар-жар" әндеріне қосылып "ұмытылмас" той-думан әркімнің жүрегінен, орын алып, бақыт құшағында болғандай сезініп, бойларын биледі.

Ән арасында НКВД майоры Халықов: Енді осыдан былай, осындай "думан" екі жастың бірін-бірі тауып қосылуы "мәңгілікке" жалғасады, ескінің жолы "кесілді" келместей болып, шешілді, жаңа заң тұғырына орнады!-деді халықтың назарына баса айтып, құлағына құйды.

Той тарқап, отау ішінде тек өздері қалған Балжан мен Жеңіс қана болатын. Түндік жабылып, қара көлеңке орнаған, шымылдық ішіне төселген құс мамығы, Жеңіс қарулы қолымен көтеріп, Балжанды жұмсақ төсек үстіне апарып салды.

Өзіде сырт киімін шешіп, Балжанды аймалап, бауырына жылжытып тарта бастады. Жарының құшағына енген Балжан, мойнына оралып, бар денесін Жеңістің бойына ақырын беріп, ақшыл бетін, жылжыта түсті. Сүйіскен қалпымен, құшақтасқан бойы, қызу тартып ала жөнелді, сол жатқан кезінен, бойларын жазбай махаббат әлеміне шолый берді, таңды атырып, күн шыққанша, дамылсыз қимылдары, балкумен тиылды.

Қыздың атастырған күйеуі Сағынай ішінде ескі шаңырақта отырған, жалғыз бала болды. Кейін атастырған күйеуі өліп, қыз шалға қарайтын болған соң, бата бұзылмасын деп, Шәкібайдың тілегін емексіткен, Жармұқан: Қызым теңіне бармай, кемдікке кететін болды!-депті.

Оның жесірі үшін қалың малы көп беріліпті. Шәкібай өзінен тағыда қыздың қалың малын алыпты. Көпшілік осы жайға, айырықша қадалып, кейінгі кезде, не алғанын түгел білді. Рас, алған малға орай, көп ұлдың ортасындағы, жалғыз қыз және жасы жетіп, отырған қызды, әкесі ырзағып, жөнелтемдеп басына көтерген алты қанат ақ үйден, басқа жабдықты да мол қамдапты. Қыз жасауы жиырма бестен екен. Түркістаннан әкелінген, жүз қойлық жібек кілем, қос сандық, қытай жібегінің кездемесі асыл ішік, қима атылас шымылдық, көйлек-кеншек, дастархан ыдыстары. Биіктеп кестелеп үйілген, көрпе-жастық, жұмсақ мамық, төсек көрпелер қаншама дерсін сірескен. Бұл дүние "қыз жасауы" деп, Жармұқан берген малдың молдығы!-деп түйіндеді.

Пәле басы осындай, көп мүліктің дауы болғандықтан, кейін содан туған барымта шабуылдың, айдап қуған, жылқысыда аз болыспайды. Қай жағы болсада, есем кетпесін деген егеспен, атшабар атанған, барымташылар тыным көрмеді. Қара сойыл мықтысы, қарапайым жігіттердінде құлшына кіріскені аз болмады. Барлық аңдысқаны "қыз дауы" болды. Нұрбибі өз қолымен, аудандық милиция бөліміне берген арызы, сүйген жігіті Мұқтардан басқа жан адамға сездірмегені, ойында тұрды. Жиналған топ, "құдалар" жайласып, Шәкібай күйеу, ішінде төр бөлменің кең төрінен орын алып, бастап келген, өзінің туысы қарт Дәуренбек, еңкейіп қалған, құныс жаурынды, төртпақ келген, қазымыр кісі шешендік танытып, сөйлеп отырды.

Төрдің екінші жағында Жармұқан ауыл адамдарын таныстырып, құдамен алыс-беріс жағыдайын сөз етіп, белді кісі, көпті көрген Мырзағұл сөз саласын құдаларға беріп, тыңдаумен болды. -Олар бірінші қызды көруге асықты. Ағасының үйінен Нұрбибіні Жармұқан әкесі алғызып, қоршаған қыз-келіншектермен келіп үйге кірді. Басында камшат бөркі бар, құлағында үлкен күміс сырғалары, шағын шапан киген, ұзын бойлы қыз келді. Қара сұр бойжеткен, құдалар үстіне батыл басып, салмақпен кірді. Анасы Балапан ере келіпті.

Әуелде, Нұрбибі қызды көруге анталап, келген кәрі-жас үй ішін кернеді. Нұрбибінің меңсіз, ақаусыз тап-таза қара сұр жүзінде, үлкен тұңғиық, қара көздері өзгеше екен. Ойлы оты бар, нұрлы көз. Ұзын жиі кірпіктері, көзінің онсызда, үлкен қарашығын, қоңыр көлеңкелендіріп, әсіресе тереңдетіп, көрсеткендей. Қырлы, көтеріңкі мұрынның аз дөңкілі бар. Жұқа еріндерінің екі шетінде, сәл ғана көлеңкеленіп, төмен созылған, бір кірбең бар.

Бұл ренжігіш, немесе көп, мұң, мұңдап қалған жас, жүздің ішкі шерін танытады. Біраз, Нұрбибі үнсіз жүзі, мұңшыл сыяқтанса, сөйлегенде аппақ, мінсіз, кесек тістері көп ашылып,

аксия көрініп отырады екен. Бұл ажары, қыздың пішінін ашық шыншыл, көрсетеді. Жарқын келбеті, қыздың қызығы мол жандай танытады. Әр сөйлеген кезінде, Нұрбибі жүзі күлермен тәрізденеді. Сауықшыл, көңілі тоқтауда тұрған сияқты. Осы іске кіріскеннен бастап, өзі аз сөйлеп, өзгелерді көп тыңдауға, бейімделген Мырзағұл бұл жерде де ол әдетін бұзған жоқ. Қызға біраз үнсіз, салмақпен қарап отырып, өзінің білмек жайларын айтты.

Нұрбибі қызым! Жүз көріскеніміз жаңа болғанмен, мен сізді, бала күніңізден бері, біліп келе жатқан ағайындаймын. Жайыңды көп есіткенненғой!-деген де, Нұрбибі әуелі күрең тартып, қызара түстінде, ұяла күлді. -Арызыңды естідім. Сондағы сөзің сөз ба? Әуелі осыныма жауап бер!-деді Мырзағұл.

Нұрбибі бұл сөзге аз қабақ шытып, тез шымырлағандай боп қалды. Мырзағұл аға!-деп, үлкен тұңғық көзінде, намыскер ашу білініп,-менің сөзім-сөз, дегенімнен айнығаным жоқ!-деді. Кесек ақ тістері, ашыла көрініп, жүзінде тағыда, күреңіткен қан ойнады. Мырзағұл аңырап қарап қалды. Нұрбибі кетпеді. Жаңағы көз жасының артынан, енді бір ызалы намыс келгендей. Сөздің қысқа болып, бұрынғы ағайын талқысынан, жеңіл біткеніне таң қалды. Мырзағұл алды бұған, жанашыр адам, алдында кең сыяқты. Соның бәрі қосылып кеп, Нұрбибінің соңғы бір сөзін айтқызды. Түйіліңкіреп, жазылған қабағында, мұңды ашуда бар. Бұрын бұзық ой мен де жоқ еді. Жалғыз ой, удай ащы ой кейін пайда болды.

Ол: "Шәкібайдың кеуіп қалған, шалдың үш қатынның бірі боп, бармаймын"-деді қызда өз ойын. Ол-ойымнан, қайғыменен, қиналғаным сонша, бүгінде мен тірі жүрмін деп, жүрген жоқпын. Осы аз күн ішінде, өлім мен тірліктің, дәл ернеуінде тұрмын. Шал сипаған етімді, құрт жесін деулімін. Мынау Жыландының тұңғық қарасуларына, күнде қараймын.

"Менің көрім, өзеннің түбіннен табылар!"-деп, қараймын. Шәкібайға кеткенше, осы судың бір тұңғығы бұйырсын!

Барым осы-ақ!-деді. Қыз жүруге айналғанда, ол өз ойымен қатып қалғандай. Тек үнсіз ғана бас изеді. Қазір Мырзағұлдың көз алдында, жаңағыдай сымбатты, сұңғақ бойлы, сұлу қыздың, асыл денесі, терең суға батып, бара жатқандай, елестей берді. Үнсіз тұңғиық терең қара су қатты шалп еткен тәрізді.

Соның түбінде, қыз Нұрбибі кетіп бара жатқандай, көрінді. Лаулаған кең дүние тар болғандай, секілді. Жан ұшырған қыз бейнесі, өлім мен өмірдің арасында ауытқумен толды. Сүйгені Мұқтарда қасында бола алмады. Жан ашыр, ақыл досы болмады. Асау толқын, құйындай су бетінде ойнап, дамыл таппады. Жағаға шығып, сарт-сұрт еткен, дауылдың әсері басылар емес. Су ойнағын, құбылтып жолатпай қойды. Көбігін шашып, алыс-жақынды парлады.

Дүлей соққан, табиғат құбылысы, аспанды бұлт басып, нөсер жауынның құйыны, жер бетін басып, су ағызып үлгірді. Жауыннан кейін көк майса, шөптерде бүкіл аймақты алып, көгеріп шыға келді. -Шіркін! жаңарған жер жанаты, қайта түлегендей болып, малдың өрісі жақсарып, қалды. Мырзағұл: Дауренбек мырза! айтар сөзің бар ма, қыз мұңын тыңдаған боларсың, ақылға келіп, байыппен шешу керек!-деді. -Біз қашанда, бір алланың жолымен, жүрген адамбыз, "асыл сөз айтып, ақылымыздан адасқанымыз жоқ" Шәкібайдың төсек жаңарту керектігін, айтып өтіп, бүкіл мал мүлкін қыз жолына аямай, Жармұқан құдаға бергенін, сенде өз көзіңмен көріп, бергенде мол беріп, үйірімен толтырды емес пе? Енді айнуы қалай деп, зілді сұрақ тастадым!-деді Дауренбек. Құнан шығар жылқының бәрін әкелді!-десті отырған Дауренбек жағындағы шүмейттер. Қыздың шешімі әлгі. Байлыққада басын бұрмады, өз өмірін сақтады. Сол үшін түйінді сөздерін айтып салды.

Нұрбибі отырған қыз, кемеліне келген қыз болсада, ақылмен шешіп, әрбір қадамын, байсалдылық танытты. Дау-жанжал, тартыстың аяғы созылып, Дауренбек шешіліп, кіріскендей ынғай танытып, ашулы қабағының, сұр жүзі, көз қарасы, аларып шыға келді. Дауренбек : Біз берерімізді бердік,

бітістік, енді алып алар өздерінде, уәдені бұзып, бойларыңды сырқа салып, Жармұқанның отырғаны мынау, айтсандар кесіп айт, шешімін беріп айт, бізде бір елміз, ата-баба қонысында тұрған, тұрақты елміз!-деді.

Қашаннан "қыз дауы" оңайлықпен шешілмес, қалың малды бір берсек-екі бердік деп, бетке ұстап, қайталаумен болды. Дауренбектің көз қарасы ұясынан шығып, келте мұрынының үстінен тер шыпшып, орамалымен сүртіп, есіріп қояды. Денесін тер басқан, ыстық кеудесін ашып, жалбағай шапанымен, бас тақиясын шешіп, қасына қойды. -Үй іші төр бөлме, қанша кең болсада, тарылып тұрды. Екі жақ бір мәмілеге, келер емес. Мырзағұлда сөз санабын аямады, бетін қайтарып, Дауренбекке бар пәлені жауып, сөзін басты. -Ашуға булыққан Дауренбек қалайда, қыз біздің жесіріміз деуге басты. Ол енді біздікі, құнын төлеп, құтылғанбыз егескеннен ештеңе шықпайды, бір түйінге келіп тоқтау айтылды.

Мырзағұлда сөзін қайтарып, әурешілік жасағанмен, іс бітпәейтінін жеткізді, ар-ұятты сақтау деген сөзбен тынды. Ойыс дүние, беті оңалмай бақа тірес, сіресіп бақты. Құмды шөлайт жердің, бір жұтым су-ай деген кездері, аспан айналып жерге түскендей, ыстық басқан аймақтың, сұлтаны болсаңда, ауыз күймейтін етіп, шешімге келуін айтқан, Мырзағұл сөзіне Дауренбек ыңғай танытпады. Есіре сөйлеп, есінді алды. Құмай тазы құсап, аң соңынан қалмады, олжалы боламын деп, тырысып бақты, қызыққан қыз денесі алыста болды. Айыптылар мың төңкеріп, істі қиындатып, дамыл таппады. Сыбағалы сөзге тоқтамады. Іштері күйіп, дән байлықты бос жібермеуге бекінді. Сұрапыл соққан дауылдай, сөз алыбын кесектеп тастап, бет қаратпауға айналды.

Ол кезде Мұқтар Шәуілдір аулынан атты жігіттерді жинап, Нұрбибіні құтқаруға, асықты. Кешкілік -түн ауа, ел-жұрт ұйықтаған кез болатын. Нұрбибі өзі хабар жіберіп, үй алдында жасырынып, шығып тұруды ескерткен. Ізін білдірмей, ақырын қасына бір жігітті ертіп, Мұқтар Нұрбибі үйінің

ауласына келіп тоқтады, қалғандары ауыл шетінде күтті. Жарқырап шыға келген Нұрбибіні, бірден құшақтап, көтеріп алып, атының алдына отырғызып, жан-адамға сездірмей, ауыл шетіндегі қара жолға бет түзеді. Күткен топ, бірден Шәуілдірге тартты. Екі жарылып тұрған, ел тобы бұл күнде, қаперсіз емес. Шапқылап кеп, күзетіп жүрген аттыларда мол. Мұхтар бәрін білдірмей, сан соқтырды, Нұрбибіні ажал аузынан құтқарды, әйтпесе қыз өз-өзін өлімге біржола, басын тіккен еді, бақытты қос жүрек бірін-бірі тапты. Қымырайған Дәуренбек мысқылдап сөйлеп, Мырзағұлды сөзден жеңуге тырысып, байбалам салып, жұрт берекесін алды. Ұятың қайда?-кәрі сақал бітседе, жөніне сөйлеуді, қоймағаның қалай, ешкі құсап, тал жапырағына жабысып, қыз бейнесін айтып, көз алдыңа елестетіп қойғаның қалай? -деді Мырзағұл. Әлде сондай ортадан шыққан, адамсың ба?-десті.

Мұхтар жас болсада, адам мінезін жете танығыш, көңілі жүйрек жігіт. Және өз бойын ұстап, бір соққы пәлені, қайсарлықпен көтеріп, кетер қайраты бар жігіт. Шәуілдірден шыққан жас атқамінердің ең елеулісі Мұхтар өзі болып қалғанды. Нұрбибі қатты сүйді, онсыз өмірі сарқылғандай, көрмесе тұра алмайтындай болған-ды. Мұхтарды сүйген жарым деп, ойынан қалт жібермейтін. Енді міне бір-бірімен табысты.

Нұрбибі бойын қорқыныш билеумен болды, олар қуып келуі ғажап емес деп, топшылады. Тез қалаға кетуге, болмаса Нұрсұлуды Қамысты бойынан тауып алып, кездесуге асықты. Мұхтар қос атты дайындап, таң біліне жолға шықты. Үлкен үміт күтіп тұрды. Жағалай өскен кең алқапқа жайыла шыққан, ақ бидайықты басып, таза ауаның толқынымен, сағым қуалап, жел бағытымен желіп келеді, бойларын қуаныш билеген қос жүрек соғысы, шыдатпай Нұрбибіні құшақтап, жанасалап ат үстінде, бетінен сүйіп қояды, жас жігіттің қызға деген сағынышы, бір сәтте толастамады, үйлену ойында болды, айтылмай қалған сыр болып, қала берді. Ұзаққа созылған

тартыс бір мәмілеге келе алмады, қыз ағасының үйінде деп, жорамал жасап, отыра берді.

Күзеттегілерде қыздың шықпағанын, айтып үй ішінде деп, иланды. Дауренбек өзінің істеген оқиғаларын сөз етіп, мысалға келтіріп байлам жасады. Мен бұдан бұрын Көбікті ауылынан бір емес, екі бірдей, оң жақта отырған қызға құда түсіп, алым-берімді өзім басқарып, қатын үстіне айттырып, ұзатып әкелгенім есімде, бірақ онда, сөзге тоқтап, ақыл-оймен шешілген. Қарсы айтар бүркеу болмады. Қыздың өз кемеліне келіп, отырып қалғанын, білген ата-анасы қарсы болмады. Қайта қызым: Жыламайтын, тұрмысы бар шалдың, етегінен ұстағанын жөн көрдім!-деді. Қызды бүкіл ел жиналып, қоштасып тарады.

Жаман болған жоқ, екі қызда шал қойнына жатуға, өз тағыдырым деп, шешті. Айтып болған Дауренбек Мырзағұлды жаратпай, теріс айналып жүзін жасырды. Ақымақтың ісіне не дауа!-деген Мырзағұлда оны адамсынбай сөзін басқаға бұрып, әңгімесін жалғаумен болды. Бәріде Мырзағұлдың сөзін қоштап, оның адал ниетіне сенді, қыз әкесіде, айтқан шешімімен келісіп, орындап отырды. Дауренбек сабасына симай, ашу шақырып, біз некеге жиналғанбыз дегендей, уаз айтып, жұрт назарын өзіне аударуға тырсты.

"Тоғыз ауыз сөздің-тобықтай түйінін" айтқанымыз жөн, құбыла тартпай теріс қарауың, ошақ басындағы қатындар құсап, бөлісе алмаған шек-қарынның піскен етіне өкпелегенің айтуға ұят!-деді Мырзағұл бойындағы қайратын өзіне тартқандай болып, қозғалып қойды. Іс мұнымен бітпеді, барымта мал, сөздің басы болып бекіді. Қанша болсада, қайтарар деген сөз аяғын, қайталаумен болды. Тырысып бақты сөз тарабын мол тастады, кесек-кесек айтылып иі қанды. Әр нәрсені сылтау етіп, болған оқиғаны жайып салып, екі қыз бақытына, мысалдап келтіріп, солай болғанын, қалауды ұнатты.

Дауренбек сөзі, шешендік тілімен жеткізе сөйлеп, Жармұқан құданың қарсы болмай, екі табын жылқыны алғанын кесіп айтты. Бұншама бергеніміз, айтулы қыздың қатын үстіне келгенін қалаған едік!-деп сомдығып, сазына келтіріп жатты. Айтылған ойы мұнымен бітпеді, күмілжіп сөйлеп, күңкілге басып, дауысын шығарды. Алай-түлей ойлар айтылып, аспан әлемінің құлпын ашқандай, құпия сөздің қызуына басты. "Оқыс істің-опасыз қылығын" жеткізіп үлгірді, не ойының барын ұғысқан көпшілік, бір-біріне қарап, Дауренбек сырының құпиясын бақылаумен болды. "Адал ниет-атамыздың жолы" деген сөзі, бетіне қалды. Ақылға көніп, байсалдылықпен шешуден бас тартты. Опасыз қылықтың жолын іздеді, болмаса зорлықпен деп салды.

Анталаған қарулы қол, жұлып әкетуге, дайын тұрған, бас кесерлер болды. Сөз сайысын өзі бастап, көпіре сөйлеп тоқтамады. Құлан қашты, кейпін жасап, ешкімге сөз бермей, "өзі айтып-өзі пішті" сұм дүниенің құлағын ұстап, көп малына іші күйіп, орнында отыра алмады. Бір тұрып, бір жүріп ақылсыз адамның кейпін көрсетіп, сиын кетірді, аузынан шыққан сөз, тұрпайы болып, ақ көбігін шашыратып, бура құсап, маңайын ластап, аузындағы толған көбік, сөзімен ілесіп, тарала берді. Айтқан сөзге, дүрке түсіп, қарысып бақты. Мырзағұл: Бұлай шешуге болмас, Дауренбек сен өз жындылығыңды, өз жерінде жаса, біз мұндайға жол бермейміз, асау тұяқтың жындылығын қағып алуға күшіміз бар, сасатын біз емес, әліде екі елдің ағайын арасында, қылау болмауын күтіп отырмыз!-деді.

Бұл сұмдық! ешкім білмесін, айтарға сөзім жоқ!-деді үй иесі Дауренбекке қарап, ыңғай бермей, ашулы кейпін сездіріп. Әлден соң ас беріліп, көңілдерін басты. Жайма шуақ жаздың ыстық лебі, бәрінеде тиді. Шапандарын шешіп, жеңілденіп бойларының терін басты. Аспан ашық, бұлтсыз ауа толқыны, баюлап соғып қояды. Жауыннан кейін жер нысаны қою көк

майса шөппен, ауыл маңын орай түскен, жазық даламе ұштасып, дөңес бауырына дейін созылған.

Қара жолын жауын суы басып, шаңы тұнды, қолайлы жүріс жаңа туды. Көк жиек, ауыл өзенінің сағасын орап, жалпақ су дариясын көмкере түскен. Асау толқында байқалмайды, тынық жел, мөлдір тартқан су бетінің сылдыры, жарқыраумен күмістей болып, елес қағады. Айдын өзен бетінде "қос аққу" жүзгелі біраз болды, қаңқылдаған назды үні, бүкіл дария бетіне естіліп, көз тартады сәулесін суға беріп, күмістей жарқырап, аппақ жүзімен дала өңірін әсемдеп қояды, бұлда "құс патшасы" екендігін паш етіп ауыл жұртына, сый көрсеткендей сезінесің. Сары толқын сағымда, кең алқаптың көрнісіне мәз болып, көк жиекпен ұласқандай жымдасады. Шалқар өзен бетіде сағым салған дария толқынына ұқсап бағады, қызықтырады. Нұрсұлуға жолығып, барлық болған жағыдайды айтып, тез істің басын басуға, алдынан торып ұстауды жеткізді.

Нұрсұлу: Сендер енді ештеңе ойламаңдар, сенің арызың бойынша ауданның қарулы тобы, таң біліне сол ауылды торлап, барғанын жеткізді, бізбен оқуға барсаңдар, мына тізімге жазылып, баратын уақытын хабар етемін!-деді. Екі жас Нұрбибі мен Мұқтар қалаға барып білім алуға дайындалып жатты, оған дейін "үйлену тойын" өткізу белгіленіп, екі жақты ата-анасы балаларының мұндай бақыты болуын көремдеп, ойламап еді, енді міне сол бақыт "мәңгілікке" орнап, бүкіл ауыл адамын дүр сілкіндірді, сұлу – ақылды "келінді" көргендер, таңтамаша қалып, сөз айтумен болды. Бірнеше отау үйлері тігіліп, той думанға қос ауылдың жастары жиналып, ән шырқады, артынан биге ұласты.

"Қыз дауы" сұйылып, екі жақ келісе алмай, жиналып жатқанда үстінен түсті. Дауренбек ойы өшіп, ойлағаны іске аспады. Құлаң жүздің құйрығын ұстаған, сазды батпаққа батып, өзін ел ағасы етіп, көрсеткісі келген, шалдың түрі, адам танғысыз, құпия нысанның ыстық суына күйіп, батпақтан

аяғын ала алмай, жан түршігерлік кейіппен, жүре бергенде, кісен салынып, дәуірі біткенін бірақ білді. Жанына маңайлап, араша түсер ешкімде болмады. Алай-түлей дағыдыр тәлкегі, оны жауаптап, екі қыздың обалына қалғанын, бетіне басып, Нұрсұлу арнайы адамдармен барып, екі жас қызды шал қойнынан суырып алып, бостандыққа шығарып, өзімен бірге қалаға баруға, шешім етті.

Олар: Сабира мен Нұрсәуле болатын. Әке мен шешенің момындығын пайдаланып, Дауренбек зорлықпен, екі шалға қосып "қалың малды" өзі пайда еткен. Қуанған ата-ана, жайаулап келіп, қыздарын сағынып, көрісумен бүкіл халықты жылатып, Сабира мен Нұрсәулені бауырына басты. Екеуіде әлі жас, Дауренбектің сұрқия- өтірік, озбырлығымен қақпанға түсіріп, екі шалдың жылқысын алып, пайда тапқан. Нұрсұлу бұларды арнайы көлікпен, ауылына аттандырды, өжет қыз Нұрсұлудың бұл ісіне риза болған халық "қазақтанда мұндай-керемет қыз туады екен"-десті. Бүкіл ауыл жұртына жетіп, ұсталғанын естіген Нұрбибі мен Мұқтар қуанып, енді міне қатерсіз өмір сүруге болатынын жеткізді. Нұрсұлу Қамысты бойындағы, көп ауыл Көкпекті аймағына бас тіреді. "Ән керуенін" естіген қалың жұрт, Көкпектіге бүкіл ауылдан жиналып, ағыла бастады, ән десе қазақ жұрты, бар шаруасын қойып, әнді сағынышпен тыңдауға ұмтылатын, толастамаған халық көп жиналды, қайғылы мұңында айтқысы келді. Әлден соң, Нұрсұлу жұрт алдына шыға бергенде, жылаған ана дауысы, бөліп жіберді. Үстінде жалаң шапан, басында қоңыр-қара орамалын сыпырып тастап, Нұрсұлуға жақындай түсті.

Ажары таймаған, егіде әйел: Мен кеше ғана қос құлынымнан айырлып, Балжібек пен Нұрбаладан, тапа-тал түсте, атылар тобы, өз шаруасымен жүрген қыздарымды, үйдің маңынан ұстап алып, атқа өңгеріп алып кетті, жаюлап жете алмай, дауыс қылып қалып қойдым. Айтуына қарағанда Шадыр деген бастап "ұйымдасқан топ" халықтыңда жалғыз күн көріс сиырын айдап әкетіп, сондағы Қамысты көлге тығылатын

көрінеді!-деді көзінің жасын былаудайғып сүртіп, егілумен болды. Екі қыздың анасы Сайран апай болатын. Естіген басқа ауылдың адамдары жағасын ұстады. Нұрсұлу Сайраннан қай ауылға барғанын біліп, Халықовқа жеткізді. Ол кезде қарулы топ ат үстінде болды. Біраз жүріп, үлкен дөңестен өтіп, Шатқалды басып, жалпақ көлге ат тіреді. Қалың қамыспен, жиек тартқан, кең аймақты алып жатқан, көлдің шеті көрінер емес, ішінен тірі жанды табуда қиын.

Атылар бірден жағаны сүзіп, жапырылған қамыста, малдың ізін байқап қалды, басқа жерде қалың қамыс ішіне кірер ауыз болмады. Міне осында!-деді біреуі. Жан-жаққа көз салып, қамыстың ішіне кіре бергенде, жалғыз аяқ жолмен, көл суына жақындай түсіп, жағаға балшықтан соққан "жапа" үйді көзі шалды. Халықов тез қоршап алуға бұйрық етті. Маңайында қамыстан қысып жасалған, ұзын тұрақ кертге байланған, жылқы тобыры бірден көзге түсті, едауыр жерде, мөңірегген сиырлардың табыны байқалады. Халықов тапаншасымен бірекірет үстерінен асыра "гүрс" еткізді. Шошып шыққан топ, естері кетіп, бірден қолын көтеріп беріле бастады, Шадырдың қолына кісен салынып, бүкіл малдың бірін қалдырмай өздеріне айдатып, қалың жұрт алдына әкеліп табыс етті. Халықов Шадырды алып, екі шалдың ауылына тартты. Шадыр бірден Балжібекті берген шалдың үйін көрсетіп, ауласына ат тіреді. Қоржын салынған, бірнеше бөлмелі кепе үй, үй іші қара көлеңке, төр бөлмеде қоржия отырған, сақалы беліне түскен, қолында ташпиығы бар Құмаш шал: Бұл кімдер?, Қай ауылдың адамысыңдар?-деп дүре сөйлеп, ыңғай бермеді. Шадыр: Мен Шадырмын!-деді. Сен тағы келдің ба? аларыңды молғып бергенмін, енді жөніңе кет!-деді шал Құмаш ашуға булығып. Жоқ! Біздің сізде шаруамыз бар!-деді Халықов, Құмаш маңына, төрге жақындай түсіп.

Сен кім едің, қазір менің намаз уақтым, мазамды алма!-деп Құмаш атып тұрып, жай намазын алып, қолында ташпиығы, басқа бөлмеге бет бұра бастады. Халықов дауысын

шығарып: Біздің сенімен сөйлесетін уақытымыз жоқ, Балжібек қыз қайда?, мынау Шадыр Саған әкеліп, жас қызды қатын үстіне қойныңа салған көрінеді, соны тауып беріңіз!-деді. Жоқ! Мен оны тауып бере алмаймын, жөніңе кетіңіз, Шадыр сен қандай ақмақсың, бөтен адамды бұл үйге жолатпа-деп ескерткенім қайда,бірге алып кет,тез кет!-деді шал Құмаш. Ақсақал! сіз көпті көрген,көнегесіз бұлай айтуың дұрыс емес,қызды таппай біз қозғалмаймыз, тез табыңыз!-деді Халықов, сырт киімін шешіп тастап, мен органның адамымын деп, сөзін жалғады. Жарқыраған пагонын көрген шалдың бірден есі шығып, ауыз бөлмені көрсетіп "ымдай" берді. Тез барып, шашалдағы ыңылдаған қыз дауысын естіп, құлыпты бұзып, іштегі Балжібекті алып сыртқа шықты. Боюдай болған қыздың көзі жылаудан ісіп кеткен, әдемі түрі күрең тартып,сола бастаған. Балжібек енді жылама біз әдейі сені құтқару үшін келдік, қасындамыз Нұрбаланы табуымыз керек!-деді Халықов. Балжібек бірден ыршып түсіп: Мынау оңбаған бізді алып қашып, шалға әкеліп, малды пайда еткен нағыз жауыздың өзі, бұл қайдан жүр сізбен!-деді.

Мен әдейі сендерді қандай үйге әкеліп, бергенін көрсету үшін ертіп әкелдім, ол бірінші жауапты адам, бәріде өз жазасын алып, қамауда ұстаймыз!-деді Халықов. Балжібекті алып, Нұрбала тұрған үйге келіп айалдады. Іште ешкім болмады, тек соңғы бөлменің есігі қатты жабулы, есігін бұзып ішке кіруге тура келді. Есікті бұзып ішке кіре берген босағада, талықсыған қыз денесін бірден байқады. Төсек бәрі шашулы астан-кестеңі шыққан, қызды зорлап шал Бажіке, түнімен алысқанға ұқсайды, қалжыраған қыз, есі кетіп, әлінен айрылған, Балжібек жылап, Нұрбаланы құшақтап, бауырына қысып, егілумен болды. Әлден соң,есін жинап, Балжібекті көріп, көрісіп қуанғанынан атып тұрып, үйді тастап далаға шыға келді. Шал қашып үлгірген, артынан қуып жетіп, қолына кісен салып, жиналған ауыл жұртына жөнелтті. Жалаң бас-жалаң аяқ екі шалды, Шадырмен қосып, ат бауырына алып айдап, алаңға тоғытты. Көрген халық

"ұятсыздығын" бетіне басып, бетіне түкірумен, опасыздығын айтып, табанға салды. Халық түгелдей жоғалған малын алып қуанды. Сайран қыздарымен қауысып, қалың жұртты зарлы дауысымен, уайыммен өткен күндерін өлеңге қосып, жылатты.

Нұрсұлу қыздарды құшақтап, енді қайтып келмес деген тоқтау айтып, оқып білім алуына шақырды, енді өз бақытын өздері табатындай пікір білдіріп, анасын қуантты, сұлу жүздері бұрынғыдай болып, қалыптаса бастады, Нұрсұлудың маңынан шықпады. Қараңғы түн. Жауын жауып, жаңа басылған. Шұбаркөл ауылы, көл бетінен орын тепкен, көлемді аймақ. Көлдің арғы беті мен бері бетінде, қоныстанған үйлер тізбегі көрінеді. Жазық дала. Өріспен ұштасып, қалың шөптер, қуалай өскен, жотамен жалғасады. Жиектеп өскен қалың құрақта осы жерде. Айдын көлде, бала бесігіндей, ортаға нышан тартқан. Күн сәулесі, дамылсыз түсіп, су бетін күмістей жылтыратып қояды. Суға түкен балаларда осы маңда. Жендеттер мекеніне айналғаны біршама болды. Олар атымен түні бойы жатпады. Ашу қысып, әптен құтырынып алды. Құрығын сермеп, қызға тап беріп, ауыл адамын ығыстырып "алып қашудың" жолын ашты. Ауыл адамдары ашынған соң, қарсы тұрып, аттарынан жұлып алып, ұйымдасқан топқа қарсылық көрсете бастады, қорғану керек болды. Қарсылық кезінде, төбе жақтан келе жатқан, ат тұяғы естіліп "дүрсілге" ұласқаны байқалды.

Ауылға кіре берісте, жоғарыдан атылған оқ дауысы естілді. Бұл қызыл жағалылардың дабылы екен. Қауып тіпті жақын, төніп қалды дегендей, жендеттер тым-тырақай қашып, біреулері көл жаққа, жиекті жағалап, екіншілері ауылдан жоғары дөңес бөктерін бетке алып, қаша жөнелді. Қорқып естері шыққан жендеттер қарасын өшіріп тынды. Бұл бір емес, қоқан-лоқысы, көптен өршіді. Жетім қыз Нағима солардың қолына түсіп, алып кеткені, ауылдың есінде болатын. Нағима айтулы қыз еді. Әкесі ерте өліп, анасымен шетте тұратын. Жендеттер үйін қоршап алып, сүйретіп алып шығып, атына көлденең салып қашқаны, әркімнің ойында қалды. Қарапайым

халықтың дәрмені болмады, анырап босқа қалды. Сол кеткеннен, малы көп шал Мұқанға әйел үстіне апарып кіргізді. Берген жылқыны бөліске салып, өздері емденді. Құтырған иттер құсап, жемтік іздеп, малды ауылды аралап, қолайлы адамдардың қамын ойлап, қызды ауылға шабуылын тоқтатпады. Осы жайтты естіген "қызыл жағалылар" келіп бас тірегеніде сол еді. Тасаға тығылып, бойларын жасырғанмен, жағалай сүзіп, бәрінде қолға түсірді.

Нағима жылаумен күн өткізді. Кешкілік қамап ұстаған қыз бөлмесіне кіріп, есік -терезені мықтап бекітіп, Мұқан қыз қойнына жатуға бекінді. Айла-тәсілдің бәрін істеп бақты, түк шығара алмады. Қыз: Егер айланды асырып "абыройымды" төгетін болсаң, осы қолымдағы пышақпен, өз өзімді бауыздап өлтіремін, сенің басың "мәңгілік" түрмеде шіритін болады!-деді ашуға булығып. Нағима өте сұлу, қыздың ақылдысы болатын, қамаудан қашып шыға алмады. Ауыр денелі, төртпақ келген шалдың күші әліде қайтпаған қалып көрсетіп, қыз төсіне жақындасада, Нағима өзін қорғаумен алысты, беріспеді. Мұқан ертеңіне, ауылдастарын шақырып алып, ішінде білгір Тымақпайды бас етіп, бар малын алдына салып, қыз аулына барып, туған анасын көндірмекке қадам жасап, аттанып кетті. Көшкен ел құсап, ағылған көлік пен айдаған жылқы, өзінше бір табын, қыз аулына барып аялдады. Тымақпай шешендік танытып, шет жақтағы оңаша үлкен үйге кіре берді. Малдары сыртта, бағымда айалдатып күзетумен болды. Аяғын шешіп, қасындағы қошшыларымен төр бөлмеге, барып жайғасты, қасына келер жан адам болмады.

Тек ыңырсыған басқа бөлмеде жатқан, әйелдің барын білді. Тымақпай жеңілденіп, бас киіміне дейін шешіп, анасының бөлмесіне бас сұқты. Қалын сұрап, жайылған төсектің шетіне барып, отыра кетті. Шешендік танытып: Біз Нағима қызыңыздың барған жерінен, әрнайы құда түсіп, сізге әкелген үйір жылқыны, тек өзіңе табыс етуге келіп едік және анайы сізді қонаққа шақыруға келген бас құданың өзімін!-деді

Тымақпай. Анасы Салима жалма-жан басын жастықтан көтеріп алып: Сендерді түгел құдай ұрсын! Тез қызымды қайтарындар, болмаса бастарыңды түрмеге шірітемін, әкелген малыңды қайтып әкет, тез үйімді босат!-деп зекіді. Тымақпай сасқалақтап: Сабыр етіңіз, қызыңыз жаман жерге барған жоқ, "ішіп-жемі мол" күйлі адам, мені әдейі сізді әкелуге жіберді, мынау алдыға салған қалың мал, қабылдаңыз!-деді.

Салима орнынан тұрып: Сендей лағнат адамдардың жер бетінде жүргені керек емес, бір құдайдың өзіне салдым, кетіңіз үйден!-деді ашулы дауысын шығарып Нағиманы ойлаумен, бойын уайым-қайғы басқан, Салиманың түрі өзгеріп, бұрынғы қалпынан әптен айрылды.

Тымақпай жағыдайдың беті бері қарамайтынын бірден түсініп, есікті ашып шыға берді. Сау еткен "қызыл жағалылар" Тымақпайды ұстап, Мұқанмен бірге түрмеге жөнелтті. Нағима өзінің киімдерін киіп, тездетіп арнаулы көлікпен үйіне тартты. Сағынған анасы Салима жаюлап, алдынан шығып, қызын күтіп алды. Қуанған анада шек болмады, қызының амансау құтылғанын көріп, көңілі өсіп, шарықтай берді. Ауыл адамы жиналып Нағиманы көріп, уанды. Нағима ашық сөйлеп: Барғаным болмаса "өзімнің абройымды сақтадым" күн алыстым, түн алыстым, ешқашан берілмедім, өз сүйгенім барын ескерттім. Салима: Қызым бақытты бол, өз сүйгеніңе қосыл, алланың бізді бір аяғаны ғой!-деп көзіне жас алып, біраз жылады, көршілері қоса жыласты.

Нағима: Апа! жылама, мен Нұрсұлудан хат алдым, "Ән керуенімен" қаладан келіп, ауыл біткендерді аралап, концерт қойып, қазақ қыздарын әкетіп, оқуға түсіріп жатқан көрінеді. Қыздарға есік ашық!-деп барлық оқу орындары хабар еткен, менде сол оқуға, мұғалімдікке түсемін!-деді. Анасы Нағиманың ауыл мектебін, өте жақсы бітіргенін, көпшілікке жеткізді. Бәріде таңырқап, өте тамаша!-десті. Нағиманың сұлу жүзіне, айтқан орынды сөзі, бар ақылның сырыда осында екенін білді. Нағима жасынан өте шебер, өз көйлегін, камшат бөркін,

қималы желеткесін, мүсіндейғып, өзі тіккен. Сол киімдерін дайындап, барғасын киюге ыңғайлап қойды. Нағиманың сұлу жүзі, сымбатты келбеті, жігіттердің арманы болып қала берді. Көрген жастар, қарсы сөз айтуға қымсынып, ұялумен дәті бармады.

Нағиманың кескіні, оның мөлдір көз қарасы, өткір жүзін біліп, маңайын ешкім жөнсіз баспады. Нұрсұлудан жолдама алып, Нағима бірден қалаға тартты. Қаланы бірінші көруі, үлкен ғимраттар көше бойына қатар-қатар салынған, қала көркін әсемдеген, биік теректер бой алып, сұлу көркін әшекейлеп, көрсете білді. Мұғалімдер институты. Үлкен бес қабат ғимраттың есігін ашып, ішке кіре берді. Қаптаған жастар, бәріде жер-жерден жиналған. Нұрсұлу берген қағазбен, қабылдау бөлміне кіріп, өзінің оқу куәлігін табыс етті. Әсем жүзді жас келіншек: Нағима сіз оқуға қабылдандыңыз, мынау жатаханаға ұлықсат қағазы, барып орналаса беруіңе болады!- деді жылы шырай танытып. Нағима қуанып, бақытының ашылғанын сезді. Орналасып, бәріменде танысып үлгірді, жақын құрбысыда табылды. Екі оқу орнына арналып ашылған асханаға, келген Нағима құрбысымен ылғида осында тамақтанып жүрді. Бүгінде олар ертемен келіп, орынға жайғасып, тамақ іше бастады.

Бұрында олар, бейтаныс болсада, қастарына отырып, тамақ ішетін, бүгінде Нағима отырған столға келіп, отырды. Келбеті сұлу жігіт салмақпен сөйлеп, Нағимаға қол беріп, танысайық: Атым Әуез!- деді. Қызда: Атым Нағима!- деді. Әуез бірден сөзге тартып, қыз назарын өзіне аудара берді. Сұлу жүзі Нағиманың бірде қызарып, бірде солғын тартып, отырғанын байқады. Жігіт: Нағима сен қысылма, бізде өзің сыяқты студентпіз, оқудан соң осында тамақтанып, алып кешкілік "бокс" секциясына қатынасып жүрміз, тамақ ішпесек әлсізденіп, қалуымыз мүмкін!- деді Әуез. Нағима да растап: Ол өте дұрыс "Ас адамның арқауы" деп, текке айтпаған!- деді. Әуез: Нағима біз енді таныс болдық, уақтың болса, бүгін

орталық паркте "үлкен концерт" Нұрсұлу бастаған "Ән керуенінің" гала-концерті, Нұрсұлудың өзі ән шырқайды, қала жұртының сұрауы бойынша, бүкіл қала жұрты сонда болады!-деп, Әуез Нағиманың жұмсақ қолынан ұстап, жүрегіне басты.

Нағима келіскен кейіп танытып, басын изеді. Нағима іштей қуанып, өзіне ұнаған жігітті тапқанына мәз болып, Әуезден ажарын алмай, қараумен болды. Әуезде сұлу қыздың жүзін бірден ұнатып "ғашықтық" оты, денесін ала берді. Кешкілік уақыт зымырап, өте шықты. Күн жаңа ғана, ұясына батып, жарқыраған нұр сәулесі, қызылды-жасыл рай шашып, басыла берді. Әуез жатахана алдына барып, Нағиманы күтіп тұрды. Нағимада тез дайындалып, өзі тіккен, камшат бөркін киіп, бойына қызыл көйлегі жарасып, қима беліне желеткесін әсемдеп, қара шашын алдына түсіріп, сұлу ажарымен шыға келгенде, Әуез танымағандай ыңғай көрсетіп: Мен концертке барамыз деп жүрсек "Сұлу артистің өзі осында екенін" білмеппін!-деп ,қолынан ұстап, құшағына алып, бетінен сүйді. Нағимада қарсы болмады, арманы Әуездің үстінде болды, іштей сүйді. Көше бойлап, орталық паркке бет түзеді. Парк алаңы қаптаған жұрт, Нұрсұлу концертіне лек-легімен ағылған жұрттың келісі толастар емес. Жақын маңайдағы, елді-қоныстанда келген.

Нағимада Әуезге жақындап, ыстық денесін сездіріп, қолын алмай, бойына жабысып, тұрып көруге бекінді. Шалқыған ән, бүкіл қала аумағын алып, естіген халықтың бойын балқытып, жүрегін тербеді. Сахнаға жақын тұрған Нағиманы көріп, Нұрсұлу шақырып алып, ән айтуға қосты, бұрында тамылжыта салған дауысын, естіген Нұрсұлу, бірден оның кереметтігін білген.

Әлден соң, сахнаға қайта шыққан, Нұрсұлу сөз бастап: Бұдан бірнеше күндер бұрын, Қамысты бойындағы, Шұбаркөл ауылында, жалғыз-жетім қызды, жендеттер үй ішінен, алып шығып, атқа өңгеріп, алып-қашып, шалға екінші қатын "тоқал" етіп зорлықпен түсіріп "шал қойнына" апарып салған. Ол қыз

өзінің өжеттігімен "қыз абыройын" сақтап, милиция майоры Халықов үйінен алып шықты. Елінде тек қана жалғыз анасы мен інісі қалды, қазір ол мұғалімдік институтта оқып жатыр. Қазір сіздердің алдарыңызда, өжет қыз Нағима өзі шығарған "Анашым" әнін шырқайды!-деп, Нұрсұлу халықтың құлағына жеткізді. Нағима сұлу жүзімен сахнаға шыға келгенде, бүкіл халық қол соғып, орындарынан тұрды.

Әуез аса құрметіне таң қалып, Нағимаға деген, сүйіспеншілігін одан сайын "ғашық" екенін жеткізуге бекінді, оның ақылдылығына бәрі сай екендігін, ұқты. Сахнадан салған тамаша әніне, қайғы мен уайым басқан анасына деген назды үніне, жыламаған халық болмады, сол өмірдің ашщысын көрген, қыз күн-түн ойлап, жапа шеккенін әнге қосып, бәрін ақтарып салды, тындаған халықтың жүрегінде сақталып "ұмытылмас" назы қала берді. Сахнадан оралып, Әуездің қасына келе берді. Әуез көрісімен Нағиманы қос қолымен құшақтап, көтеріп алып, жібектей созылған денесін баурына тартып "жаным" деп аузынан сүйе бастады. Нағимада мойнына асылып, қос қолымен орап алды. Кеш оралысымен, бірін-бірі қимастықпен кете алмады. Құшақтары қайта-қайта жабысып, сағынышын баса алмады, ұзаққа созылған алғашқы қыз бен жігіттің махаббаты "өмірлік" болып қалана бастады.

Нағима ойында үлкен бір сыр жатты, кейде ойлағанда жылап алатын, ол ауылдағы жалғыз анасымен, соңына ерген інісі есіне түсіп, қиындық көріп жүр ма деген ой мазалап, тынысы тарылатын. Шын сүйген Әуез, бұл сырды сезетін, бірақ Нағима білдірмеуге тырысып, көзінің жасын жасыратын. Әуез сабақтан босасымен, Нағиманы жатахана аузынан тосып, шығуын күтетін. Әуез ертемен бүгін келіп, Нағимадан бар сырын айтқызуға бекініп, жолын күтті. Қасында құрбысы, сабақтан оралған беті, қабағы қатулы жылаған түрі бар, көңілсіз кейіппен жақындай берді. Әуездің де шыдамы таусылды, неде болса шындығын айтқызуға тура келді.

Әуез: Нағимаға сен бүгін мүдем көңілсізсің, саған не болды, маған айт, мен сенің сүйген адамың, емеспін ба? неге жасырасың, мен де білуім керек, сені бұлай уайымға салғым келмейді!-деді. Тұнжыраған қалпымен, екеуі оңаша, ағаштың тасасына қарай, шыға берді. Нағима ауыр күрсініп: Мен енді оқуда қалар емеспін, ауылда жалғыз шешем мен інімнің күн көрісі жоқ, жалғыз сиырында шөбі жоқ, күн көріп, сүтін ішіп, тамақ қылып, отырғаныда сол еді "бір үзім нандыда" табалар емес, ешкім қараспайды, ағайын әкем өлісімен сырт айналды, мен сырттай оқып, ауыл балаларын оқытып, анам мен інімді асырасам деймін!- деп өз ойын айтып, көзіне жас алды. Әуез жұлып алғандай: Сен уайымдама, ананды көшіріп аламыз!-деді. Нағима: Қалай? бұл жақты мен білмеймін, оқуға келгенім жана ғана, танысым жоқ!-деді. Сен оқуды тастама, менің үйім, Тобыл бойындағы "Октябрь" колхозында тұрамын, әкем сол колхозды басқарады, сені апарып "болашақ жарым" деп, таныстырамын!-деді Әуез. Нағима ыршып түсті: Біздің танысқанымыз, жаңа ғана мені сіз әлі біле қоймайсыз, ал менде толық мінезінді, адамгешілік ісінді білгенім жоқ, бәріне уақыт керек!-деді. Әуез: Сен қысылма, өзім сүйіп ұнаттым, өзімнің "ғашық" жарым деп, бірден ақылды, сұлу қыз, екенінді байқадым.

Сол болжамым, келешекте өмірлік бірге болуға, саған бақытымды байладым, оған ешбір күмәнің болмасын!-деді. Іздеген болашақ жұбайым деп, арман тілегімді бір саған арнадым. Бар тілегім, тек сен деп, өтетін боламын, үйткені сенің тамаша келбетің, ақыл ойың, бір-біріне пара-пар, өмір бойы іздегенім, арманым осы болар деп, Нағима бір өзіне тоқтадым!-деді Әуез сөзін тағыда жалғастырып, құшағына алып, аузынан сүйді. Мен әке-шешеме, айтып қойғанмын, олар қуанып, сені таныстыруға, арнайы көлік жіберемін деген!-деп, жеткізді Әуез.

Нағима аң-таң, бірақ олда өзі ұнатқан Әуезді шын сүйді, "бір көргеннен ғашық болғандай" көрмесе тұра алмайтындығын

жеткізді. Екі жастың махаббаты "мәңгілікке" ұласты. Әуездің әрбір уақыты, Нағиманың қасында болуға, дайын тұрды, сағынышы басылмады. Сол сағыныш жетелеп, тез кездесу кештері, ұзаққа созылумен, кешті батырды. Біраз өткеннен соң, Әуез үйінен хабар алып, көлікті дайын етті. Кимелі жеңіл арба, қос ат жегілген, көсемделіп, бүкіл қоңырау әбзелдерімен жарасып, көше бойын алып, қыз бен жігітті мінгізіп, ат айдаушы, колхозға бет түзеді. Даңғыл қара жол. Құлпырып өскен, дала гүлі, кең жазықпен ұштасқан. Өзен бойын қуалай өскен ағаштар, жарқыраған су беті мөлдір тартқан келбетін беріп, әсемденіп жағамен жалғасқан. Ауа райы бүгін тамаша салқын жел лебімен бетке соғып, баюлап барып, басылғандай болады. Ызғыған ат жүрісі, алып ұшып келеді. Бораған арттағы шаңда, ілесе алмай, қалып келеді. Жол бойына шырылдаған торғайда, қонақтайтын жер таба алмай, көтеріліп барып, төмен түседі. Жазық даланың осы бір өңірі, алыс жатқан шатқалмен созылып барып, қосылған. Асқар биік дөңестер, тау бөктері құсап, сағыммен бұлдырап, көзді алып келеді. Қатар отырған екі жас, бойларын бір-біріне жақындатып, асау сезімін білдіріп қояды.

Әуезде қос қолымен құшақтаған бойы Нағиманың ыстық денесін өзіне тартып, қыздың ақ тамағынан дамылсыз сүйіп, тыныштай алмады. Жүрек соғысыда алып ұшып, бойын алып, Нағиманың асыл денесін, бауырына басып, қысып қояды. Нағима: Әліде күн барғой, тар жерде ұятқой, барған соң сүйерсің!-деді. Жок! Нағима, менің сағынышым, басылар емес, сенің сұлу жүзің мені, есімнен адастырып, жібектей созылған дененде түйісіп, бойымды балқытты, сүйіп қана аузыңнан, қызуымды басып келем, әйтпесе саған деген жүрек оты дамыл таппай, лаулаған ыстық шығарып, бойымды алды. Шыда! барған соң оңаша сүйерсің, бар өмірім бір сен үшін, өзіңе ылайықтадым. Сол себепті, келуімде тек сүйген жарым, сендеп, келем!-деді Нағима бауырына қарай ығысып. Әпсәтте ауылға келіп кірдік. Көше бойына толған ақ үйлер қатар-қатар көз

тартып, әсем ауылдың сәнін беріп, тамаша ғимраттарымен жарқырай түскен, үлкен аймаққа айналып, кең жазық даламен ұштасқан.

Нағима басына камшат бөркі, қызыл көйлегі бойына біткен, оюлы қазақтың өрнегі салынған, көк желткесі, қою қара шашын алдына жіберіп, әсемдеп өрген, мойнындағы ақ моншағы ажарын ашып, сұлу келбетімен, оң аяғын босағадан аттап кіре бергенде, жиналған жұрт таңырқап, естері кетіп, "бұндай сұлуды кім көрген!"-десті. Ата-анасы қарсы алып, Нағиманың бетінен сүйді, шашулар шашылып, әндер айтылып, шағын той сыяқты "таныстыру" дәстiрi жүрiп жатты. Ауыл жастары бiрiнен соң-бiрi домбырамен шырқап, екi жастың құрметiне арнады. Біраздан соң, Әуез: Нағима сен ән айтсаң қалай қарайсың?-деді. Нағима: Ұят емеспе?-деді. Әуез анасына айтып көріп еді, анасы: бұл жай танысу, айтқанның ұяты жоқ!-деді. Нағима қысылып барып, Әуезді қасына алып, шырқай жөнелді.

Өзі шығарған "Анашым" әнін, естіген жұрт, назды үніне, көрген қиындықты келтіріп, анасының зарлы дауысына арнап, салған ән, бірден бойларын алып, көңілдерін босатып, түгел жылатты. Қайран қалған халық тағыда ән айтуын қалап, дамылсыз қол соқты. Керемет дауысы "қазақтың нағыз сұлу бикеші"! -десті. Кеш аяқталысымен Әуез: Нағима саған айтар жаңалығым бар, аузыңнан бір сүйгізсең, бәрін айтамын!-деді. Распа, алдамайсың ба? қазір жеке бөлмеге барған соң, ернімді саған ұсынамын, ал өтірік алдасаң, менен жақсылық күтемдеп ойлама!-деді күлімсіреп. Нағима кісілердің кетіп, аяғы селдіреген соң, Әуезге белгі беріп, оңаша бөлмеге кіре берді, бұл Әуездің бұрынғы бөлмесі болатын. Әуезде сағынған болуы керек, кіре салсымен қызды құшақтап, еріксіз бетінен сүйе бастады. Жоқ! бұлай болмайды, сен әуелі, айтам деген жаңалығыңды, айт содан соң көрерміз!-деді қыз.

Бетін орамалымен қымтап алып, Әуездің қасына барып, құлағын түре бастады. Әкем сендерге үш бөлмелі, үй дайындап,

тез көшіп келуін ескертті. Қуанған Нағима, басындағы орамалын жұлып тастап, Әуездің сұлу ажарына, бетін беріп, жақындай түсті. Әуез аузынан сүйіп, ернін босатпады, асыл денесін бойына тартып "жаным" деген сөзді естігенше, қолын алмады. Әуез көтеріп алып, Нағиманы жұмсақ мамыққа жатқызып, қасына өзі құшағын жая беріп: бар арманым сенсің!-деп, жібектей созылған денесін бірден баурына тартып, бойлары жабыса түсті, алқызыл алма беті, қызарып қыз денесін, жігітке беріп, қызулы жігіт денесі қос алманың арасынан, сығылып өте бергенде, балқыған бойлары лаулаған оттай болып, қызулары басылмастай жабысқан дене ләзаты, айрылмастай бекіді. Ертеңіне жиналған жұрт "ғашық" жандарды шығарып салуға жиналды.

Құрметтеп Нағиманы қимаған халық "ән айтуға" келіп тұруын қалап, бетінен сүйіп, ақ жол тілеп шығарып салды. Кимелі арбаға қос ат жегілген, қоңыраулы тұлпардай ызғытумен қала өңіріне келіп кірді. Оқуға оралған екі жас, бірден сабақтарына дайындалып, кешкілік бірге болуға уәделесіп, айрылысты. Әуез шыдымады, кештің болуын күтіп, жатахана алдынан Нағиманы күтіп алып, бетінен сүйіп, сағынышын жеткізді, кеш бойына қыдырып "сая жайды" аралаумен болды, Әуез кетерде жібермей, Нағиманы құшақтап, бауырынан шығармады, амалсыз көнді. Әуезге Әкесі хабар жіберіп, шақыртып ауылына әкетті. Таңерте, жатахана алдына келіп тоқтаған, "Пабеда" машинасы, ішінен Әуез түсіп, Нағимаға хабар жеткізіп, шығуын күтті. Нағима қазірде жиналып, есікті ашып жарқырап шыға келгенде, Әуез жалмажан, құшақтап алып бетінен сүйіп, мауқын басқандай болды.

Әуез: Нағима кеттік, машинаға отыр!-деді. Тамаша машинаны көрген Нағиманың есі шығып: Осы машинамен барамыз ба?-деді. Әрине, әдейі бізге берді, қайтарда анаң мен інінді осы машинаға отырғызып әкелеміз!-деді Әуез. Даңғыл қара жол, қаладан шығып, кең дала сахарасына жол тартып

келеміз. Ызғыған машина, артына шаң қалдырып, сағыммен ілескендей, бүкіл дөңестер мен қыратты бойлап, ағып келеді. Таң біліне кеткен, қос арбаның, парымен жегілген аттары да Қамысты бойына жақындап, қалыпты. Оларды басып озып, Шұбаркөлдің жолына түсіп, жүйіткіп отырды. Нағимаға көрсетіп, осылар біздің көліктер, жүктің бәрін тиеп аламыз деп, сендірді. Үлкен сыдырма белді басып, даңғыл жолдың бетімен сырғыған машина Шұбаркөлге келіп кірді. Нағима туған жерін сағынып, өзі ойнап асыр салған "тақыршақта" көз алдына елестеп, алдын орай берді. Шеттегі қоржын үйдің албарына барып тоқтаған машинаны көрген бүкіл ауыл балалары, бірден қоршап алып, өмірінде көрмеген машинаны көріп қызықтаумен болды.

Машинадан түскен Нағиманы қоршап алған ауыл адамдары, қыз-келіншектер бірден көрісіп жылаумен болды, Анасыда: құлыным деп құшақтап, көзіне жас алды. Нағима анасы Салимаға: Әуез менің болашақ жарым!-деп таныстырып, сұлу жігітті Салима құшақтап бетінен сүйді. Ауыл адамдары таңырқап, қыз-келіншектер сұлу жігіттің маңынан шықпай, қайран қалысты. Жол үстінен көріне бастаған ат арба легі, машинаны алыстан байқап, көп адам жиналған топқа бет түзеді. Көлікте келіп тоқтады. Нағима салған жерден: Біз Әуез екеуміз, әдейі анам мен інімді көшіріп әкетуге келген едік, мына көлікте біздікі, жүктің бәрін осыған тиейміз, онда үш бөлмелі үйде дайын, інім оқитын үлкен мектебіде бар!-деді ауыл жұртына жеткізіп. Таң қалған ауыл адамдары: Жарайсың Нағима! Сендей бізде енді ақылды қыз жоқ!-деп налыды. Сол күні құдайы беріліп, ертеңіне ауыл жігіттері, қыз-күрбылары жүктерін артысып, алыс жолға шығарып салды. Салимның қуанышында шек болмады, мен барған соң қарап отыра алмаймын, сауыншы болып, колхозға кіремін!-деді. Әуезде: колхоз үлкен, сүт фермасы бар, сүтті қалаға жіберіп тұрады!-деді. Нағима: Мен енді сендер қасымда болсандар, алаңсыз оқуымды бітіріп, мұғалім болып шығамын!-деді.

Сен, енді аландама, менің денсаулығым жақсы, әлі қартайған жоқпын, жұмыс істеймін, сен оқуыңды бітіргенше, қуатым жетеді, ал ініңді өзің мектепке, орналастырып кет!-деді анасы. Әуез: Біз Нағима екеуміз, бәрін реттейміз, оған аландамаңыз, қазір біз барысымен, біздің үйге түсеміз, анам солай тапсырған, жүк түсіруге адамдарды дайындап, тапсырған аухаттанып ас ішіп алған соң бірге барып, Нағима екеуміз бәрін жинауға көмектесеміз!-деді. Нағимада: Анашым аландама, бәріде бұл жерде жақсы адамдар, бір-біріне қайрыла кетеді, ертең бәріменде танысатын боласың, тез үйреніп кетесің!-деді. Машина тоқтаусыз жүріп, колхозға келіп, Әуез үйіне тоқтай берді. Үй ішінен Әуездің анасы жүгіре шығып, Салиманы құшақтап, Нағиманы сүйіп, бәрінде үйге алып кірді. Дайын тамақ ішіп қуаттанған, Салима көңілі жаңа орнына түсіп, Үй иесіде қарсы алып қуанысып қалды.

Әуез біздің жалғыз баламыз, Нағимамен өздері бірін-бірі тауып, қосылуына өте қуаныштымыз, олар өте көрікті, сүйкімді, ақылды біздің арқа сүйер болашағымызда осы жастар, сондықтан екеуі бақытты болуын қалаймыз "үйлену тойыда" болады!-деді әкесі. Салима: Мен күйеуден жас қалдым, осы балаларымды жеткізсем деп, істемеген жұмысым жоқ, қайғыныда-уайымдыда басымнан өткіздім, енді ғана Нағима оқуға ілігіп, өз талабымен, мұғалім боламын деп, оқып жатыр, ал мынау кішкентайымыз мектеп жасында, өзім болсам, әліде қартайған жоқпын, сауыншы болып істеуге жараймын!-деді. Әкесі: Қазір әптен дем алып, өз бойыңызға қуатыңызды жинап, баланы мектепке беріп, шаруаны бітірген соң, көрерсіз жұмыс әр уақытта дайын болады, сіз енді бір үй емессіз, бізді қосыңыз-екі үйміз!-деді. Кешкілік үйді барып көруге, Әуездің ата-анасы, Нағиманың анасы Салима барғанша, үй іші жиналып, полға кілемдер төселіп, диван-кроватьтар қойылып, тұсқа тамаша кілемдер ұсталып, кірсе-шыққысыз етіп, безендіріліп жасалған бөлмелерді көріп, Салима аң-таң: бұл дүниенің бәрі қайдан келгенін көріп, үндемей тұрып қалды. Әуездің әкесі: Нағима

біздіңде баламыз, сіз соның анасысыз, сондықтан менің айтқаным "біз енді екі үйміз" балаларымыз ер жетіп, бақытты өмір бірге кешеміз!-деді. Белгіленген уақытта жетті.

Колхозда бүгін үлкен той. Қызылотауға жиналған адам, лек-легімен келіп жатты. Іші әдемі безендірілген, атлас перделер, терезелеріне ұсталып, сахна төріне қызыл береннен тігілген, түрлі қазақтың тамаша оюларымен, көркемдеген көрнісі, жарқыраған айнадай сәулесін беріп, көз алмастай әсемделген. Сахна төріне, сұлу жүзді, келбеті келіскен, бойына жарасқан қызыл көйлегі, қолаң шашын өріп алдына жіберген, ақшыл жүзі есіле ашылып, жарқыраған келбетін көпшілікке бейімдеп, шыға келді. Бүкіл халықты өзінің назарына аударып, асқақ дауысымен "үйлену той" басталуын хабар етті. Нұрсұлу салған ән "Гак-ку" мен басталып, Қыз жібек пен Төлеген, ариясын келтіріп, ақ шымылдыққа оралған Әуез бен Нағиманы, қоршаған қыздар тобы "Гак-ку"ді қосыла айтып, төріне шыға берді.

Ән толқыны толастамай, тамаша үндері кең залды орап алды. Қайран қалған халық қол соғып орындарынан тұрып, екі жасты қарсы алып, керемет жүздерін көріп "екі ғашық" жандардың мәңгілікке бет алған, құбылысын Нұрсұлу өлеңмен жеткізіп, шырқалған ән, аспанда халықтап, естіген ауыл адамдары, таң қалумен болды.

Ақжарқында әнді шырқап, көпшіліктің назарында болды, той "бет ашу" мен шашу шашылып, келген жастардың әнімен жалғасты.

Бұрын-соңды, болмаған, ешкім көрмеген "үйлену тойы" ата-аналарын таңғалдырып, Салиманыңда көңілі өсіп, бақыт құшағында болды.

Нағима анасын Нұрсұлудың қасына апарып "осындай өмірді силаған" сұлу қызды көрсетіп, Салима анасы құшағын жайып, Нұрсұлудың бетінен сүйді, бақыт тілеп, батасын берді. Нұрсұлу жүзі құлпырып, сала берді.

Мөлдір көзі күлімдеп, бойына қуаныш сезім орала берді. Ән айту, жалғасып, қыздар тобынан соң, биге ауысты. Той біткен соң, Әуездің әкесі, Нұрсұлуды құрметтеп ас берілді, норка жағасы бар құндыздан тігілген "шуба" кигізді, жиналған көп халық, қимастықпен шығарып салды. Салима анасы, көп ұзамай, колхоз жұмысына араласа бастады, алдымен сауыншы болып, артынан бүкіл "бренза" жасайтын цех ашып, сүттен тамақтың он шақты түрлерін жасап, қала халқына беріп үлгірді. Қала халқының сұранышы көп, күндіз-түні жасаумен, дайын етіп жіберіп отырды. Салиманың ұйымдастырғыш белсенділігін бағалап, ауыл адамдары, қатты силады, мейрам сайын сылықтарда алып тұрды, ол өзінің адал еңбегінің жемісі деп, бағалады. Жылжып жылдар өте берді, Әуез бен Нағима оқуын бітіріп, бірі инженер, бірі мұғалім болып, ауылға оралды, қайнаған еңбек ортасында болып, аянбай еңбек ете бастады. Колхоз даласы.

Аспанды бұлт басып, жауын бір шама жерді көгертіп тастады. Әуездің алғашқы қадамы, егіс алқабына бидай себіліп, техниканы қалтқысыз жұмыс істеуіне бағыттап, көктем егісін бірінші бітіруі, жауында сабалап, бүкіл егіс аймағына, құйып өтіп, мол өнімнің іргесі қалануына кең жол ашты. Сай-салада суға толып дала өңірі жанарып шыға келді, шабындықтар құлпырып өсіп, мал өрісінде көбейді. Бұрын-соңды болмаған жауын, егістікті көтеріп, жайқалған көк алаңға айнала бастады. Халықтың күткеніде осы еді. Нағима өткір, істегеніне бір жыл болмай, мектеп директоры болды. Мектепте бастама көтеріп, бірнеше кружоктар ұйымдастырып, болашақ жас өспірімдерді, еңбек жолына бағыттап, мамандыққа үйрете бастады. Өнершіл жастар ән кружогінде болса, қыз балаларды "тігінге" үйретті, техника мамандығын да мегерумен болды. Қызу еңбек колхоздың сары даласын, барған сайын оңалтып, алтын бесіктей құралған, кең даланың жыл сайын аумағы кеңейіп, мал шаруашылығы кең өріс алып, табыны көбейе түсті, бітік

шыққан егіннің көлеміде өсіп, көпшіліктің тұрмысыда жақсарып, алға шыға бастады.

Салима үйінен шығып, немерелерін жетектеп, Әуездің үйіне қарай жылжи берді. Қаладан келе жатып, Әуез байқап қалған балаларына көзі түсіп, әжесімен еріп, екеуі екі жағында, қолынан ұстап, Нағиманың сабақтан шығар уақытын білгендей, жол бойына ығысты, машинасын бірден тоқтатып, бәрінде отырғызып, үйіне әкелді. Балалары "папалап" әкелген ойыншықтарын бөлісіп "мәз" болды. Ол кезде әкесі сырқаттанып, қаланың бір емханасында, жатқан. Тың көтеру басталған шақ. Колхоздар жабылып, орнына совхоздар құрылып, дала төңкерісі басталған кезең болатын. Әуезді әдейі облысқа шақырып, оралған беті "Летунов" совхозының директорылығына тағайындап, сенім артқандығын үй ішіне жеткізді. Қос анасы қуанып, Нағиманың бетінен сүйіп "құттықтап" екі жасқа бақыт тіледі.

Әуез емханадағы әжесімен хабарласып, ден саулығын сұрап, келуін күтті. Жас жігіт, ұзын бойлы, спорттан хабары бар, ештеңеден тайсалмайтын өткір тілді, пысық жігіт бірден совхоздың жалпақ даласына, қаптаған тракторды соқасымен, тың көтеруге сала бастады. Бидайық басқан кең алқаптың 30 000 гектар тың жерді көтеру белгіленді, совхоз астық өсіру бағытын ұстады. Күндіз -түні қызған уақыт. Дала төсі қара боюға бойалғандай, шексіз алқапқа жайыла түсті. Совхоздың жаңа орталығы, бой көтере бастады, тамаша ақ үйлер қатар түзеп, ауыл сәні бірден өзгеріп шыға келді. Ең бірінші "типовой" мектеп он жылдық болып, бой көтерді, жаңа оқу жылына дайын етіп, салып үлгірді. Нағима оқушыларды тұңғыш рет, жаңа мектептің "бірінші званогіне" қабылдап, оқу жылын бастады.

Әуез бен Нағиманың, баласын бірінші класқа, әкелген екі әжесі, қуанып немересінің бетінен сүйіп "бақытты" жол тілеп, класқа шығарып салды. Әжелеріне "жақсы" оқуға уәде берді.

Үлкен ғимраттарда бой көтеріп, "Мәдениет үйіде" пайдалануға берілді. Әуез техниканың, алып орындары: МТМ, Автогараж, Машдворь сыяқты объектілерді бірінші бітіруді талап етті, моншада салынып бітті. Көрікті ауыл сәні мүлдем өзгеріп, қаланың бір тұтас аймағын құрады. Егінмен қатар мал шаруашылығыда дамып, өрісі малға толды "молочный комплекс" іске қосылды. Тың жерді игеру, бірінші планда тұрды, меже айқындалып, орындалу барысы, жақындай түсті. Әуез жас болсада, оқымысты ғалымдардың еңбегін үзбей оқып, тәжірибелі еңбек озаттарының іс тәжірибесімен алмасып, отыруды жөн көрді. Тың көтеру аяқталып "план" орындалды, енді егістік жердің, құнарлығын пайдаланып, түгелдей егін егуге бет бұрды. Күздің сарғайған кезі, ағаш жапырақтарыда түсіп, қалың желдің соғуынан, сары тартқан дала төсінде өзгеріп сала берді "алай-түлей" құсап, соғыпта кететін, кейде басылыпта қоятын. Бүгін күн райы әдеміленіп, баю соққан желдің жылы лебі бетіңе соғады, халықта легімен Мәдениет үйіне жиналып "бір жылғы жұмысты қортындылау" болып белгіленген, істің мән-жайы сөз етіледі деп, ескерткен.

Халық лық толды, бригадалар мен мал ферманың малшыларына дейін осында. Мінбеге көтерілген Әуезді ду қол шапалақтап қарсы алды. Ол ең бірінші тың көтеру жоспардың орындалғанын хабарлап, сондағы еңбек озаттарын мақтап силық берді, кейбір тамаша еңбек үлгісін көрсеткендерге, үш бөлмелі квартира берді, мотоцикл алғандарыда бар. Әуез : Енді біз бүкіл техниканы "себуге" дайын етуіміз керек, бұл "гигант" совхозы, алтын дән отан қоймасына түсу "жоспар" орындау, бүкіл халықтың алдында тұрған "үлкен іс" соны қалт жіберіп алмауымыз керек "әрбір күн-год кормить" деп зая айтылмаған көрінеді, соны естеріңнен шығарып алмаңдар, бұл "дүбірлі науқаннан" ешкім қалыс қалмауға тиіс, бәрінде бірін қалдырмай жұмылдырамыз!-деді. Мал шаруашылығыда нықты қадам басып "сүт" жоспары асыра орындалды, мал басы өсті, шөп дайындалып қыстақ басына жетерліктей жеткізілді!-деді

Әуез сөзін жалғастырып. Жиналыс бітісімен Нағима бастаған жастар концертіне ұласты. Бүкіл халық Нағиманың әнін тыңдауға қайта-қайта қол соғып, сахнаға шақырды. Әуезде сахнаға көтеріліп, Нағимамен бірге, шырқалған әнге қосылып, бүкіл халықты "мәз" етті.

Нағиманың дауысына таң қалып, тағыда айтуын сұрап "қол" соқты, сахнадан жібергісі келмеді. Нағима өзі шығарған әнді айтып, назды дауысымен, басынан өткен уайым-қайғыны естіген жұрт, көздеріне жас алып "керемет өткірлігін біліп" құрмет көрсетті "ұмытылмас ән болып" жүрегінде сақталып, қала берді. Көктем егісі ойдағыдай ұйымшылдықпен өтіп, кең даланы көкке бойап үлгірді. Жауында қайталап жауып, егіс алқабына, орала берді. Жайқалған сар дала өңірі. Бітік егін. Алтын астық күтіп тұрды. Дала кемелері, сар дала төсіне келіп, оруға кірісті. Өнім жақсы болды. Қырманнар бидайға толып, қаптаған машиналар, күндіз-түні отан қоймасына тасумен болды. Алғашқы жоспарда оындалып, Әуездің рапорты "газет беттерінен" көріне бастады. Бұл Әуездің алғашқы "тұңғыш" қадамы еді. Нағима балаларына оқып беріп "папасының" асқар еңбегінің, таудай талабымен таныс етті, суретінде көрсетті. Менде папам сыяқты боламын "қалаға оқуға түсемін"-деп, үлкен баласы дайындала бастады.

Нағима күліп: Сен әлі жассың, ең бірінші он жылдықты бітір, сосын барып, оқуға түсесің, жақсы оқысаң тез қабылданасың!-деді. Кештетіп, үйге оралған Әуез қарсы жүгірген екі баласын көтеріп, алып әкелген сыйлықтарын беріп қуантты. Нағима күлімсіреген бойы: Сен туралы, газеттен оқып беріп едім, үлкенің табан астында "мен оқуға қалаға барамын" деп дайындалып, жатқан жерінен әрең тоқтаттым!-деді. Әуез қарқылдап күліп: Саған оқу қайда, әлі бес жыл бар, оныншы класты бітіруге!-деді. Ол үшін жақсы оқуларың керек!-десті. Екеуіде жақсы оқу озаты болып, әжелерін қуантты. Совхоз астықтың бірнеше планын беріп, алға шықты. Жаңа ел «рухани жаңғыру» қазақ даласында етек алып, қаптаған совхоздар

орнап, ел байлығын жақсартып, гүлденген Қазақстан атанып, әлем алдында көш бастап "Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті" атанып "Мәңгілік елге" бағыттап, Елбасы көш бастап, алпауыт бай мелекеттің қатарынан орын алды.

Қазақ халқының отаны, оның ішіндегі барша қазақ халқын, бүкіл шет елдің алдында, асқақтаған беделін, барша адам баласы біледі.

Бұл "Жаңғыру" болашағын, айқындап қадамын нық басқан "Тәуелсіз-мемлекет" деп біледі, "Мәңгілік ел!" деп біледі.

"Мың өліп-мың тірілген" қазақ халқының арасынан шыққан өткір қыз "Қара ылды-қак жарып", ескі өмірдің етектен тартқан, бет пердесін сыпырып тастап, қазақ жастарын, оның ішінде, үйінен шыға алмай отырып қалған қыздарды, Нұрсұлу өзі барып, іздеп жүріп, суырып алып, оларға бақытты өмір сүруіне жол ашып, "тоқалдықтың" жолын бір жола кесті, білім алып, шығуына кеңес етті. Соңынан ерген қаншама жастар дерсің, қыз-келіншектер тез түсініп, жаң өмір бастауға, лек-легімен, ағыла түсті. Болашақ жастар қадамы оспай басталды. Қатпарлы жота, қалыптасқан дөңестер алып жатқан кең аймақ алысқа созылған өзен бағытымен қоныстанған халық, кигіз үлерімен топтасқан жайлымды паналап мал өрісін қалаған. Ауыл сыртында желі тартылып, қой сауу өріс алып, күн көріс көлеңкесін елестеткен, жамау үйде тұрған кедей сорлының лашығы бет-бейнесімен келіскен. Қой сүтінен айран, ірімшік, ежгей, құрт қайнатып, далада тезек жағып отыран, жершак басындағы жас қызды көзіміз шалды.

Үсті басы, күймелеш, жалаң көйлегі үстінде, сұлу ажарын күйе басқан қалпымен бір жалт қарады да, шаруасымен бола берді. Ескі кигізден құралған кигіз үйдің жыртық саңылауыда, қоңыр жіппен тігілген жапсырынды туырлықтан кигізі сөгіліп жырым еткен. Кедей сорлының күніде осы ғой деп ой қортып, аяушылық жасаумен тындық. Қой сауатын мезгілде жетті, жамыраған қозылар үні бойынды алып "дәпкірінді" алды.

Жотадан құлаған қой екпіні, тоқтар емес, үймелеген қалпмен жел басына қосақталып тұрып жатты. Әлгі біз көрген жетім қыз қой ішінде, қосақтаумен бүкіл бір отардың ішінен жалғыз өзін ғана көрдік. Таң қалып, қалай соның бәрін, бір өзі істейді екен, деп ойлауда болдық. Алтынай, қой орнына түскен жүндерді жинап, құрбыларын шақырып, кигіз басуды үйреніп алып, кигіз үйлерін жаңартып "ескі жамауды алып тастап-жаңадан құрап басып" бүкіл жапқыштарын жаңартып, әдемі су өтпейтін үйлерді біртіндеп, бүтіндеп шықты.

Көршілері бәріде риза болып, өнерлі жасқа бақыт тіледі. Қыз атағы көрші елгеде жетіп, мақтауын асыра түскен, ел адамдарының ойында ештеңе болмады, тек қыз өнеріне қанық болды. Аспанды қара бұлт биледі. Алыс жатқан елдің қамын, ешкімде есіне алмады. Көптен жауында болмай, шөп біткен қуарып, қуаңшылық орнай бастады. Малмен күн көріп отырғандарда, шөптің маңызы кетіп, малдарын жүдеу басты, сүтте азайып, қойдың суалған кезіде аяққа орала берді. Алтынай: Қиналмандар, әліде жауын жауып, көк майсалы шөптіде көретін боламыз!-деді. Айтуы солақ екен, аспанды жауынның бұлты басып, дүркіреп шықан күннің күркіреуі, қалың жаңбырды ала келіп, құйып тұрды. Жерді босатып, көк майсаға бөлеп, қайтадан көк шығып, үш күн болған жауыннан, сай-саламен, кең өрісті алып құлпыра түсті, малда дамылсыз дала төсінен ыңыранып, тоятаумен болды. Лашық үйлерден жаңбыр өтпей, жылылық қалпын сақтаумен, бәрін қуантты. Сағымда жер бетін өзіне тартып, асау толқынымен, өркештеніп, шөп басын шалып жазық далаға көше бастады. Алтынай жас болсада көңілі жүйрік, ауыл мектебін жақсы бітіріп, білімді қыз атанды. Сұлу болып өсті, атағы жайылып, ауызға іліне бастады.

"Ел құлағы-елу" дегендей, Қотыркөл ауылынада жетті. Малы көп есірген татан руы Сұрман, екінші әйел алуға, бет бұрып, қасындағы елдің адамдарын жинап, астарына бір-бір ат мінгізіп, қол жинады. Шоқша сақалды, жуан қарын, мойыны

иығымен тұтаса біткен, майда сөзін іске асырып, көпшіліктің назарын өзіне аударды. Сұрман: Шарбақтыдағы Алтынай есімді сұлу бейкешке құда түсемін!- деді. Алтынайдың әкешесі момын, шаруа адамдар, ертеде байға жалданып, күн көргенін, естіп білді. Сұрман өзі бастап, мал берсем, үйіп-төгіп берсем, бетін қайтарамын!-деп күпіді. Бас құда етіп ауылдағы сөзге шешен, қысық көз Бейімбетті апарып, сөзден жеңіле қоймайтын, ешкімге оңайлықпен сөз бермейтін!-деп жорамал жасады. Бейімбетте бар күшін салуға сөз берді, көшкен ел құсап, аттылар тобы бастап, Алтынай үйіне келіп бас сұқты.

Анасынан ерте айырлып, әкесімен қалды, бар үйдің шаруасыда Алтынайдың мойнында болды. Тосыннан келген қонақты, жайлаудағы үйге қабылдап, келген шаруасын сұрап, әкесі тыным таппады. Бейімбет қартаң кісі, сөзге шешендік танытып, қасындағы Сұрман шалды көрсетіп, Алтынайға құда түсуге келгенін баяндап, сұрағанының бәріде болады деп сендіріп, қазақтың "төсек жанарту" дәстiрiн айта келіп, бәйбіше үстіне әйел болып түсуін қалады. Ол ойың бола қоймас, қызым әлі жас, оңды-солысын біле қоймайды, анасы жоқ, бүкіл күн көріс шаруаның бәрі соның мойнында, алладан адал тілеп, өз еңбегімізбен күн көріп отырған жайымыз бар!-деді қыз әкесі.

Қашаннан қыз, он үшінде, отау иесі, жасы жетіп, оң жақта отырып қалмасын десең, құда болғаның дұрыс, баратын жері ырыздық-несебесі мол, байлық сонда, мол байлыққа кенелесің, қалған ғұмырыңа жетерлік қылып, айдап әкеліп, төгіп тастаймыз, бәріде сенікі болады!-деді Бейімбет. Тілі сайрап, қыз әкесін өзіне көндіріп, бетін бері қаратып, алуға әрекет жасауға көшті. Түрлі мысалдарды келтіріп, "қыз-кісі адамы, басқа үйдің әйелі" сол отбасының ұйытқышы, соның тілегін тілеп, бала өсіріп, кемелін жасайтында, сол қыз, ол әйел заты!-деді тағыда. Қыз әкесі: Бізде ондай байлық атамызға да бітпеген, жұрт қатарлы өмір сүру, өзіміздің күн көрісімізге жетеді, малсыз емеспіз, қызым өз бақытын өзі табады, мен бай болам деп, жас қызымның бақытын кесіп, малға сата

алмаймын, айтар кесімім осы!-деді Жансейіт қарулы кісі көрінді, әптен шаруаға ысылғанын байқатып, қолындағы тобылғы сапты қамшыны, көрсетіп қойып, отыра берді.

Бейімбет шошыңқырап: Олай деменіз, бізде бір елдің санаулы азаматымыз, "бұрыннан, қыз алып-қыз беріскен" құда түсіп, қымыз ішкенбіз, бетімізден қайтармай, келіскенің дұрыс!-деді. Бізде соны қалап, оң жолымызды бере көр деген, мұсылман баласымыз!-десті. "Оңтайлы сөз орнын табады-опасыз қылық өмірін қағады" деген қазақтың сөзі бар, соған көз жүртіп, келген бағытыңды біл, қайтыңдар!-деді Жансейіт тағыда дұрыстығын есіне салды. Бейімбет көкіңкіреп, тіл шешендігіне басып, нұқуға көшті. Айтылған сөзді мың саққа жүгіртіп, үстіне шаң жұғытпауға көшті. Қалың малын алдына тосып, көпіре берді, Жансейітке жұғыстық жасап, майдалап бақты. Тоқтау жоқ, дамылсыз сөйлеп, берекені алды. Жоқ нәрсені сылтау етіп, күміспен қаптап, алтынмен баптап қоятынын айтып, қиялға кетті. Жел қуған қаңбақтай, бетіне сөйлеп, бұрында "бас құда" болып, талай қызды шал қойнына кіргізіп, құтты қонысына қондырғанмын деп, күпіді.

Алтынай ол кезде үйінде жоқ құрбыларымен тығылып жүрді. Әкесі қорқып, үйге келмеуін айтып, хабар етті. Көзі қарайған, сұмдардың кеш болуын күтіп, әңгіме барысын жорта ұзаққа созып, арам ойларын іске асыру үшін, қалың қол жинап, келуінің өзі, күдік туғызды. Жансейіт қарапайым болғанымен, қақысын жіберер, момын шаруа емес, қайраты бар, сен бастасаң, мен көрейіннің нағыз өзі. Талайды көріп, жалданған байдың өзінен, еңбек ақысын даулап алып, алдына көп мал салғанның нағыз өзі. Бейімбеттің бұталы бұзық сөзіне, мән беріп, отырғанда бұл емес. Бірақ айтқызып, бұралқы сөзін, бетіне басып, есалаң қылығын көз алдына көрсетіп, әшкерлеудің, ыңғайын күтті. Іс нашырға шауып, береке кетті. Көп сөйлеп көпіріп, көбігі аузынан шығып, құтырған бурадай, буырқанып тапжылмай табанына басты. Сол бір сәтте, есік

ашылып, үйге Байжұма бастаған қалың топ келіп, төрден орын алды.

Жансейіт жалғыз сырағандай болып, уайым басқан түрін көріп, ауыл адамдары шыдамай: "Токтат!" бұл қылығыңды, әлім жетерлік жасап, ойынды іске асырамын деп, қу әурешіліктің керегі не, "алды-артыңа қарап" қайда отырғаныңды білмеген шығарсың, аппақ сақалыңмен, елге түкіріп, ақымақтық басыңмен, біз саған не істедік, малыңды айдап әкетіп, қатыныңды тартып алып, әйел еттік па? қай есіргенің соныңды айт, әлде кедей деп, басынып, бермесе "жолынан" қызды алып кетемін дегенің ба!?-деді Байжұма салмақпен сөйлеп, құлағына жеткізді. Қыз елдің көркі, болашақ ана, "қызға кім сөз айтпайды, қымызды кім іпейді" деген дана халық, дау бұзар біз емес, құда түсіп, қалың мал беріп, қызды құтты орынға қондырсақ деген оймен келіп, ат тірегеніміз осы!-деді Бейімбет.

Алтынай әлі жас, оқуын жаңа бітірген, ал мынау Сұрман бүкірейген шал, сақалы беліне түскен, қалай қиып біз бермекпіз, сен қызыңды, осындай шалдың қойнына қатын ғып берермедің? соныңды айт, әйтпесе жылан құсап, уытыңды шашпай жайыңа отыр!-деді Байжұма қатуланып. Айтыс-тартыстың аяғы басылмады. Түн мезгіл, қараңғы басып, маңайдың бәрін бүркеді. Құлаң қиырдан пана іздеді. Ойға секірді, қырға секірді, ештеңе шығара алмаған соң, басылғандай болып, нөкерлерімен далаға шығып келуге, бет түзеді, кетуге асықпады, біраздан соң қайтып оралды. Үй іші қараңғылық тартқан соң, қос май шам әкеліп қойылды. Тағыда тартыс екі жақта болды.

Жөн айтып жолымызды ұстама? Бір мәмлеге келіп, "құда" деп, қарсы алуды қаландар, деуге дейін аяқты салды. Мал беріп, топ үйірдің айғырын, әкеліп беруді сөз етіп, тоса түсті, келуін күтті. Бір емес, екі береміз, қаласаң үште болады!-деп, қойды. Құданы қасқыр ішік пен құндыз бас киім кигізуге, дайын екенін, айтып өтті. Бәрін салмақтап, бәрін тыңдап,

Байжұма: Құр әурешілік, мал емес-малға сататын-ол адам баласы, келешегі бар жас бала, алда өмірі бар, сол өмірге барар жолын пішкен бала, біз оның өмірін кесіп, келешегін қор етіп, бітіп отырған шалдың қойнына, қалай салмақпыз, ар ұят, ар намыс, адамгершілік қайда? Әлде бойларыңды жын жайлап кеткен бе? "нағыз-ақымақтардың -өзі екенсіңдер?"-деді.

Далада дүбір, жылқы аяқтары сарт-сұрт еткен, дыбыстар естіліп, үйді төңкеріп тастайтындай, жағалай қоршап, тұрғандай болды. Бақсақ, Бейімбет жендеттерін ауылына жіберіп, бір үйірдің жылқысын, айдатып алып, албарға тығып, көріндер деп, ойранды салды. Байжұма: Сен ба? әкелуге кеңес берген!-деп, Жансейітке бас салды. Ыршып түсіп: Жоқ! Жоқ! Алла сақтасын, мен қалай айтамын, олар өздері, еріксіз көндіремін деген айла-тәсілі, емес пе?-деді Жансейіт. Байжұма: Бұл істерің не? түкке тұрғысыз, қылықтарыңды қалай түсінуге болады?-деді. Бейімбет: Біз әліде келісерміз, уақыт бар, бұл бастамасы ғана, мынау екеуіңізге арналған екі қасқыр ішік, біздің силығымыз, қабыл алыңдар!-деп алдарына апарып қоя бастады.

Байжұма атып тұрып: Қасқыр ішіктерді қолына алып, шабармандардың қолына ұстатып: әкет мынауыңды, біз сенен ішік сұрағанымыз жоқ!-деп айғайға басты. Жалтақтап барып, қолына алып, шығып кетті. Әкелген мал, үй ішінің мазасын алды, тобырды әкетуін талап етіп, Байжұма сыртқа шығып, бұйрық етті. Біраздан соң, өздері сыртқа айдап әкетіп, бағуға адам қойып, істің бітуіне алаңдаумен, алысқа бармады. Байжұма ашулы қалпымен, олармен сөйлесуден басын тартып, үндемей біраз отырды. Олар да демін ішіне тартып, сөйлеп қалған ауыздарын кең ашып, беттерін бері қаратуға бекінді. Қаракұс құсап, қоянға ұмтылған құйындай боп, қос қанатын ішіне тартып, түйіліп барып, аюдай тырнағын салып жіберген де, қоян шыңғырып, бірден жатып қалып, жемтігі болды. Осындай айланың, пұшпағын тартып, Бейімбет қос қолын сермеп, сөйлеп біраздан соң, күйген ауыз құсап басылды.

Шындық сөйлеу бетіне қалды, жалған айтып жақындаумен болды. Жансейітте жаратпай, қырын қарап, ыңғай бермеді. Байжұма: Осыма сендердің, еңкейіп есі кеткен, қуаты бітіп, ымырасы түскен, Сұрман күйеудің несін алмақ, шөккен түйе құсап, масылдыққып бақпақ па? Әлі келмеген әлек деп, қолынан келмейтін, қожаның ісін істеуге болама екен? Байбаламын айтып, сөзге тоқтар, Бейімбет ұқсын!-деді аласұруын қойып. Тағыда, астұртын ауылына кісі жіберіп, екі арбаға тиелген, көш келіп, қыз үйіне бас тіреді. Қаншама буда қытай кездемесі, Мысырдан алғызған, араби кілемдер, қымбат ішік әйелдерге арналған, басқада бұйымдар тиелген. Бейімет пен Сұрман келген көлікті қарсы алып, әкелген бұйымдардың бәрін, үй ішіне кіргізіп жинауға әмір етті. Жансейіт көруге бармады, қайырсыз дүние кімге керегін, айтып, сырт айналып, жоламады. Бірақ олар сыртта байлам жасап, Жансейіт құданың көңілін аулауға әрекет жасап, "періште-алтын көрсе жолдан тайады" деген сөзге байлам жасап, қызықтыра бастады. Байжұма көп дүниеге қызықпады.

Қыз дағыдырын сақтауға тырысты. Көрген ауыл жұрты таң қалып: Осыншама дүниені қайдан алып, қай байдың жұрағаты екен, болмаса бір болыстың туысы шығар деген, ұғым жасап, қайран қалумен болды, Сұрманның қолынан келмейтіндігін бірден сезіп, айтылған ойымыз дұрыс!-десті. Қадалған шөнге Байжұманның есінен кетпеді, олар күшпен бекініп алғандай, дүние мүлкін мәз етіп, алдыға тартты. Есірген Бейімбет, жылу тартып, көңілімен алысты орап, жақынға жағынып, тілмаштық қалып танытып, көсемдеп сөйлеп, сөз алыбын қыз маңына ұстады. Бірақ түк шықпады, есілген мол дүние мен қалың мал жөніне қалды, ешкімге керек болмады. Сабылған сарт, сарқылған сөзінде айталмай, тыңдар адамда болмай, жаудыраған көздері, қызара түсіп, булыққан бейнесі түсіп, басыла берді.

Сылдыр- сыпайы сөздері, кесек-кесек айтылып, көпшіліктің естігені болмаса, көңіл аударар жан болмады.

Тобыр болса, далада мал күзетіп, үш күн бойы айтыстан ештеңе шығара алмаған Бейімбет сөзі алынбай, кереге басындағы туырлық құсап, бір орнынан қозғалар емес, сірескен жұрт-сол қалпында болды. Байұмада айтарын айтып болған соң, сөзге тоқтамаған Бейімбетке, назарын беріп, біразға дейін үндемей, ойда отырды. Бейімбет: Бұлай отырысымыз келіспес, біз кісі өлтіріп, батасына келіп, үндеместік танытқанымыз болмас, Әкелген сый құрметімізді, қабыл алу, қазақтың бұрыннан "қонақ кәдесі" дейтін, сол кәдені ата жолымен, қабылдағаның дұрыс!-деп Жансейітке қарады. Байжұма: Елім дегенің дұрыс, бірақ сол елді, аяққа таптап, зорлық жасап, болмайтын істің бетін қайтарамын дегенің, тіптен артық, заманның ағымын бақылап, ескінің етегінен ұстап, өткен дәуірдің ісін істеуге, мойынсынғаның бізге қылау түсіреді!-деді.

Бейімбет кетпеске шарасы қалмады, орнынан тұрып, бүкіл нөкерімен үйден шығып, әкелген көшін бастап, ауылына бет түзеді. Алтынай ол кезде өзінің құрбысының үйінде болатын. Күлай көп айтып, туған бөлесі Төрәліні, арнайы шақырып, Алтынай құрбысымен таныстыруға бекіді. Алтынайға сездірмеді, ол Төрәліні ешқашан көрген емес. Күлай тек қана туғаны болған соң, Алтынайды лайықтап, сұлу қызбен жолықтыруды, арман етіп жүрді. Жігітте өте әдемі, сұңғақ бойлы, ақшыл келбетімен, қыздардың бәрі соңынан еріп "ғашық" болатын. Күлай арнайы хабар жіберіп, тез келуін күтті. Көрші ауыл болғанымен, біраз жер, ойлы-қырлы сайлары көп, жоталармен жалғасқан, жазық жердің саябір тұстарыда, батпақ басқан, аңғары суға толатын. Төрәлі хабар алысымен, тез баруға байлам жасап, атын күтіп, ерттеп алып жолға шықты.

Желумен жол беткейін, қыз ауылына төте тартып, жалғыз аяқ жолмен есіп отырды. Сай бойында өскен ағаштар, аспанмен таласқан биік теректер, мұнартып барып, сағыммен жарысып, толқынды ауа желімен ілескендей болып артында қала берді. Бораған шаңда иректеліп барып басылғандай, көк майса шөптің

үстіне қонақтап, басыла түседі. Төте біткен жолдың бидайғы қаулап өскен, дала гүлімен жайқалып, хош иісті жұпар, бойыңды алып, көңіліңді серілтіп қояды. Алтынай келгелі біраз болды. Кұлайдың бөлмесінде құрулы кілемді, келген сайын тоқып, әдемі мәнерлі, көл бетінде жүзіген қос аққудың бейнесін салып, ақбоз атпен келе жатқан жігіттің, көл жағасындағы кейпі бейнеленген тамаша, суретті, тоқып аяқтауға жақын еткен. Кілем алдына отырып, тоқи бергенде, кісінеген аттың, дауысы үйге естіліп, үйден атып шыққан Алтынайды, ешкімде байқамады.

Ақбоз аттың үстінен түсіп жатқан, сұлу жігітті бірден көзі шалып, шыға беріс есік алдында тұрып қалды. Аң-таң өңім ба? әлде түсімба? Бұл жігіттің қайдан келгені, қалай келгені? Кұлайда айтпаған. Ұзын бойлы, қайратты келген, ақшыл ажарымен жарасқан келбеті, сұлу өңімен, жарқырап жайдарлы жүзін беріп, есікке жақындай түсті. Алтынай жалаң бас, қою шашын өріп алдына жіберген, үстінде қызыл көйлегі, бойына жарасқан, көк желеткесі жиіншке белін, әсемдеп, сұлу жүзін айқара ашып, жігіттің жүзіне, мөлдір көзінің қиғын бір тастап, көзін алмай, үндемей тұра берді. Жігіт қызға жақындай келіп: Алтынай амансың ба? құрбың қайда, жүр үйге кірейік!-деді салған жерден. Бұл бейтаныс жігіт менің атымды қайдан біледі, бұрын-соңды көрген адамым емес!-деді Алтынай ішінен ойланып.

Сол сәтте, үйден жүгіре шыққан Кұлай: Төрәлі сен қалай келіп қалдың, менің хабарымды алдың ба?!-деп Төрәліні құшақтап амандасып жатты. Алтынайда үн жоқ, сол орнында. Кұлай: Менің құрбым Алтынай, оқуды бірге бітіріп, жас кезімізден, бірге жүріп, бірге ойнадық, сен менің туған бөлемсің, аты Төрәлі таныс болыңдар!-деді біріне-бірін жақындастырып, қолдарын ұстатты. Төрәлі: Алтынай сені жақсы білемін, маған айтқан, хабар алған соң, өзінді бір көруге "зәру" болып, келген бетім еді!-деді, "айтса-айтқандай екен" деген оймен ішіне түйді. Жүр тұрмандар далада, үйге кіріндер!-

деді Күлай. Төрәлі бастап, үйге кіре берді, Алтынайды Күлай қолтықтап, соңынан ерді. Алтынай үйге кірген соң, жеке бөлмеге апарып: Сен бұрын маған неге айтпадың, бәрін жасырып, сыртымыздан пішіп, таныстырғаның қалай?!-деді.

Құрбым сен өкпелеме, басың дауда жүрген соң, мазанды алмай, айтқаным жоқ, бірақ осы жігітті бұрынан қалап, саған лайықтаған едім, жігітті көрген соң өзі "ғашық" болар!-деп ойладым. Сол ойлағаным рас болды, жігітте, сенде бір-біріннен көз алар емессің, мөлдір көзің жігіт бойынан түспегенін, мен өзімде бірден, аңғардым!-деді Күлай күлімсіреп. Алтынайда жымыып, ұнатқандай езу тартты, бет ажары бұрынғыданда ашылып, сұлу келбетімен, Төрәлінің бөлмесіне Күлай екеуі, жайылған тастарқанға келіп, дайын тамаққа отырып, сойылған бағыланның асын ішіп, қонақ жайын байқатқан, Күлай өздерін оңаша тастап, үй шаруасымен болды.

Төрәлі: Алтынай мен сені бірден ұнатып "ғашық" болып қалғаным, өзіндей сұлуды кездестіре алмай, бір пәлеге ұрынып, өмірім өш болама деп қорықтым, енді міне, туған бөлемнің арқасында танысып "бірінші" көруім еді, бұрында айтып, өзіңе "ылайық" сол сұлу қыз, менің құрбым деген, айырлып қалып жүрме депте ескерткен, арманыма жеткендей болып, отырғаным "бақытым" әлі бар екендеп, ойладым!-деді. Қыз: Күлай маған бұрын тіс жарып, сен туралы айтқан емес, келгенінде бірақ білдім, аз уақыт болсада "қыз дауы" деген, аяқтан тартып, мені "тоқалдыққа" әкетем деп, үш күн болған айтыс-тартыстан жаңа құтылып, көзім ашылып, өз бақытым өзіме тиіп, отырғанымда осы еді!-деді.

Төрәлі: Жақсы болған, сенің өткірлігің, әйтпесе "жуасмомын" болсаң, әркім бір билеп, боздаған бота құсап, шал қойнына кете баратын едің!-деді. Қыз: Әрине солай, аңдысқан жау алмай қоймайды деген, күндіз-түні мені аңдумен, жендеттер ат үстінен түспеді!-деді. Бәрінде енді ұмыт, жаңа өмір бастағаның дұрыс, сол өмірге менде барып өз сүйгенімді, бойыма тартып, аппақ жүзінен "мәңгілікке" сүйіп өтсем

арманым болмас еді, сол себепті, армандаған адамым алдымнан шықса, сол менің "мәңгілік" жарым болар!-деп қаладым. Ажары сымбатымен жарасқан Төрәлі: Алтынай біз бірге жүріп "сая-бақ" жағына қарай, кешкілік барып қайтсақ, қалай қарайсың? Күлай өз шаруасымен болады, біз тек екеуміз ғана!-деді. Алтынай қарсы болмады, басын изеп келіскендей болды. Алтынай жұпыны киінген бойы, Төремен үйден бірге шықты.

Дала кеші. Ай сәулесі, жер бетін жарық қылып, бүкіл аймаққа жайылған. Самал желде баюлап соғып, қояды. Дала төсі жылылық рай танытып, алып ұшқан қос жүректі тербегеней, жетектеумен "сая жайға" қарай жылжыта түсті. Өзен бойы қаулаған ағаш, бой тартқан, биік мұнарадай, есінді алады. Қалың көк майса құлпыра бітіп, жазық даламен ұштасқан. Ағаш жапырағы соққан желдің баю күшімен, сылдыр қозғалып, қояды. Бұлдыр тартқан су беті ай жарғымен, күмістей болып, шашылып барып елестейді. Жұпар иісі аңқыған дала өңірі, кешкілік өзгеше болып, сағыныш сырымен бөліскендей сыр береді. Бұлда болса тамаша табиғаттың, екі жасқа деген, тартуы болмақ. Айдың көлдің аққуы бейнеленген, кілемнің тоқылған суретін көріп, Төре ынтық болған асыл сезімін жасыра алмай, қызулы қыз қолын өзіне тартып, жүрегінің тұсына апара берді. Алтынайда жақын тартып, қолын алмады.

Төре бойын билеген, сағныш сезімі денесін алып "сая-жай" ішіне кіре берді. Қалың шөп, жұпар иісі аңқыған, бейнесі мұрныңды жарады. Жағалай тыныш, ешбір дыбыс естілер емес, баю соққан жел лебі ғана, бойыңды алып, салқындатып қояды. Қызу тартқан жігіт денесі, алып ұшқан жүрек соғысы, дамыл таппады, сағынышында жасыра алмады, қолымен жібектей созылған, жіңішке белін өзіне тартып, жылжыта түсті, басын Алтынайға түйістіріп, жұмсақ ерніне аузын апарып, сүйіп алды. Қызда денесін жақындатып, қос қолымен мойнына оралып "жаным" деген сөз айтып, Төрелің денесіне беттесе түсті, қызу тартқан бойын билеп, алып ұшқан қырандай жігіт қуаты,

жұмсақ жерге ығыса берді, қызды бауырына тартып, асыл денесінің қос дөңесінен өткізе берді, тәттілік сезім орнағандай, құшағын айырмады, екі жас махаббатын "мәңгілікке" белін буды.

Нұрсұлу хабарын жеткізіп, "жарандар" ауылына жетпей ұсталып, кісенделді "қыз дауы" басылып, Алтынай өмірі бақыт құшағында болып, өзінің сүйгеніне қосылып, қалаға оқуға түсуге, бет түзеді.

Құлазыған даланың жетімі қайтып, күн көрер, баласынан айрылған кемпір-шалда енді қайтып күн көрер, жылаған сәби балада, анасынан айырлып, енді қайтып күн көрер, есіз қалған ауылда, енді қайтып күн көрер, даладағы құланда, енді қайтып күн көрер, көшкен ел, патша заманында, жау жағадан алған, халықты болыс билеген, тар уақыт, кім-кімніңде басын көтертпей, байлардың беделі үстем болып, көпшілікті өзі билеп төстеген заманның кезі болатын.

Құмды аймақты басып, малына от іздеген Сауытбай құлаң үйір көп жылқысын айдап, Қарасу өзенінің бойына қарай көш тартып, қоныс аударғалы, айдың жүзі болды. Бұл жер өте қолайлы, жайлымы белуардан өскен қалың шөп, суы мол Қарасу жағасы, іргелі қоныс деп, қатар тігілген көп ақ үйлер, ұзына бойы алып жатты. Малы семіріп, ерулікпен күн өткізген көрші аймақтармен біте қайнаса араласа бастады. Әйелі Бал, өзінің алғаш танысқан Балаусамен, біте қайнасып, араласы үзілмей, бір-біріне барып, қонақ болып силастықпен араласып, "туған құрбысындай" жақсы болды. Екеуіде аяғы ауыр, бала күтіп, қуаныш болғанын қалап, күн санап, күтті. Өзара серттесіп, қыз бен ер бала туса, біріне-бірі өмірлік дос болуын, бірін-бірі сүйетін "ғашық" жандар, өмірге келуін асыға күтті.

Балдан қыз туып атын Жібек деп қойды, Балаусадан ұл туып аты Төлен есімді дүниеге келді. Өз ара той жасалып, бүкіл ел адамдарын, шақырып ас берілді. Сауытбай Қарасу бойын ұнатып, қоныс мекенін осы жерден, кетпеуге бекінді. Балаусаның жолдасыда Жазықбай, өзінің күн көріс малын

айдап, Торғай бойына көшіп кетті. Бал мен Балауса аяқ қолы жеңілденген соң, бір-біріне серттесіп, балаларының кіндік қаны тамған орамалмен алмасып "мәңгілікке" ант байласып, ешкімге айтпауға уәделесіп, жыласумен айрылысты. Аналары қандай сұлу болсада, балаларыда, адам қызығатындай, тамаша келбетімен, ақылды болып, өсе бастады.

Төлен сондай қайратты, ат құлағында ойнайтын, күрестен алдына жан салмай, алып жаурынды болатын, құс атып, аңның соңына түсіп, соғып алуды, құр жібермейтін. Төленнің келбеті өте әдемі, сұлу тартқан жүздері, ауыл жігітіне ұқсамайтын еді. Астында қара күрең аты бар, бүкіл дөңесті шарлап, қабаттасқан биік қыраттарға дейін шолып, аң аулауды кәсіп етіп, өз жылқыларын ұрлатпай, бақылаумен күн өткізетін. Бал қаншама жылдар бойына сақтаса да, өз қызына, берген сертін айтуға бекінді. Қаншама жылдар өтседе, кешегідей бір күнде босанған екі жастың ғұмыры, бақытты болуын қалап "ант" беріскен, қос ана енді айтып, жолын ашып, бірін-бірі іздегенін қалады.

Балаусаныңда түсіне кіріп берген "антың" қайда деп мазалаған, күндері ойынан кетпеді. Төлен анасының құпия сырын, білуге тырысып, ылғида сұраумен болды. Анасы басқа жерге барып баласының "қас дұшпанға" кездесуін қаламады. Жібек өте сұлу қыз екенін естіген Балауса, аңыз ғып айтқан ауыл адамдарынан естіп "бақырау базарына" барғандар айтып келіп сөз таратқаны және бар. Төленде сол сыбысты естіп, бұрын жайлауда бірге болғанын, айтып жобалады. Төлен күнде үйге аң әкеліп, қоян мен түлкіге байытты. Қалың орман ішінде елік пен құланды көріп, аулау жолын іздеді.

Дұзақ құрды, садақ істеп алып атып түсіруге болатындығын көріп, тал ішіне жасырынып, елікті атып алып, үйді қарық қылды. Төлен ол кезде, шағын ауылы, оншақты үйден тұратын, қырат бөктерінде, суы мол көл жағасы, малға шұрайлы болған соң, әкесі осы жерден кетпеуге "құтты" аймақ деп қалады. Жібек дамыл таппай, ақбоз атымен, сол төңіректі сүзіп шығып, анасы айтқан Төлендіні ес жерден таппады.

Қайда көшіп, қайда барғаны жұмбақ болып қала берді. Қыз ер жетіп, жұрт аузына іліге бастады.

Жібектің айтқан әні, бүкіл жұрт тыңдауға бекініп, оның тойға келуін күтіп, әдейі баруды, естерінен шығармады. Әкесі Бодарға қызымды беремін: Бірақ әлі жас!- деп бөгеумен болды. Бодар жалданып жұмысын істеп, малын сыртқы, шабармандардан қорғап, қасына бірнеше адамдарды, өзіне серіктес қып алып, ат тобырымен, Сауытбайдың малын қорғаштап, аман сақтауын, бақылап бақты. Жаздың бір күні Жібекті өзі көріп, ер жетіп, кемеліне келген қыз деп, ойын білдіруге және айтқан уәдесін орындайтын уақыты болғанын, айтуға Сауытбай отырған, алты қанат ақотауға бас тіреді.

Түсі суық, қабағы қар жауғандай, қасында сайдауыттай жігіттерді ертіп, қыр көрсеткендей, келіп кіре берді. Сауытбай бір пәленің ойлап келгенін, бірден аңғарып, Бодардың сөзіне құлақ түріп: Не болды, жай келдің ба?!-деп Бодарға бетін бұра сөйледі. Жок! Мен өзіннің, айтқан уәденді білуге келдім, қызың кемеліне келіп қалыпты, енді уақыты болған сыяқты, мен әйелсіз қашанғы сенің малыңды қорғап, өмірімді өткіземін!- деді Бодар. Қасындағыларда растап, әрине!-десті. Сауытбай үстіне жалаң шапанын киіп: Әрине мен айтқаным рас, бірақ қызымның өз қалауы бар, көрінеді оны бұзып, бақытсыз ете алмаймын, сондықтан сен өз адамыңды тап, үйлену қалың малың менен болсын!-деді.

Ашулы Бодар сөзіне көнбей, енді менен қайыр күтпе, малыңа бүгіннен бастап, өзің ие бол, көрерміз әлі, аяғыма келіп жығылып, көмек сұрайтыныңды білемін!- деп, Бодар атып тұрып: Ал кеттік!-деп сыртқа шығып, аттарына мініп шауып ала жөнелді. Сауытбайда жан ұшырып, ішкі жаудың, тиылмасын сезді. Жібек бір пәленің болғанын сезіп, Төленді еліне өзі барып, қасына жол білетін, ауылдың дана ақсақалы Тойманды ертіп, Торғай бойындағы алыс ауылға, ойлы-қыраты көп, алып дөңестерді басып, желумен көп жүріп, етекке түсіп жазық алаңға келе бергенде, алдынан қашқан еліктің табынын

көріп, соңында жетер-жетпес, күрең атты жас жігіт, көлденең тартып, шауып келеді, түрі батыл "батыр" жігіттің өзі деп, қалдық.

Бізді көріп, жанарына байлаған, еліктің денесі, екінші жағында құланның мүйізі көрініп, баюлап келіп, кілт тоқтады. Ақбоз ат үстінде Жібек, үлкен кісі Тойман жөн сұрап: Бұл қанадай мекен, біздің келе жатқан аулымыз әлі алыс па, Бозтөбе?! Әлгі жас жігіт: Бозтөбеге баратын мына кара жол, қыраттың ең басында, дөңеске шыққанан соң, көрінеді ал мынау сіздерге тартуым "құланның" еті, барған жерде өздеріңе ас болсын!- деп, жанарынан шешіп ала бастады. Тойман: Жоқ! балам олжаңа рахмет, біз жоқ іздеп жүрген адамбыз, Қарасу аулынан едік!-деді. Төлен әдемі жігіт, сұлу келбетін көрсетіп, қыздан көзін айырмай жылы қабақ танытып, алыс жолдан келе жатқанын бірден түсінді. Ақбоз ат үстіндегі қыз: Менің анам Бал есімді, сәлемін айтып Балауса деген құрбысына беріп жіберген заттарды апарып тапсыруға, анама айтып, сөз беріп едім!-деді Жібек.

Төлен салған жерден: Ол менің анам, оны қайдан білесіңдер?!-деді. Жібек: Ертеде олар Қарасу бойында бірге тұрған жақын "құрбысы" көрінеді, сонда сенде сол жерде туған көрінесің атың Төлен емессің ба?!-деді қолынан ақорамалды көрсетіп. Сен Жібексің ба? анам айтқан болатын, жүріңдер онда біздің үйге барып қонақ болыңдар, анамды да көресіңдер!- деп атының басын қаражол бағытна бұрып, жели жөнелді. Ақбоз атта қалыс қалар емес, жетіп алып басып отырды. Қос дөңестің, шатқал бауырына, көл жағасынан орын тепкен, шағын ауыл, тез жиналып, бөтен тосыннан келген қонақты бірден қоршап алып, танысып бақты.

Балауса үйінен шығып: Төлен сен неге кешіктің?!-деп сұрай түскенде, қасындағы қызды бірден танып: Жібегім-ау сенбедің, қалай ер жетіп қалғасың, мұнда қалай тауып келдің?!- деп құшақтап көзіне жас алды. Анасының берген аманатын тапсыруға келгенін жеткізді. Жібек өзі ұнатып, Төленнен көзін,

алмай мөлдір көзінің қиғын тастап, қараумен болды. Төленде қыз маңынан шықпады. Балауса анасы қуанып, қонақтарға бағылан сойылып, ауыл жұрты бірге болып, құрметтерін аямады. Тойманды әңгімеге тартып, әкесі Жазықбай Қарасудағы жас уақытын еске алып, айтып өтті.

Елде Бодар деген қу, қайтсемде Жібекті өзім аламын!-деп сойқан салып, барлығын қорқытып, бетін қайтаруда!-деді Тойман. Жок! олай бола қоймас "күш-атасын жығады" деген, сендерге күш көрсетіп, момын адамын тапқан екен!-деп кіжініп Төлен, үстіне желетін тағып, басына сауытын киіп, Жібекті ертіп, Қарасуға бет алды. Ұйтқып соққан құм борасын, жалпақ түздің бетін алып, кейде басылғандай ыңғай тартып, тыныштала қалады. Сол құйынмен жарыса отырып, Төленнің қара күреңі, екпіндеп отырып, Қарасу дөңесіне көтріле берді. Алдарынан айдаған көп жылқы, қолдарына қару ұстаған топ, алды артына қарайтын көрімбейді, тек асығыс, қуғыншылар құсап, жанталас үстінде болды. Тойман: Бұл мынау Бодардың адамдары, табынды бөліп тастап, алды артына қарамай, қуып бара жатқан солардың ісі!-деді.

Төлен, қолына найзасын ұстап, табынға жетіп алып, екі-үшеуін қазірде іліп тастап, аттарынан құлатып үлгірді. Ең соңында, қару асынған, бөгде кісі айғайға басып: Шық былай, сен кім едің, менің адамдарымды құлатып, жаудай тиетін!-деді Бодар. Тойман Төленге жақындап барып: сақ бол мынау Бодардың өзі ғой!-деді. Төлен қолындағы найзаны тік қадап, Бодарға қарсы, шауып ала жөнелді, барған бетте, ат үстінде қонжиған Бодарды, бірден іліп алып, қағып түсірді, атынан құлап, домалап барып, басы тасқа соғылып, жатып қалды. Көрген шабармандар, жылқыны тастап, бет-бетіне бытырап, сай-салаға барып, тығылды. Тойман жылқының алдынан шығып, айғырдың бетін Қарасуға бұрды.

Үйренген жылқы өзінің табынына қарай, жөнкіле түсті, айғыр бастап, дөңесті жотамен табынға келіп қосылды. Алдарынан шыққан Сауытбай топ адамдарымен жылқысы

табына келіп қосылғанына қуанып, Тойманға алғысын айтып, бір пәледен құтылғанына, әйтпесе қаншама малы қолды болып кетуі ықтимал еді. Алғысты маған айтпа, Жібектің жанындағы, жігітке айт, сол бүкіл малыңды айдап кетіп бара жатқан Бодарды, аттан құлатып қолын байлап, атқа өңгеріп әкеле жатқан, жігіттің өзі!-деді Тойман Сауытбайдың құлағына құйып. Ертеде сөз байласқан қос ананың, серттескен Балаусаның ұлы Төлен!-деді. Сауытбай бірден есіне алып, қандай батыр болып туған деумен іштей, риза болып, келе жатқан келбетіне қараумен біраз тұрып қалды.

Айтса айтқандай, сұлу жүзі, көрікті келбеті, ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей, алып денелі болып, өсіпті. Жібек әкесін көріп, ақбоз атымен, шауып қасына келіп, Төленнің әкешесінің сағыныш сәлемін жеткізді. Сауытбай: Қалай екен, олар біздің ең жақын құдай көршілеріміз еді, соғымды бірге сойып, қонағасыны бірге бөліскен, адал адамдар еді, қайдан ондай адамдар, енді бізге!-деді. Жібек! Сен тұрма, Төлендіні үйге әкеліп қонақ қыл, мен мал сойғызып дайындай берейін!-деп атына мініп, шауып ала жөнелді.

Жібек Төленге келіп: Сені қонақ болуға шақырды, әкем өте жақсы біледі екен, анамды да көресің!-деді. Жоқ! мен апарып, тұтқынды тапсырғаннан кейін, елге оралуым керек!-деді Төлен, арттағы келе жатқан, ат үстіндегі бүк түскен, тұтқынға қарап. Жібек: Уайымдап, қабағы түсіп, сұлу бейнесін жігіттен жасырып, сырт айнала берді. Төлен бірден байқап қалып: Жібек сен уайымдама, біз әлі бірнеше рет кездесетін боламыз, егер қауып төне қалса, тез хабарын жеткіз, Бодар бұл қылығын, тағыда көрсетуі мүмкін, өте сақ бол!-деді. Көп ұзамай Қарасу өңіріне де келіп кірді. Жалпақ өзен, бойын қуалай ақ үйлер, топ-тобымен үлкен аймақты құраған. Қалың өскен шалған шөп, дала гүлімен әсемделген, кең жайлым, жазық даламен шектелген. Асау толқынды Қарасу, түсі өзгеріп, қоңыр тартқан. Аққу құста осы аймақты пана етіп, қаз-

үйрегі тобымен ұшып, көк аспанның күмбезін алып қояды. Ағашыда мол өскен, жаға бойы алысқа созылған.

Төлен алты қанат ақотауға Жібекпен келіп, атынан түсіп, іштегі Сауытбайға сәлем беру үшін есіктен кіріп: Ассалаумағалайкім!-деп қолын ұсынып төрдегі, қыз әкесінің қолын алды. Сауытбай орнынан тұрып, Төлендіні құшақтап: Қандай өсіп қалыпсың, мына жер сенінде туған ауылың!-деді. Анасы Балда көзіне жас алып: Қалай өсіп қалғасың, Жібек-жанмен екеуің бір күнде туған едің!-деді құшақтап бетіен сүйіп. Жібек айтқан, екеуміз бір күнде туыппыз!-деді. Ал ата мен ана мен сіздерді көрдім, Әке-шешеме сәлемдерінді жеткіземін, енді еліме қайтамын, ал мынау өздеріңнің, бұрынғы құлдарың не істесеңдерде өздерің біліңдер!-деп Төлен сауыт-сайманын кейдіде, Жібекпен қоштасып, күрең атына мініп, жол бойына орала бері. Жібек ақбоз атына мініп шығарып салуға, Төленмен бірге, Қарасу өзеннің жағасына барып аялдады.

Төлен: Жібек сен енді мені ұмытпа, хабарласып тұр, қайда екенімді білесің!-деп, Жібектің аппақ қолынан сүйді. Жібек көзіне жас алып: Мен енді сені қашан көремін, Бодарды көрген сайын, бойымды қорқыныш билеп, уайыммен жүремін, араша түсер адамым жоқ, ол өте мықты-жауыз ойлағанын іске асырып, зорлық қылама деп қорқамын!-деді. Қорықпа, тек хабарын бер, тез сол уақытыңда жетемін!-деді.

Жібек: Мен сені "мәңгілік" сүйетін боламын, мынау саған арнап тіккен орамалым, бетіңді сүрткен сайын, есіңе алып, жүретін боласың!-деді. Төлен Жібекті көтеріп алып, аттан түсіріп, бар денесін құшақтап баурына басты, аузынан дамылсыз сүйіп, жібермеді қызулы денелері бойларын алып "ғашықтық" сезімдерін білдіріп, бірін-бірі "мәңгілікке серт" байласты.

Төлен атына мініп, қоштасу-қимастықпен еліне жол тартты. Жібек біразға дейін, қараумен Төлендіні шығарып салып, ұзағанша көзін, айырмады. Ақбоз атымен оралған Жібек уайыммен жатып қалды, ешкіммен сөйлескісі келмеді, солғын

тартқан жүзінде өзгеріп сала берді. Бодарды Сауытбай кешірім жасап, босатып жіберді. Жолдастары күліп: сен бос кеуде екенсің, тек бізге ғана қожандауды ғана білесің, әйдік болсаң неге қағып тастамадың, өзінде түк жоқ екен!-десті. Бодар ашуға булығып, Төлендінің келуін күтті. Қабғы ашуға толы, бір сұмдықты бастауға көшті. Түн баласына жатпады, жолын андумен, келер бағытында болжап отырды. Жібекті іздеп, сөйлесіп қалудың амалын ойластырып, қысым көрсетуге бекініп, бақты. Солай етсем, хабар жіберіп, шақыратынын білді. Сауытбайда маңайына жолатбай, тағыда малынан айырлып қалам ба деп, ығысты.

Бодар кешкілік, үйінің тұсынан ұстап алып, қолын қайырып: Сен маған күйеуге шық, әкеңе адал қызымет ететін боламын, шындығыңды айтқанша жібермеймін!-деп қыздың жан дауысы шыққанша азаптап ұстап, көршілері құтқарып алды. Бұл оқиға қайталанып, Жібекке тыныштық бермеді, ойы зорлап "қыз бақытын" өзіне тарту еді, содан кейін ешқайда бармайтынын түсініп, мәңгілік менің қасымда болады деп, болжам жасады. Жібек шыдамы таусылып, ат шаптырып, Төлендіге хабар жеткізді. Құстай ұшқан күрең атымен, төтедегі жалғыз аяқ жолмен, Қарасуға жетіп ат тіреді.

Жібек аттың шапқан дүбірін, естіп далаға жүгіре шықты, ақотауды тастап, қарсы жүгірді. Төлен бірден жүгіріп келе жатқан Жібекті байқап қалып, баюлап барып тоқтадыда, атынан тез түсіп, құшағын кең ашып, жібектей созылған асыл денесін өзіне тартып, бауырына басты, сағынышы басылмады, аузынан дамылсыз сүйіп, аймалай берді.

Қаншама күндер күтумен, зор азапты басынан өткізіп, жылағанын есіне алып жеткізумен болды. Мен ескертіп, айтып едім, оған сенуге болатын адам емес, ол бір жүген аюан, мен қазір оны тауып алып, көк шыбынды көзіне ұялатамын!-деді Төлен, атын жетектеп, Жібектің қолынан ұстап, ақотауға беттей берді. Атын отау жанына байлады да, суық жүріспен, тұрған үйінің сыртынан: Сен қатын емессің шық үйден, қауқарсыз

адамдарды қорқытып, білгенінді істеп, үлкендерге әлім жеттік жасап, жүргенің ит болмасаң шық үйден!-деп айғай салды. Ол үйде отырып, пышақ қайрап, қарсы тұруға бекінді. Әлден соң үйінен шығып, Төлендіге қарсы жүрді, оның ызалы назары бар, қолға түсіріп байлап әкелгені және бар, осының бәрін түптеп айанар емес, бірден бас салды, Төлен алып жұдырғымен, бастан беріп жібергенде, ұшқан қаңбақ құсап, басы тасқа соғылып, бетін қан жуып, тұра алмастай жатып қалды.

Жібек бір пәленің болғанын сезіп, жүгіре басып, Төлендінің қасына келіп: Тоқтатындар бір-біріңмен жауласпай, онда ешкімге тимеске келісіп, татулықпен қол алысып "дос" болғандарың жақсы еді!-деді Төлендіні тоқтатып. Ашуға булыққан Бодар орнын тұрып, қол алысқан болып, үйіне бет түзеді. Жиналған ауыл адамдары: Байқандар ол өте қатыгез, кім-кімдіде аяушлық жасайтын адам емес!-десті.

Жібек сағынышы басылмады, көп күткен сүйгенін, жаңа көріп, ағаш арасымен "сая жайға" бет түзеп, ақырын басып, құшақтаған бойы Жібекті бауырына басып, жылжи түсті. Бодар бетінің қанын сүртіп, бетін жуды, ызалы кегі басылмады, қабағынан қан жауып, бар күшін бойына жинап, қолына пышағын алды да, артына қарамастан қалың ағаш, арасна сүңгіп кетті. Сағыныш екі жастың бойын алып, құшақтасып сүйісумен аялдап, биік терек ағаштың тасасында тұра бергенде, Бодар аңдып барып, тасадан пышағын алып, қарулы қолымен Төлендінің арқасына салып жіберіп, тайып отырды.

Төленді арқасына пышақ тыққанын біліп, есі кетіп шалқасынан құлай берді. Жібек шошып, дауыс қылып, жылаумен басын ұстап, адамдарды көмекке шақырып, жиналғанша Төленді жан тапсырып, Жібектің қолын қысып, өмірден өтті. Ауыл жігіттері Бодарды ұстап алып қолына арқан байлап, тау-таспен сүйретіп, ботадай боздаған Жібектің кегін алып, өлтірмекші болды. Жібек үйіне оралып, тірісінде Төлендіге киіп шыға алмаған, қалыңдық көйлегін киіп, басында камшат бөркі, бұрынғы ажарын ашып, өзен бойындағы тұңғиық

жеріне барып, биіктен суға секіріп, Төлендімен бірге болуға, өмірін қиып кете барды.

Су бетінде қалқып, бөркі қалды. Екі "ғашықтың" өлімі, бүкіл аймақ көлемін "дүр" сілкіндірді, жыламаған халық, қайғырмаған ел қалмады "ауыр қаза" адам баласының басына бермесе екен!-десті. Нұрсұлу аты шулы Қарасуға жол тартып, ауыл төсіне кіре берді. Алдарынан жиналған халық, қошемет пен қарсы алып "Ән керуеніне" жиналған халықта шек болмады, көбі алыс ауылдардан келгенге ұқсайды.

Нұрсұлу әдемі киініп, басында камшат бөркі, қызыл көйлегі бойына түсіп, қима бел желеткесі жарасақан, ақшыл жүзімен жарқырап, жұрт алдына шыға келгенде, қалың жұрт арасынан, дауыс қылып, Нұрсұлуды құшақтап, егіле жылаған Жібектің анасы Бал зарлы дауысымен, қайғылы қаза болған, кешегі заманда әліде ұмыт болмаған, Жібектей Нұрсұлуды көріп, көзіне оттай басылып, киген киімін, сұлу келбетін ұқсатып, назды дауысымен өлеңге қосып, бүкіл сол жердегі қалың жұртты жылатты.

Нұрсұлу әніде қайғылы-мұңды "Жоқтау" назымен жалғасты. Арайлым жас сәулесі, жүзінде кішілеу қара көзі, әсәресе естен кетпестей, таңданасың. Аса сыпайлы қарайтын ойлы, нұр көзінде бөлек бір шұғла бар. Жасына жеткен жастық, тазалық шағында, ақ жүзді, ақ келбеті, қара көз қыздыңда, оқты-текті кездесетін, осы шұғыла, кейде қоңырқай реңденіп, көзінің астында ұялап тұрады. Қара көз сұлу көп болса да, бұл бітім, қасиет аңда-саңда біреуде ғана болатын. Сол құбылыс Арайлымда ғана кездесіп қалды. Сондайлық нұрлы, шұғылалы көзі, Арайлым салған ән, шырқалып үйің ішінде, оңаша айтылатын.

Арайлым ауыл қыздарының ішінде, нағыз ақылды, көріктісіде осы болды. Сырттан қызығып, қаптап келуіде, қызға құда түсу ойларынан кетпеді, ажарлы жүзіне қараумен болып, таныстарын салып, әкесінің бетін бері қаратып, алмаққа басты. Ойында ештеңе болмаған Арайлым, уақытын босқа өткізбей,

ізденіп жүріп білімін көтеріп, кітап қолынан түспеді. Құрбыларының көбі үйлерінен шықпай, өсек-аяннан қорқып, отырған қыз атанып, құдайдың салғанын көреміз деп, өздерін тежеумен, өмірлерін бақытсыз жолына байлаумен тынды.

Арайлым шыдамады, ақылын айтып тойтарыс беріп, бақытын аяққа таптатпай, өзінің сүйгеніне қосып, жас отбасын құрап, тамаша өмір салтының құшағына кіргізіп, тұтас елін мәз етті. Бәріде Арайлым соңына еріп, ойын-тойда думанды жарқын көңіл, қуаныш үстінде болып, тамылжыған Арайлым әнін тыңдап, бойларын алып, көңілді жүздерін көтерумен болды. Ауыл кеші. Үлкен той. Алты қанат ақ отау тігіліп, жақын – алыстың жастары осында жиналған. Өнершіл жастарда осында. Жүйіткіген домбыра үні толастар емес.

Үкілі домбырасы қолында, сырттан ән салып, ақ боз атының үстінде, сұлу тартқан бір келбетті жігітті, бірден аңғарған ауыл адамдары, далаға шығып, керемет дауысын естіп, жігітті ат үстінде қоршап алды. Қыздарда бірден таңырқап, бұндай сұлуды көрмегенін, бір-біріне жеткізумен болды. Ұзын бойлы, иықты жаурыны, жерге тимеген, денелі келбетімен жараса түскен, ақшыл бетін жұрт назарына беріп, назды дауысымен, көпшілікті таңдандырып, мұндай әншіні кездестірмегенін, сөз етті. Аттан түсіріп алып, қошемет көрсетіп, отау ішіне кіргізіп төрден орын берді. Арайлым да төрді нұсқап, тұрып қалды.

Қолына домбырасын алып, өлеңмен өзін көпшілікке таныстырып, Жақсы ауылының, Ғарып атты, салт жігіт екенін, жеткізді. Арайлымның сұлу жүзі, жігіттің келбетімен жарасып, қара көзінің астымен, қараумен болды. Жігіт жарқын жүзді, ақ көңілі той-думанды қыздырып, әлсін-әлі ән айтумен, ел назарын өзіне аударумен болды. Тойға не үшін келдік? Ән айтпауға болама!-деді. Қол соққан ауыл жұрты қайта-қайта сұраумен болды. Жігітте, көңілін қайтармады. Далада ескен желде, шарықтап шыққан әнде ауыл сәнін көтеріп алысқа ұялатты, тыңдаған адам таңырқап, көңілдерін жұбатты.

Арайлым жүзі ашылып, сұлу келбетін көрсетіп, жігіттің отырған жеріне жақындап, алып ұшқан жүрегін баса алмай, ақырын басып жылжумен болды. Ғарып қызға көңілі түсіп, ұнатқандай бойын билеп, танысу амалына көшті. Көз қарасын алмай, Арайлымның әрбір қимылын бақылап, өзіде жақындауын күтті. Басқада жұмысы болмай Арайлымды, қасына шақырып, ақылдасуға кезек күтті. Арайлымда күткені осы еді, жақын барып танысу, қыз арманы болатын.

Ғарып ашық, өткір жігіт Арайлымды бірден қолынан ұстап, жанына әкеліп, қасына отырғызды. Ән айтуды бірге шырқауға бекініп, Ғарып өз ойын жайып салды. Екеуі танысып, бірге ән айтуға көшті, тамаша әндерін естіген халық риза болып, бірге айтуын қалады. Шалқыған ән әуені бүкіл далаға естіліп, ауыл жұртын орап алды, бойларын балқып, көңілдері өсіп, аспан әлеміне шыққандай болып, күн нұрына бөленумен болды, бұлда бір ғажап өмірдің самғаған құс қанатындай көк аспанның, белесіне шыққандай болды, ес қалмады. Арайлым Ғарыппен қатар отырып, ыстық денесінің дамылсыз бойын билеп, жігіт денесіне жақындауды ұят көрді.

Ғарып, жібектей созылған қыздың тамаша беліне қолын тигізіп, ыстық қолын ұстап, өзіне қарай, ақырындап жылжып қояды. Арайлымда қолын алмай жігіттің қолына, ақ білегін білдіртпей түйістіріп қояды, омырауын кеңірек ашып, ақ тамағын аққудың келбетімен үйлескендей ыңғай танытып, жігіт жүзін аймалаумен болды. Қайтседе көңілін өзіне аударып, сүйген қалпын көрсетіп, сездіруге тырысып бақты. Ғарыпта асыл жарының болғанын Арайлымға айтып қалу амалын іздеді, той ұзаққа созылып, ән-жыр толастамады.

Әлден соң, Ғарып атын жайлымға жіберуге, ақ отаудан шығып, Арайлымға белгі беріп, шығып кетуін күтіп, далада болды. Бір кезде отаудың есігі ашылып, тасада тұрған Ғарыпқа қарай жылжумен, сыртқы аулаға бара берді. Менінде күткенім осы еді!-деп Ғарып артынан келіп Арайлымды құшақтап ала жөнелді. Бұның не ұят қой, біреу сезіп қалар!-деді қыз.

Құшағына кірген Арайлым, жұлқынбастан жігіттің баурына кіріп, ыстық денесін бір сәт басқандай болды. Ойын біткенен соң кездесерміз деген, ыңғай танытып, қыз отауға бет түзеді. Алып ұшқан жүрегі бәсеңдемей, біресе қызарып, біресе солғын тартып, қуанған көңілін білдірмеуге тырысқан қыз, ажарын ашалмады, көпшіліктің назарында болды.

Біраз айналған Ғарып, енді қызға өте батылдық танытып, сұлу жүзін өзіне қаратып, көзін алмастан Арайлымның маңынан шықпады, қасына келіп отырды. Арайлымда Ғарыпты ұнатып, өзінің сүйген жары болуын қалады, бірақ жігітке сездіргісі келмеді. Түн. Қараңғы түсіп, ауыл-аймақты орады, тойда аяқталып халықта тарай бастады «ұмытылмас» өлең жырда, шырқалған әнде, ойларынан кетпестей болып, қала берді.

Арайлым ойы жігіттің өзімен бетпе-бет кездесуге бекінді, отадан шығып Ғарыптың келген бағытымен, үй сыртына бара түсті. Шеткерек, үлкен ағаштың тасасынан күткен жігіт, Арайлымның келе жатқанын сезіп, алдынан жүгіре шығып, құшақтап көтеріп алып, ағаштың көлеңкесіне әкеліп түсірді. Қос қолымен асыл денесін құшақтап өзіне тартып, бауырына басты.

Арайлымда сұлу жүзін жігіттің бетіне жақындатып ала бергенде Ғарып жұмсақ ернінен, бірден сүйіп, денелері бір-біріне жабысып, бойларын ыстық алып, қалың шөп үстіне құлай берді. Күнде жылы ауасымен, жаздың самал соққан желіде баюлап барып басылғандай болды. Жарық жұлдызда жымың қағып сәуле шашқан айда еркіндеп, өңірге кіре берді. Айнала тыныш, орнаған. Әр жерде терезе саңылауынан жарық көрінеді.

Дала күмбезіде көк аспанның, жарық жұлдызына жол беріп, үлкен үміттің дариясындай екі жасқа бақыт ұсынады, сарқылмас өмірдің кілтін ұсынғандай, ой туғызады. Дала өңірі жаңарып, аққан бұлақ сылдыры естіліп, қош иісті дала гүліде

әсем тұлғаның бейнесін жасап, арман асуына жол тарқан, жігіт пен қыздың, сұлу келбетін көрсетіп, қояды.

Ғарып бойын билеген, ыстық денесін қыздың қос алмасының арасынан өткізе бергенде балқыған денесі, қыздың бойына жабысып, ләзат сезіміне ұласа бастады, даланың асыл бағында жүргендей болып, жұптарын айырмады, мол жатты, сағынышы басылмады. Айрылмастай бекіген денелері, құшақтасқан қолдары, сүйіскен еріндері, балқыған бойларымен жұмдасып, қабыса түскен. Уылжыған жас Арайлым, өз сүйгенін жаңа тапқандай, болды.

Арайлым әкесі, қатыгез бүркітші болатын. Жақан аң аулап, құсқа деген ынтызары зор болатын. Арайлымға: атты тез әкел, шай-пәйінді шапшаң қамдап жібер. Атқа тез қонайық!-деп, әкесі Жақан бұйрық етті. Бүркітін сылап, санын ұстап, бабын болжап отырған, көрші серігі Тоқанда: «Енді құс өнерін көреміз, ат қамдандар»деп асықтырып еді. Жақан мен Тоқан аңшы саналсада, дәл шын аңшылардай ширақ шапшаң емес. Жүрдек-сергек аңшыларға қарсылық айтпай, көбіне бағынып жүрседе, әрқашан атқа кешеуілдеп мінетін, осы екеуі болатын. Олар екеуіде баю қимылдап, ауыл маңынан шыға алмай, ұзайтын емес. Біріне-бірі еріншектеу қалпын сездіріп қарасады.

Жақан Тоқанға елікті нұсқап: Тықақтамай тұра тұршы! Мынаның жас қуырдағын жеп аттанайық, тым құрыса!-деп еді. Аңшылардың өзінше мінез машығы бар. Ағалық, үлкендік, басшылық бұнда бүркіт ұстаған, құс бабын билеген кісінде. Жақан сол реттен, қостың әміршісі болып алған. Өзі аң үстінде ызакор, ашуланғышта. Тоққан жаңағы кер тартпа пиғылын қатты ұнатпады. Жақан өзі қуырдағын жеп келе бере, мен шатқал бойына барып кеземін деп, атына мініп, жүріп кетті. Аңшылар «Көшпе» басына шыққанда, қыстың күні ақ қарлы, қалың қатпар жоталарда иектеп, сәуле шашты.

Жаңа ғана алыстағы Құмкешуде, белінен жартылай шығып, келеді екен. «Көшпе» басында томаға тартып, бүркітін

біраз жем-сауын беріп, әлдендіргенге ұқсаған Жақан, алысқа көз тігіп, төңірекке көз салып, дамылы болмады. Жақан бұл бүркітті жолай аңшылардан сатып алып, бір қарамен құтылған, Тоқанда атадан қалған деп, болжам айтты. Жақан жаз бойы өз ауласында ұстап, баптап күтіп, күйін түсірмеуге тырысып, бақты.

Жақан бастап, бүкіл аймақты-қыратты сүзіп, жоталарды басып, аңғарларды қарап, аңның жолын кесумен болды. Жеті күн іші құр емес, біраз түлкіні алып тастады. Жақан томағасын тартып, алдына шаншыла отырған құсы, лып етіп қолынан сырғи барып, ытқып кетті. Аңшы ештеңені көріп аңғарған жоқ еді. Түлкі бойлап, ұшумен болды. Аң жақыннан қашқан тәрізді. Аспанға көтерілген құс, қанатының қағысымен, құлдилап барып үстінен түскен қалпын көргендер, жұлқынып барып, топ еткені, аюлы тұяғымен, басып жіберіп, бірден жерге құлатты. Сондай ұшуын көрсе, көңілі көнши береді.

Құстың түлкіні алып, бұл барғанша жұмарлап, өлтіріп қоятынын мейлінше сезінеді. Бүркіттен босаған қолымен насыбай шақшасын алып, насыбайын танауына шекіп атады. Жақан бүркітіне қарап, бүгін бұрынғыдай емес, баюлы ұшқанын байқаған болды. Насыбайында ұмытты. Тебініп құстың алдына қарай, желе шоқытып, жөнеле берді: Е мынаған не болды!-деді. Лезде асыға бере, Көшпе жотасының тік жарына тіреліп, ат үстінен ұмтыла үніліп, үзенгіге аяғының ұшын тіреп, қадалып тұрып қалды.

Ысылған аңшы бапшыл аңшының құсы жақпаған бүркітті «енді түлкіге түсу қалай екен»деп, бағып сыртта тұр екен. Сол кезде Ысқақ, Жоран, сабырсыз қызумен шапқылап өттіде, бүркіттің күнде түлкі алып жүрседе, екеуінің қызу қуанышы, бір-бірінен кемімейтін. Тастақ бетте аттары тайғанап, бірі артымен сүріне жығылып жатсада, ол екеуі бүркіті құлдилап кеткен шатқалға қарай жылжып, ат-матымен сырғанай тайғанап, кетіп барады. Бірақ олар басқа жақын ауылдан келгендер, тәжірибесі жоқ, олақтықпен теріс шауыпты.

Жақан екеуіне айқайлап, қатты ызаланды: -Тоқта былай қос тырқу! Апырай қырсығын қарашы, залал келтірді. Бұлар алдынан бармаса, түлкі таудың жазық жеріне шығатындай боп, өрлеп бара жатыр еді. Алдынан мыналар тарсылдатып шапқанда, жалт беріп, қия жартасқа салды. Бүркіт арғы бетінен орап кеткен еді. Ол түлкіні сол арадан тосқан екен. Енді қайта, ойдан өрге өрлеп келіп, қияда тұрған түлкіге түсу керек. Бүркіт сол қимылды істеп келеді. Бірақ түлкі қартаң тартқан, сырқынды ақшулан екен.

Жақан айқай салып, үркіте шауып, қия тастан тайдырып түсірсем деседе, адамнан гөрі, сегіз найзалы, аспан тағысынан, көп жулық тосқан, ақшулан қашпай тұрып қалды. Бүгінгі ұшуы, Жақан көңіліне қонбаған, кемдігін бүркіт енді анық, көрсетті. Қиядағы түлкіге екпіндеп ұшып, іліп түсудің орнына, төменнен жер бауырлап келеді. Қос қанатымен тас соға жаздап, ауыр салмақпен салпылдап ұшып, сабаланып келе жатыр.

Бұл ұшуда, күйі қайтқан көп сабалақ қараның біріндей. Төрт аңшының арасынан арқанның бойындай, жерден қашпай, қия таста бүркіттің тақағанын тосып, тұрған ақшулан, енді әлсіреп, жаяулап тақап қалған бүркітті артына тастап, шәрші өрге қарай ирелендеп, ытқып жөнелді. Бұл уақытқа шейін титықтап, жаяулап қалған бүркіт енді түлкіні қуа алмады. Жаңа түлкі, қашқан тасқа зорға жетіп, жалып етіп, қона кетті. Түлкі құтылып кетті.

Жақан бүркітінен опық жеген жері осы еді. Атынан түсе сала, еріп жауып тұрған күпсек қарды қолымен сығымдап, бүркітінің көмейіне, еріксіз жұтқызып жіберді. Қыранның жемсауынан, ұзақ мығымдап өткіздіде, баса сіңіртеп, болғаннан соң, қолына қондырып қос маңына бет түзеді. Жақан бүркітін қоян етінен ұсақтап беріп томағасын тойдырып, әлдендіріп, күтумен болды, асықпады сылап, сипап бойын кергізіп, қанатын қағып тарады, ендігі ойы іске асатындай ой қорытты. Сәл уақытта тағы да, Жақанның «кеу!» деген жіңішке дауысы, тас арасынан жаңғыра шықты. Бүркіт ытқи жөнелді. Бұл жолы

ызалы ынтамен, қос қанатын кезек сермеп, аспанға бірақ көтерілді.

Бағыдарлап, түлкінің төбесінен жалт қарап, құдилаған қалпымен қанатын бойына тартып, зуылдаған сыр беріп, алып күштің желімен бірге есіп, тас түбінен шыға қашқан зор түлкіні бірден үстіне қонып сарт еткізіп, жерге құлатып түсірді.

Барлығыда: Әне алды! Молғып тастады! Қапсыра тастады!-десті. Жақан жалма-жан атына мініп, шауып өтіп, құс бегіне жақындай түсті. Аппақ қар, үстінде қызыл түлкі, қара бүркіті ойрандатып, құйқылжыта табанына салып, алып аяқтарының аюдай тырнағы батпандай батып өлтіріп жіберген, кешегі ызасы және бар, құтылмастай кегін алып, ақ қарды аюсыз бойаған.

Жақанға жеткізген, көрші ауылдың жігіттері, Ғарыпты мақтап, аңды өзінің тазыларымен алып, еліктіде соғып алып, ауыл жұртын риза еткендігін сөз етіп: егер онда осындай бүркіт болса, бір ауыды бір- өзі асырауға болатындығын айтып!-десті. Расында оның талабы, әрбір ісін оймен шешіп, табанда жол тауып шығып жүрді. Сондықтанда халық құрмет тұтып, ісіне сәттілікпен жол беретін. Ғарып алғыр жігіт, күш қуаты мол, келбетіде сәнді келіскен,

Арайлым үшінш шын «ғашықтық» ойынын кетпестей, орала беретін. Әкесі жастай өліп, бар ауыртпалық жігіттің мойнында қалды. Ел азаматтары жиналып, бүркіт сатып әкелуге, Ғарыпты Бұхардағы базарға жіберіп, қара мал жинап «пұл» беріп аттандырды, онда бүкіл Үнді, Парыс елдерінің саудагерлері жиналып, ағылған түйе көші, Қара-құм, Қызыл-құмды басып, жиналатын «Бахрау» базары аталған алыс аймаққа, қасында екі-үш сері жігіттері бар, күрең айғырымен, елді мекендерді басып, жөнкіліп отырды.

Бұл Ғарыптың шет аймаққа алғашқы сапары болатын. Арайлым уаймдап, аман-сау келуін тосып, жолын күтті. Ақбоз атымен, келетін жолын тосып, қыраттар асып, қараумен болды. Сағынышы Ғарыпқа деген, түн бойы мазалап, үйқы көрмеді,

алыс жол, қауыпты деп болжам жасап, құрбысымен бөлісті. Ғарыпта сүйген жарына деген, ойы есінен кетпестей, алғашқы кездесуі, бойынан шықпай, асыл денесін құшақтап, оймақтай аузынан сүйгені, жан-жүрегінің сезімі денесін ала берді, сағынды. Жақан ол кезде, қос басында, бүркітін алдына алып томағасын тартып, қоян етіне бұқтырған еді.

Қос басы тым-тырыс, үш-төрт аңшылар, өздерінің бүркіттерімен болып, тағыда дайындық үстінде. Үп еткен жел лебіде жоқ. Дүние ішіне демін тартып, Жақанның бүркіті тағы бір қимылын танытып тұрғандай. Жақан айналаға көз тігіп, бауырай біткенді шолып, ауыл мекенге дейін, жалпақ жүздің сырына үңіле қарады.

Қоян мен түлкі бұл тұста өте көп болатын, Тоқан, Ысқақ, Көшен, Тәліптерде, жұмыстарын аяқтап, күтіп тұрғандай сияқтанды. Жақан бір мезгілде бүркітін «кеу!» деп қалды. Бүркіт тағы кетті. Бұл жолы ұшуы кешегідей емес. Қайтдан таңертеңгі ұшуы сыяқты. Салқындау қанатын жай қағып, сылбыр ұшқандай. Бірақ түлкі иек асты төменнен қашқан еді. Көшеннің бүркіті лып беріп қолынан шыға, аспанға бірақ көтеріліп, түлкі бағытын болжап, қалықтай түсті. Дәл сол кезде, оң жақта қоңыр биіктен, құйындай ұшып, түлкіні көрісімен, қанатын бауырына тартып қос аяқтың, алып тырнағы, ұзара түсіп, түлкінің үстіне сарт еткенін естіген, Көшен атымен тез тебініп, бауырайға түсіп шабумен, бүркітінің қасына жете берді.

Арпалысқан бүркіт қойсынба, денесін қапсыра бүріп, шабын жарып жіберді, ирелеңдеп барып құлаған түлкі енді тұра алмастай, құлаған бойы жатып қалды. Екінші бүркіт қалықтап, жоғарыда болды, қорыққан аңшылар сөзбен айтпасада, «екі бүркіт ұстасып қалады-ау!» деп іштерінен үндемей қауып, илесіп тұрып қалды. Тағы да бөгінде бүркіт түлкіге ұрымтал жерден шықты.

Тура беттеп, мынадан бұрын барып қалды, бұл Ысқақтың айтулы бүркіті еді. Бүркіт болса, мынау бәсекелі жауын, көре

сала ырғып төмен, қос қанатын қыса қағып, жіберіп алғаш ұшқандағы, кернаулықты ұмытты. Қатты асығып, ағып барып, тас басындағы тұрған түлкіні, бөтен бүркіттің алдынан барып ілді. Бүріп ала жөнеліп, қалықтаған бойында, алдынан шауып келе жатқан, Жақанның алдына әкеліп жұмырлай тастап жіберді.

Бөтен бүркіт Жақанның бүркітін жазым қылама деп, қамшысымен жағалай жайқап қорғаумен болды. Басқаларыда шауып дөңестен сырғып, ұсақ тастарды домалатып төмен сыдырып аттарымен жазыққа құлдилап келеді, олар өздерінің биікте тұрған аңшылары болатын. Көшен құсының бөтен бүркітке түспейтініне сенді, Ысқақ пен Тәліпте айтулы құстарын, Жақанның ойлағанына асықпады, құстарының тұз құсы екеніне сеніп, олжаға таласуына бекем болып шығатынын білді, олар қалықтап, аспан әлемінен аңның жолын кесті, басқа түлкіні бақылады. Көргендер: бұл ақылды құстар!-десті.

Бірақ аңшылық бәсекесі, өзі бәйге. Атақты құсы алдынан қатар жарыстырғандай етіп жібергенде, өзі баптаған Жақан құсы, бұрын барып түлкіні тартып алғаны, бұны қуанта мақтантады. Жақан сол құсының, қалай ұшып қонуын, қабақ – қимылын, жақыннан танып көрмек. Соған асыға келеді. Құсы аспанмен қалықтап, жоталарды басып ұшып, кей жерде сай-жыраларға құлдилап, жоғары шығып «мені енді танып ал!» дегендей боп ұзақ ұшты, дөңес қатпарын бойлап ұшты. Жат бір өнері сай бойына төмен деп барып, қайта қайрыла өрлеп ұшқанда, қолдағы құс сияқты емес, анық түздің құсындай қатты екпіндеп ағып өтіп, үлкен күшпен салмақтана түседі.

Құстың осындай кереметтігі ұшу тәсілі, ойы-қыры бірдей қапысыз ұшатын етіп баулу, бір ғана тәжірибесі бар аңшының қолынан келеді, оны дамылсыз бағытын өзгертіп, дұрыстап қиастыққа кетірмей үйретіп, күтіп-бағудың жолымен ұштастырған да ғана, қалыпқа келеді. Жақан құсын осылай бағыттаған. Бұл топтың тағы бір аңшысы Тәліп екен. Ол Жақан мен Көшеннің құсбегіне бейтарап болғандай, сияқты.

Аңшылыққа онша есі кетіп құштарлық болған да емес. Қолынан «лып» етіп ұшқан бойы, ағып барып түлкінің бірден жолын кесіп, қос қанатының алып күшін, желмен бірге соғып, ұшырып домалатып жіберген де -сенер, сенбесін білмеген болып көздері шығып қараумен «кереметтігін» сезді, бас салып үстіне қонып, үшкір тұмсығымен түлкінің көзін шығарып, қар үстін қан етіп, бояап үлгірді. Атымен шауып басына тез жеткен Тәліп, бірден жерге түсе қалып құсын «кеу» леп шақырып қолына қондырып үлгірді, түлкі сұлық жатқан бойын да өліп тынды. Олжасын қанжығасына байлап, қос басына жортумен бет түзеді. Әпсәтте, Көшен батылдық танытып, Тәліпке: Құстың бабын сен білесің, бірақ менен артық білмейсің. Қайдан менен артық білушіең? Күнде өзіме билетпей, жағаласам деп, бұзса-бұзып жүрген сенсің.

Былжырамай бүркітінді алда, қасымнан аулақ кетші!-деді. Жұрттың бәрі Көшеннің үлкендікке сүйенген, артық ашуына, тегіс күліп, жауап қайырмай үнсіз ұғысып қойды. Енді Жақан Көшеннің жанына жақындап:-Томағасын алшы!-деді. Бірталай қадалып, қарап тұрып құсың жай ғана өтімді екен-ғой!-деді. Жаңағы Көшен мен Тәліптің арасындағы бәсекелестік, ойымызды құжыратты. Содан бұл бүркіттің, әліде түлкіні төрт-бесеуге жеткізе алмағанын сұрап білді.

Жақан мен Ысқақ түлкіні үйіп тастады, қояндыда құмша қырды, олжаның көбі Жақан да болды, ол әккі қу, бұрыннан мол іскерлікке сүйенген. Кейде алдына құс салмаған, шапшаңдық танытып, Жақан құсы, өзі бассалып құлатып үлгіретін. Басқалары мынау мақтанып, құс бегіне жотасын көрсетіп кетті-ау!-деп қалды. Бүгін Көшеннің құсын сынап көрелік, құсына көңілі көншімей тұр. Осыны тағы бір сынайық. Күн болса түс, қиып барады. Қосқа барып шыққанша, кеш болып кетеді. Жарым күн текке өтеді.

Шатқалды тағыда бір оралып, қағып қайтайық. Былай тартыңдар!-деді. Жақанда алдығы бетті нұсқап, «алға түс!» дегендей қолын сілтеп, бұра тартты. Осы бетпен кеткен

аншылар, қосқа ымырт жабыла қайтты. Алдарынан бүрке талдан шыққан қос түлкі, сумаң етіп көрініп қалдыда жоқ болды. Алабұлт құсап, қайтадан шыға келіп, жотамен салып бара бергенде Жақан құсы зулап өтіп, өңешін айырғандай, қантымен құлатып өтті, домалаған түлкі тасқа соғылып табанда жан тапсырды, екіншісінің соңына лезде ұшып жетіп, аюлы тұяғымен бүріп алып, үстіне «гүрс» еткенін бірақ білді.

Бұрынғы ашуы, аңнан алуға бекінген!-десті. Қанша мақтан тұтсада, қасқырдың көкжалына, тұмсығы батпайтынын Жақан бұрыннан сезетін, сөз етсе болды, тыңдамай сырт айналып, өз жұмысымен болатын, бүгінде бас қосқан жерде уәз айтып қалғандарға, ыңғай бермей, алшақтап кетті. Ғарып құс бегімен оралған да, бүкіл ауыл адамдары жиналып, әкелген құсын көруге «таңсық» көріп, бәрі жиналды.

Ғарып оларға барған сапарын баян етіп, назарын аударды. Алыс жол, қаншама асулардан өтіп, құмды шөлді басып, кең арналы өзен боймен жүріп отырып, ыстық күйіп тұрған аймақтың, белесіне шыға берген де, алыстан мұнартқан, ақшыл күмбезімен, созылған биік қорғанмен қоршалған шағын қаланың, қара жолымен ағылған түйе керуені, үстеріне артылған қалың жүк, легімен Бұқардың кең, зәулім жалғыз қақпасынан кіре берді.

Бізде сол қақпадан өтіп, ішке кіре бергенімізде, қаптаған халық бүкіл әлемнен жиналған, өзге ұлттың түрлерін бірден байқадық, ойымыз сол бүркітті табу болды, үнді адамымен кездесіп, тұғырда отырған қара бүркітке бірден көзіміз түсіп, соны қараумен маңынан шықпадық!-деді. Сол бүркітті ақыр сатып алдық, енді міне өз қолымызда!-деп Ғарып келген ауыл адамдарына көрсетіп, тұғырында отырған сипатына мәз болғандар «кереметтігін» айтып, тау қошқарындай қомақты денесін көріп, риза болды.

Ғарып, құсына қой, қоян етін ұсақтап беріп, томағасын тойдырып, күтумен болды. Қоңын түсірмеуге бекініп, түнгілікте тұрып жем-сауын дайын етті. Күрең айғырын

дайындап, ер-тоқымға жалғастырып, құс тұрағын жасап, құс бегін бірге аңға жіберуге, бағыт ұстады. Жолдастарымен хабарласып, аты-шулы Шоқат бөктеріне жол тартты. Күрең аты ауыздықпен арпалысып, жолда жөңкіле шауып, құмды боратып, дөңес үстіне қазірде шыға келді.

Жұқа қар, айдаланы жаңа жапқан, ақ көрпесі көсіле біткен шатқал бойымен жарасқан. Күнде суық емес, самал желдің баю соққан лебі, бетінді алып қояды, жұмыр біткен, дөңестің тік жары, таудың сызық құламасын көрсеткендей қарайып қояды, шөге біткен талды ағаштарда оймақ болып жиілей түскен, бұлда аңның тығылған қорғанышы болып бекіген тәрізді.

Ғарып, қосын тігіп, алысты бағыдарлап, бүркітімен сай-саладағы дыбыс пен қарайған дүбірлерге көз салумен болды. Қасындағы аттылар Жұман мен Төлештерде қонды аттарымен, дамылсыз секіріп, орында тұрмады, әлден соң биіктен түсіп құлдилап шатқал бойына, зырғумен тартты, ойлары талды бөктердің бәрін сүзіп шығу, керек етті.

Ғарып осы манда қасқырдың апаны болатынын, естіп білген, сақ болуын ескертіп, айғайлап айтып құлақтарына жеткізді. Қаншама жылдар, осы дөңестен табын малға шауып, Бөкей ауылының малын жеп, талайдың санын соқтырған, кейбір күн көріп отырған кедейдің, «жалғыз» сиырында жеп, сүтсіз қалдырған, қаншама жылқыда жемтік болып, жұртты жаланап малсыз қалдырғаны, Ғарыптың есінде болатын «соның бәрін, енді қайтаруға күн туғанын» есіне ұстады, біржағынан «гіжінді».

Таулы бөктер құсаған ойлы қатпар дөңестер, қатар біткен жоталармен ұштасқан, ал қызыл күмістей жарқыраған өзен беті алыстан көрініп, асыл мұрадай, ауыл сәнін жасап, биіктен мұнарта көрініп қояды, бұлда тамаша табиғаттың өзгермес келбеті болып қала бермек. Ғарыптың сұлу жүзінде өзі өскен ауылына келгелі, қуаныш қайраты өсіп, көңілді қалпын сақтаумен, қолға алған ісін орындауға бағыт ұстап, дамылсыз

құс бегінің маңынан шықпады, бойын тарап, қанатын сүртіп, аяғының қоңды жүндерін сипап сылады.

Жасынан еңбекке үйреткен әкесі, ертерек қайтыс болып кетседе, бүкіл мал өз мойнында, қалғанына мойымады, қайта пысықтық көрсетіп шаруасын ақсатпауға тырысты. Енді міне халықтың арман еткен, дала қасқырының, өшпес жауы болып келген қалың жұрттың тілегін орындап «жауыздың» жолын кесу болды, қауыпты іске басын тікті.

Әлден соң күтпеген, Жұманның жан дауысы шығып: Әне кетті! Әне кетті! Көкжал қашты!- деп айғайға басып, дауысы бүкіл шатқалды алып кетті. Ғарып тез қимылдағанша құсы лып беріп, шатқал маңына зулап ала жөнелді, алып қанатын кезек-кезек қағып, жоғарыдан құлдилап, жонға қашқан қасқырды көріп, үстінен барып, қарулы қанатымен соғып жібергенде, домалап барып, тасқа соғылып «көкжал» жатып қалды, бүркіт үстіне шапшаң мініп, аюлы тұмсығымен көзін шығарып үлгірді, қыңсылаған беті жұлқынуға шамасы келмей, сылқ етіп жан тапсырды. Бұл алғашқы қадамы еді. Ғарып күреңмен тез жетіп, атынан түсіп, құсын үстінен айырып алып, ат үстіндегі тұғырына қондырды. Жұман мен Төлеште жетіп: «бұл ғажап – керемет» екен!- десті. Бұл тек қана бастамасы!- деді Ғарып күлімсіреп, үшеулеп әрең деген де, көтеріп күреңнің қанжығасына байлап, қонысқа бет алды.

Төлеш: Біз Жұман екеуміз қазір көкжал шыққан жерге барып, «апанын» тауып алуымыз керек!- деді. Ғарып бірден құптап: Оларың дұрыс, бірақ сақтаныңдар олар «ұялы» қарсы атылуы мүмкін ызалы!- деді. Желең жатқан жер, жұқа қардың бетіне құмда шығып, сапырлыс қасқыр ізі тапталған жол, жазыққа шығып ұзарған. Талда бүркемелеп, саябір соққан. Жұман: осы жер!- деп байыптап, атының басын бұра тартып, кес-кестеп, дүбірлі сарын жасап, талды пергілеп, ойран ете бастады.

Қасына шауып келген Төлеш, құлағына ырылдаған дыбысты бірден аңғарды: Міне осы жерде «апаны» дегенше

болған жоқ, атылған қасқыр, аттың бауырына жармасып, кеңірдегіне ауыз сала бастады, Жұман бірден байқап қалып, құрығымен беріп, тарс еткізіп, құлатты қаңсылаумен өліп кетті. Үлкен көкжал, жазыққа бірден атып шығып, талды жапыра қаша жөнелді.

Бұл кезде Төлештің айқайын естіген Ғарып, тездетіп құс бегін бағыттап ұшырып жіберді. Арпалыс басталып, ұшқан құс бірден жоғары көтеріліп, алып денесімен қасқырдың бірден жолын кесті. Жүйіткіген бағытымен, қара желді қақ жарып, жетіп алып, үстіне барып «гүрс» еткенде шабуын бірден тоқтатып, құстың салмағын көтере алмай, майырлып барып жерге бауырлап, жата қалды тұруға шамасы жоқ, қасқыр қылжиып жатып қалды, құс меңгеріп домбай аяғымен қозғалтпай ұстап, қыбырлатпады Ғарып шауып жетіп, құсын тұғырына қондырып, қасқырды аяғынан байлап, жамбасына басып, алып кетті.

Жұмандар апанға оралып тағыда, көжектерімен ұялы қасқырдың тобын құртуға асықты. Бауырай жұмсақ құмды аңның ұясына қолайлы, жерді пана еткен қасқырдың ұялы тобы осы жерден басталатынын білді. Аласапыран, ойыс төбенің етегін, ат тұяғымен дүбірлетіп, тарс-гүріс құлаң туғызып, дамыл таппай екеуі, тағыда келген аттылармен, бірлесіп жердің бетін, тілімдеп, ойқан-сойқанын шығара бастады.

Шыдамы таусылған, көжектер тобырымен бытырап, далаға қашып, ұзай берді. Жұман мен Төлеште, келген қарулы жігіттерде сойылмен соңына салды, қуып жетіп құрықпен құлатып, домалатып соғып алды. Көжегімен он жеті қасқырды, екі-үш күн ішінде, алып үлгірген Ғарып бастаған ауыл жігіттері, «апанды» құртып, көкжалдың жолын бір жола кесті.

Естіген жұрт таң қалып, енді қауыпты қасқырдан құтылып, малын өсіруге кең жол ашылғанын түсініп, Ғарыпқа рахметін жаудырып, адал жігіттің ісіне бүкіл ауыл жұрты риза болды. Ғарып алғашқы олжасымен ауыл жұртымен бөлісті.

Алып құс, басқа бүркіттерге ұқсамайтын, зор денелі, жалпақ қанаты ұзына созылған, сом жаурынымен домбай біткен, жуан қолтығы, шоқпарланып қанатымен жалғасқан, батпандай екі аяғы, жуан бөренедей аюлы тұяғымен жалғасып, қылыштың сабындай болып, ұзара түскен. Жалт-жұлт еткен оюлы көздері, дамылсыз жарқырап, көгілдір аспанның түріндей, алысты болжап қояды, қыбырға елеңдеп, өз бойынан ештеңені асырмасқа бекінген болып, жан-жағынан көзін алар емес.

Тұтқиылдан шабуылға дайын тұруды қалып еткен, құстың отырған отырысының өзі, қошқардың денесіндей, қомақтанып көзге түскендей, сезінесің «бұл алып құс!»деп ой қорытасың. Расында солай, Үнділер Гималай тауына шығып, бүркіттің балапандарын алып асырап, өсіреді екен, алып құстар «тау арқарлары мен» тамақтанып, оларды аулап, өздеріне жем еттетін көрінеді, сатқан үнді адамы бірнеше жылдан бері айналысып, көп ақшаға байып қалатынның кәсібіне көшкенін сездірді «ешбір құс-бұған пар келмейтіндігін» баян етті, тек бабын таба біл, қандай болмасын аңды алып береді, табанына салып береді!-деді Ғарып жиналған көпшілікке баян етіп.

Ғарып үйге оралған бойы құс бегін жеке бөлмеде ұстап тұруды жөн көрді. Бірақ оны бір ой мазалап, сүйген жарынан хабар болмай, уайымға батты. Көңілсіз жүргенін аңғарған анасы Күлтай, баласының бұлай болмауын қаламады «үй болып от басын құруға да қарсы болмады» жақында бір қыз келіп «хат» беріп кеткені есіне түсіп, хатты тығып қойған жерінен алып, баласына ұсынды. Ғарып жалма-жан Арайлымның жазған жазуын танып «хатын» ашып оқи бастады. Арайлым жылап отырып жазған хатым: Сенен еш хабар болмаған соң, қатты уайымға салынып, түн жылаумен өткіздім, әкем бір жағынан: «сені тоқалдыққа берем, менің отырған қызым деген аттаққа қалмаймын!»-деп ескертіп есімді алды.

Құрбымды жіберіп, Нұрсұлумен хабарласып, қалаға барып оқуға түстім, өзімнің жағыдайым қиын болғаннан соң,

аяғым ауырлап, жүріп-тұруым қиын болды, бірақ оқуымды тастағым келмейді!-деді Арайлым жазған хатында. Ғарып қуанып, Анасына: Сен енді Әже болдың, Арайлым оқуға түсіп, қалада көрінеді, мен енді қалаға барып қайтамын!-деді.

Ғарып дайындалып «бағылан» сойғызып біраз қаражат алып, ертеңіне күрең айғырымен жол тартты. Зырғыған жеңіл қарындаш арба, күреңнің алымды қадамы, желіген жүрісімен бөтен ауылдарды басып, артқа тастап сырғып келеді, бір жағы қуаныш Арайлымды көріп, құттықтап құшақтап сүйуге асықты, сүйген жары Бұхарға барып, бүркіт әкелгені бар, аң аулап қасқыр соққаны бар, бәрінде Арайлымға баян етуге тырысты. Дала өңірі жалпақ жүздің сағымдай толқыған шағы, жаңа түскен ұлпа қарда, кара жер бетін көрсетіп қояды, қар жауған демесең, кібіршік қана желмен үрлеп, бетіңе соғады.

Даланың бидайығы да, селдіреп жол бойына созылған, ашық аспан күмбезі күннің жарық сәулесін беріп, қыратқа біткен жазық даламен ауысқан. Құста сиреп, жылы жаққа кеткен бе? көрінер емес. Күрең мықтылығын көрсетіп, қалаға алып келді. Ғарып сұрастырып Арайлымның оқу орнын тауып алып, бас тіреді. Арбадан түсіп, атын таса жерге шалдырып, ішке кіре берген де, құрбысы танып, алдынан шығып, жатахана ішіне кіре берді. Жетелеп, өздері тұрған бөлмеге кіре берген де Арайлым орнынан атып тұрып, қарсы жүгірді Ғарып қос қолымен құшақтап алып, бетіне сүйіп, көтеріп алып, төсегіне отырғызды. Ажарлы жігіт, сұлу тартқан келбеті Ғарыпты сағынғаны сонша, құшағын алмай көзіне жас алып, әсем ажарын беріп, құшақтасумен біразға дейін жұптарын жазбады.

Ғарып дамылсыз сүйіп, қыз денесін өзіне тартып, бауырынан шығармады. Әлден соң Ғарып: Менің саған әкелген заттарым бар, соны алып келемін!-деп шығып кетті. Бәрін көтеріп, үй ішіне әкеліп: Мынау саған Бұхардан әкелген «шубым» сен тоңып қалмасын дедім, мынау қасқыр терісі, төсегінің алдына салуға аяғыңды әр қашан жылы ұстауға керек, ал мынау «бағылан» еті құрбыңмен бірге житін

боласың!-деді Ғарып. Онда бірге тамақ ішетін боламыз, мен онда қазір дайындаймын!-деп орнынан тұрып, ас пісіруге кірісе бастады. Ғарып сағынышы басылмады, Арайлымның артынан ұстап, құшақтап алып жібергісі келмеді, ыстық денесі бойын билеп сала берді. Аяғы ауырлығын сезген жары көп қимылдамауға кеңес етті.

Ғарыптың жүрегі, Арайлымды қатты сүйді, маңайынан шықпады. Бұның сұңғақ бойына, аппақ сұр жүзіне жарасқан, атлас батсайы, көйлегі қара ренді кастюмі бар. Қысқа ғана қара шашы, алдына қайырып, маңдайынан жіпсіген тер көрінеді. Нұрлы жүзі, үлкен көзі, ұялы аясынан Арайлым жүзіне табына қарап қапты. Ешқайда бұрылмай қадалып қалған.

Арайлым салған ән, әлі есінде алғаш танысқандағы қалпы, маңайына орала берді. Қыз қазірде бетін аша түскен. Қуана күлген күлкілі еріндері, жұмсақ қалпында сәл діріл қағады. Қасы мен көзін Ғарып жүзіне қиғаштап бұрып, ол да жүз аудармай балқып келеді. Екеуінің бір-біріне жан бергендей, деп қойған қазіргі сәтінде, енді бір қозғалысқа мұршалары болса, ол үнсіз қатып сүйісіп қалу болғандай.

Ең алғашқы ғашықтың құшағының, ең дәрмені ап кетер, ең бірінші ыстық сүйісі ғана боларлықтай. Көз алдында шын ашық, шын ғашық жүздері жетелеумен кешкілік оңаша үйге ығысты. Жанағы асқақ сұлу, сері қыз, салт жігіт жүзіне сәулеленіп, тұрған ынтызар нұрын, серпіп өзіне тартты. Көз жұмулы көңілі шайдай. Арайлым оңаша болғанын тілеп, сағынышын жігіт бойына беруге асықты, солай болғанын қалады. Бір сезім тауып жылып кетеді. Жас жүректің нағыз шыншыл, жігіттің ақылдылығына сенді.

Шыншыл сөз, ақырын құшағына алып, жұпар иісін иіскеп, өзіне тартып, қолымен орай берді. Баюлап жүріп, Ғарып көтеріп алып, Арайлымды жұмсақ төсекке апарып жатқыза берді. Қыз қолын мойнына орап өзіне тартып, ыстық денесін, жігіт бойына апара түсті. Сағыныш сезімі, лаулаған отты денесін, Ғарып қыз бойына, жапсыра түсті. Асау толқынды

жүрек соғысы, дамылсыз қос жүректің, бір-біріне қосылғанын байқап, қызыл ерніне сүйе түскен, жігіт сезімі, алып ұшып, қос ақ дөңестің арасынан өте беріп, балқи түсті.

Қызу дене, қыз бойын алып кетті. Бір-біріне жаңа қосылғандай, екі жас ұзақ кештің бітпеуін күтіп, түн асырды. Айрылмастай енді байлам жасап, жалын отымен тоғысты, ыстық дене басылмады, жанған оттың шоғы құсап, қызыл жалын ұзаққа созылды. Бұл кеш Арайлым үшін, тағыда ұмытылмас болып «мәңгілікке» бекіді. Өзі Арайлым ішінен, бұл кездесуді сағынып күтетін, жолын тосып арман еттетін. Өтей қызының «ақ маралын, ең сұлуын таптым» деп Ғарып мақтан ететін. Арайлымға құштар болып, қатты сүюден бір сәт қайтып көрген емес-ті, қайта жанып түсетін. Арайлым ойында, бір ұмытылмас сыр жатты. Кейде сол ой, есіне түсіп, күмілжіп барып налитын. Бірақ ол сырды білдірмеуге, тырысып сыртқа шығарғысы келмеді.

Ғарып сезіп Арайлымнан: Сені кейде бір ой басып, не істеріңді білмей сасасың? Енді маған сол ойынды айт, әйтпесе кеш болып, істеріміз тас-талқан болып, сені таба алмай қалуым мүмкін!-деді.

Арайлым жасырып айтуға, қатты бекінді. Айтсам Ғарыптан айрылып қалуым мүмкін, қазіргі «жауыздар» табан астынан тор құрып, құрдымға кетуіміз мүмкін!-деп болжады. Және әкесінің сыры өзіне де мәлім. –Малды қайдан алғаны, қанша алғаны, күдік туғызады. Әкесі айтпай, жасырын «қыз саудасын» қыздырып, сырт елге барып, келгенінде сезген қыз, бұл істің кейін дау-жанжалға соқтыратынын ұқты.

Арайлым өте ақылды, болатын істі болжап, шешесімен бөлісті. Арайлым оқудан сұранып, елге оралды. –Бірақ тез арада сүйгеніне қосылуға уәде етседе, қараңғы түн кешінде, сау еткен топ аттылар, үй маңын қоршап, абыр-сабыр елқұсап, маза бермей, сөз «думанға» ауысты, үй ішін билеп, отырысқа бекінді. Жақан бұдан бірер жыл бұрын, үйір жылқы

алып, байып алған, бірақ сол байлық көпке бармай, ұрлықпен жартсы бір түнде жоқ болды.

Әуреге түскен Жақан кімнен көрерін білмеді, мезгіл өтіп жатты. Ел ішінде атағы бар бау кеспе ұры атанған Зекен, мойнына алмай, Жақанның аулақ жүруін ескертті. Мал дауымен тірескен, Зекен бұл жолы алмағанын айтып сендірді. Өмірдің ұдайы айнығыш, суреттерінің ішінде, айнымас бір қалыпты ұстап, әр елден шықсада, бір күйден жазбай жүретін осылар ма? Немесе сол жерде көрген бір халдың өзінің, бірі шын, бірі түспе? Бұл неткен сұмдық! Сонда мал екі ұрланды, кім алғанын ешкім тіс жарып, сөз етпеді. Әлде білмеді ма? Бейхабар болып қалысты.

Ағаш келсаптай, тоқылдақ үні бар Жақан: Әкелген малды бойыма сіңіртпей, жоқ қылды, алғанымды қайта құстырды. Ана жолы тағыда, қалған биеден айрылып, бүкіл малымның құны бітті, кімнен көріп, иесіне не айтарымды білмеймін!-деп, өзін-өзі тұғыртты. Жақан Зекенді кездестіріп: Малымды тағыда алдың. Ұрым тағы сенсің. Зекен сен әдейі егесіп істеп отырсың. Малды төлеу, орнын толтырып беретін, сен өзіңсің!-деді. Соқыр көргенін жазбас. Сенен басқа ел, сенікінен басқа мал құрыған ғой тегі.

Тіпті сол күндерден бастап, бірде атқа мініп жүргенім жоқ!-деді Зекен. Екеуі енді ашылып, шапшаң сөйлесіп, қағынып қалды. Бір кезек жұрт сұрағы: Айтушың бар ма? Із, тоз айғағың бар ма?-деп сұрап еді. Ондай дерек Жақанда жоқ екен. Жақан үйіне кіре берген де, төтеден-төте үйін баса көктеп, көп аттылар тобы қоршап ала түсті. –Шошып бір пәленің болғаны ма? Жақан қайта оралып, алдынан шықты. –Кілең бөрте қуған, жалаңдаған қулар, өзін еңсеріп барып, сөзге тартты. Ішінде баяғы өзі көрген күйеу сымағы, қасында шоқша сақалы бар, ауыл ақсақалы деп таныстырған, сөзге шешен Тоқымбеті тағы бар.

Жақан не дерін білмей, басы дауға қалып, көп жылқыдан айырғалы, діңкесі құрып, әлі бітті, іштей күйініп, налумен

болды. Еріксіз үйге кіріп, төр бөлме ішіне жайылған көрпе үстіне барып отырысты. Тоқымбет сөз бастап: Бұдан бұрын айтқан «уәден»бойынша, құда болып бас сұққанымыз, осы еді!-деді жымия күліп Жақанға жүзін аударып, сөзге тартқандай қалып білдірді.

Жақан сөз тыңдап отырған жоқ, басқа күйде болып, ойын басқаға бұрды. Шешініп, ыңғайланып алған Тоқымбет: Сен құда, ойың басқада болмасын, Зекен айтқан жылқының бәрі, жерсінбей қайтып, тор айғыр бастап өзі келді!-деді. Жақан : Қалай болғаны, мен осындағы ұрыны дауға салып, талқыға тартып, айқасып жүрсем, қап мен қаталық жасаған екенмін, текке айыптадым!-деп күмілжіп барып шектелді. Олар отырып, малды қайтып беруін сөз етіп, келісімді тежеді. Жақан салған беттен: Мен елімнің үлкендерін шақырып, айтар сөзім бар, ақылдасатын ісім бар!-деді.

Сөзге тоқтаған Тоқымбет уәде-істің кезегін күтті. – Жиналған ауыл адамын бастап, ел үлкені, ақылды кісі Балқожа өзі келді, төрге шығып жайласқан соң танысып, екі топ болып төрден орын алды. Дау көпке созылатын, мезгіл таянды. Айтыс қыза түсті, екі жақта боялған терге шыдамай, жеңіл шешініп, кең бөлменің өзі тар етті. Құда Тоқымбет қоңыр дауысымен сөз бастап: -Біз бұрын ата жолын сақтап, Жақан құдамен кездесіп, уәдені пісіріп, жылдың жүзі болған соң, мынау отырған Салық деген күйеуді алып, келіп қалғанымыз осы еді!-деді құда. Күйеу егіде тартқан, басы таз шашы жоқ, беті бұжыр, денесі еңкейе біткен, қатыны бар, екінші әйелдікке сұрап «тоқал» қылып ұстауға уәде еткен, Жақан сөзін алдыға тартып, қайталаумен болды.

Сөз сарабын Балқожа өзі бастап: Біз ағайынды елміз, бұрыннан жұбымыз жарасқан, ағайын арасындағы алыс-берісті бірге ақылдасып шешуді, берік тұтқанбыз «қыз бала-ел өрісі», қыз қылығымен-жақсы, қыз ел мақтанышы, Арайлым қалада оқуда, болашақ ауыл мұғалімі, қызымызды қиып қалай береміз, ел-жұртқа не бетімізді айтамыз, бақытын байлап, сүймеген

адамына беру «өліммен-тең» деген, олай болса құр әурешілікті қойып, өз жөндеріңе кеткендеріңді қалаймыз!-деді.

Мынау отырғани әкесі Жақанға да айтарымыз осы. Шешілмеген дау, жанжалмен бітпес, ақыл мен сөйлеп, адал етіндер!-деді Балғожа. Бір кезде сырттан есік ашқандай болды, бақсақ Жақанның жылқышысы Дауыт суыт келіп, Жақанға сыбыр етті: Ұрланған жылқы осылардың өзі, ұрыны жендеттер арасынан таныдым, кешкілік бірнеше рет, кесе-көлденең шауып, жайлымда түн асырған, осының өзі!-деп шығып кетті.

Жақан өздеріне, бірден тарпа салуға бекінді, көзі қызарып терісіне симай кімді «ақмақ» қылуға жасағанын бетіне басып, түкіргісі келді. Тоқымбет: Қыз жат-жұртқа жаратқан қалыңдық, күйеу таңдаймын деп, талайлар күнә құсқан, олай болмасына кім кепіл, сол себепті Жақан құданың ойланғаны дұрыс, біз бірді бердік үйірімен, екі бердік табынымен, ұстай алмаған өзінен көрсін, біздің де айтар сөзіміз, тыныштығымызды бұзбай тұрған да, уәде етсеңдер өз бетімен барған оншақты биені қайтарамыз, арғысын өздерің іздеп, түгендегендерің дұрыс. Бізден еш кінә жоқ, бір жыл беріп құтылғанбыз.

Сауда сақал сипағанша деген сөз бар, беруін дұрыстап әкелгенбіз, Жақанның өз қолына табыс еткенбіз!-деп сөзін аяқтады. –Сіз мырза кеңпейілдік жасамаңыз, берген жылқының бәрін, ұрлатып өзің алғаныңды, неге жасырасың, ұрың далада тұрғанын біл, білмесең содан сұра, біз анықтап алғанымыз осы, өтірік емес бұл шындық!-деді Жақан кіжініп сөйлеп. Балғожа қосылып: Жақан дұрыс айтады, айлаңды асырып, ұрлығыңды жасырып, қандай бетіңмен келген адамсың, Анау өсірген сақалыңды силамайсың ба? Арыз айтып арсыздыққа барғаның, өз абыройыңның кеткені деп, біл!-деді.

Сырттағы жендеттер, Жақан үйінен ешкімнің шықпауын, сырттан адамның келуін бақылап, тұрумен бекінді. Ғарып әрі ойланып-бері ойланып, қалайда Арайлымды құтқару еді, үйін қоршаған жендеттер кетер емес, дау –жанжал «қыз дауы» таусылар емес, жазым болама деп қорқып, құрбысына айтып:

түн ауа бәріде ұйқыға кеткен де, үйінен шығып қара жол шетіне келуін өтінді. Ғарып күрең айғырын дайындап, қалаға әкетуін күтті. Қараңғы түн. Көзге түртсе көрінбейтін кез.

Ғарып жеңіл арбасын жегіп астарына қалың төсек төсеп, жылы қасқыр ішігін салып, жол бойына шығып Арайлымды құрбысымен күтіп, дайын тұрды. Әлден соң жеңіл басып келе жатқан екеуін көріп, шапшаң жүрістерін байқады. Көп ұзамай, бойын қорқыныш билеген Арайлымды бірден құшақтап алып, арбаға отырғызып, денесін ішікке орап, құрбысы екеуі қатар отырып, қалаға бет түзеді. Ауылдан ұзасымен күрең екпінді желісімен жеңіл арбаны ұшырып отырды. Дала ауасы да қандай тамаша тыныштық орнаған, ұзаққа созылған қара жол бойымен шағын елді мекендерді басып, ұзай берді.

Арайлымның қорқынышы сұйылып қалаға жақындаған сайын, құрбысы мен көңілді әңгімемен жалғасты. Ғарыпта неше түрлі кулықтар айтып, Арайлымды күлдіріп, ауыз жапқызбады. Қалада мұнартып көріне бастады, зәулім үйлеріде алыстан үлкен шаһар құсап, топтасқан сәулетті келбеттерін беріп, көз тояр емес, бұлда көрікті қаланың өзі болатын. Арайлым жазғы демалысында қосылуға сөз беріп, аналарын қуантып, айтып үлгірген.

Ғарып та анасына: Арайлым жалғыз емес, екеу болып келеді, сенде енді немере болады!-деді. Қуанған анасы, алдын ала дайындық жасауға, бет бұра бастады, үйін дұрыстап, әсем кілемдерін төсеп, атылас шымылдықтарын іліп, жұмсақ көрпелер төселіп, құс жастықтар тасталды, кең ауласына ақотауды тігуге баласы Ғарыпқа тапсырды.

Арайлым оқуға зирек, құрбысымен ылғида дайындық үстінде болатын. Жатаханаға келісімен кітаптарын жинап алып, жақын да болатын сесияға, дайындалуды мақсат тұтты. Күрең дамылсыз жүріспен, Арайлымның жатаханасына алып келді. Көңілдері қуанышқа толы екі қыз, Ғарыпты орталарына алып, әкелген тамақтарымен Ғарып ішке кіре берді.

Арайлым дұрыс тамақтансын деп тапсырған Ғарып анасының беріп жіберген, жаңа сойылған бағылан еті, май мен жент басқада тағамдарды бөлмеге үйіп тастады. Қасқыр ішіктіде Арайлым баламен тоңып қалады деп, әдейі анасы тапсырған еді, сол ішікті де бөлмеге қалдырды.

Арайлым Нұрсұлумен хабарласуды жөн көрді, болған ауыр азапты айтқысы келді. Ертеңіне іздеп тауып алып, бөлмесінде ұзақ әңгімемен жалғасты. Нұрсұлу: бұл оқиғаны бұлай жіберуге болмайды, тез үстінен түсіруін қалап, Халықовпен қабарласып, баян етіп үлгірді. Қарулы топ жол үстінде болды, бағыты Арайлым ауылына барып, үйін табу еді. Қыз кеткенін ешкім білмеді, әкесі де бей хабар. Қалың мал сөз болып, қайтып әкелуге бекініп бақты. Үйір жылқыны жақын ауылда ұстап, қызды әкету кезінде айдап әкеп беруге уәде етті. Тоқымбет сөзін енді майдалап, жақын құда болуға шақырды: Бірге жүріп ел аралап қайтуға, алыс-берісімізді бір қалыпқа келтіріп, құдандал аралас ел болу атамыздан қалған мұра емеспе, соны жалғайтын міне сіздер мен біздер, ақ көңіл бата құралас, бойымызды алып алланың берген, тауқыметін көріп қалайық, қуаныш өздігінен келе бермейді, жасайтын міне біздер!-деді.

Ақотау тігіліп бүкіл ел жастары, ауыл адамдары біздің келуімізді күтіп, үлкен үміт артқан еді. Соны ақтау парыз болып бойымыздан кетпеді. Жақан ыңғай бермей сырт қарап, айтылған сөзге құлақ қоймады. Балғожада дау-жанжалдың түйінін күтті. Есірген құдалар, өздерінше шалқар көлдей болып жосумен болды. Айтылған сөзді бұра тартып, өздерінің ойын қайталаумен уақыт алды. «Есірген ел бұзады» деген сөзді құдалардың есіне салды. Болмайтын істің басын шарпып «қыз дауының» аяқталмас сертіне көшті.

Сол көшкені мол көшті, істің бітімге келуін қаламады. Топтасып айтысып бірінің сөзін, бірі жалғастырып, кезек күттірмейтін ымыраны тас-талқан етті. Жақан сөзіне тоқтау болмады. Бұрын келісіп, уәде еткен бұрынғы ісін қайталап,

мойнына қоюға тырысты. Сол уәде еткен малды түгелдей беруге уәде етіп, қазір топтастырып айдап әкеліп, қолына беруге дайын тұрды. Тек «я» бәсе деген жылы сөзін күтті. Аталы сөздің мұңын айтып, қапыда қалмауын ескертіп, мұндай байлықты қолдан шығармауға, келісім айтты.

Балқожа әптан тыңлап алып: құр әурешілік жасағандарың дұрыс емес, жас қыздың бақытын құлатып, шалға қалай бермекпіз, сондай балаларыңды қиып неге бермейсіңдер, басқа жоқ іздеп жүрген, кәрі шалға. Жоқ! Ол өзінің баласы, бақытты болуын қалайды, неге кәріге барады, қойнына қалай жатады, осының бәрі өз бастарыңда болса қалай қарайтын едіңдер? Соны ойланып көріңдер, кім кәне соған барады, айтыңдар неге үндемей қалдыңдар? Міне осылай, адам болып келіп, ит болғандарыңды қаламаймыз, ақылды «бітіммен» тарасқанымыз жөн!-деді Балқожа.

Сұрапыл соғыс «дау-жанжалдың» кімге керегі бар, тиылмайтын тартыс осымен бітсін!-деді Жақан. Тоқымбет : Құмағайлы сөзді айтпай кетуге жөн болмас, ас ішіп табак босатарға келгеніміз жоқ, Жақанның уәдесімен келіп, азаматтың айтқан сөзімен, бұзылмайтын серті деп келдік, енді басқаша өзгеріп, түлкі құсап бұрандап шыға келгеніне, қайран қалып келген бетімізді қара жамылып кері қайту, адамгершілікке симайтын таңба болып қала бермек, сол таңба өздеріңде «мәңгілік» болып қалсын!-деді.

Бұл сөз, айыпталып Жақанға ауыр тиді. О баста жолайтын адамдар емес, маңына жолатпай малын алмауы керек еді. Ақымақтың ұмытылмас ісі болып ел құлағына жетті. Табан тірер сөз қалмады, өзегі суырлып, есі кеткен Жақан не істерін білмеді. Жалғыз қызын саудаға салып, арам тұяқ ашық ауыздардың алдауына түсіп, ел жұртына масқара болып, ұяттан безді. Тартыс мұнымен бітпеді, бас құда кетуге айылын да жинамады, өзектеп тағыда бірдеңені ойластыруға көшті. Жалмауыз айдахар құсап, айтқан сөздері түйдегімен, қыз жағына бағыттап, көлеңсіз уәздермен кесек-кесек тастаумен

болды. Балқожа ашуға мініп: Жарайды енді! Токтат! Мысқылыңды, сен емес бізге ақыл айтатын, өз жөніңді жөндеп ал, алмасаң арылтатын адамыңды табамыз, сыртағы қалың жұртта біздің адамдар!-деді.

Айтуы мұң екен, есікті айқара ашып, қалың топ қызыл жағалылар сау етті. Төрдегі Тоқымбетті бірден ұстап, қасындағы қосшы билерімен кісендеді, қалың малды тапқызып алып үкіметке аударып, өздерін қаланың тұрмесіне алып кетті. Естіген халық қуанысып «бір пәледен» құтылғанына, Арайлымның керемет ісіне риза болып, бір жетіге созылған «даудың», «тоқалдықты» көксеген қуларды, табанға салып, мазасы кеткен жұрттың, енді қайталанбас іс болып, қала берді, елде тыныштық орнады, көпшіліктің көңілі жадырап, ойын-тойға ауысты. Ғарып қалада, Арайлымға барған бетінде, сырттай инженерлік оқуға түсті, Арайлымда сырттай оқуға ауысып, аяғы ауырлаған соң, елге барып үйлену тойын өткізуді белгіледі.

Нұрсұлумен ақылдасып, осындай шешімге келіп «қош» айтсып, ауылға бет түзеді. Күрең айғыр жүрісі, екпінді қалпына салып, зырғытумен отырды. Жалпақ даланың «хош» иісі, гүлге оранған жол бойының, әсем түрлері, дала төсімен жалғасып, сұлу табиғаттың құбылысын байқата бастады. Жұмсақ төсекке оранған Арайлым, арба үстінде Ғарыппен қатар отырып, самал желдің әуенімен, ән шырқап келеді.

Оның тамаша әніне Нұрсұлуда ұнатып, қала сахнасында талай шырқаған әндерін еске алып қояды. Ғарыпта тамылжыта салған әніне, бойын билетіп, қайта-қайта құшақтап, бетінен сүйіп, Арайлымға маза бермеді. Болды-ғой енді, барған соң сүйерсің!-деді Арайлым күлімсіреп, оймақтай аузын Ғарыпқа тоса берді «осымен әзірше» бітті дегендей қалып танытты.

Ғарып ыстық денесімен, Арайлымды бауырына тартып, қысып жібермеді, сағынышы басылмаған жігіт денесі, айырлар емес. Тамағынан да сүйіп, сүйген жарының асыл денесін, еркіндеп құшақтап, меңгере бастады. Ән айтумен жол

қысқарып, қыраттарды басып, шағын ауылдарды артқа тастап, кете барды. Аспанда ашық жылы жел лебі ескендей, сағымда жел- қуалаған ақ толқын, буылдыр тартып көзіңді алады. Бірақта күн сәулесі, жарқырап жаздың тамаша самалына бөлеп қояды. Әр жерде өскен ағаштардың, қалың терегі, өңірдің шалқыған даласымен жалғасып, орманды аймаққа ұқсатып, көгілдір келбетімен жарасқан, маңайы толған құс мекені осында деп, қаласың.

Әлден соң дөнестен түсе бере, мұнарқан Ғарыптың ауылыда көріне бастады. Кішігірім ақ үйлер, шетке қарай қоңыр үйлердің сыртыда көрініп қалды. Шағын ауылды қызыл жарып «Шалқыма» өзені кесіп өтіп, өңірдің жалпақ жазығына қарай созылған. Арнасы кең, көк толқынды терең су, жағада өскен қалың қамыстың сылдыры да, құстың көп жиналып ұшып келуіне, қорғандай болып, сылдыр қағады. Шырылдаған тобыр үйректерде осы жерден пана тауып, қамыстың көк құрағын нәсіп еткен.

Ғарып өзеннің бергі бетіндегі үйінің маңына тоқтап, Арайлымды арбадан түсіріп, қарсы жүгірген қыз-келіншектерге беріп, үлгірді олар бірден қоршап алып, басына ақ шал тартып, алдына шымылдық ұстап, ақотауға жақындай берді. Жиналған ауыл адамдары шашу шашып, тамаша тамылжыған ән назымен қарсы алды. Оң аяғымен отау ішіне кіргізіп, құрылған атылас шымылдық ішіне отырысты.

Арайлымның құрбысында осында, қасында отыр. Жиналған жастар, ести сала Арайлым ауылынан да келгендер көп болды. Ән шырқау басталып кетті. Бет ашу, сәлем істеу ән айтумен жалғасып, шырқала берді, жиналған жұртты бірден орап алды, бойларын балқытып, көңілді шаттыққа бөлегендей, асқақтата түсті. Түн ауа, қалың жұрт «риза» болып тарқасты. Ақотауға жұмсақ төсектер салынып, түндік жабылды, екі жас оңаша қалып, жағалай тыныштық орнады. Ғарып Арайлымды көтеріп алып төсекке жатқызып, басына құс жастық пен жеңіл көрпені жамылып екеуі жайғасты.

Ғарыптың бойын билеген дене қызуы шыдатпады, оймақтай аузынан сүйіп, құшақтап бірден бауырына тартып алды. Бойын билеген қызуы, қызбен қосылып, жабыса түсті, еркіндеген күшін қыздың қос дөңесінен өткізе бергенде балқыған дене, бір-біріне қосылып, ләзат құшағына ене берді, жұптары жазылмай көп жатты.

Ғарып құс бегін Арайлымға көрсетіп, енді қаз-үйрекке жіберуге дайындалып томағасын тартып, сылап-сипаумен күтіп бақты. Алып құсты бірінші көруі Арайлым шошып кетті. Массаған бұл құсты сонау жақтан қалай әкелдің, өте үлкен екен!-деді таңғалып. Бұл қасиетті құс, сонау Гималай тауында мекен етеді, арқарларды аулап күн көреді екен!-деді Ғарып.

Арайлымды құшақтап өзіне тартты да, жолға дайындалып, жолдасымен атқа қонды, бағыты Шалқыма өзеніне бойлап құстың топтанған базарын табу еді. Күрең айғыр жаңа жаратылғандай ауыздықпен алысып тұрар емес. Қазірде құстың қайнаған ортасына ілікті. Аспан көк күмбезін беріп күннің жылы сәулесі, жербетіне төгіп тұр. Баю соққан желдің күші, су толқынын қозғап қояды. Дамылсыз ұшқан қазда, қаңқылдап келіп жалпақ өзеннің бетіне қонумен бітісіп жатты. Шөрегей үйректерде тобымен келіп су бетін, жапқандай әсер қалдырып, нағыз құс базары осы екен деп қаласың. Ғарыптың да іздегені осы еді. Жайбарлау жағадан орын теуіп, қосын орнатты.

Құсын тұғырынан алып томағасын беруге, әкелген қоян етін ұсақтап турап, қайталаумен томағасын тойдырды. Әлденген құс бегін ат тұғырына отырғызып, күреңмен өзеннің қилысына қарай бет түзеді. Толған құс, қазда осында, Ғарып құсын ұшырып, қаз тобына бағыттай берген де, алып құс зуылдаумен қос қанатын кеңірек ашып, жаңа үркіп көтеріле берген топқа шүйліге кетті, арасына сүңгіп кетіп қанатымен «тарс-тұрыс» еткізіп, бірнешеуін құлатып үлгірді. Қанаты қираған қаздар ұша алмай, суды сабалап күші кетіп, қалқумен өліп кетті.

Ғарыптың жолдасы Бисен әкелген шағын қайығымен су бетіндегі қаздарды алып, жағадағы қос басына жинай бастады. Шикылдаған бүркіті тағы да ұшпақа бет түзеп, Ғарыптың алдынан лып етіп, өзен бойына барлай ұшты. Осы жолы көп қаздың тобына кездесіп, аспанға көреріле ұшқан қаздарға жетіп алып, астынан ұрып қанатын қирата су бетіне топырлатты. Шорағай үйректіде тобымен құлатып соқты. Құстың кереметтігіне таң қалған ауыл адамдары тез жағаға жиналып, құстың қимылын көріп көздерін алмады «тандай қақтырып» бәрінде көріп куә болды.

Ғарып алғашқы олжалрын, қалың жұртқа таратып берді. Кешкілік үйге қайтарда, екі-үш қазбен бес-алты үйректі үйіне ала кірді. Көбірек болса, Арайлымға ауыр тиеді, аяғы ауыр екенін ойлады. Анасы көп олжаға қуанып, көршісін шақыпып көмекке келуін күтті, Арайлымға істетуге болмайтынын топшылап, қорғаумен болды. Арайлым карап отырмады, көршісі келгенше семіз қаздың біреунің жүнін жұлып, түскі асқа дайын етті.

Анасы Арайлымның шаруаға жатықтығын байқап, әзірше ауыр жұмыс істеткісі келмеді. Ғарып асханадағы Арайлымды ұстап алып құшақтап, сүйіп қоюды тастамады. Қойшы енді, түнде жетеді ғой саған!-деп күлімдеп өз жұмысымен бола берді. Анасы үйрекпен көршісінде байытып тастады. Ғарып: бұл тек бастамасы ғана, ауыл жұртын қарық қылдым, оларда өзенде болып олжамен бөлісті!-деді. Ғарыптың атағы бүкіл елді аймақтың бәріне жайылып, қаншама қасқырды алғанын сөз етіп, әңгіме басын осыдан бастады. Енді міне құстыда қойша қырып бүкіл ауыл жұртын көтеріп тастады.

Жақан өздерінің аңшыларымен тек түлкі мен қоянды алып, шектелумен болды. Алыс дөңеске жол тартып, шыққан аңшылар бұлдыр күннің сағым тартқан қалпын бұзып, етекпен жүріп, биікке көтеріле берді. Жақан бастап, қосқа ыңғайлы жерді тауып, қоныстанды. Жайлы, жылы қостың ішіне кіріп, құс бегіне жем-сауын мол етіп, баптап отыруға бекінген.

Жақан: енді сендер бастап көріңдер «бүркітті тағы көр, тағы көр!» -деп қайталаумен Көшен мен Тәліптің тиышын қашырды. Кезек содан кейін Ысқақта болды.

Жақан ашушаң тез орындап шықпасаң бар пәлеге қалатынын, олар сезді. Апыл-ғұпыл Көшен құсын баптап болғанан соң, қолына құсын қондырып, тайлы буырымен шатқал маңын сүзуге бағыт алып шоқытып ала жөнелді, басқада қалыс қалмады «сойқан-шалыс» алдында күтіп тұрды.

Әне! Қашты! Түлкі қашты! Көшен қара бүркітін қолынан сырғытып түсіріп жіберіп еді, құйындай қанатымен жалма-жан, түлкінің соңына түсті. Жетіп алып, сомбал аяғымен бүре ұмтылған да түлкі шапшып, қанатына бас салып, алысып-жұлқына бастады, бүркіттің жүнін боратып, қанттан айрылар емес, бірден байқаған Көшен шауып барып, қолындағы ауыр құрықпен басынан салып жіберген де, қыңсылап барып, шалқасынан құлады, шап беріп құс өкпесіне мініп өткір тұмсығымен қарнын жарып жіберді. Түлкі көп жатқан жоқ, сылық етіп өліп кетті. Көшен қараса түлкі кесектей ең ірісі!-десті.

Жақан биіктен қарап, әліде бүркітінің қондылығы нашар екенін, бірден ұқты, әлсіздігін байқап, енді бапқа келтірмей жіберуін, тежеді. Қолына қондырып, түлкіні жанарына байлап қос басындағы Жақанға жақындай түсті. Қанатында жара бар, қанды көрді, егер кешеуілдеп жетпесе, түлкі талап, бұдан да зор жаралы қылатынын ескертті. Көшен құсын қолына алып, баптауға кірісті, әлден соң ұсақталған мол етті алдына астаумен қойып, томағасын тойдыруды керек етті. Құсты бір-екі күн жібермей ұстауды Жақан айтып ескертті.

Тәліптің құсы қоянға шауып, бір-екеуін қағып тастады. Ысқақта соны қалады, бірақ әп сәтте тал түбінен шыға келген, түлкіні бірден көріп, қанатын бауырына қысып, зулаумен қалың желдің күшін көрсетіп, екпінді қалпымен қос аяғымен періп өтіп, домалатып барып құлатты, аюлы тұяғын, түлкінің

төсіне батырып, қозғалтпай тұмсығымен екі бірдей көзін шұқып қан етті, әлсізденіп түлкінің жұмысы бітті.

Жақан бұны көрген «кереметтігін» айтып, айғайымен басқалардың құлағына жеткізді. Жақан құс ұстағалы біраз жыл болатын, сондықтан оның әрбір сөзі басқаларға сабақ болардай, тәжірибесімен бөлісті. –Көшеннің құсы жақсы екен, бірақ бабын таба алмай, қоңын түсірген, аяқтары да арып, денесіде арық тартып, құн жауы кеткен. Осыны байқаған Жақан Көшенге : неге осындай болғанша ұстап, ешкімге айтып сездірмегенің не ? -әптен бітіп өлуге апарғаның қалай ? - Күтіп баптаудың орнына, құр масаттанып «мен бүркітшімін»-деп, аңға жібергенің, бүркітіңнен айырлып қала жаздадың түлкі қуатты және айлакер екі жұтып-бір тістеп табанына салуға дайын тұрды!-деді. Көшен қаталығын түсініп, әптен күтіп баптап, қоңды етіп, денесі майланғанша жібермеуге бекінді.

Денесін жылы ұстап дамылсыз астауға қоян етін салып, томағасын тойдыра бастады. Жүндерін сылап-сипап, қанаттарын жазып, жарасына дәрі жағып, жазылғанша байлап тастады, тұяқтарын тазартып кірін кетірді. Сезімтал құс күн сайын ет ала бастады, қоңы өсіп аяқтарының бұлшық еттері толығып, дене төсінде майлана түсті. Бірақ күтімді Көшен бір сәт тоқтатқан емес, күн сайын құсын күтумен болды. Жақан айтуын айтсада, бір танауынан күле түсіп, көзінің астымен Көшенді бағуда болатын.

Жемді түгел беріп шығама, соны бақылап қояды. Көшен мен жауаптаспаса да, ішінен әпден ұстасып алған, ерегесіп қояды. Ысқақтың есебі де, Жақанның сондай ызакор, тырысқақтығын шапқа түртіп, қоздыруды қалаған. Аңшылардың әдетінде болмайтын тұрпайлық жасап, Жақанды ашуымен адастырып қоюдың есебі болатын. Әйтпесе жол білетін аңшының барлығы да, құсты күнде қолына ұстап жүрген, тәжірибелі құс бегіне: «Жемді олай бер ме, бұнымен адастың»-!» деген сөзді айтыспайтын.

Жақан Көшен мен ақылдасайын деп, отырған жерінен тиылып қалды. Құс жемсауы шығып, әбтен сылқия тойып алған соң, Көшен ішігін жамылып сыртқа шығып, біраз үндемей далада тұрып, демін алды. Келесі күні аңға шыққан да, Жақанмен бірге Ысқақ пен Тәліпте қоса шықты. Кешегідей емес, қанша жүріп шапқыласада, түлкі мен қоян оралмады.

Тек түс ауа берген де, шатқалдың қалың бұтасынан, ауыл жігіттері атқа мінген, қолдарында сойылы бар, екі түлкіні айдап шығып, айғайға басты. Жонға тартқан бойы, Жақанның құсы қолынан «сып» етіп, аспанға бірақ көтеріліп, қашқан түлкінің соңынан салды, жете бере үстінен түсіп «сарт» еткізіп арқасына қонып, тұяғын батырып, денесін бүрістіріп, құлатып үлгірді, басынан шұқып, бірден жансыз етті, құлаған бойы тұра алмастай жатып қалды, шаруасы бітіп кетті. Жақан олжалы болып, қайтты. Аттылар тобы, қызықтап шатқалдың арғы бетіне ауысып, үлкен бұтаның айналасын шолумен болды.

Қырдағы Ысқақ пен Тәліптер кезек күтіп құстарын қолына қондырып, даяр тұрды. Жақан келісімен қостың ішіне от жақтырып, еліктің етінен қуырдақ жасауды Көшенге тапсырып қасына жәрдемші беріп, жасауды ұйымдастырып, сырттағы шатқал бойына көз тікті. Жақанның айтқанын істе. Енді қыңырайғанды тоқтат, Көшен, -деді. Көшеннің жаңылғанын бүгін аңғарған еді. Осымен құсты үш-төрт күндей қайта бабына келтірумен жүрген де, Ысқақ табжылмай бақылап отырды. Көшенді Тәліп қалжың етіп, күліп әзуә еткеніне, ызаланған жоқ. Достар арасында осындай да болатынын білетін.

Қуырған қуырдаққа жиналып бар көңілін Көшенің қас қабағымен болды, оның мазақ еткен достарына көңілі қалғанын байқатпады, қуырдақ жеген соң, бәрі маз-майрам болып әзіл-спақтарын ұмытып кеткендей болды. Бұлда бір бас қосқан достықтың айнымас белгісі-деп, бағалады. Осымен төрт-бес күн өткен еді. Бұл күндерде Көшеннің құсының бабын қайта таптық. Нар күйіне қайта келседе, түлкі алу аздау болды.

Сол күндері, қанша жүрседе екі-үш қана болып қалды. Жақан қосты басқа жерге апарып, жаңа қоныс аударатынын жеткізді. Ертемен жиналып аңшыларды Жақан бастап, алыстағы бұжырлы дөнеске бет алап, шыға берді. Қоңыр тартқан қабағы, талды өңірдің таусылмас бұдыры, алдарынан жүрісті бөгеп «ойыс-ойыс» жерлермен биікке көтерілу ұзаққа созылды. Талды бұтаның арасынан қашқан түлкі мен қоянда көрініп, бұта арасна қайта кіріп жоқ болғандай, айырлып қаласың, сондықтан бұл жерге ешкімде аяқ баспаған тәрізді.

Құлаған бұдыр балшық кесегімен қатып қалған, ағын судың әсерінен дөнес жарылып құлап, балшығын жиекке ығыстырған, сол балшық кесе-кесе жұмыр болып тас болып қатып қалған, аттың аяғына оралып «сарт-сұрт» етіп жүрісін бөгеумен болды. Бірақ аңның тобыры осы жерде, деп болжам жасады. Жақан бастаған аттылар құстарын қолына ұстап, жота бойындағы қалың бұталарды сүзуден бастады.

Көп уақыт болған жоқ, қостан шығып, жонға қарай шауып ығысқан түлкі, ұзай берді, біреу емес, екеуі тағыда қосылды. Жақан бірден: Ал жіберіңдер!-деп айғайға басты. Ұйтқыған құс, бір еу емес, екеуі аспандап ұшып, түлкі бағытына қарай қалықтай түсті. Бірінен соң бірі құлдилап батпандай аяғымен көсіле түсіп, аюлы тырнағын беліне бағыттап «гүрс» етіп құлағаны, салмағын көтере алмай үзіліп барып майырлып құлай берді, олжа Жақан мен Тәліптің бүркітінен болатын.

Тағыда шатқал бекейінен түлкі қашып, жазықтағы талды сайға тығылып қалды. Көшен байқап қалып аттылармен бірге бұтаға жеткені сол еді, сай бойымен қаша жөнелді, бүркіті көріп қалып, ұшырып жіберісімен, қантын желдің қуатымен беріп жібергенде, домалап барып жар қабаққа соғылып бірден өліп кетті. Көшен тез жетіп, атынан түстіде «кеу!» леп қолына қондырды, бұл алғашқы құстың баппен қалпына келгендегі кезі болатын. Жақан оңалған түрін көріп, құс бегінің нағыз «кереметі» осы!- десті. Көшен енді көзі жетіп, асырап

баптаудың керектігін әптен түсінді. Тағыда томағасын алып, жемін беруге қос басына олжасымен оралды.

Аңшылар түс болмай түлкінің бесеуін қағып тастады, қоянда есеп болмады. Бірнеше күн аялдаған аңшылар көп олжалы болып, елдеріне қайтты. Нұрсұлу Ғарып пен Арайлымды құтықтап олардың бақытты өмір кешуіне, бар сәлемін арнады.

Ғарып пен Арайлым бауырында кішкентайы бар, ата-анасының үйіне келіп аялдады. Өзінің туып-өскен ортасы, қалың жұрт құшақ жайып қарсы алды. Ғарып өзімен бірге, құсында ала келген. Аты шулы, қасқырдан әптен жапа көрген, осы аймаққа бүркітін жіберіп, қасқырдың апанын табу еді. Ертеңіне, ауылдың аңшылары мен қоса қосшы жас жігіттер де тайлы-бурлымен атқа қонған, оларда қызықтап бір жағы көру болса, екіншісі көмектесіп жүруге бекінді.

Дөңестің басы «көктөбе» содыры шыққан, шеңгелдей сай-жыра мен бекіген. Сай бойындағы талды биік ағаштар шатқал асуымен жалғасып, жазыққа ұласқан. Ғарып бастаған аттылар дөңестің шың басына қостарын тігіп, аялдаумен болды. Құс бегінің томағасын тойдыруға дайындап, майдалап тураған қоян етін астауға салып, мол етіп алдына қойды. Баптап күтіп, бос уақытын жібермеді. Бұл мекен сонау жылдардан бері қасқырдың жайлаған мекені, ешкімде жан-адамда келіп қорқып бас сұғып баспаған.

Малға шауып, ұйылған қасқырлар табынымен айдап, адамын жарақат етіп, қорлаумен болған. Осының бәрін естіп білген Ғарып бар ынтасын салып: аттыларды тал бойына жіберіп сүзіп шығуға бұйрық берді. Топырлаған атылар тұяғы жарық-жұрық етіп, дөңестен сырғып түсіп, талды аймақты қоршап алды, қолдарында ұзын сырық, кезекпен бергілеп, ат тұяғының дүбірі бүкіл шатқал бойын алып кетті.

Сарт-сұрт жүрістер, жер бетін төңкергендей тас-талқан етті. Естіген Ғарыпта осылай болғанын қалады, әйтпесе көкжал апанын тастап кетпеуі мүмкін!-деп болжам жасады. Көшен

бастаған аңшылар тобы, жақындай түсіп, қалың бұтаның ішіне кіре берген Көшенге бірден көкжал атылып, солжак бүйірден ала бергенде, Жақан қолындағы ауыр шоқарымен тұмсықтан беріп, ұшырып түсірді, шап беріп тағыда ұрып, қансыратып құлатты, арқанмен мойнынан байлап алып, сүйрете жөнелді, дөңеске шыққанша көкжал жан тапсырды. Апаннан атылған топ жазыққа қарай, шаба жөнелді.

Ғарып ат үстінле тұрып, тұғырындағы құсын ұшырып жіберді. Қанатын кеңге жайып, ағылған бойы, көкжалды қуып жетіп, қанатымен соғып жібергенде домалап барып, басы жыраға соғылып бітіп кетті, екіншісінің жолын кесіп, алыпты аяғын төмен түсіріп, тұйағын берік ашып, арқасынан іліп алып, аспандап барып, жерге тастай берді, гүрс еткен қасқыр денесі, мылжасы шығып бірден өліп кетті.

Жоғарыдан байқап қалған бүркіт, соңына түсіп, алыс кеткен жеріне жетіп алып, үстіне барып «гүрс» етті, ауыр күшті көтере алмаған қасқыр омырлып барып жерге құлап түсті, сол түскеннен тұра алмай, өткір тұмсығымен басынан шұқып, мыйын ағызды. Жақан бастаған топ қасқырларды алып, жанбасына байлап қос маңына жақындай түсті. Ол кезде, бүркіт қалықтай ұшып, жоғарыдағы қос басындағы Ғарыпқа жетіп, ат үстіндегі тұғырға қонды.

Ғарып тұғырымен құсын жерге түсіріп, дайын еткен астаудағы етін алдына қойды. Жақанда жоғарығы шығып отырған құсты көріп «кереметтігін» айтып бәріде шу ете түсті. Айтса айтқандай екен, тау кошқары құсаған отырысы, батпандай аяғының өзі бір бөренедей, Жарқыраған екі көзі көгалдыр сәулесімен жан-жаққа көз тастап отырғаны, бір ғанибат, бұл ұмытылмас ерекше құс екенін бәрі білді. Ғарып өзі әдейі барып алып келгенін сөз етіп, барған сапарын, әңгімелеп жеткізді.

Апанын жойып, енді «көктөбеден» қауып болмайтынын сездірді, ауылға жеткен бойда жиналған бүкіл халық қуанысып,

алғыстарын айтып «рахметін» жаудырды. Құс патшасы!-деп осыны айт!-десті.

Обылыс орталығы. Комсомол комитетінің жиналысы. – Келмеген адам жоқ, әр жерден, алыс елден, бәрі осында бас қосқан. Бірінші хатшының баяндамасы, күн тәртібінде бірінші тұрды. Бір кезде мінбеге хатшы көтерілді. Ол сөзін баяндамадан бастап, көп жайттың бетін ашты, жастарды жаңа өмірге қалыптастырып, оларға ұйымдық жол көрсетіп, санасын ояту, жаңа үкімет талабы!-деді.

Бірінші хатшы: Осында отырған қазақтың ауылдық жернен шыққан, Нұрсұлу институтың комсомол комитетін басқарып, өзінің өткірлік талабымен «Ән керуенін» ұйымдастырып, олармен бірге, заң орындарының өкілімен, майор Халықов бастаған «милиция» отряды алыстағы бірнеше ауылдарда болып, ажал аузынан қаншама, қазақ қыздарын құтқарып, қаланың оқу орындарына тартып, жүздеген қыз-келіншектерді оқуға түсірді.

Елдегі ескінің заңын сақтап, аухатты малы барлар, «тоқал» алып, жастың обалына қалды, оларды екі қатын үстіне алып, «күн» етті. Зорлықпен үйленіп, қыздың қойнына барып, қыз абыройын аяққа басты.

Нұрсұлу халықты жинап, өзіне тартып, бүкіл оқиғаның бетін ашып, Халықовпен бірге, тоқал алып есіргендердің жолын кесіп, түрмеге тықты. Торғай өңірінде бірін-бірі сүйген екі жасты, Асқарбек пен Күнсұлуды байлап-матап өзеннің терең жеріне тастап, тірідей суға ағызып жіберді. Қамысты жерінде де адамның жаны түршігелік істің, құлдыздан құлаған, қыздың денесі, шыңырау түбіндегі батпақтан табылғаны, жұрттың есінде. Өткір қазақтың қызы, «қара қылды қақ жарып» ескінің кәрілерін тойтарып тастап «бодау» болып арманда кеткен қыздарды шал қойнынан, суырып алып, өмірлік бақыт силады, отырған қыздарды оқуға тартып, соңынан ерте білді.

Өнерлі жастардың басын біріктіріп, Құрманғазы оркестірін құрып, «Заман-ай» ансамблін өмірге әкелді. Қаншама

жастарды үйлендіріп «ғажайып» қойлымдар мен есте қалатын етіп «үйлену тойларын» өткізді, сол жастар бұінде бірі мұғалім, бірі инженер, бірі мал мамандары болса, мәдени саласының қызыметкері, атанып Нұрсұлудай асқақ әнімен, назды дауысымен бүкіл қазақ даласына шырқай түсті.

Нұрсұлу оқуын аяқтап, елге оралуға мақсат тұтты. Ол кезде, Науырзым жерінде тұңғыш рет колхоз құрылып, жас коммунист, Махмет Оразалин ұйымдастырып құрған болатын, Омбыдан рабфакты бітіріп келіп, облыстың партия комитетінің тапсырысымен іске кіріскен. Нұрсұлу бірден сол колхозға баруды қалап, Ақжарқынмен екеуі "Шилі" колхозына жол тартты. Алыстан мұнарқан қалың орман, бойына қуалай салынған ақ үйлер, қаз-қатар көрік беріп, үлкен аймақты алып жатқандай, көріне бастады. Бұрын-соңды болмаған жер жанаты мүлдем өзгеріп, сылдырап аққан бұлағы да, дала гүлімен құлпыра түсіп, мектеп үйі мен Қызылотауда орнаған.

Дала төсінде қаптаған малдың табыны, кең алқапты алып жатқан егістік жер, жанарған ауыл көркі бірден көз тартып, дала қоныстары: Бабашал, Қаракұдық, Жар, Жарөткел, Аяқбұлақ, Ортабұлақ, Басбұлақ, Қызыл-шілік ауылдары қоныстанған малшылар, колхоздың аз уақыт ішінде қанат жайып, өркені өскен ел болып, құлашын жая бастады.

Махмет жас болса да, өткір сөзге шешен, орысшаны жақсы меңгерген, сұңғақ бойлы, сұлу тартқан келбеті бар, күреске десе жанып түсетін, қабылетімен дамыл таппай, оп айдатып, саманнан үй тұрғызып, мал қораларын салуды, Татарстаннан көріп келіп, тез пайдаланудың жолын ашты, алғашқы тұқым бидайында содан тасыды.

Сол еңбектің арқасында халықты аштықтан құтқарып, алдына нан мен етті молайтты, күн көрісіне колхоздан сауын сиырға дейін беріп, халықты жаппай өзіне тартып "адал еңбектің" жолын сілтеді.

Нұрсұлу бірден колхоздың басқармасы Махметке жолығып "жаппай сауаттандыру" керектігін тілге тиек етіп, мұғалімдік жұмысқа орналасты, Ақжарқында бірге болды. Үй аралап, бүкіл от басын үлкен-кіші демей, ақотауға жинап оқытты, бір-ай ішінде, хат танып, хат жазуға бет бұра бастады. Нұрсұлу Қоныстарды аралап "он күндік" жасап, көпшілікті бір үйге жинап, сабақ үйретті, дамыл таппады, түгелдей сауатты ел қатарына қосуды, арман тұтып, бір жыл ішінде, Газет-журналдарды оқыды, болып жатқан жас мемлекеттің қаулы-қараларымен танысып, біліп отыруға жолы ашылды, зиректері кітап оқып, білімін көтеріп, қалаға барып мамандық алуға, тілек білдіре бастады.

"Рухани жаңғыру" барлық салаларда орын алып, әсіресе мал шаруашылығы мен егін көлемі өсіп, жыл сайын мол өнім алынып, халықтың тұрмыс жағыдайы өсе түсті, елде "молшылық" орнады. Нұрсұлу өз сүйгеніне қосылды, бірнеше балаларын тәрбиелеп өсірді, жолдасы соғыстан оралмады. Бүгінде өзіне тартқан сұлу немересі Айсұлу екі бірдей жоғарғы білім алып, мәдени саласына араласа бастады.

Оның салған әні, сұлу жүзімен құлпырып, көпшілік назарын өзіне тартты. Алматы қаласы. Сұлу табиғатымен, Алатау көркі бәріне ұнайтын. Союз құлап, бар мемлекеттер өз бостандығын алып, жеке шыға бастады.

Елбасы жаңа мемлекеттің жобасын жасап "Қазақстан мемлекеті" деп жария етті. Өз алдына "Тәуелсіз" мемлекет болып аталды. Жаңа мемлекетке, жаңа орталық керектігін, Елбасы Ақмола қаласына тоқталды, Астана болған соң, оңтістік пен солтүстік, батыс пен шығыс обылыстарын, жалғайтын экономикасы тез өркендейтін аймақ деп, белгіледі. Ақмола қаласының орнына Астана қаласы орнады.

Қазақстан "алтын көпір" болып, аталып Европа мен Азияны қосты. Тәуелсіз ел "мәңгілік ел" қатарына қосқан Елбасы, бүкіл дүние жүзіне таныстырып, сауда қатынасын

орнатты. Астана қаласы, бүкіл елде жоқ көркемдігімен, әйгілене бастады.

Елбасының бастамасымен, әрбір сұлу "керемет" ғимраттар бой көтеріп, қаншама халықтың саны бір миллионнан асып түсті. Бірнеше ұрпақтың көз алдында, жусан исі аңқыған Сарыарқаның сары даласында, орналасқан қала Астана ұлы еуразиялық мемлекеттердің бірінің астанасына, қазақ мемлекеттілігі мен қазақстандық өркенниеттің символына айналды.

Еуразия кіндігінде кеңінен канат жайып, емін-еркін көсілген қала-бұл біздің қаламыз, Қазақстан Республикасының астанасы Қазақстан Республикасы Президентінің жүзеге асқан арманы, жаңарған, гүлденген Қазақстанның нышандық келбеті. Астана-Европа мен Азияның жаңа тарихи қауымдастықта-қазақстан халқына бірікен, бейбіт қатар өмір сүріп отырған, 130-дан астам үлкенді-кішілі ұлттар мен ұлыстардың астанасы. Астананың өткені-ұмытылмайды. Ол Сарыарқаның кең жазира даласын, астықты өлкеге айналдырып, көп ұлтты халықтың басын біріктірді.

Астананың бүгіні сәулеті-сұңғаты ғажайып. Қазақстанда-әрбір-адамның, ұлттардың, халықтардың, құқы-мен теңдігін, сүйіспеншілікті, бейбітшілік пен келісімділікті жария етіп, оған кепілдік беретін, Конституциясы бар іргелі мемлекеттің астанасы.

Бұл әлеуметтік дамудың, экономикалық прогрестің мәдени өрлеудің астанасы. Астана-құқықтық, әлеуметтік мемлекеттің астанасы, прогресс пен өркениеттің, ғылымның, техника мен мәдениеттің игі бастамашысы.

Астананың келешегі керемет, ұлы, өйткені біздің мақсатымыз-күшті, бәсекеге қабылетті мемлекет құру. Астана -Жер бетінің бейбітшілік үшін, ұлттық және әлеуметтік әділеттілік үшін күресуші ізгі ниетті адамдарының басын қосқан, бейбітшілік пен бостандық символы.

Астана бүгінде сәулетімен ғана дараланып қоймай, бау-бақшалы, гүлге оранған қалаға айналуға, бұл ғажап көрініс, өмірде болмаған "сұлулық" келбетімен көпшілік-халқын өзіне тартқандай сезінесің, көріп тұрып қызығасың.

Ондағы "Хан Шатыр", "Астана-Опера" театры, "Бейбітшілік-келісім" сарайы, "Думан" орталығы, "Тәуелсіз" сарайы, "Қазақ концерт" залы, "Қазақстан" спот комплексі, "Қазақ елі" алаңы бой көтерді, тағыда толып жатқан, сұлу ғимраттар қаланы көркейтті, "Жастар" қаласы деп, атады.

Көрсен көз тойатын, ертегі құсатып салынған әрбір ғимраттың барлық жобасын Елбасы өзі жасап, әрбір кірпішіне дейін, салтанатты ашылуын өзі өткізіп отырды. Елбасының бастамасымен "айбынды Армия" құрылды, өз теңгеміз айналымға кірді. Қаншама спот комплексі бой көтеріп, Елбасы бастаған алимпия чемпиондары, алтын медалмен "Қазақстанға" оралды.

25-жылдың-ішінде, Қазақстан-асқан, тұрақты, институттары, мен өркендеген серпінді, экономикасы бар елге айналды. Ол сондай-ақ әлемдік қозғалыстың, өңірлік және халықаралық деңгейдегі, жауапкершілікті терең пайымдайтын, мүшесі болды.

Елбасының бастамасымен, барлық діндендің бас қосуы, съезд олардың жүрегін тербеп, бейбітшілік өмірдің, алғашқы кірпішін қалап, Астана төрінде ұмытылмастай, ашық аспанның көгілдір күмбезіне бөленді.

Елбасының Қазақстанды өркендету жолында "Ауыр индустрияны" дамыту бүкіл аймақты қамтыған, өндіріс ошағы жыл сайын, салынып іске қосыла бастады. Тәуелсіз өңір, өзгеріп сала берді. Жолдама-асқар тау болып, бекіді.

Айқын-мақсат, жолдамада белгіленіп, іс жүзіне аса бастады, қалаларда, обылыс орталықтарында, мындаған шағын-аудандар бой көтеріп, "жастар" қалашығына айналды. Елбасының бейбітшілік жолындағы "алып жобалары" орындалып, бүкіл әлемнің басын біріктіріп "Ядролық-қарусыз" мақсатында бейбіт

өмір сүрудің жолын көрсетіп, дәлелдеді. Семей палигонын "мәңгілікке" жапты, енді адам баласы зардап шекпейтіндей болып, бұйрықпен бекіді.

Қаншама Семей аумағының жастары, бүкіл отбасы, "атом" зардабыннан азап көріп, өмірмен қоштасты, адам баласы танымастай "кемістік" із қалды. 25 жыл ішінде өңір жанарып, табиғаты қалыпқа келіп, сұлу аймағын шалқытқан, жазық дала төсінде, гүлді өсімдігі бар, жер қойнауы жасара түсті.

Айсұлу Астанаға келісімен "Ән-би" ансамбілін құрып "Қазақ елі" монументі жанындағы сахнадан ән шырқап, тамаша дауысымен, көпшіліктің назарын бірден өзіне аударды, қол соққан халық қайта-қайта сахнаға шақырып, үлкен әсер қалдырды. Бұл оның алғашқы сахна төріне шығуы еді.

Айсұлу бірден мәдени қызметке алынып, шет елдерге барып, концерт беріп "Қазақстанның алғашқы-тәуелсіздік алуын" паш етіп бүкіл әлемге жаюға бағыт ұстады. Ең бірінші, Қазақстанның бет пердесін бірінші ашып, "Қазақстан мемлекетін" қабылдаған Түркия елінен бастауды жөн көрді. Елбасының қабылдауында болып, Айсұлу Стамбулға жол тартты. Стамбул қаласы. Түркияның ең сұлу қаласының бірі, тамаша ғимраттармен, әсем көшелері, бірден көңілінді аулап, тамаша сезімде болғандай, қызықтадық. Стамбул театрының сахнасы.

Алғаш концерт беруге, дайындық үстінде. Әлден соң, сахна төріне, басына камшат бөрік кейіп, көк көйлегімен бойына жарасқан, қима беліне түсіріп киген, әшекейлі қамзелі, түрлі-түсті оюлармен бойалып алтын білезігі жарқырап, гауьхар тас мүсіні, мойнына оралып, қолаң шашын алдына түсіріп, сұлу жүзін көрсетіп шыға келгенде "ду қол шапалақтап" орындарынан тұрып, түркия халқы зор құрмет көрсетіп, қазақтың тұңғыш қызын, бірден ұнатып, сұлу келбетіне таң қалысты. Айсұлу шырқата салған әні, асқақ дауысы, назды үнімен көпшілікті орап алды. Бұрын көрмеген,

Қазақстан еліне деген, зор құрметін, айтумен болды. "Бауырлас елміз, түркі туыстас-теңбіз" - десті.

Құрманғазының "Саржайлауы" сахна төрінен естіле бастағанда, бәріде қайран қалып, тамаша ойларымен бөлісіп, көңілді жүздерін, шаттық билегендей, қошемет көрсетумен болды. Алып ұшқан жүрек толқыны, өнерпаздардың әндерін тыңдаумен, бойларын балқытты, қазақтың ұлттық киімдерін көріп, таңырқаумен көздерін алмай, залдағы бүкіл халықтың назары "Қазақстан жастарының-концертінде" болды. Жапырылған көп халық сахна төріне ката-қайта шақырып, Айсұлу әнін тыңдауға қол соғумен болды. "Ғажап көрніс" ертеңіне Анкарада жалғасты.

Айсұлу бастаған өнершіл жастар "ұмытылмас" із қалдырып, жүрегіне назды әуенді жыр қалдырды. Түркия жері сұлу әсемделген, теңіз келбетімен, дария суындай, қала көркін тамашалап, бүкіл аумақты алып жатқан, биік ғимраттар, аспан әлемімен таласып, тұрғанын көріп, қызықтайсың. Қай жерінде болмасын Түркия халқы, қошеметпен қарсы алып, бауырлас елдігін білдіріп "түбіміз-бір" дегендей, ілтипат танытып, шығарып салды. Айсұлу Монғолия жеріне баруға дайындалып жатты.

Елбасының тапсырмасымен, бүкіл елге қазақ өнерін таныстырып "Қазақстан мемлекетін" паш ету еді. Ұлан-батыр қаласы. Аспанға көтерілген ұшақ, көк аспанның күмбезімен, қалықтаған бойы, алып ұшып, Манғолия жеріне келгенін бір-ақ білдік. Таулы аймақ, қыраң дөңестер, жасыл ағашымен қарсы алды. Сұлу қала, тамаша көрністерімен көз тартады. Үлкен театры. Жиналған халық лек-легімен бір сәт толастамады, лық толды.

Айсұлу бірінші көтерілді, сұлу келбетімен жарасқан, ұлттық киімін көргенде "Қазақтың-Сұлу Баянындай" тамаша көрнісі, жұртты бірден елең еткізді, Құрманғазы оркестірінің жетектеуімен шырқата салған әнін тыңдаған жұрт "таңдайын-қағып" көзін алмады, бірнеше ән орындап, назды дауысымен,

жұрт жүрегіне жылы тигізіп, көңілдерін көтерді. Айсұлу бірнеше қалаларын аралап, концерт берді қалың жұрт қошеметтеумен болды "ұмытылмас" ән бейнесінде қалды. Айсұлуды құрметтеген халық, бетінен сүйіп, ақжол тіледі, шығарып салған халықта есеп болмады.

Айсұлу бұнымен шектелмеді, алпауыт елдерге барып, түгелдей аралап шығуға бекем бел байлады, Қытай,Россия,Франция,Германия алдында тұрды, дайындық жасап, тырысып бақты.

Самұрық бақыт құсы,қазақтың сары даласында, зәулім биік өскен ағаштың ұшар басына ұя салып жалғыз "жұмыртқасын" тауып, жылына бір-ақ рет, дүниеге әкелген.

"Бәйтерек" бейнеленген, Астана-симвалы, Қазақ еліне "мәңгілік" орнап, бүкіл әлемге нұрын шашып, бейбітшілік-заман орнатып, халықтың бірлігін, тату-тәттілігін, бұлаң қайыр тыныштықты, соғыс өртін болдырмауын, ланкестік әрекеттің жолын кесіп, "ядорлық қарусыз" өмір сүруге, дүние жүзінің халқын, біріктіріп "алтын көпір" үстімен өтуге бағыттады.

Бақыт құсы "Самұрық" Қазақ елінің "манументіне" қонақтап "мәңгілік-ел" атанып, қазақ халқының "жарық-жұлдызына" айналып, Қазақстан мемлекеті болып бекіді.

Елбасының бастамасымен Айсұлу бастаған "қазақстан өнерпаздары" Францияның сәулетті астанасы-Парижге келді. Сұлу мұнарасымен, зәулім үйлері,тамаша ғимраттары мен көшелері, сән-салтанатымен қарсы алған, қонақтарды атақты театрына, Қазақ концертін "көруге келген халықта есеп болмады" лық толған адам, ине шаншар жер болмады, бәріде осында. Қазақтың атақты әншісі Әміре Қашаубаев, шырқаған зал, қошеметпен қарсы алды. Айсұлудың қызыл көйлегі бойына жіберген, жарасымды кестелі көк қамзелі, түрлі-түсті гауыар тастармен безендірілген, құлағында алтын сырға, мойнында жарқыраған мойыншақтар, бетіне сәуле шашып, сұлу жүзімен шыға келгенде, қол соққан үлкен зал ішін алып кетті,

орындарынан тұрып риза болысып "сұлу жүзіне" таң қалғандай ыңғай тартып, көздерін алмады.

Айсұлу асқақ дауысымен, шырқалған ән, бүкіл көпшілікті орап алып, назды үнімен кең залға шалқыта түсті, бойларын балқытып, көңілдерінде әсем нұры орнағандай "Қазақтың сары даласының" әуенімен жалғасты. "Париж жерінде" ұмытылмас із қалды. Айсұлу өзі бастап, тігіп "қазақтың ұлттық киімдері" қыз бен жігіттердің бейнесін көрген жұрт тамашалаумен болды. Ондай көрніс-ешбір ұлтта болған емес!-десті. Германияға да сапары, Айсұлуды құрметтеп қарсы алып, шығарып салды. Әрбір барған жерінде "Қазақтың салт-дәстiрiн көрсетiп қоймай" тамаша әндері мен мың бұралған бишілерімен көзге түсті. Бүкіл әлем Қазақстанды біле бастады, ондағы қазақ халқына деген "қонақ жайлығын" сөз етіп, сағыныш сәлемін айтумен болды.

Айсұлу Европа елдерін аралаумен, елге оралды, үлкен концерт күтіп тұрды, ол Қазақ елінің сахнасы ЭКСПО-2017 болатын "ашылу салтанаты" жиналған халық, бүкіл ел аймағы, шет елдің басшылары мен шетел халықтарының қалың жұрты, жиналған адамда шек болмады. Бәріде Айсұлу әнін күтті. Тамаша дауысымен, назды үні, бірден өзіне назарын аударып, шалқыта түсті, асқақтаған дауысы "керемет" сазымен, көпшілікке ұнағандай "ду" қол шапалақпен жалғасты. Апырай, төрткіл әлемге құшақ жайған қазақ елінің астанасына, жеткен алып елдердің басшылары да осында жиналды. Бірден тамаша көз тартады, қуанасың. "Нұрәлем" шары, павильон ғимраттары түрлі түске оранып, сымбаты жарасып, шыға бастады.

Көрмеге 115 ел мен 22 халықаралық ұйымдар: ЮНЕСКО, ЮНИДО, Дүниежүзілік банк қатысуда.

Әлем-мемлекетінің, басшылары:

Сербия, Испания, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусия, Ауғанстан, Үндістан, Пәкістан, Монғолия. Тәуелсіз Қазақстанның символы-Астана нағыз ХХІ ғасырдың қаласы ретінде, жаңа қырынан танылатын болады!-деді Елбасы.

Астанадағы ЭКСПО халықаралық көрмесі, жаһандық кеңістікте, елімізді танудың, "Қазақстан" ұлттық ілгерлеудің жаңа белгісі, ғылыми прогрестің бел ортасында болуды қалаймыз!-деді Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстан-тарихы тамырлы, бірлігі бұзылмаған тәуелсіз мемлекет.

1991 жылы 16 желтоқсан күні, өз дербестігін жариялап, Елбасымызды сайлады. Қазіргі күні біздің мемлекетіміз дамыған, экономикасы қарқынды, әлем бойынша жетекші елдердің тізімінде. Көрермендер үшін, ең керемет сыйлық, сфера үстіндегі шоу-лазерлері, шамдарды және музыканы қамтитын, таңғалдырған сәулелер мен су шоуы. ЭКСПО-ның проекциялық лазерлі шоу-отшашу қайталанбас құбылыс, оны сөзбен жеткізу өте қиын.

ЭКСПО-ның алаңында тұрған, шар "Нұр-Әлем" павильоны, көрменің символы болатын. "Астана-болашақ қаласы 2050" арман қаласы! Астана жоғарыдан, алақанда тұрғандай, жердің бетіндегіденде, сұлу әрі сымбатты көрінді. Төмен қарай, Энергия түрлері: ғарыш, күн, жел, су, биомасса және кинетикалық энергия үлгілері көздің нұрын алып, сикырлы күшпен бірден баурап алды. Болашақ Қазақстан бейнеленген, "Жасампаз қуат" аймағы, көрме отандық ғалымдардың, үздік жобалары, мемлекет Басшысының энергетика, қоршаған ортаны қорғау бастамалары, республика өңіріндегі, "Жасыл экономика" жобалары бар. Біздің еліміз-ақ пен қараны бөлмей, өз шаңырағына өзге ұлт өкілдерін паналатқан, -көп ұлтты мемлекет.

Ата салт-дәстiрi мен ежелгi өркениетiн сақтайтын, әдебиетi мен мәдениетiн жоғалтпайтын, өз дiнi мен тiлiн құрметтейтiн, бiздiң елiмiз-бiздiң мақтаньшымыз.

Көршілес жатқан алпауыт елдермен, Қытай, Ресеймен саяси-экономикалық байланысты нығайтып, жаңа заман талабына сай "рухани жаңғыру" кең құлаш алып, қарқынды өсу жолына бағыт ұстады. Осындай жақсы Елбасының бастамасымен, халқымыздың тірегі болған, еліміздің діңгегі

болған Нұрсұлтан Назарбаев қазақ халқының маңдайына біткен "жарық жұлдыз" екенін, "Қазақ мемлекетін" құру жолындағы, ғажап еңбегін, тек еліміз ғана емес-бүкіл әлем жұршылығы біледі.

Ғасырлар бойы, сан мыңдаған жылдар арман еткен, кең байтақ даламызда-жаңа орнаған жас мемлекет "Қазақстан-Мәңгілік ел" болып бекіді. Елбасы жаңа сатыға көтеріп "Жаңғыру" бағытын ұстап, бүкіл қазақ халқын соңына ертіп "Туған жер" бағыдарламасымен, қазақ халқының туған еліне, туған жеріне, кіндік қаны тамған мекеніне сүйіспеншілігін аямауын, сағынышын үзбеуін, сол үшін еңбек етуін қалады.

Нұрсұлу немересі Айсұлу өзі бастап, Құрманғазы оркестірін құрып, дерижер Сағат екеуі, тағыда Корея және Жапон еліне жол тартты, Жапонияның ғимрат залында ән шырқап, Қазақстан елінің беделін асырып, тамаша ұлттық киімдерін көріп, сұлу келбетіне таң қалысты, шырқалған ән сар даланың шалқыған өмірін көрсете білді, бұрын-соңды білмеген ұлттың ажарын таныды "қазақ елі" бар екенін аңғарды.

Атағы әлемге жеткен, Америка құрама штаты, алдарында тұрды. Мұхиттың аржағындағы елге баруға тура келді. Біріккен Ұлттар Ұйымында сөйлеген сөзінде Елбасы, Бүкіл әлем елдерінің өкілдері алдында: Бейбіт өмір-адам баласының, сан жылдар қол жетпеген, арманы еді, "ядролық қаруды" түбімен жойып, әркім өз еліне, туған жеріне, соғыс өртін тоқтатып, келер ұрпақ үшін, оң қадам жасауға "келісім" ұйымдастырып, тамаша "сенім мен бірліктің, достық пен әділеттіктің, татулық пен ақиқаттың, бейбітшілік пен азаматтықтың" салтанатты жолын табу, орнату керектігін!- естеріне салды, бұл бейбіт өмірдің дара жолы ғана еді. Естіген өкілетті, халықтың қол соғуы, біразға дейін басылмады, таңқаларлық сөздерге бірден назарын аударып "дүр" сілкінді "жер дүние тыныштығы-біртіндеп әлемде" орнай бастады. Астана айқын жолын көрсетіп "өмірлік" айнасын силады.

Елбасының сөзінен кейін, Вашингтонның зәулім-керемет театрында "Қазақ ансамбылының" концерті басталып, бүкіл дүние жүзінің өкілдері алдында, ән шырқалды. Сахна төрі. Тамаша келбетімен әсемделген, жарқыраған жүздері, көз орап алғандай, түрлене түскен. Басында камшат бөркі үкісімен, ақ көйлегі, жібектей созылған бойына жарасып, қымша белімен оюлап тігілген қамзелі, қызыл өңін беріп, түсті тағымдары мойнына тағылған, гаубар мойыншағы мен жарқырап, сұлу жүзін одан сайын ашып, жұрт алдына шыға келді. Сағат оркестір үнімен Айсұлудың салған әні, бүкіл жұртты елең етті, жүректерін жылытып, назды әуен бойларын алып, көңілдерін көтеріп тастады. Тамаша ән ырғағы жалғаса түсті. Қол соққан халық зал ішін дүрілдетіп ала жөнелді.

Айсұлудың бір ғана, алғашқы әні болатын, артынан үлкен қаланың бірнеше жерінде, қарапайым халық алдында, әндері шырқалды. Қазақтың тұңғыш концертін көрген халық, олардың сұлу жүздерін көріп "мәз" болысты. Америка жерінде қазақ көрмесі ашылып, ұлтық кимдері мен салт-дәстiрi, таныстырылып "Тәуесiз Қазақстан елiнiң" сәлемiн жеткiздi. Америкада қаншама оқып жатқан отандастарымыз, жерлесiмiз бауырын кең ашып, барлық жерлермен таныстырып жол көрсетiп отырды, қала әкiмдiгi бiрге жүрдi, құшағын ашқан халық, көңiлдерiнде әсер қалдырумен болды.

Айсұлуды көрген Американдықтар, бiрден ортаға алып, зор қошемет көрсетумен болды, бұл ұмытылмас кездесу едi. Сағат Айсұлуды iштей ұнатты, бiрақ сезiмiн бiлдiрмей, көп жылдар жүрдi, алғаш Консорватория қабырғасында, оқуда танысып, бiрге болсада, батылы бармады. Сағат жiгiттiң сұлуы болатын. Жұмысты бiрге iстеп, аянбай шет елге шығару, қалтқысыз еңбек етудi талап еттi, әрбiр қадамын, қалт жiбермеуге тырысып, әсерлеп-мәнерлеудiң жолын iздедi. Болған концерт, бүкiл шет халықтарына ұнайтын етiп қоюға тырысып бақты, ол Айсұлудың арманы болатын.

Мөлдір қара көзінің қиығын тастап, Сағаттың жүзіне қарап қояды. Олар дайындық үстінде, кең зал іші. Сағат әрбір істі сылтау етіп, Айсұлу маңынан шықпады, іштей сезген қыз, білдірмеген болып, бүкіл жұмысты Сағатқа жүктеді. Сағат ертемен жұмыс орнына келіп, Айсұлуға өз ойын айтуға бекінді. Дамылсыз соққан жүрегі, Айсұлудың келуін күтті. Адал жүрек, шын махаббат, сүйіспеншілік бірден жетелеп, Айсұлу маңына барып, аялдады. Сағат: Айсұлу біз бүгін "орталық паркті" аралап қайтсақ қалай қарайсың ? әрине жұмыстың соңынан!- деді.

Айсұлу беті күлімсіреп, сұлу келбетін Сағатқа бұрып: Мен бірнеше рет болғанмын, бірақ сенің көңілің үшін барсақ барайық!- деді. Кешкі кез. Айсұлу қолаң шашын алдына беріп, жұпыны киінген, әсем киімі бойына жарасып, тамаша жүзімен парікті бойлап, Сағаттың жанында "сұлу жігіт пен қыз" құсап, арман әуеніне қарай жол тартып, Сағаттың әрбір сөзін тындап, жымыңдасқан асыл көңілдері бойларын жібітіп, бірін-бірі ұнатқандай қолтықтасып, құшақтасыпта қояды. Бұл алғашқы шынайы кездесу сәті болатын. Сағат бойы қызу тартқан, денесін жасыра алмады, шыдамы таусылды.

Қос қолымен Айсұлуды құшақтап, баурына қарай жылжыта түсті, қызда қарсы болмады, асыл денесін, еркін беріп, қолымен Сағаттың мойнына орала берді. Сұлу ажары ашылған қыз, жұмсақ ернін жігіттің бетіне апара түсті. Сағаттың күткеніде осы еді, сағынышын бірден басқандай, ернінен қапсыра сүйіп, бүкіл жібектей созылған денесін өзіне тартып меңгеріп, қыздың лаулаған ыстық денесімен ұштасып, құшағын алмай тасада біраз тұрып, мауқын басқандай болды. Үйге кеш оралды. Сағат өзінің сағынышпен сүйген жарын, шығарып салып, өмірлік айрылмастай "мәңгілік" бірге болуға сөз байласып, қимастықпен тарасты.

Ж. Махметов. Рухани Жаңғыру роман

Формат А5, Тир 100 экз.

«Ұлт ССО» АҚ полиграфиясында басылды

Қазақстан Республикасы

Астана қаласы, М. Әуезов көшесі, 28/1

Тел: 8(7172)32 40 05